

Р Е В

СЕНІҢ
ҚАРЖЫЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯҢ

ЖОМАРТТЫҚТЫҢ ҚҰДІРЕТІ

О Л Ю

ГЭРИ КИСИ

Ц И Я Ң

Қымбатты бауырласымыз,

Осы сабақтар сізге жарылқау болып, күш берсін деп мінәжат етеміз. Қолыңыздағы материалдарды достарыңызбен, отбасыңызбен, қауым мүшелерімен бөлісуіңізді сұраймыз. Сонымен қатар, FLNFree.com вебсайтында тағы да көп қосымша материалдар мен өз тіліңіздегі тегін сабақтар бар. Оларды жүктеп алуыңызға болады.

Құдай сізді қатты сүйеді! Жаратқан Иенің сіздің өміріңізге арналған керемет жоспары бар! Құдай Патшалығы қалай жұмыс істейтінін білгенде, өміріміз құлпырып, гүлдене түсті. Дәл солай сіздің өміріңіз де өзгеретініне күмәніміз жоқ!

Сүйіспеншілікпен,

Гари және Дренда Киси



P.S. Міндетті түрде FLNFree.com сайтың көріңіз. Онда сіздің тіліңізде жүктеп алуға болатын көп материалдар бар.

Р

Е

В

**СЕНІҢ
ҚАРЖЫЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯҢ**

ЖОМАРТТЫҚТЫҢ ҚҰДІРЕТІ

О

Л

Ю

ГЭРИ КИСИ

Ц

И

Я

Ң

Your Financial Revolution, The Power of Generosity, Kazakh
Copyright © 2024 by Gary Keesee

Originally published in English
Copyright © 2021 by Gary Keesee
ISBN: 978-1-945930-52-2

Gary Keesee Ministries,
P.O. Box 779,
New Albany, OH 43054, USA GaryKeesee.com

This book is a FREE GIFT from Gary Keesee Ministries and is NOT FOR SALE

Сенің қаржылық революцияң, Жомарттықтың құдіреті, қазақ тілінде
Авторлық құқық © 2024 Гэри Киси

Түпнұсқасы ағылшынша басып шығарылған
Авторлық құқық © 2021 Гэри Киси

Гэри Киси қызметі
П. Ж. 779, Нью Албани,
Огайо 43054, АҚШ
GaryKeesee.com

Бұл кітап – Гэри Киси қызметінен сыйлық. **Сатуға арналмаған.**

АРНАУ

Бұл кітапты сұлу әйелім Дрендаға арнаймын. Үйленгенімізге қырық жыл болды. Дренда — мен білетін адамдардың ең жомарты. Ол әрқашан басқалардың қамын ойлайды. Адамдарға деген сүйіспеншілікті Дрендадан үйрендім. Әйеліме алғысым шексіз!

— Гэри Киси

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 ТАРАУ. Жомарттықтың құдіреті	15
2 ТАРАУ. Жауабы – рақым	33
3 ТАРАУ. Талапқа саймыз ба?.....	61
4 ТАРАУ. Бұл кімнің ақшасы?	79
5 ТАРАУ. Сізге серіктес керек!	95
6 ТАРАУ. Ондықтың құпиясы	109
7 ТАРАУ. Қалта керек: Бірінші бөлім.	129
8 ТАРАУ. Қалта керек: Екінші бөлім.	159
9 ТАРАУ. Өлшем заңы	171
10 ТАРАУ. Жомарт патша	187
11 ТАРАУ. Жомарт жандарға берілген уәде	205

КІРІСПЕ

Құдай Дренда екеуімізді теледидар саласында жұмыс істеуге шақырғанда, шыны керек, ол қолымнан келеді деп ойламап едім. Албаниядан енді қайтқан кезім. Онда мен Құдай Патшалығы туралы бес семинар өткізіп, Дренда екеуіміз Патшалықтың заңдарын орындау арқылы қарызды қалай төлеп шыққанымызды айттым.

Егер осыдан бұрын жазылған кітаптарымды оқысаңыз, Албаниядағы соңғы жиналыстан кейін бөлме Құдайдың даңқының көгілдір нұрына толғаны есіңізде болар. Сонда Жаратқан Ие маған былай деді: «Сен дүние жүзіне Менің қаржылық батам туралы үйрететін боласың. Сені қайда жіберсем де, шығынын Өзім төлеймін».

Сол кеш өмірімді өзгертті. Жаратқан Иенің «Сені әлемнің халықтарына жіберемін» дегенінің мағынасын түсінбеп едім.

Теледидар Құдайдың бізге берген құралы болып шықты. Теледидарда бағдарлама жүргізуді бұрын ойлаған емеспін. Мен үшін ең маңыздысы — Құдай Патшалығы туралы сөздің жер бетіне жайылғаны болды. Осыны ғана нақты білдім. Дренда екеуіміз ашқан керемет Патшалықты басқалар да білсін деген үлкен құштарлығым болды.

Өміріміздің тоғыз жылы ауыр қарызға батып өтті. Ақшаны қарызға аламыз деп үйдегі бар нәрсені ломбардқа тасыдық. Стресс пен қаржылық қиындықтан дүрбелең шабуылдарына шалықтым. Дәрігерлер берген антидепрессанттар көмектеспеді.

Өмірімді түнек басқандай болды. Санам үрей мен қорқынышқа толды. Үрейдің бойымды билеп алғаны сонша, тіпті үйден шығуға қорқатын болдым. Бұл менің кәсібіме зиян тигізгені анық. Банкроттыққа қарай домалап бара жаттық. Ахуалымызды түзетіп алуға күшім де, амалым да жоқ еді.

Қандай жағдайға ұшырғаныма қарап үнемі ұялатын болдым. Өмір деген жарыста біржола жеңілгендей сезіндім. Бәрінен де жаманы, өзіммен бірге тамаша отбасымды да төмен тарттым. Олар үшін лайықты өмір қамтамасыз ете алмадым. Оларды материалдық жағынан қамтамасыз етпегенім былай тұрсын, ол жылдары жақсы әке де, күйеу де бола алмадым.

Баспанамыз 1850 жылғы ескі ферма үйі еді. Үйдің бұзылмаған, тұтас тұсы жоқ еді. Сынған терезелерді таспамен бекітіп қойдық. Жолдың жанындағы қоқыс үйіндісінен кілем тауып алып еденге төседік. Ұлдардың бөлмесіндегі матрастар қарттар үйінің қоқысқа тастаған заттарынан шықты. Мінген көлігіміз әрең жүріп тұрды. Заңгерлер және біз қарыз болған көптеген кредиторлар қоймай күнде қоңырау шалатын.

Үміттен қол үздім. Иә, мен Құдайды сүйетін мәсіхші едім. Ылғи қауымға барып, Киелі Рухпен шомылдыру рәсімінен өттім. Университетте Көне өсиет бойынша бакалавр дәрежесін алдым және бір жылдық Киелі кітап курсын оқыдым. Бірақ бір жерде қателестім бе, білмеймін, әйтеуір әлдене дұрыс болмады.

Бір күні шарасыздан Құдайға жалбарындым. Ол маған бірден жауап берді. Сол қиын тоғыз жылда мінәжат етпеп па едім? Әрине, көп сиындым. Бірақ бұл жолы ден қойып тек Құдай Иемді тыңдауым керек екенін білдім.

Мүмкін, осы уақытқа дейін өзім қазған қаржылық шұңқырдан өзім шыға аламын деп ойлаған шығармын. Бірақ сол күні таңертең еш амалым қалмағанын, мені құтқара алатын жалғыз Жаратқан Ие екенін білдім. Барлық достарымнан қарызға ақша алып шықтым. Туыстарыма болса ондаған мың доллар қарыз едім. Одан да көп ақшаны несиеге алып банктерге қарыз болдым. Барлық мүмкіндіктерім сарқылды.

Сол күні таңертең дұға еткенімде, үміттен айрылыған едім. Жаратқан Иенің жауабын бірден естігеніме таң қалдым. Філіпіліктерге арналған хаттан бір аятты (4:19) рухымда естідім:

Ал Иса Мәсіхпен жүрген сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады.

«Ием, бұл үзіндіні білемін, бірақ өмірімдегі жағдай бұған қарама-қарсы. Бұл сөздің орындалғанын көріп отырған жоқпын» деп Құдайға жауап бердім. Ол қайтадан сөйлеп, менің сонша қарызға кіріп, өмірімнің берекесі қашқанының себебі – көктегі Патшалықтың қалай жұмыс істейтінін білмеуім екенін айтты. Ол кезде Құдайдың не айтқысы келгенін анық білмедім, бірақ Патшалық не екенін үйренуге Дренда екеуіміз бел будық.

Құдайдың бізге көрсеткен алғашқы Жазбаларының бірі Лұқа Інжілі болды (6:20):

*Сол кезде Иса шәкірттеріне қарап былай деді:
— Жарлылар, сендер бақыттысыңдар: Құдайдың Патшалығы өздеріңе арналған!*

Мәселенің шешімі Құдайдың Патшалығы ма сонда? Ол қалай? Тағы да, Құдайдың не айтқысы келгенін білмедік, бірақ оны түсінуге талпыныс болды.

Құдай Патшалығы тақырыбына жақын арада қайта ораламыз, бірақ әзірге оны зерттеудің нәтижесі қандай болғанын айтып берейін.

Киелі Рух біз Киелі кітапта бұрын-соңды көрмеген нәрселерді көрсете бастады. Иеміздің Құдай Патшалығы туралы үйреткенін қолданып, екі жарым жылдың ішінде қарыздың барлығын төлеп шықтық. Еш несиесіз, қолма-қол ақша төлеп жаңа көлік сатып алатын жағдайға жеттік. Еш несиесіз, қолма-қол ақша төлеп елу бес акр жер сатып алдық. Онда мен аң аулайтын жер де бар, балаларым жүгіріп-ойнайтын кішігірім орман да бар, батпақты жерлер де бар.

Өмірдегі ең үлкен қуаныштарымының бірі Дренданың дизайн жобасына сай армандаған үйін салу болды. Ол үшін бір де бір қарыз алған емеспіз.

Басымыздан өткен осы кереметтерден кейін және Құдай Патшалығының өмірімізде қалай жұмыс істеп жатқанын көргеннен кейін, біз үшін әр күн мереке сияқты болды. Шындығында, мереке басталып, әлі біткен жоқ. Патшалық заңдарының арқасында үстімізге жауған жарылқаудың қуанышын күн сайын сеземіз. Бір кездері балаларымызға арзан болсын тамақ алып береміз деп, диванның артына түсіп кеткен тиын-тебенді іздейтінбіз. Ал қазір қарыздан құтылдық. Ізгі хабарды бүкіл әлемге тарату үшін жүздеген мың доллар көмек бере аламыз. Бұл, әрине, үлкен қуанышқа себеп.

Дренда екеуіміз адамдарға Құдайдың таңғажайып Патшалығы туралы айтқанды жақсы көреміз. Сол себепті бір жолы Албанияға сапарлап барған едім.

Жоғарыда айтып өткенімдей, Албанияда Құдай мені жер жүзіндегі халықтарға жіберетінін айтқанда, абдырап қалдым. Ол қалай? Ол кезде мен Дренда екеуіміз он жыл бұрын құрған қауымның бағушысы едім. Қауымды тастап, саяхаттауым керек пе?

Құдайдың еркімен мүмкін болған бірнеше маңызды кездесу арқылы Дренда екеуіміз теледидар саласында жұмыс істеген адамдармен және теледидар өндірісімен айналысатын компаниялармен таныстық. Оларды өзіміз іздеген жоқпыз, оларды бізге кезіктірген Құдайдың Өзі еді. Тағы да айтамын, теледидарға шығатын жоспарым жоқ-тын, бірақ бірнеше жыл бұрын көрген бір нәрсе есімнен шықпады.

Қауым жиналыстарының бірінде дұға етіп жатқанымда, кенеттен Жаратқан Ие болашақта теледидар мен радиода жұмыс істейтінімді айтты. Бұғанаса көңіл бөлмедім, ол жұмыс саласы мені қызықтырмады да. Бірақ, есімнен кетпеген соң, назар аудармау мүмкін болмады. Құдайдан естігенімді жұбайым Дрендаға да айттым.

Бір сөзбен айтқанда, Құдай таңғажайып жолмен алдымыздан керек есіктерді ашып, тамаша адамдармен таныстырды. Олар бізге теледидарға шығуды ұсынды. Келісуге асықпадық, себебі

теледидарда жұмыс істеу туралы ештеңе білмейтінбіз. Мен «ештеңе» дегенде, шынымен де түк хабарымыз жоғын ойлаңыз. Сонда да, Құдай бізге көрсетсе, оны жалғастыруымыз керек деп ойладық.

Теледидарға арналған жабдық жоқ еді. Тіпті ненің керек екенін, қай шетінен бастарымызды білмедік. Біз білмесек те, Құдайдың бізге жолықтырған адамдары білетін. Ақыры шешім қабылдайтын сәт келді. Телекомпания бізге бағдарламаны төмендетілген бағамен шығаруға келісім-шарт ұсынды. Эфир уақытын және тележобаны іске қосуға байланысты барлық шығындарды ескере отырып, шамамен үш жүз мың доллар қажет екен. Ол кезде ондай ақшамыз жоқ. Бірақ дұға етіп, Құдайдың айтқанына біраз көнбегеннен кейін ақыры иә дедім (әрине, Құдаймен тартысқа түсіп жеңу мүмкін емес).

Осылайша, продюсерлік компания біздің қалаға келді (олар Техас штатында жұмыс істейтін) және біз алғашқы бағдарламаны түсіре бастадық. Арнайы түсіретін орнымыз болмағандықтан, бірінші жылы үйіміздің қонақ бөлмесінде каминнің алдында түсірдік. Бірінші түсірілімге дейін қобалжыдым десем, азайтып көрсету болар еді. Не күтерімді білмедім. Мені тек түсірілім алаңдатты. Бағдарламаға не кіретінін жақсылап дайындау керек болды, басқа бөлімдердің тақырыбын да ойластыру қажет еді. Өндіріс тобы бізге керемет кеңестер мен нұсқаулар берді, бірақ әлі де өзімді жайсыз сезіндім.

Бала кезімнен сөзшең емеспін, сондықтан телешоуға қатысу мен үшін жайлылық аймағымнан тыс еді. Сонымен қатар, түсірілім күні теледидар тобының барлық мүшелерінің де жүрегі сыздады. Кішкентай баласы жолға шығып кетіп, көліктің астына түсіп, мерт болғаны үшін топ жетекшісі біраз уақытқа жұмыстан кетуге мәжбүр болды. Ол қайғылы хабарды таңертең түсірілім басталар алдында естідім. Түсірілім соңына дейін Дрендаға ештеңе айтпауды жөн көрдім. Бұл өте қиын болды.

Сонымен қатар, түсірілімнен кейін біздің қызметкерлердің бірі ұлым Тимнің мотокросс мотоцикліне мініп, апатқа ұшырады.

Тим «Дэвид өлді!» деп айқайлап үйге жүгіріп келді. Ол өлген жоқ, тек есінен таныпты. Дегенмен, осының бәрімен қалай жаңа жоба бастағанымды елестетіп көріңіз.

Бір аптаның ішінде түсірілімді бітірдік. Бағдарламамыз жергілікті станцияда көрсетілді. Айына бір аптаны түсірілімге арнап жалғастырдық, бірақ екінші айдың аяғында бұл оңай болмады. Бір мезгілде жеткіліксіздік пен үрейдің шабуылында қалдым. Соңында продюсерге мұның қолымнан келмейтінін айттым. Ол маған бір сәт қарап тұрып: «Жоқ! Жалғастыру керек, бағдарламаңды шығару керек!» деп нық айтты.

Сосын маған бірдеңе көрсетпекші болып, жанына отырғызды. Продюсерім теледидарды қосып, діни телеарналарды бір-бірлеп көрсете бастады. Шынымды айтсам, ешқашан арнайы отырып, теледидардан мәсіхші бағдарламаларды соңына дейін қараған емеспін. Бірақ сол күні көргенім көңіл күйімді түсірді. «Мәсіхші телеарналарға қатысым болмағаны дұрыс-ау» деп шештім.

Бір арна «қасиетті зәйтүн майын» сатты, олардың айтуынша, неғұрлым көп май қолдансақ, соғұрлым байып кетеді екенбіз. Тағы бір уағызшы «майланған вафлилерді» ұсынып, «оларды жесеңіз, жаңа аян аласыз» деді.

Үшіншісі егер келесі үш минут ішінде садақа жасасаңыз, өркендеп-дамуға үш есе майланған боласыз деп сендірді. Төртінші арнада кептіріліп, мұздатылған азық-түлік өнімдері ұсынылды. Адамдарды қайырымдылыққа шақыру үшін барлық жерде барлық жағдай жасалғандай болды.

Бірақ бұл бағдарламалардың ешқайсысы шынымен қажет нәрсені — Құдай Патшалығының қалай жұмыс істейтінін айтпағанын байқадым. Тұқым себу керек екені айтылды, бірақ тұқымның өнімін қалай жинау керектігін ешкім түсіндірмеді. Оны адамдарға біреу айту керек екенін білдім!

Табысқа жету үшін бір қиын жұмбақ шешу керек сияқтымыз.

Ол жұмбақтың бөліктерін әр түрлі жерден іздеп табуға мәжбүр секілдіміз. Мен адамдарға егін жинауды емес, тек құрбандық беруді үйрететін болсам, Құдайдан көңілдері қалып, істері оңға баспағанда, сәтсіздікке ұшыратқан Құдай деп ойлайтындарын білдім.

Адамдар Құдай Патшалығының заңдарын білу керек. Жерде молшылықта өмір сүру үшін Құдай Патшалығында жүрудің маңызын білулері керек. Тағы да маңыздысы, қауымға ондық-құрбандықтарын әкелгеннен кейін не істеу керектігін білу де қажет. Өздеріне қажет заттарды Құдайдан қалай алу керектігін үйренгендері маңызды еді.

Егін жинауда менің жеке рөлім бар: ең алдымен сенімнің не екенін және оның не үшін қажет екенін білуім керек. Киелі Рухты ден қойып тыңдап, егін жинауға жетелейтініне сезімтал болуым керек. Егін жинау уақыты мен оған қатысты егжей-тегжейлерді білуім керек. Белгілі бір рухани заңдар бар екен. Сондай-ақ егін жинауға әсер ететін табиғи саланы реттейтін заңдар бар екен. Оларды меңгеріп, қолдана білуім керек.

Барлық басқа бағдарламаға қарасақ, ақша біз ештеңе істеместен, ертегідей өзінен-өзі пайда бола қалатын сияқты.

Кейде шынымен де пошта жәшігіне күтпеген жерден ақша түсе алады, онымен келісемін. Бірақ егер жағдайды мұқият зерттесе, ақшаның неге және қалай пайда болғанын түсіндіретін себеп табамыз.

Осындай бірнеше бағдарламаны көргеннен кейін біраз абдырап қалдым. Әлемнің Құдайдың жарылқай алатынына назар аудармайтыны таңқаларлық емес. Сонымен қатар ашуландым да. Сол кезде өзімнің керек екенімді, айтар сөзім бар екенін түсіндім.

Теледидарға шығуды жалғастыруды шештім, өйткені менде айтатын нәрсе бар. Ал қазір он төрт жыл бойы осымен айналысып келемін. Солайша он мыңдаған адамның Құдай Патшалығын (дінді емес, Құдай Патшалығын) ашқанын және Дренда екеуіміз сияқты нәтижелерге қол жеткізгенін көрдім.

СЕНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯҢ. Жомарттықтың құдіреті

Сізде де сондай нәтиже болатынын білемін.

Бұл кітап, «*Сенің қаржылық революцияң. Жомарттықтың құдіреті*» — сериядағы бесінші және соңғы кітап. Қаржы мәселесіне қатысты бір кітап сериясын шығара алғанымға өте қуаныштымын. Осы соңғы кітабым сізге жарылқау болсын.

– Гэри Киси

БІРІНШІ ТАРАУ

ЖОМАРТТЫҚТЫҢ ҚҰДІРЕТІ

Бір күні кешке сүйікті мейрамханаларымыздың бірінде отбасы болып жиналып, кешкі ас ішіп отырған едік. Бізге жүкті жас даяшы қызмет етті. Баланың туылғанына аз қалғаны білініп тұр. Асымызды бітіріп, шотты төлеп жатқанда, әдетте қалдыратын жиырма-жиырма бес пайыз шайпұлдан көбірек ақша беру керек деген сезім пайда болды. Үстіне жүз доллар қостым. Даяшы оны көрмей қол қойылған түбіртекте алып, асханаға кірді.

Бір минуттан кейін ол көзіне жас оралып қайтып келді. Бізге алғысын жаудырды. Қаржылық жағдайы қиын екенін, одан қалай шығатынын білмей жүргенін айтты. Мүмкіндікті пайдаланып, жас әйелге Ізгі хабар айтып, ол үшін мінәжат еттік.

Жомарт болудан басқа ештеңе жасамадық. Жомарттық даяшыға қызмет ету үшін есік ашты.

Әлде сен Құдайдың мейірім көрсетіп, өзіңді теріс жолдан қайтарғысы келетінін ұқпай, Оның мол мейірімділігін, сабырлылығын және шыдамдылығын менсінбейсің бе?

— Римдіктерге 2:4

Киелі кітаптың ағылшынша «King James Version» аудармасында бұл аят «Құдайдың мейірімі тәубеге апарады» дейді.

Жомарт болу дегеніміз — Құдай сияқты әрекет ету.

Матай 5:45-те былай жазылған:

Осылайша көктегі Әкелеріңнің рухани балалары боласыңдар: Ол жамандарға да, жақсыларға да күн сәулесін бірдей түсіріп, әділдерге де, әділетсіздерге де жаңбырды бірдей жауғызады.

Құдай ізгі әрі жомарт! Біз Оның перзенттеріміз. Мәсіхтің арқасында біздің жаңа болмысымыз – жомарт болу. Жоғарыдағы әңгімеде сияқты, жомарт болғанда, біз Құдайдың адамдарды жарылқау ниетіне ортақ боламыз. Жаздың аптап күнінде бір жұтым салқын су іспетті, жомарттық жоқшылық шөлінде кезіп жүрген халыққа жеңілдік пен үміт әкеледі.

Еркін берудің әсері Пауылдың Қорынттықтарға 2-хат 9:10-15-тегі жазғанынан анық көрінеді:

Екіншіге себуге тұқым, ашыққанға жеуге нан беретін Құдай сендерге «игіліктің тұқымын» ағыл-тегіл мол сыйлап, әділ істеріңнің өнімін молайта түспек. Ондағы көздегені — сендердің әр жағдайда жомарттық жасай алатындай дәулетті болуларың, әрі біз арқылы жіберген көмектерің үшін көп адамдардың Құдайға шүкірлік етуі. Өйткені атқарып жатқан қызметтерің Құдай халқының мұқтаждықтарын қамтамасыз етеді. Олар сонымен қатар бұл сенушілердің Жаратқан Иеге шексіз ризашылықтарын білдіріп шүкірлік етулеріне себепші болмақ. Сендер осы қызметте игі ниеттеріңді дәлелдеп, өздерің мойындаған Мәсіхтің Ізгі хабарына мойынсұнып, солармен және басқалардың бәрімен жомарттықпен бөлісудесіңдер. Сондықтан олар Құдайды мадақтап, Оның өздеріңе шексіз мол жаудырған рақымына риза болып, шынайы сүйіспеншілікпен сендер үшін дұға ететін болады. Бізге берген баға жетпес сыйы үшін Құдайға лайым шүкірлік етейік!

Сіздің жомарттығыңыз адамдардың Құдайды мадақтап, шүкір етуіне себеп болады!!! Байқадыңыз ба? Пауыл «жомарт болу — Құдайға қызмет ету» дейді.

«Қызмет» сөзінің анықтамасы: өзіңнен жоғары тұрған біреуге қызметші ретінде еңбек ету, я міндет атқару.¹

Құдайдың атынан Оның адамдарға деген қамқорлығы мен оларды жарылқау ниетімен бөлісу — жердегі міндеттеріміздің бірі. Оған лайықты көңіл бөлсек, адамдардың жүрегі Мәсіхті қабылдауға ашық болады. Бұл тамаша нәтиже.

Қиын-қыстау кезде біреудің бізге көмектескенін және ол көмектің қаншалықты маңызды болғанын ешқайсымыз ұмытпайтын шығармыз.

Алғаш үйленгенімде салық түрінде үкіметке 4000 доллар қарызым бар еді. Ол ақшаны қайдан алатыным белгісіз. Күні-түні ойланып толғандым. Біз ол кезде Талсада тұрып, демалыс күні Огайоға барып қайтуды жоспарлаған болатынбыз.

Әкем жағдайымызды сұрағанда, салық есепшоты туралы айттым. Ол: «Ә, мұның оңай шешімі бар ғой», — деді де, маған керек сомаға чек жазып берді. Әкемнің аяқ асты жомарттығын көріп, ол кісіні өзімнен де қатты жақсы көріп кеттім. Өйткені сол сәтте мен оның өзіме деген мейірімін көрдім.

Әкем ешкімге сырын аша қоймайтын, сезімін ашық көрсетпейтін. Әкемнің жүрегі тіпті анамнан да жасырын сияқты еді. Ес білгенімнен бері әкемнен мені жақсы көретінін бір-ақ рет естіппін. Оның өзін анам зорға айтқызды. Ол күн кешегідей есімде. Анам әкеме: «Туған ұлыңа оны жақсы көретіңді айта алмайсың ба?» деп ұрысқан. Бірақ ол үндемей отыра берді.

Ақыры анам көзіне жас алғанда, әкем мені жақсы көретінін айтты. Бірақ оны шын ықыласпен айтылған сөз деп санаған емеспін, өйткені әкем оны өз еркімен емес, мәжбүр болғаннан айтты.

1 Американдық «Heritage»[®] ағылшын тілі сөздігі, бесінші басылым

Бізді жақсы көретінін тілмен айтудың орнына, әкем бізге ерекше бір нәрселерді сатып алатын. Жиі болмаса да, әр кез үйдегі төрт бала, әкеміздің бізді сүйетінін сезетінбіз. Мен әкемнің жүрегін оның айтқан сөзінен емес, істеген істерінен ғана көретінмін. Ол сәттер мен үшін өте қымбат, өйткені әр бірі қараңғы түнде жарқ еткен жұлдыз сияқты көрінді.

Әкем салық қарызымды төлеу үшін чек жазған күні жүрегім ризашылыққа толды. Көз жасымды сүртіп, әкемді құшақтап алғысымды айттым. Оның жауабы мені таң қалдырды: «Қолымнан келсе, әрдайым көмектескім келеді», — деді.

Мен сияқты сіз де біреудің жомарттығын алғыспен еске аласыз деп ойлаймын. Қиын кезде біреудің жасаған жақсылығын ұмыту қиын. Олай болса, келесідей ой түйіп қояйық:

Жомарттық сіздің және Құдайдың адамдарға деген мейірбандығын көрсетеді.

Жомарттықтың неткен қуатты екенін білсеңіз! Ол сөзден озып өтіп, тікелей жүрекке түседі. Біреу бізді мақтаса немесе сыйлық берсе, оны жылдар бойы еске алатынымыз керемет.

Әкемнің жүрегінде қандай сезім бар екенін аңғарып қалған алғашқы сәтім алтыншы сыныпта оқып жүрген кезімде еді. Ол кезде бөле ағам екеуіміз ойыншық зымырандарды ерік қылатынбыз. Мұрны мөлдір конустан жасалған бар зымыран сатып алған едім, оған заттарды салып, аспанға ұшыруға болады.

Дәл сол күні ағам екеуіміз ойыншыққа бақа салып ұшырайық дедік. Оған қоса, конус бөлігін таспамен зымыранға жабыстырып қойдық, сонда парашют ашудың орнына ойыншық жерге құлайды. Бақамен не болатынын көргіміз келді. Нәтижесін өзіңіз де біліп отырған шығарсыз.

Зымыранды ұшырғанда, әкем біздің не істеп жатқанымызға қарап үйден сыртқа шықты. Бітетін болдық. Бейшара бақаны өлтіргенімізді көрсе, оңбаймыз.

Зымыран күткеніміздей жоғары көтерілді, содан кейін төмендеп, жерге мұрнымен қадалды. Жүгіріп барып қарасам, мұрын конусы сынып, бақа өліп қалыпты.

Зымыранды қолыма алып, не бүлдіргенімізді жасыру үшін өлген бақаны шетке қарай лақтырып жібердім. Әкем жақындап келіп, ойыншығымды қолына алды. Зымыранның сынғанына қалай қам жегені әлі есімде. Оны қолына ұстап, ойыншықты әлі жөндеуге болатынын, зымыранның жерге мұрнымен қадалғаны қаншалықты өкінішті екенін айта бастады. Сосын сынған бөлшектерді қалай қалпына келтіруге болатынын егжей-тегжейлі түсіндірді. Әкемнің даусындағы шынайы қамқорлық пен мейірімділікті естіп, бақаны азаптағанымнан ұялдым. Бақаға не болғанын әкем білмей кетті, бірақ оның мені және зымыранымды ұайымдағанын ешқашан ұмытпадым. Сол кезде әкемнің қамқорлығын ерекше анық көрдім.

Құдай бізге жігер мен батылдық беру үшін, кейде біз танымайтын адамдарды пайдаланады.

Дренда екеуіміз достарымызбен бірге қырғауыл атуға шыққан кезіміз есімде. Дренда екеуіміз жаңа ғана үйленіп, Талсада тұрған кезіміз. Бойдақ кезімде бірге пәтер жалдаған достарымның бірі Канзаста тұратын және бізді жыл сайын өтетін қырғауыл атуға шақырды. Ол күнді асыға күттім.

Канзасқа бес сағат жол жүрдік, аң аулаумен тамаша уақыт өткіздік және заң бойынша рұқсат етілген құс санын атып қайттық. Бірақ Талсаға қайтар жолда досымыздың көлігінің моторы жарылып кетті. Қара жолда жалғыз қалдық. Талсаға дейін әлі бірнеше сағат жол бар. Канзасқа барған болсаңыз, оның басым бөлігі бос жатқан қуаң дала екенін білесіз.

Қараңғы түсті. Алыста әлсіз жанған бір шам көргендей болдық. Біраз жаяу жүріп, жақындап барсақ, фермердің үйі екен. Үй иесіне жағдайымызды түсіндірдік. Ол: «Жақсы, сізді үйге жеткізейін. Көлік тасуға жарайтын тіркемем бар. Сынған көлігіңізді соған артып, дүйсенбі күні жұмысқа шыға алатындай үйіңізге апарып саламын», — деді. Біз аң-таңбыз (Дренда дүйсенбі таңертең мейрамханада

жаңа жұмысқа кірісу керек еді. Жолда қалғанымызда оған қатты уайымдап еді).

Бір қызығы, бізді еш танымайтын бұл кісі Талсаға дейін бес сағат жол жүріп бізді үйге жеткізіп салды, содан кейін кері бұрылып, таң атқанша Канзасқа қайтты. Яғни түні бойы көлік жүргізді!

Бұл риясыз жақсылықты ұмытпаспын. Біздің «Ең болмаса бензинге жұмсайтын ақша алаңыз» деп тықпалаған ақшамыздан бір тиын да алған жоқ. Ол кісіге көптен-көп рахмет. Оның жомарт көмегін әрдайым алғыспен еске аламын.

Адамдар сізді ойлағанда, әрдайым жомарттығыңыз үшін Құдайға алғыс айтатын болады.

Өз өміріңізде осындай жағдайларды тез-ақ еске түсіре аласыз деп ойлаймын. Біреудің сізге көрсеткен қамқорлығы үшін қаншалықты риза болғаныңыз естен кетпейтін шығар. Міне, Пауылдың Қорынт қауымына жеткізгісі келгені осы — олардың жомарттығы адамдарға Құдайдың жүрегін көрсетті және қызмет еткендері үшін адамдардың Жаратқан Иені мадақтап, алғыс айтуына себеп болды.

Мәсікке келгенімде, жүрегімнің жұмсарғанын, адамдарға шынымен қамқорлық жасайтынымды көрдім. Басқаның мұқтаждық көргенін байқағанда, әрқашан көмектескім келді. Бірақ ақшам жоқ болған соң, әдетте жәрдем ете алмайтынмын. Бұл көңілімді қатты түсіретін.

Адамдардың көпшілігі осыған ұқсас жағдайда екенін байқадым. Адам көп жерде дауыстап бағыт-бағдар сұрасаңыз, жол бұлғап жіберетін он адам табыла қалады.

Бірақ Киелі кітаптан байқағанымдай, жомарт болуда білгенімізден әлдеқайда көп күш жатыр. Басқаларға жәрдем ету туралы бұрын білгенім келесі үзіндіні оқығанда өзгере түсті. Мұнда Патшалықтың бір заңы ашылмақ:

Сіз өзіңізді дәлелдеген қызметіңіздің арқасында басқалар Құдайды Мәсіхтің Ізгі хабарын мойындауыңызбен бірге мойынсұнғаныңыз үшін және олармен және басқалармен бөлісудегі жомарттығыңыз үшін мадақтайды.

Сендер осы қызметте игі ниеттеріңді дәлелдеп, өздерің мойындаған Мәсіхтің Ізгі хабарына мойынсұнып, солармен және басқалардың бәрімен жомарттықпен бөлісудесіңдер.

Сондықтан олар Құдайды мадақтап, Оның өздеріңе шексіз мол жаудырған рақымына риза болып, шынайы сүйіспеншілікпен сендер үшін дұға ететін болады. Бізге берген баға жетпес сыйы үшін Құдайға лайым шүкірлік етейік!

— Қорынттықтарға 2-хат 9:13-15

Адамдар Құдайдың жомарт жандарға берген шексіз рақымы үшін алғыс айтатын болады!

Пауылдың сөзін шынымен түсіну үшін бірнеше анықтама бергеніміз жөн.

«Шексіз мол» дегеніміз өте үлкен мөлшерде немесе жоғары дәрежеде; асып түсетін, керемет немесе ерекше.²

Сіздің шексіз мол мөлшеріңіз не болмақ? Сіздің өміріңізде ерекше, бәрінен асып түсетін, керемет нәрсе не болмақ ? Жаратқанның рақымы!!!!

Жақсы, енді рақымға анықтама керек.

«**Рақым**» Құдайдың шексіз игі ниетін білдіреді.

Бұл рақымның стандартты анықтамасы, бірақ ол рақымның шын мәнінде не екенін түсіндіруден өте алыс. Сізге бұдан толығырақ анықтама берейін.

Төменде Құдайдың рақымы туралы Википедиядан алынған дәйексөз келтірдім:

2 Dictionary.com (ағылшыншадан аударма)

Жалпы мәсіхшілік ілімге сәйкес, рақым дегеніміз — Құдайдың жалғыз ұлын айқышта құрбан еткенде адамзатқа берген мәңгілік құтқарылу арқылы сыйлаған шексіз мейірімі. Алайда бұл анықтама Киелі Жазбадағы рақымның барлық мағыналарын қамтымайды. Мысалы, Луқа 2:40 былай дейді: «Бала өсіп, күш жинап, даналыққа кенеле берді. Құдайдың рақымы (ағылшыншадан аударма) Оның үстінде болды». Рақымды «лайықсыз болса да, адамға берліген мейірім» десек, күнәсіз Мәсіхтің мейірімге мұқтаж болғаны қате мағынаға келеді.

Джеймс Райл келесідей мағына ұсынады: «рақым – бұл Құдайдың құдіретті құзыры. Рақым Құдай сізді кім етіп жаратса, сол адам болуға, қандай тапсырманы орындауға шақырса, соны істеуге мүмкіндік береді». Сонымен қатар, Билл Готард «Рақым бізге Құдайдың еркін орындауға деген құштарлық пен күш береді» дейді. Бұл анықтамалардың екеуі де Киелі кітаптағы рақым сөзінің мағынасын жақсы түсіндіреді.³

Сонымен, Пауылдың гүлдену, жарылқау, берекет әкелетін күш – рақым туралы айтып отырғанын көріп отырмыз. Бұл сый, рақым сыйы, халықтың өркендеуіне күш бергендіктен үлкен қуанышқа себеп болды. Сенушілер жомарт болғандықтан, адамдардың керектерін қанағаттандыра алды, бұл өз кезегінде олардың Құдайды дәріптеулеріне әкелді.

Пауыл сөзін **«Бізге берген баға жетпес сыйы үшін Құдайға лайым шүкірлік етейік!»** деп аяқтайды.

Тағы бір анықтамамыз бар. «Баға жетпес» дегеніміз құндылығын есептеп шығару мүмкін емес дәрежеде асқан қымбат.⁴ Пауыл рақым сыйының сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес екенін айтып отыр. Рақымның арқасында ақшалай жарылқау алған адамдар үшін ол әсіресе қымбат.

3 https://en.wikipedia.org/wiki/Divine_grace (ағылшыншадан аударма)

4 «American Heritage Dictionary of the English Language», бесінші басылым

Міне, сізді қаржылық құлдықтан босататын күш осы. Бұл құдірет, Құдайдың рақымы әрбір сенушіге қол жетімді.

Бірақ мәселе мында. Біз Пауылдың не істеу керектігі, яғни *жомарттық жасау* туралы сөзге көп уақыт арнай аламыз. Бірақ егер біз рақымды, Құдайдың өркендеуге беретін құдіретін түсінбесек, Иеміздің берген егін жинау уақытын өткізіп аламыз. Бұл үлкен ағаштың көлеңкесіне бақша отырғызғанмен бірдей — өнім беретін күн сәулесі де, қалаған нәтижеге әкелетін күш те жоқ.

Дренда екеуіміз Киелі кітаптан Құдайдың құдіреті көрініп, жағдайды мүлдем өзгертіп жіберген оқиғаларды оқитын едік. Мойындауым керек, рухани енді өсіп-жетіліп бара жатқанымызда, қауымда мұндай оқиғаларды өте аз еститінбіз. Құтқарылудан басқа ешкім Құдайдың рақымын күнделікті өмірде қалай қолдануға болатыны туралы ешқашан айтқан емес.

Әрине, құтқарылу — ең маңызды нәрсе екенін түсінемін. Бірақ айтып кеткенімдей, құтқарылуды мүмкін қылған құдіреттің әсерін өмірімнің басқа барлық саласында көргім келді. Оны қалай іске асыруға болатынын білмедім. Осыны білмегенімнің кесірінен кедей-ауру болып, күйзелістен он жылға жуық шыға алмадық. Мәңгілік құтқарылу туралы жақсы білдік, бірақ көктегі Патшалықтың күшін өмірімізге қалай әкеле алатынымызды білмедік, я түсінбедік. Сізге айтқанымдай, отбасымыздың халі мүшкіл еді. Қаржылық апатқа ұшырадық десем, асыра айту емес!

Жаратқан Ие маған Патшалық туралы айтқан күні: *«Сен Патшалығымның қалай жұмыс істейтінін білмегендіктен, бұл бейберекетсіз күйге ұшырадың!»* — деген болатын.

Басқаша айтқанда, Құдай жер патшалығында Патшаның билігін қалай босатып шығаруға болатынын білмейтінімді айтты. Оның қалай екенін, тіпті мүмкін екенін білген жоқпын. Құдайдың рақымына, құдіретіне қалай жететінімді білмедім.

Айтпақшы, Құдай маған Патшалық туралы айтқан күні тағы да көп нәрсені түсіндірді. Ол: *«Менің қауымым Исраил ұрпақтары*

перғауынға кірпіш құйып, құл болған кездегідей өмір сүріп жатыр. Олар құлдықта! Халқым қарызға батып жатыр, мен олардың бостандығын қалаймын!» деп те айтты.

Осы тұста бір нәрсе айтып кеткім келеді: қаржылық жағынан еркін болмайынша, сіз ешқашан азат болмайсыз. Дренда екеуіміз 30 жыл бойы айтып жүргеніміздей, ақша мәселесін түзетпейінше, өзіңіздің шын мәнінде кім екеніңізді біле алмайсыз және өміріңіздің рухани мақсатына жете алмайсыз.

Тағы бір айта кетейін: **АЗАТ БОЛА АЛАСЫЗ!**

Менің және мыңдаған басқалардың өмірі осыған дәлел. Құдайдың рақымы сізге жәрдем болады, көмектеседі, жетелейді. Құдай рақымын осы мақсатпен берді. Құдай сізді не іске шақырғанын білесіз бе? Ол істі құл ретінде орындау мүмкін емес. Қаржылық бостандық тек өзіңіз бен отбасыңызға ғана керек емес, сонымен қатар адамдардың Құдай Патшалығы өміріңізде қалай әрекет етіп жатқанын көру үшін керек. Сонда, піскен жеміске толы ағаш сияқты, сіздің үлгіңіз адамдарды Құдайға тартатын болады.

Адамдар жауап іздеуде. Шынымен іске асатын, нақты нәрселерді іздеуде. Оларға ең керегі дін емес, Құдайдың Патшалығын көру.

**АДАМДАР ЖАУАП
ІЗДЕУДЕ. ШЫНЫМЕН
ІСКЕ АСАТЫН, НАҚТЫ
НӘРСЕЛЕРДІ ІЗДЕУДЕ.
ОЛАРҒА ЕҢ КЕРЕГІ ДІН
ЕМЕС, ҚҰДАЙДЫН
ПАТШАЛЫҒЫН КӨРУ.**

Бірде медбикемен сөйлесіп қалған едім. Негізі екі медбике. Сонда естігенімді айтайын.

Анам 88 жаста. Денсаулығы жақсы. Бірақ шаруалап үйден шыққанда, оған көмек керек. Жасы келген кісі, өзіңіз де түсінесіз. Бір күні анамды бірнеше дәрігерге апаруым керек болды.

Бірінші кездесуде медбике не іспен айналысатынымды сұрай бастады. Мен оған қауым туралы, қаржылық компаниям туралы, адамдарға қарыздан құтылуға қалай көмектесетініміз туралы айтып бердім. Бұл оның назарын аударды. Маған қиын жағдайға

тап болғанын, қарызы көп екенін және тіпті күнделікті керектеріне ақшаны қайдан алатынын білмейтінін айтты.

Бізді екінші дәрігер қабылдағанда, ол жердегі медбикемен тура сол әңгіме қайталанды. Маған қаржылық жағдайы туралы айтып жатқанда көзіне жас оралды.

Достым, бұл сирек кездесетін жағдай емес. Бүгін бүгін Америка осылай өмір сүріп жатыр. Адамдар Патшалық жолымен жақсырақ өмір сүруге болатынын білсе екен деймін. Бұл жүрегімнің үлкен қалауы мен ынтасы.

Дренда екеуіміз Құдай Патшалығы туралы біліп, Жаратқан Иенің үйреткендерін қолдана бастағанда, өміріміз түбегейлі өзгерді. Пауылдың айтқан рақымы біздің өмірімізде пайда болғанын көре бастадық.

Бір күні түнде қарыздан құтылуға көмектесетін жеке бизнес құру туралы түс көрдім. Ақымақтық емес пе? Ақша жағынан қатты қиналған мен басқаларға қарыздан шығуды үйретпекшімін бе? Менің өмірім – ақшамен не **істемеу** керектігінің айқын мысалы емес пе еді? Бұл ойды Құдай салмаса, өзім еш елестете алмас едім.

«Бұл қалай болды? Басқаларға қарыздан құтылуға көмектесу үшін керек білімді қайдан алдыңыз?» деп сұрауыңыз мүмкін. Бұл тамаша сұрақ.

Ұзын сөздің қысқасы, бәрін Киелі Рух ашып көрсетті.

Әрине, кенеттен бәрі өзінен-өзі дайын бола қойған жоқ. Өз бетімше көп нәрсені үйренуім керек болды. Білікті кәсіпкерлерден өз компаниямды қалай құру керектігін үйренуге тура келді. Дегенмен, Киелі Рух барлығының үстінен Өзі басшылық етіп, адамдарға көмек болатын ең маңызды бірегей стратегиялар мен әдістерді көрсетті. Осылайша, ісіміз алға басып, оның арқасында біз қаржылық бостандыққа жеттік.

Сіздің не ойлап отырғаныңызды білемін: егер компания соншалықты табысты болса, клиенттерімізден көп ақша алатын шығармыз.

Жоқ. Жоғарыда айтқанымдай, Киелі Рух бізге өте ерекше бизнес үлгісін берді:

Біз клиенттерімізбен ТЕГІН жұмыс жасаймыз.

Қарызын төлеуге қиналып жүрген адамға көмектесемін деп одан қалай ақы аламын? Жоқ, ол жарамас. Құдай компанияға керек қаржыны басқа жолмен таптырды. Менің компаниямда клиенттерге қарызсыз болу үшін арнайы жоспар әзірленеді. Ол қызмет ешқашан ақылы болған емес және болашақта да солай қалмақ. Ең тиімді қызметтеріміздің бірі – клиенттерге жеті жылдан аз уақыт ішінде кірістерін өзгертпестен, үй ипотекасын бірге санағанда қарызды толығымен төлеп шығу.

Табысымыз клиенттерден емес, шешімдер мен қайта құрылымдау нұсқаларын ұсынатын ондаған компаниялар, жеткізушілер және кәсіпқойлардан түседі. Олардың тізімін жақсылап іріктеп алғанбыз. Клиенттерімізге олардың қызметі туралы айтқанымыздан пайда табамыз.

Мысалы, біздің қайта құрылымдау процесінде, егер XYZ компаниясы клиентімнің сақтандыру төлемін екі есе қысқарта алатынын білсем, ол компанияның қызметін қарап көруге бағыттаймын. Клиентім енді XYZ-мен өзі сөйлесіп, шешімді өзі қабылдай алады. XYZ-нің арзанырақ тарифтерін ыңғайлы санаса, сақтандыру полисін олардан ала алады.

Солайша клиент үшін бәрі тегін. Компанияның қарқындап өсуіне негізгі ықпал еткен фактор осы болғанына сенімдімін. Көбірек білгіңіз келсе, компаниямыздың сайты forwardfinancialgroup.com-ды қараңыз.

Біз сондай-ақ қауіпсіз инвестиция жасауға көмектесеміз. Бұның не екені атынан белгілі: нарық құлдыраса да, клиенттеріміздің зейнетақысына еш зарар болмайды.

Мұның бәрін айтып отырған себебім — соңғы 30 жылда біз жүздеген мың адамдармен жеке сөйлесіп, оларға қызмет көрсеттік. Американдықтардың көпшілігі қандай бейберекет өмір сүріп

жатқандарын жақсы білемін.

Бір адамның жағдайына ерекше назарым түсті. Меніңше ол көптеген американдықтардың өмірін көрсетеді.

Қарыз мәселесінде көмекке мұқтаж бір әйел мені қонаққа шақырды. Әріптесіммен бірге онымен кездесіп, жағдайын тыңдадық. Әңгімесін естігенде, құлағыма сенер-сенбесімді білмей отырдым. Оның 32 несие карталары бар екен. Карталардың барлығы несие алу шегіне жетіп, бұғатқа салынған (иә, дұрыс оқыдыңыз — 32 несие картасы).

Ол өз түрмесін өзі салып, енді одан шығу үшін менен кілт сұрады. Менің ойымша, несие карталарын пайдалануды тоқтату тамаша бірінші қадам болар еді. Әйелге карталарды ортасынан сындырып, тапқан ақшасынан артық ақша жұмсамауын сұрадым. Содан кейін клиентімнің жағдайына арнап қаржылық жоспар жасау үшін оған тапсырма бердім: күнделікті керектеріне кететін шығындардың барлығын тізіп жазуы керек. Оның үстіне, тек дебет картасын қолдануын ұсындым. Бұл кеңестерді қолданса, клиентімнің жағдайы ең болмаса одан әрі нашарламайды.

Карталарын кесіп тастауды ұсынғанымда, әйел жылап жіберді. Сосын мені таңғалдырған бір сұрақ қойды: «Енді аяқ киім қалай сатып аламын?».

Дұрыс естідім бе? Тамаққа ақшасы жетпей жүргенде, аяқ киім туралы сұрайды ма?

Сіз бұл кісіні қалыпты жағдайдан ауытқу болу керек дерсіз. Несие карталарының саны шынымен де орта көрсеткіштен асып тұр. Бірақ қаржылық түрмеде болғаны – етек жайған жағдай. Америкадағы соңғы статистиканы бірге қарастырайық:

- 57 пайызында банк шотында 1000 доллары жоқ.⁵
- 44 пайызы күтпеген жерден 400 доллар төлей алмайды.⁶

5 Рэй Ханания, «57% of Americans have less than \$1,000 in Savings», 31 наурыз, 2021 жыл, SuburbanChicagoland.com

6 Джозеф Лоулер, «44 Percent of Americans Couldn't Cover an Unexpected \$400 Expense», Washington Examiner, 19 мамыр, 2017 жыл.

- 23 пайызы ай сайынғы төлемдерін төлей алмайды және ай сайын қарыздары ұлғая беруде.⁷

Достым, Құдай маған айтқандай, американдықтар құлдықта жүр. Құлдың не істейтінін ойлаңыз.

- Өздері үшін жұмыс істемейді. Ісін атқарып, пайда әкелсе де, табыс ай сайын несие берушілерге кетіп, отбасының тағы бір ай өмір сүруіне жеткілікті ғана ақшасы қалады.
- Құлдар өздеріне тиесілі емес үйлерде тұрады (яғни ипотекасы бар).
- Иелігінде жоқ үйдің қарызын төлеу үшін жұмысқа иелігінде жоқ көлікпен барады.
- Жұмысқа бару үшін несиеге сатып алған киімдерін киеді. Оның үстіне 20 жыл бұрын алған студенттік несиемен бірге өздеріне тиесілі емес көлігі мен үйінің ақысын төлейді.

Ойымды түсінген шығарсыз

*Бай адам жарлығына үстемдік құрар,
Қарыздар қарыз бергеннің құлы болар.*

— Нақыл сөздер 22:7

Адамдардың көпшілігі жұмысын ұнатпайтынын білесіз бе? Шын мәнінде, Гэллап сауалнамасына сәйкес, жұмысшылардың 85%-ы ісін жек көреді.⁸

Онда неге жұмыстан кетпейді? Өйткені олар құл, ал құлдардың таңдауы жоқ!

Ендеше, құлдықтан құтылудың жолы бар ма? Иә!

Маған сенесіз бе? Киелі кітап үзіндісіне тағы бір қарайық.

⁷ Меган Леонхардт, «Become Debt Free», 24 мамыр, 2019 жыл.

⁸ Сара Бюроуз, «85% of People Hate Their Jobs, Gallup Poll Says», 2017 жыл, 22 қыркүйек, returntonow.net

Өйткені атқарып жатқан қызметтерің Құдай халқының мұқтаждықтарын қамтамасыз етеді.

Олар сонымен қатар бұл сенушілердің Жаратқан Иеге шексіз ризашылықтарын білдіріп шүкірлік етулеріне себепші болмақ. Сендер осы қызметте игі ниеттеріңді дәлелдеп, өздерің мойындаған Мәсіхтің Ізгі хабарына мойынсұнып, солармен және басқалардың бәрімен жомарттықпен бөлісудесіңдер.

Сондықтан олар Құдайды мадақтап, Оның өздеріңе шексіз мол жаудырған рақымына риза болып, шынайы сүйіспеншілікпен сендер үшін дұға ететін болады. Бізге берген баға жетпес сыйы үшін Құдайға лайым шүкірлік етейік!

— Қорынттықтарға 2-х 9:12–15

Осыған назар аударайық: шешім — Құдайдың рақымы, өркендеуге мүмкіндік беретін күш!

Сондай-ақ, дұшпанның қарыздан шықпауыңызды, қарызға қалай шығуға болатынын білмеуіңізді қалайтынын ұмытпайық. Дәл осы себептен АҚШ-та қолданыста 1,1 триллион несие картасы бар.⁹ Дәл осы себептен несие карталарын ұсынып жыл сайын төрт-сегіз миллиард жарнама жіберіледі.¹⁰

Біреу сізді қарыз алсын дейді. Ол «біздің жаңа несие картамызды қолданып көріңіз» деп маза бермейтін банктер мен сатушылар ғана емес.

Сізді қарызға батырса, рухани тағдырыңызбен жүре алмайтыныңызды шайтан біледі. Ал егер Құдай тағайындаған рухани тағдырыңызбен жүрсеңіз, ол жаудың патшалығына ойран салатын болады.

9 Райнор де Бест, «АҚШ-тағы 2012-2018 жылдардағы несиелік карта және дебеттік карта саны», 2020 жыл, 16 желтоқсан, [statista.com/statistics](https://www.statista.com/statistics)

10 Боб Брайан, 2015 жыл, 24 қараша, [businessinsider.com](https://www.businessinsider.com)

Сонымен, бір сәт шолу жасайық. Бұл кітап жомарт болу туралы, солай ма? Иә да, жоқ та дей аламын. Иә, біз қаржылай көмек беру мен жомарт болудың барлық артықшылықтары туралы аздан кейін сөз қозғайтын боламыз. Бірақ жомарт болу өздігінен мәселені шешпейді. Құдайдың рақымын, құдіретін қалай қолдана алатыныңызды білу керек.

Олай болса, тағы да айта кетейін: жомарт болуды кілт емес, жай ғана формула деп біліңіз. Бұл, әрине, шешімнің бір бөлігі, бірақ сіз бен бізге рақым деп аталатын табиғаттан тыс, ерекше күш қажет.

Дастин мен Кендалл менің не айтып тұрғанымды нақты білетін болды. Қиын қаржылық жағдайға тап болғанға дейін бұл жас жұбайлар ақша мәселесінде Құдайдың рақымына мұқтаж екенін түсінбеген еді. Олар жаңа бизнес-идеяны қарастырып, оны жүзеге асырамыз деді. Бағасы не десеңіз, 150 000 доллар және оның барлығы қарыз.

Жұп бизнесті сатып алған айда салық комитетінің тексерісіне түсті. Нәтижесінде 53 000 доллар салық төлеу талап етілді. Дастиннің айтуынша, олар 200 000 доллардан астам қарызға батып кетті. Бұл кіріптарлықтан шығудың амалы қалмады. Бизнесті сатып алмас бұрын қаржылық жағынан қиын жағдайда болғандары мәселені ушықтырды.

Олар жаңа туған сәбилері үшін ауруханаға төленетін ақшаны қарызға алып, сол несиені өтеп жатқан. Салық тексерісі оларды тығырыққа тіреді. Дастин шешім табуға тырысты.

Іздегеннен кейін ол 30 000 долларлық несие ұсынысын тауып, бұл туралы әйелінің пікірін сұрады. Дастиннің білмегені, Кендалл «Сенің қаржылық революцияң: тыныштықтың құдіреті» атты кітабымды оқып, онда айтылғандарға біраз ой жүгірткен екен (онда да Құдайдың рақымына қол жеткізу туралы айтылады).

Дастин әйеліне несие алуды ұсынғанда, Кендаллдың көңілі қалғаны бар. Ол күйеуінің қарыздың орнына Құдайдың көмегіне жүгінеді деп үміттеніп еді. Кендалл күйеуімен болашақ шешім туралы

сөйлесіп, Құдайға сенім артуға шақырды. Дастин әйелінің ақылынан бас тартқан жоқ.

Олар бірге дұға еткенде, Киелі Рухтың ақшалай тұқым себуге түрткенін сезді. Әрине, ол кезде жұптың Құдай көрсеткендей ақшасы болмағандықтан, олар келесі 28 күн бойы күш салып жұмыс істеді. Құдай көрсеткен мөлшер жиналғанда, тұқым екті.

Нәтижесі не болды десеңіз, бизнестері оңға басты.

Келесі жылдың ішінде жас жұбайлар 175 000 долларлық қарызын өтеп шықты, ал Дастин сол жылы өмірінде тапқан табысынан ОН ЕКІ есе көп ақша тапқанын айтты!

Кендалл мен Дастин Патшалықтың әрқашан жұмыс істейтінін білетін болды! Оларға керек шешім не еді? Құдайдың Патшалығы мен рақымы!

Сізге керек шешім қандай? Құдайдың Патшалығы мен рақымы!

ЕКІНШІ ТАРАУ

ЖАУАБЫ — РАҚЫМ

Алдыңғы тарауда жомарттық адамдарға қалай әсер ететіні — олардың жүректерін жұмсартып, Құдайға ризашылық сезімін тудыратынын айттық. Сондай-ақ жомарт бола білу — Құдайдың рақымының нәтижесі екенін анықтадық.

Оның өздеріңе шексіз мол жаудырған рақымына риза болып, шынайы сүйіспеншілікпен сендер үшін дұға ететін болады. Бізге берген баға жетпес сыйы үшін Құдайға лайым шүкірлік етейік!

— Қорынттықтарға 2-хат 9:14-15

Пауыл Құдайдың өркендеуіміз үшін берген рақымын сипаттаған кезде «шексіз мол» дегеніне баса назар аударғанын айттық. Рақым әлденені жүзеге асыру үшін ерекше қуат беретінін білдік. Пауыл Құдайдың рақымын баға жетпес сый дейді! Меніңше, Құдайдың өзі өмірдің гүлденуіне көмектесетін болса, бұл керемет артықшылық. Мұнымен кез-келген адам келісетін шығар.

Құдайдың сіздің өміріңізде не істерісі келетінінің ауқымын және сізге қол жетімді зор күш-қуатты түсінсеңіз деймін. Оны білуіміз үшін бірнеше аят артқа жылжып, алтыншы аяттан бастап оқиық.

Бұл жайында: «Сараң сепкен сараң жинар, жомарт сепкен жомарт жинар» делінген ғой. Әрқайсың

жүректеріңнің шешіміне сай, еш ренішсіз, зорлықсыз барларыңмен бөлісіңдер! Құдай қуанышпен беретіндерді ұнатады. Ал сендерді бүкіл рақымға молынан кенелтуге Құдайдың құдіреті жетеді! Сонда әрдайым, қандай жағдайда да қажеттеріңнің бәрімен қамтамасыз етіліп, әр қилы игі істерді молынан жасай аласыңдар. «Ол мұқтаждарға мол көмек таратады, оның әділдігі мәңгіге ұласады» деп Забурда жазылған.

Егіншіге себуге тұқым, ашыққанға жеуге нан беретін Құдай сендерге «игіліктің тұқымын» ағыл-тегіл мол сыйлап, әділ істеріңнің өнімін молайта түспек. Ондағы көздегені — сендердің әр жағдайда жомарттық жасай алатындай дәулетті болуларың, әрі біз арқылы жіберген көмектерің үшін көп адамдардың Құдайға шүкірлік етуі.

— Қорынттықтарға 2-хат 9:6-11 (ағылшынша ЕНҮ нұсқасынан аударма)

Міне, ең қызығы енді басталады!

Мұнда да рақым сөзін тағы көріп отырмыз. Пауыл «бүкіл рақым» деп жазған, себебі оқырманға рақымның артында Құдайдың БҮКІЛ құдіреті тұрғанын түсіндіргісі келген. Пауыл жомарт болу және оның өнімін мол ору туралы айтып отыр және сіз жомарт болған сәттен бастап егін жинау үшін Құдайдың барлық рақымы қолыңызда болатынын жазды.

Құдайдың бүкіл рақымына кенелу дегеніміз Құдайдың барлық құдіреті, даналығы, игі ниеті мен көрегендігін осы тұқымның егінін жинау үшін пайдалана алу. Сізді білмеймін, бірақ бұл көңілімді толқытады!

Алайда, егін өз-өзінен жинала алмайды.

Өте бай фермер досыңыз бар делік. Оның миллиондаған долларға алған ауылшаруашылық техникасы бар. Енді досыңыз сіз тұқым егіп, егін ору үшін барлық құрал-жабдығын сізге берді. Сіз шаруашылық туралы ештеңе білмесеңіз, оның сізге еш пайдасы болмайды.

Құдай бізге Өзінің барлық құдіретін қолжетімді етті, бірақ біздің әлі өз тарапымыздан жасайтындарымыз бар. Екінші шаруашылықта тұқым себуден әлдеқайда көп іс бар екенін білгені секілді, біз де тұқым еккеннен кейін қол құсырып отырмауымыз керек.

Әзірше, бір нәрсені түсінгеніңізді қалаймын: Құдайдың құдіреті сізге тұқым еккеннен кейін егін жинауға ғана көмектеспейді, сонымен қатар ол тұқымды қашан және қайда себу керектігін білуге де жәрдем етеді.

Соның арқасында сіз шексіз қаржылық жарлықау ала аласыз!!!!

Енді бір қадам алға басып, ақшаның негізінде не үшін керектігін білейік.

**ҚҰДАЙДЫҢ ІСІНЕ
ҚАМҚОР БОЛСАҢ, ОЛ
СЕНІҢ ІСІҢЕ ҚАМҚОР
БОЛАДЫ.**

Ал сендерді бүкіл рақымға молынан кенелтуге Құдайдың құдіреті жетеді! Сонда әрдайым, қандай жағдайда да қажеттеріңнің бәрімен қамтамасыз етіліп, әр қилы игі істерді молынан жасай аласыңдар.

«Қажеттеріңнің бәрі қамтамасыз етіледі» делінген. Байқадыңыз ба? Ол тек ақша емес. Әрдайым, қандай жағдайда да, қажеттеріміздің барлығы!

«Құдайдың ісіне қамқор болсаң, Ол сенің ісіңе қамқор болады». Әрдайым осы сөзді айтамын. Сонымен, Құдай барлық жағдайда қажеттің барлығын қамтамасыз ететін болса, экономикалық жағдай не болып жатқанына қарамастан, сіз ешқашан тапшылық көрмейсіз. Құдай ризығыңды беремін десе, Ол күнкөріске әрең жететін нәсіпті айтып отырған жоқ.

Сендер көп халықтарға қарыз беріп, өздерің ешқайсысынан қарыз алмайсыңдар. Егер де Құдай Иелеріңнің өсиеттеріне құлақ асып, оларды сақтап орындайтын болсаңдар, онда Жаратқан Ие сендерді көштің аяғы емес,

басы етеді. Сендер төменде емес, тек жоғарыда жүретін боласыңдар.

— Заңды қайталау 28:12-13

Құдай барлық қажетіңді қамтамасыз етемін дегенде, қарызсыз толық қаржылық еркіндікте жүруді, рухани тағдырыңызды құмарта орындауды және жердің ең жақсысын жеуді айтады. Бұл сонымен бірге кемел денсаулық пен тыныштықты білдіреді.

Екіншіден, қажетіңіз қамтамасыз етілгенде қаражат жетіп қана қоймайды, өміріңіз көркейе түседі.

Ондағы көздегені — сендердің әр жағдайда жомарттық жасай алатындай дәулетті болуларың

Әр жағдайда жомарт болуларымыз үшін әрдайым қажетіміз қамтамасыз етілмек. Түпкі мақсат — жомарт болу, адамдарға көмек беру және Құдайдың жерде орындалып жатқан тапсырмаларын қолдау.

Құдайдың мақсаты – Өзінің жүрегін адамдарға таныту және адамдардың жүректерін Өзіне тарту.

Мен әрқашан айтатынымдай, «Құдайдың ісі адамдарға қатысты».

Осы сәтті пайдаланып жиі естілетін жалған бір ойды талдағым келеді.

Бір күні өте бай адаммен сөйлесіп едім. Ол сөзің арасында: «Маған тағы да ақша керек емес. Онсыз да жетіп жатыр» деді.

Әрине, бұл кісінің не айтқысы келгенін білемін — мұқтаждық көріп отырған жоқ, керегінің бәрі бар. Бірақ шынында оған ақша керек және көп ақша керек.

Егер ақшаның *жалғыз өзімізге* не пайда әкелетінін ғана ойласақ, уақыт өте келе көбірек ақша табуға деген ұмтылыс азаюы мүмкін. Бірақ егер Құдайдың адамдарға деген ізгілігін түсінсеңіз, миллиондаған адам әлі Патшалықтағы тамаша өмірді білмейтінін

және дәл қазір тозаққа бет алып бара жатқанын еске түсірсеңіз, онда Құдайға көбірек ақша керек екенін түсінесіз!

Тағы да айтамын, **«ҚҰДАЙҒА КӨБІРЕК АҚША КЕРЕК!»**

Әлі де істелетін жұмыс көп.

Ал сендерді бүкіл рақымға молынан кенелтуге Құдайдың құдіреті жетеді! Сонда әрдайым, қандай жағдайда да қажеттеріңнің бәрімен қамтамасыз етіліп, әр қилы игі істерді молынан жасай аласыңдар.

Әлі жасалатын әр қилы игі істеріміз көп. Әр игі іс – Патшаның атынан жасалған іс. Шындығында, Ефестіктерге 4:7, 11-12-ге сәйкес, сіз атқаратын өте нақты жұмыс бар.

Ал әрқайсымызға Мәсіхтің рақым етіп үлестіріп берген ерекше рухани дарындарымыз бар. Ол рухани дарындар сыйлап, сенушілердің біреулерін елші, біреулерін пайғамбар, тағы басқаларын Ізгі хабарды таратушы, енді біреулерін қауымның рухани бағушысы немесе тәлімгері етіп тағайындады. Олар Құдайдың халқын өз қызметтерін атқаруға дайындауға тиіс.

— Ефестіктерге 4:7, 11-12

Қарап отырсаңыз, адамдардың көпшілігі бітпейтін жарыстан шаршағандықтан қаржылық жағынан еркін болуды қалайды. Олар тыныштық іздейді. Көбісі өздеріне ұнамайтын жұмысты істеп ақша тауып жүргендіктен, қаражаттың беретін еркіндігін іздейді. Істеуге мәжбүр жұмыстың орнына өздері қалаған нәрсені істеу еркіндігін аңсайды. Өздерінің қызығушылықтарына еріп, мақсат-армандарына жетіп, өмірлерін мәнді өткізуді қалайды.

Енді шынайы сенім емес, дінге ғана еретін жұрттың ашуын келтіретін бір сөйлемді бірге оқиық:

Сіз барлық жағынан бай боласыз.

Иә, солай дейді. Сіз бай боласыз!

Бай дегенді, әрине, әр адам басқаша түсінеді. Әлеуметте де мұның мағынасы дұрыс қалыптаспаған сияқты. Бір миллиард доллары бар адам 100 000 доллары бар адамнан міндетті түрде бақытты деп айта алмаймыз. Жоқ, әртүрлі адам үшін «бай» болу әртүрлі нәрсені білдіреді. Бірақ, әрине, бұл біздің барлық қажетіміздің қамтамасыз етілгенін, қарызсыз өмір сүріп жатқанымызды және жердің ең жақсысынан жеп ләззат алатынымызды білдіреді.

Егер Маған мойынсұнып, тілімді алсаңдар, жердің жақсы өнімдерін жейтін боласыңдар.

— Ишая 1:19

**ТАҒЫ ДА АЙТАМЫН,
ҚҰДАЙДЫҢ ІСІН
ІСТЕУ ҮШІН ЫРЫСТЫ
БОЛҒАНЫҢЫЗ ҚАЖЕТ.
БҰЛ ҚҰДАЙДЫҢ
ҚАЛАУЫ.**

Бірақ бай болу дегеніміз тек ақшаға қатысты емес. Сондай-ақ бұл немере сүю, әйеліңмен қол ұстасу және басқа да көптеген керемет нәрселерді қамтиды. Дренда екеуіміздің бес тамаша баламыз бар, олардың барлығы Құдайды жақсы көреді және қауымда белсенді

қызмет атқарады. Бәріміз бір-бірімізге жақын тұрамыз және бірге уақыт өткізгенді жақсы көреміз. Бай деп осыны айтамын!

Байқасаңыз, шынайы сеніммен шаруасы жоқ діндар адамдар ақшаның көп болғанын қомағайлық деп санайды. Бірақ егер сіз Құдаймен бірге адамдардың жүректерін өзгерте алатын қызметпен айналыссаңыз, ақшаның тым көп болуы мүмкін емес екенін білесіз. Әрқашан Құдайдан жаңа тапсырмалар мен игеретін жаңа салалар бар.

Тағы да айтамын, Құдайдың ісін істеу үшін ырысты болғаныңыз қажет. Бұл Құдайдың қалауы.

Құдай үшін жомарт болғаныңыз, адамдарға көмектескеніңіз және Құдайдың жерде орындалып жатқан тапсырмаларын қаржылай қолдауыңыз — Жаратқан Иенің еркі. Егер Киелі кітапта жазылғандай

әрдайым жомарт болғыңыз келсе, біраз ақшаға ие болуыңыз керек.

Яғни, әрдайым дегеніміз күн сайын немесе күніне бірнеше рет болуы мүмкін. Шынын айтайық, ол қолыңыздан келу үшін күнін көре алмай жүрген біреу емес, өз керегіңізді қамтамасыз етіп, басқаның қажетін де қанағаттандыра алатын халде болуыңыз керек. Мұнымен бәрі келіседі деп ойлаймын.

Бірақ жомарттық, жалпы ақшалай көмек беру туралы сөйлескенде, ең үлкен кедергі бола алатын нәрсе жайлы сөз қозғайық:

Жомарт болған кезде қорқынышпен күресуге тура келеді.

Қорқынышқа шыдау керек демеймін. Біреуді қаржылай жарылқағанда қорқынышпен күресу керек деймін. Ал қорқынышты жеңетін ең мықты қару — ақиқат!

Сонымен, ақша берудегі қорқыныш не? Қарапайым сөзбен айтқанда, «өзімізге жетпей қалады» деген күмән, солай ма?

Бұл ақша өзіме керек дейміз. Керек емес демеймін, әрине керек. Бірақ ол Құдайға да керек. Құдай бізден ақша алғанда, оны қайтарусыз алады ма? Былайша айтқанда, инвестицияның пайдасы болады ма? Меніңше, Құдайға бұл сұраққа анық жауап берген:

Беріңдер, сонда сендерге де беріледі: шайқап, нығыздап толтырып, тасып-төгілген мөлшерде салып беріледі. Сендер өзгелерге қолданған өлшем өздерің үшін де қолданылмақ.

— Лұқа 6:38

Құдай сізге не істеу керектігін нұсқаудан гөрі, Патшалығын қолдаудың пайдасын түсіндіруге көбірек уақыт бөледі. Бір сөзбен «беріңдер» дейді де, оның сізге пайдасын түсіндіру үшін 19 сөзді қолданады. Мен осылай жазылған кез-келген келісімшартқа қол қояр едім!

Құдай берекелі өмір сүргеніңізді қалайды. Сіздің дамып өркендеуіңізде Оның да мүддесі бар. Ойланып көріңізші: Құдай өзінің жоспарын қаржыландыру үшін қажет ақшаны қайдан алады?

Бұл ақша, әрине, сізден, менен және басқа сенуші бауырлардан алынуы керек. Сенбейтін жұрт Құдайдың тапсырмаларын қолдамас.

Ең өкініштісі, сенушілердің көпшілігі бергендерінің қайтарымы үшін Құдайға сену дұрыс емес деп санайды. Олар Құдайға беріп, әлдененің қайтуын күту — ашкөздіктен шығады және Құдайға ақ пейілмен ғибадат етуді кірлетеді дейді.

Шаруаның сепкен тұқымынан егін күткені қате ме? Отырғызған дақылы өзіне және отбасына пайда әкелетініне сенсе, адасқаны ма? Ол жай ғана Құдай берген заңдарды қолданады.

Құдай өміріміздің дамып, гүлденгенін көріп қуанады. Ол бізге тұқым егіп, егін жинау заңын берді. Ібіліс ерте заманнан бері қауымға ақша беру және жомарт болу туралы өтірік айтып келеді. Кейбір ілімдер тіпті адамдарды байлықтан бас тартып, кедей болуға ант етуге мәжбүр етеді. Оған еретіндер ұстанымдарын мақтан тұтады, өйткені шайтанның өтірігіне алданып жүргендерін түсінбейді. Иса жердегі қызметі кезінде мұндай көзқарасқа көп рет кезікті. Ол осыған қатысты ең әйгілі астарлы әңгімелерінің бірін, Қайырымды самариялық туралы оқиғаны айтып берді.

Сол кезде Таурат заңын үйретуші бір ғұлама Исаның ұстанған ілімін сынамақшы болды. Ол орнынан тұрып:

— Ұстаз, мәңгілік өмірге жетуім үшін не істеуім керек? — деп сұрағанда, Иса оған:

— Таурат заңында не деп жазылған, не оқып жүрсің? — деген сауал қойды. Сол адам былай деп жауап берді:

— «Құдай Иеңді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, бар күш-қуатыңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!» Және «Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!» делінген.

Иса оған:

— Дұрыс жауап бердің. Осылай істейтін бол, сонда (мәңгі) өмір сүресің, — деді. Бірақ өзін ақтағысы келген ғұлама Исадан:

— Сонда «маңайымдағы адам» кім болғаны? — деп сұрады. Иса оған былай жауап берді:

— Бір адам Иерусалимнен Иерихон қаласына кетіп бара жатып, қарақшылардың қолына түсіпті. Қарақшылар оның киімдерін сыпырып алып, өзін жарақаттап, шалажансар етіп тастап кетіпті. Бір діни қызметкер сол жолмен кездейсоқ келе жатып, оны көре тұра қасынан өтіп кетеді. Дәл солай жаңағы жерге келген ғибадатхана қызметшісі де оған қарап, қасынан өтіп кетеді.

Содан кейін бұл жерге жолаушылап бара жатқан бір самариялық келеді. Әлгі адамды көргенде оған жаны ашып, қасына барады да, жараларын маймен және шараппен жуып-шайып, таңады. Оны есегіне мінгізіп алып, қонақүйге апарып, күтеді. Самариялық адам ертеңінде жолға шығарда, қонақүйдің иесіне екі күміс теңге беріп: «Мына кісіге қамқорлық жасай гөр. Егер артық шығын шығарсаң, мен қайтып оралған кезде төлеймін», — дейді.

Ал енді, қарақшылардың қолына түскен кісіге бұл үшеуінің қайсысы «маңайымдағы адам» болды деп ойлайсың? — деп Иса сол ғұламаға сұрақ қойды. Ол:

— Әрине, оған қайырымдылық көрсеткені, — деді. Сонда Иса оған:

— Сен де солай істейтін бол! — деп тапсырды.

— Лұқа 10:25-37

Бұл әңгімені бәріміз естіген шығармыз. Әдетте бұдан шығатын ой-түйін: Құдай жолда келе жатып, бұл жігітті көрсе не істер еді? Жаратқан Ие бұл соққыға жығылған адамды жол бойында өлім үстінде тастамайтынын білеміз.

Қауымда осы әңгімені қолдана отырып, балаларға да, үлкендерге үйретілетін сабақ — жақсы көрші бол. Адамдарға қамқорлық жаса. Адамдарға қамқор болу — Құдайдың қалауы, мен бұған жүз пайыз сенімдімін. Дегенмен, назардан жиі тыс қалатын тағы көп нәрсе бар.

Исаның заң ұстазына айтқанын шынымен түсіну үшін сол күнгі әлеуметтік жағдайды білу керек. Яһудилер самариялықтарды жек көріп, оларды арам және діннен безген деп санады. Яһудилер самариялықтарға қарағанда өздерін Құдайдың алдында әлдеқайда қасиетті де әділ санағандары сонша, самариялықтармен араласпайтын. Демек, Исаның әңгімесі осы заң ұстазының діншіл көзқарасы үшін сөгіс болып табылады. Мұны бәріміз түсінеміз деп ойлаймын.

Бұл әңгіменің не балаларға, не үлкендерге үйретілмейтін бөлігі қайсысы білесіз бе? Екі күміс теңге жағы. Заң ұстазының самариялықтарға деген тәкаппар көзқарасын әшкерелегеннен кейін, Иса неге ақша туралы айтты? Анықтап алайық.

Қасына барады да, жараларын маймен және шараппен жуып-шайып, таңады. Оны есегіне мінгізіп алып, қонақүйге апарып, күтеді. Самариялық адам ертеңінде жолға шығарда, қонақүйдің иесіне екі күміс теңге беріп: «Мына кісіге қамқорлық жасай гөр. Егер артық шығын шығарсаң, мен қайтып оралған кезде төлеймін», — дейді.

— Лұқа 10:34-35

Исаның бұл әңгімесінен Иеміздің біз үшін жасайтын құрбандығына ұқсастық көре аламыз. Ұрлық пен өтіріктің атасы шайтан адамзатты ұрып-соғып, жарақаттады. Май мен шарап Киелі Рухты және Исаның қан бейнелейді. Исаға келген әркім сол қанның арқасында кешіріліп, Құдаймен тату бола алады. Әңгімеден май мен шарапты жаққаннан кейін самариялықтың тағы бір қадам жасап, жараланған кісіні емдеу үшін қонақ үйге апарғанын көреміз. Самариялық жолшы жаралыға емделуге уақыт керек екенін біліп, оны сауықтыру үшін қауіпсіз жерге орналастырады. Бәріне өз қалтасынан төлейді.

Менің ойымша, қонақ үй жергілікті қауымды білдіреді. Міне, Исаның соққыға жығылған және өмір жолында өле жаздаған адамдарды әкелетін жері – қауым. Олар Исаның қан келісімі арқылы күнәдан тазарып, Киелі Рухта қайта туылды. Алайда әлі күнге дейін

жердегі қарғыс жүйесінің азабын өздерімен бірге алып жүр. Олардың емделуіне және мүлдем жаңа өмір салтын үйренуіне уақыт қажет. Иса олардың ілгерілеуін қадағалау үшін жергілікті қауымға және қонақ үй иесінің, яғни бағушының қол астына орналастырды.

Бірақ, өкінішке орай, заң мұғалімінің көзқарасын қауымда да кездестіреміз. Ешкім қонақ үйдің шаруасына араласып, көмектескісі келмейді. Жолда жатқан жаралы адамның жанынан өтіп бара жатқандар сияқты, олар «Бұл менің емес, басқа біреудің проблемасы» дейді. Олар неге араласуы керек? Оларға уақыт пен ақша шығынынан басқа не пайда болады?

Осы көзқарастың кесірінен бағушылар уақытының көп бөлігін балалар қызметіне немесе шағын топқа көмектесу үшін жалынуден өткізеді. Бірақ бауырластарымыз өз істерімен айналысып, қолдары тимейтін сияқты. Қызметке уақыт пен көңіл бөлу оларға қиын. Діннің өзі ешқандай ынта бермейді, тек міндет пен заң. Дін адамды қауымда көмектесуге тарту үшін кінә сезімін салуға тырысады: «Құдайдың алдында борышыңыз бар. Мына істі атқаруға міндетсіз. Құдайдың сіз үшін жасаған баға жетпес құрбандығын ұмыттыңыз ба?». Жүрегімізде әрқашан Құдайға деген ықылас пен шүкіршілік сезімі болуы керек, онымен келісемін. Басқаларға да көмектесуге дайын болғанымыз дұрыс, бірақ Құдай «Сен маған қарызсың» деген жүйемен жұмыс істемейді. Ол: «Шығын өтеу үшін мен саған екі теңге қалдырамын және қайтып келгенімде қанша ақша шығарсаң да, БӘРІН төлеймін», — дейді.

Діншіл көзқарас мұны көкке келгенімзде, Иса жер бетінде жасаған жұмысымыз үшін марапаттайды деп түсінеді. Жоқ, Иса әңгімені айтып жатқанда, самариялықтың қаладан қайтып келе жатқанда қонақ үйге соғатынын меңзеген. Иса қонақ үй иесіне деген мәңгілік өмірдегі алыс болашақты емес, нақты уақыттағы қаржылық көмек туралы айтты. Бұл тұста әдетте мынадай пікір естіледі: «Тамаша, Құдай қонақүй иесіне жаралыны бағып-қаққаны үшін шығындарын өтейді екен, бірақ менің үйімде де нақты шығын бар. Басқаның қамын ойлауға не уақытым, не ақшам жоқ». Қызметке кеткен барлық шығынның қайтатыны жұртқа аса шабыт бере қоймайды. Әрине, көптің

ойындағы уайым біраз азаяды, бірақ қызметке атсалысатындарға Құдайдың сүйіспеншілігінің толық бейнесі ашылмайды.

Иә, сіздің не айтатыныңызды білемін: «Барлығымыз Құдайға деген сүйіспеншілігіміз үшін қонақ үйдің шаруасын істеуіміз керек». Иә, мұны бағушыға деген адалдығыңыздың және Құдайға деген сүйіспеншілігіңіз бен борыш сезімінің арқасында жасай аласыз, және бұл кейде талап етіледі... Бірақ Құдай Онымен бірге «қонақүйде жұмыс істегенде» қуанып, ойнап-күліп жүргеніңізді қалайды.

Мәселе мынада: біз Құдай үшін емес, Құдаймен бірге жұмыс істейміз. Жаратқан Ие Пауыл арқылы былай дейді:

Қай жауынгер өз жалақысын өзі төлейді? Қай бағбан жүзімдік егіп, жемісін жемейді? Қай малшы мал бағып, сүтін ішпейді? Бұл адамдардың салты ғана ма? Құдайдың заңы да осылай дейді емес пе? Мұса арқылы берілген Таурат заңында: «Астық бастырып жүрген өгіздің аузын бума», — деп жазылған ғой. Құдай бұл жерде өгіздерді ғана ойлап тұр ма, әлде осы айтқаны бізге де тікелей қатысты ма? Әрине, ол біз үшін де жазылған. Жер жыртушы да, астық бастырушы да еңбек етіп, өнімнен тиісті үлесімді алармын деп үміттенуі дұрыс.

— Қорынттықтарға 1-хат 9:7-10

Құдай біздің Оған қорқынышпен немесе міндет болған соң ғана қызмет еткенімізді қаламайды.

Соңғы аятта «Жер жыртушы да, астық бастырушы да еңбек етіп, өнімнен тиісті үлесімді алармын деп үміттенуі дұрыс» делінгеніне назар аударыңыз. Құдай сізге тапсырған істің өнімін ғана ойламайды. Ол өзімен бірге жұмыс істеп жатқандарға да қамқорлық жасайды және олардың Өзімен бірге егін жинап, қуанышына ортақ болғанын қалайды.

Иса астарлы әңгіме үшін қонақ үй иесін әдейі таңдады. Қонақ үй иесінің кәсіпкер екенін түсінеміз. Ол қонақтардан алатын ақшасын

іс шығындары мен қызметкерлердің төлемақысын қосып есептеп шығарды. Бірақ қонақ үйді басқаруға қажетті барлық шығындардың үстіне ол өз пайдасын да қосады. Иә, *пайда*.

Қонақ келгенде, иесі одан тиісті төлемді алып, пайда табады. Осыған байланысты иесінің жараланған адамға деген көзқарасы мүлдем басқа. Саяхатшы шығынның бәрін өтеуге уәде бергендіктен, науқастың күтімі бір тиын да тұрмайды. Бірақ иесі бір нәрсені білгендіктен, бұл адамға қуана-қуана көмектеседі. Шындығында, өз-өзінен туған мүмкіндікті көріп, асыға іске кіріскісі келеді.

Иесі жаралының қонақ үйде қалған әр түні пайда табатынын біледі. Қолында қайырымды саяхатшының қалдырған чек кітапшасы бар. Оны ашып, шығынның бәрін тізіп жазады. Қуанышында шек жоқ. Қонақ үй иесінің саяхатқа кетіп бара жатқан кәсіпкермен әңгімесін елестете аламын: «Егер жолда көмекке мұқтаж басқа біреуді көрсеңіз, оны да осында әкеліңіз. Келген кісінің бәрін аламын. Орын қалмаса, жерді кеңейтеміз!».

Көріп отырғаныңыздай, әңгімеде Исаның не істейтіні туралы таныс қорытындыдан де көп нәрсе бар. Иса заң ұстазының Құдайға және самариялыққа қатысты діни көзқарасын түзетуге тырысты. Ол сондай-ақ самариялықтың қолына түскен керемет мүмкіндікті, яғни *пайданы* заң ұстазы жіберіп алатынын көрсеткісі келді!

Құдай жақсы адамдарға жамандық жасайды дегенді естігенде немесе қызықты өмірдің орнына діни борышқа бола қызмет ететін адамдарды көргенде көңілімді мұң басады. Шайтан Құдайдың ізгілігін Құдайдың халқынан жасырып қоюға тырысқан. Дұшпанның өтірігіне алданып, сенушілер Тәңір Иеге шын жүректен қызмет етпейді.

Сенушлердің көбісі үшін қауымға

**ҚҰДАЙ АДАМНЫҢ
ЖҮРЕГІНЕ ЖЕТУ
ҮШІН ҚАНДАЙ ДА
БОЛСЫН ШЫҒЫНҒА
ДАЙЫН. ОҒАН ҚОСА,
ОЛ ӘРҚАШАН БІЗДІҢ
БЕРГЕНІМІЗДІ ЕСЕЛЕП
ҚАЙТАРАДЫ. ӨКІНІШКЕ
ОРАЙ, КӨБІ ҚҰДАЙДЫҢ
ОСЫ НИЕТІН
ТҮСІНБЕЙДІ.**

бару — жай ғана күнтізбедегі кезекті оқиға. Олар қауымды Құдай адамдарды сауықтыру үшін жіберетін қонақ үйі ретінде көрмейді. Құдай адамның жүрегіне жету үшін қандай да болсын шығынға дайын. Оған қоса, Ол әрқашан біздің бергенімізді еселеп қайтарады. Өкінішке орай, көбі Құдайдың осы ниетін түсінбейді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Дренданың ағасымен бірге отырып, Құдайдың ізгі екенін, бізге сыйлықты мол беретінін және барлық керегімізді қамтамасыз ететін Патшалығын бізге бергенін талқылағаным есімде. Патшалық туралы бұл түсінік қайынағам Джонни мен оның әйелі Кэнди үшін жаңаша болды, өйткені олар шындық аз оқытылатын дәстүрлі қауымнан шыққан.

Джонни мен Кэнди ол кезде Джорджия штатында мектеп мұғалімдері болды. Сабақ берумен қатар, Джонни менің Forward Financial Group атты қаржылық компаниямда жұмыс істеді. Джоннидің бизнеске деген табиғи қабілеті болды. Мектептегідей толық күн жұмыс істемесе де, компаниядағы бірінші жылдың ішінде ол бір жыл толық күн мұғалім болып жұмыс істегеннен көп ақша тапты. Сондықтан мектептегі жұмысын тастап, қаржылық бизнеспен айналысуды шешті.

Басында Джонни өте жақсы жұмыс істеді. Бірақ жылдың соңында оның белсенділігі бәсеңдей бастады. Бұл қарқынмен оның ұзақ жүре алмайтынын білдім.

Дренда екеуіміз Джорджияға жаңа жылдың қарсаңында сапар шегуді жоспарлаған болатынбыз. Мен Джоннимен бірге біраз уақыт өткізіп, оның кәсіпте неге табысты бола алмай жүргенін түсінуге тырыстым. Джонниге қоңырау шалмас бұрын, ол маған бірінші хабарласып, бизнесті талқылау үшін кездесуді сұрады. Әрине, келістім, өзім де дәл осылай жоспарлап едім.

Джонни мен Кэндидің қатты уайымдап жүргендерін білдім. Осы айда олардың әлі төленбеген 5 000 долларлық шоттары бар еді. Келесі айда тағы керек болатын 5 000 долларды қайдан алатындары белгісіз. Джоннимен сөйлесуге отырғанда, оның бірінші сөзі «Ісім

жүрмей жатыр» болды. Патшалық туралы түсінік Джонни мен Кэнди үшін жаңа нәрсе болған соң, оларға бұл мәселені рухани тұрғыдан қалай шешуге болатынын түсіндіруім керек дедім. Өйткені мен Патшалықтың әрқашан жұмыс істейтінін білдім! Сондықтан екі сағаттай Патшалықтың заңдарын және сенімді қалай босатып шығаруға болатынын талқыладық. Біраз сөйлескенімізден кейін, қорқыныштың сейіліп, сенімнің күшейе бастағанын сездім. Джонни келесі қадамға дайын.

«Джонни, – дедім, – сізге қажет ақша алу үшін Құдаймен бірге тұқым егіп, Оған сену керек».

Джонни мен Кэнди келісті, бірақ оларда тұқым егетін ақша болмады. Дәл дегендей үй кеңсесінен Джонниге 160 долларлық жалақы алып келген едім. Бұл ақшаны керектеріне жұмсай алады, дегенмен оны тұқым ретінде қолдансын дедім. 160 доллардың өзі не қазір төлену керек 5 000 долларға, не келесі айға қажет 5 000 долларға жетпейді. Мұны білдік. Ерлі-зайыптылар келісті.

Біз бірге дұға етіп, сенімімізді босатпақ болғанымызда, Джонниден: «Бұл ақшаны екенде, қанша егін алатыныңа сенесің?» деп сұрадым. Бұл сөз аузымнан шыға сала, Киелі Рух мені тоқтатып, Джоннидің жауабын күтпей, басқа сұрақ қоюымды бұйырды. Неге екенін білдім. Джонни 5000 доллар үшін сенетінін айтар еді, өйткені ең үлкен мұқтаджық осы. Оның орнына, Киелі Рух маған: «30 күн ішінде 12 000 доллар жеткілікті ме деп сұра», — деді.

Сонымен, Киелі Рухтың айтқанын істедім. Бірінші сұраққа жауап күтпей, «30 күнде 12 000 доллар жеткілікті ме?» деп сұрадым. Жаратқан Иенің айтқан ақшасын дегенімде, қайынағамның көздері бақырайып кеткенін көрдім. Джонни өмірінде ешқашан 30 күннің ішінде 12 000 доллар таппаған. Ол бір минут үндемей отырды да, содан кейін менімен бірге айтылған сомаға сенетінін айтты. Кандиге де дәл осындай сұрақ қойдым, ол да иә деді. Біз қолымызды чекке қойып, 30 күн ішінде 12 000 доллар болатынына сенімімізді босаттық.

Үш аптадан кейін Джонни маған қоңырау шалды. Даусындағы

балаша шаттық әлі есімде. Ол соңғы үш аптада 12 000 доллар емес, 17 000 доллар тапқан екен! Ол енді шынымен сенетінін айтты.

Өкінішке орай, екі айдан кейін Джонни жаңбырлы түнде жолда келе жатып тайғақ жерде көлігін басқара алмай, аварияға түсті. Көлік толығымен қирады, бірақ Джонни тірі қалды. Сөзсіз, ол Құдайдың жасаған кереметі болды. Алайда, апат салдарынан Джонни денсаулық жағдайына байланысты жұмысын жалғастыра алмады. Осы уақыт аралығында үйдің ипотекасы төленбегендіктен, банк оны тартып алып, көп ұзамай аукционға шығаратын болды. Үйді қайтарып алу үшін 10 000 доллар қажет.

Ол кезде Джонни мен Кэнди өмірлерін өзгертіп жатқан Патшалық ілімін тереңірек білу үшін Огайоға көшу керек деп шешті. Осылайша, аукционға бір ай қалғанын білсе де, үйлерін сатылымға қойды.

Уақыт өтті, үйді сатып алушы жоқ. Аукционға бірнеше күн қалғанда, бір адам келіп, үйді сатып алғысы келетінін айтты. Бірақ оның бір шарты бар еді. «Қазір қалтамда бүтін сома жоқ. 10 000 долларды қазір төлесем, отыз күн бұл үйді ешкімге сатпай күте тұрасыз ба? Бір айдан кейін бір ісім бітеді. Одан түскен ақшаға үйіңізді сатып алмақпын».

Джонни естігеніне сенер-сенбесін білмеді. Егер үйді аукционнан өзі сатып алғысы келсе, қолма-қол ақшаның керектігін біледі. Аукционға бірнеше күн қалды. Келген кісі Джонниге дәл қазір 10 000 долларға чек жазып, сатып алуды кейінірек аяқтағысы келді. Бұл Джонниге қажет нақты сома болатын. Қайынағам бұл Құдайдың жібергені екенін біліп, чекті алып, үйінің ақшасын төледі. Айтып кетейін, бұл 10 000 доллар үй бағасының *үстіне* төленген ақша болды.

Сөйтіп, Джонни мен Кэнди Огайоға көшіп, жалдамалы үйге орналасты. Екеуі де біздің Faith Life қауымымызға белсенді араласып кетті, ал Джонни қаржылық бизнеске жаңа күшпен енді. Бірақ енді жаңа мәселе туды. Олардың бір ғана көлігі болды. Оны Джонни апта бойы клиенттермен кездесу үшін қолданды. Не істеу керектігі белгілі. Марқа 11:24-ке сәйкес олар жаңа көлік үшін тұқым септі және дұға еткенде оны алғандарына сенді.

Содан кейін өте ерекше оқиға болды. Джоннидің бала кездегі досы хабарласты...

«Джонни, алтыншы сыныпта маған велосипедіңді бергенің есіңде ме?»

«Иә», — деді Джонни.

Сонда досы: «Сол кездегі көмегіңе риза болғаным-ай. Енді рахмет дегім келеді. Мен саған BMW сатып алайын деп жатырмын».

Бала кезде екеуі әрқашан көлік туралы сөйлесетін және досы Джоннидің ең жақсы көретін көлігі BMW екенін білетін. Досы шынымен де Джонниге BMW көлігін сатып алу үшін ақша жіберді. Бірақ ақшаны алғаннан кейін, Джонни BMW-ның отбасылық көлікке жарамайтынын түсінді. Оның орнына Кандиге балаларды алып жүруге ыңғайлы үлкенірек көлік, ал өзіне жұмыс үшін кішірек көлік сатып алуды ұйғарды, себебі қолданып жүрген көлігі ескіріп, сына бастаған еді. Міне, солай екен.

Джонни маған қоңырау шалған түн есімде. Өзі жаңа үлкен көлігінде отыр. Аулада екінші кішірек көлігі тұр. «Өмірімде қарызсыз екі көлікке ақшам жеткен сәт болған емес» деп көзіне жас алды.

Қайынағам бұдан былай жаңа адам болды. Құдайдың қолынан келмейтін іс жоқ екеніне көзі жетті.

Бір күні ол менің кеңсеме жолығып, үй жалдаудан шаршағанын, Канди екеуі айналасында кең жері бар үй іздестіріп жүргендерін айтты. Өткен көлік апатына байланысты Джоннидің несие көрсеткіші әзірше нашар болып тұрғанын білдім. «Асықпай, күте тұрыңдар. Біраз ақша жинап ал, ол уақытта несие көрсеткішің де жақсарады» дедім. Бірақ Джонни менің айтқанымға онша мән бермеген сияқты.

Содан кейін біз тұратын көшенің бойында бір үй сатылып жатқанын, сол ұсынысты қарастыратынын айтты. Әрине, ол кезде ипотекалық компаниям болғандықтан, үйді сатып алу үшін Джонни керек шартты орындай алмайтынын білдім. Сонымен қатар, Джоннидің үйді сатып алу үшін бастапқы жарнасы жоқ.

Бір аптадан кейін ол кеңсеме «Енді көршіңіз болдым» деп күлімісіреп кіріп келгенінде таң қалғаным-ай. Мұны естігенде, ол бір керемет оқиға екенін білдім. Әрине, Канди екеуі Құдайдың жұмысына қаржылай тұқым септі де, дұға еткенде сұрғандарын алғанына сенді. Дәл менің үйреткенімдей. Содан кейін Джонни маған не болғанын түсіндірді.

Үй сатып алу мәмілесі жайлы банкке барғанда, менеджер несие есебін алып: «Джонни, несие туралы дұрыс айттыңыз. Қазіргі жағдайда ештеңе сатып ала алмайсыз» деді.

Бірақ сосын менеджер біртүрлі несие файлын былай қойып: «Сонда да сізге көмектескім келеді. Қолымнан не келетінін қарап көрейін» деді.

Ұзын сөздің қысқасы, банк үй бағасының 100 пайызын қаржыландырды. Оған қоса, көшуге төрт ай уақыт берді. Жалдап тұрған үйлерінің келісімшарты біткенше дәл төрт ай қалып еді. Банк сонымен қатар үйдің газ цистернасын толтырып берді, мүлік салығын төледі және кіреберістің бетонындағы жарықшақты жөндеу үшін 5 000 долларлық чек берді.

Джонни Патшалықтың қандай керемет екенін айтып жатқанда, мен «Апыр-ай!» деп таң қалып қана отырдым.

Бір айдан кейін Джонни маған Форд тракторы үшін тұқым сепкенін айтты. Жаңа фермасына трактор керек деп шешкенін және көк дизельді Форд тракторына ерекше тұқым сепкенін айтты. Тағы да, ол менің компаниямда жұмыс істегендіктен, жалақысын білетінмін. Тракторлардың да бағасын білетінмін. Джонни әлі трактор сатып ала алмайды.

Бірақ бірнеше аптадан кейін үйдің терезесінен жолға қарап тұрғанымда Джоннидің көк түсті Форд дизельді тракторын үйіне қарай айдап келе жатқанын көрдім. Тракторды қайдан және қалай алғанын сұрағанымда, Джонни қауымда бір әйел одан «Трактор қажет болған адамды танысыз ба?» деп сұраған екен. Әйел күйеуімен бірге ата-анасының фермасын және ондағы бүкіл құрал-жабдықтарды

сатып жатқан екен. Тракторды алатын кісіні ұзақ уақыт бойы іздеп жүр. Джонни трактордың өзіне керек екенін айтты.

Әйел асығыс жоқ екенін, Джонни мүмкіндік болғанда төлей алатынын айтты. Сөйтіп армандаған тракторы Джоннидің қолына түсті.

Қайынағамның жетістігі жалғаса берді. Келесі бір айдың ішінде 72 000 доллар тапты. Мұның қалай болғанын сұрасаңыз, Джонни Құдайға жомарттық таныту және Патшалықтың заңдарын түсіну арқылы болды дейді.

Не деген тамаша әңгіме! Джорджиядағы үйлерінде Джонни мен Кэндимен бірге отырып, Патшалық туралы сөйлескеніміз әлі есімде. Ол кезде шоттарға төленуі керек 5 000 долларды кешіктіріп, Жаңа жылды ақшасыз қарсы алып, келесі айда тағы керек болатын 5 000 долларды қалай табатындарын білмей отырған еді. Сол кеште оларға не айтқанымды білгіңіз келетін шығар.

Қазіргі қиын жағдай олар үшін Құдайды көруге кедергі болып тұрған тұман сияқты болды. Қорынттықтарға 2-хат 9:10-11-ді оқудан бастадық:

Егіншіге себуге тұқым, ашыққанға жеуге нан беретін Құдай сендерге «игіліктің тұқымын» ағыл-тегіл мол сыйлап, әділ істеріңнің өнімін молайта түспек. Ондағы көздегені — сендердің әр жағдайда жомарттық жасай алатындай дәулетті болуларың, әрі біз арқылы жіберген көмектерің үшін көп адамдардың Құдайға шүкірлік етуі.

Көріп отырсаңыз, Құдай егетін тұқым беріп қана қоймай, сонымен қатар нанды да қажетіңіз үшін қамтамасыз етеді. Нан жеке өміріңізге керек нәрсенің бәрін білдіреді. Осының арқасында Құдай сіздің жомарт болу қабілетіңізді арттырады. Барған сайын дами, гүлдене, өркендей беретін боласыз. Осының бәрін Джонниге түсіндірдім.

Қайтадан, берудегі қорқыныш неде? Ақшаның өз қажетіңізге жетпей қалуы.

Бірақ Құдайдың айтқанына назар аударыңыз. Ол егіншіге тұқым, тамақ үшін нан береді. Енді өте маңызды сұраққа келдік. Джонниге осы сұрақты қойдым.

Қолыңыздағы нәрсе тұқым ба, әлде азық па? Өзіңіз таңдайсыз.

Нағашы атам өмір бойы егіншілікпен айналысты. Бала кезімде тұқым себетін тіркемеде ойнағаным есімде. Сіз тұқым тіркемесі туралы ешқашан естімеген шығарсыз. Ол заттың шын атауы басқа болуы да мүмкін, бірақ атамның үйінде өскен бала-шаға оны тұқым тіркемесі деп білетінбіз. Жыл сайын егін жинаған кезде атамыз қоймадағы тіркемені толтыратындай тұқым жинап, сақтап қоятын. Ол тіркеме келесі жылдың егіні үшін көктемде егетін тұқымға толы болды.

Қыс айларында соя толып жатқан үлкен тіркемеге қарап, атам шұғыл қажеттілік болса, сояны сата алатынын немесе көктемдегі егіске қалдырып, кейіннен мол өнім жинай алатынын білді. Оның таңдау мүмкіндігі болды. Атам тұқым себу мен егін жинауға қатысты заңдарға сенімді болды. Сенімді болғаны соншалық, ол заңдарға отбасының күнкөрісін тікті.

Джонни мен Кэнди 160 долларлық чекті қолдарына алған кезде дәл осындай шешім қабылдауға мәжбүр болды. Олар чекті дәл қазір төніп тұрған мұқтаждықтарға пайдалана алар еді. Бірақ оның орнына Құдайға жомарттық таныту ұзақ мерзімді есепке алғанда үлкенірек өнім беретінін білді. Олардыкі дұрыс шешім болды.

Қолы ашық адам байи түсер,

Тым сараң жан кедейлене түсер.

— Нақыл сөздер 11:24

Осы тарауды аяқтамас бұрын тағы бір астарлы әңгімеге назар аударғым келеді, ол – бір адамның қызметшілеріне қалдырған күміс туралы астарлы әңгіме.

Бұл жайт сапарға шықпақ болған бір кісінің әрекетіне ұқсас: ол кетер алдында қол астындағы қызметшілерін шақырып алып, оларға меншікті қаражатын аманаттап тапсырады: әрқайсысына қабілетіне қарай, біреуіне бес, келесісіне екі, тағы біреуіне бір ат басындай күміс береді. Содан кейін сапарына аттаныпты. Бес ат басындай күміс алған қызметші онысын дереу айналымға жіберіп, содан қосымша тағы бесеуін табады. Екі ат басындай күміс алғаны да дәл солай істеп, қосымша тағы екеуін табады. Ал бір ат басындай күміс алғаны қожайынының қаржысын бір жерге апарып, көміп тастайды.

Арада көп уақыт өткеннен кейін қызметшілердің қожайыны қайтып келіп, олардың есеп берулерін талап етеді. Бес ат басындай күміс алған қызметші тағы да бесеуін әкеліп тұрып, былай дейді:

— Мырзам, сіз маған бес ат басындай күміс беріп едіңіз. Міне, солардан тағы бесеу пайда түсірдім. — Қожайыны оны мақтап:

— Жарайсың, жақсы да адал қызметшім! Шағын істе сенімді болдың, сені үлкен істердің басына қоямын. Енді қуанышты тойыма кел! — дейді.

Екі ат басындай күміс алғаны да келіп:

— Мырзам, сіз маған екі ат басындай күміс беріп едіңіз. Міне, солардан тағы екеу пайда түсірдім, — деп есеп береді. Қожайыны оған да:

— Жарайсың, жақсы да адал қызметшім! Шағын істе сенімді болдың, сені үлкен істердің басына қоямын. Енді қуанышты тойыма кел! — дейді.

Ал бір ат басындай күміс алғаны келіп:

— Мырзам, сіздің қатал адам екеніңізді білдім. Өзіңіз екпеген жерден орып, шашпаған жерден жинайсыз. Сондықтан қорқып, күмісіңізді жерге көміп тастаған едім. Мінеки, соныңыз, — дейді. Қожайыны оған былай дейді:

— Әй, зұлым да жалқау қызметші! Менің екпеген жерден орып, шашпаған жерден жинайтынымды білдің ғой! Сол үшін де күмісімді саудагерлерге қарызға беруің керек болатын. Сонда мен қайтып келгенде өзімдікін өсімімен қайтарып алатын едім. Ендеше одан күмісін алып, он ат басындай күмісі барға беріңдер! Себебі кімде бар болса, соған тағы беріліп, молая түседі. Ал кімде жоқ болса, оның өзімде бар дегені де одан алынып қойылады. Енді мына түкке тұрғысыз қызметшіні сыртқа, қара түнекке лақтырып тастаңдар! Сонда ол зар еңіреп жылап, қинала тістенетін болады.

— Матай 25:14-30

Әңгіме бәрімізге таныс. Қожайын қаладан кетіп, үш қызметшісін мал-мүлікке жауапты қылып қалдырады. Біріне бес қап күміс, біріне екі қап күміс, енді біріне бір қап күміс береді.

Алғашқы екеуі бірден жұмысқа кірісіп, қолындағы қаржыны екі есе көбейтеді. Қожайын олардың жұмыстарына риза. Бірақ мен айтқым келгені үшінші қызметші. Оған бір қап күміс берілді, бірақ ол оны түкке де жаратпады. Қожайыны қайтып келгенше жерге көміп, сақтап қойған.

Ал бір ат басындай күміс алғаны келіп:

— *Мырзам, сіздің қатал адам екеніңізді білдім. Өзіңіз екпеген жерден орып, шашпаған жерден жинайсыз. Сондықтан қорқып, күмісіңізді жерге көміп тастаған едім. Мінеки, соныңыз, — дейді.*

Бірінші екі сөйлемге мұқият назар аударыңыз: «Мырзам, сіздің қатал адам екеніңізді білдім. Өзіңіз екпеген жерден орып, шашпаған жерден жинайсыз».

Не деп тұр? Не дегенін түсінідіріп көрейін. «Мен неге араласуым керек? Егер сіз тұқым екпеген жерден өнім жинап жатсаңыз, тұқымның ақысын кім төледі? Оны кім септі? Егінді кім өсірді?».

Қожайынның оған тұқым сатып алу үшін ақша бергенін түсінеміз, бірақ қызметшінің ойынша, шаруаға араласу тұрарлық емес. Одан не пайда таппақ? Бар табыс, еңбегінің жемісі қожайынның қолында. Қызметші қожайынын қатал кісі ретінде көріп, әлдебір іске араласудан бас тартты. Ол ақшаны жоғалтып алудан қорқтым деп, оны жасырып қойғанын айтты. Шынымен ол қожайынын менсінбеген еді. Дегенмен, қожайыны оның өтірігін түсінді. Себебі қызметшісі шынымен адал болса, ең болмағанда ақшаны сауда айналымына салып, содан аз да болса пайда табатын еді.

Жоқ, қызметші күмісті жоғалтып алудан қорықпады. Испен шындап айналысу қандай шығын әкелетінінен қорқты. Ол қожайынның бұрмаланған және зұлым бейнесіне сенді. Шындық бұған қарама-қарсы болды. Қожайын қызметшілеріне шамадан тыс жұмыс беретін зұлым біреу болмады. Басқа екі қызметші сый мен қошемет алды. Қожайынның ақшасын дұрыс қолданып, оның үстіне пайда тапқандары үшін қожайынның үйіне кіріп тойлауға шақырылды. Бір ат басындай күміс алған қызметші қожайынның қате бейнесіне байланысты үйге кіруден бас тартты. Міне, діннің бізге үйрететіні осы — Құдай қатал қожайын және Оған қызмет етудің еш пайдасы жоқ. Олай болса, неге жұмыс істеуіміз керек?

Бірақ Құдайдың бұл бейнесі мүлдем бұрмаланған және шындыққа жатпайды. Құдайды әділетсіз деу – зұлымдық. Құдайдың шынайы мінезі бұл бейнеге мүлдем қарама-қайшы. Ол ізгі әрі сыйлық беруді жақсы көреді.

Бірақ қазір әңгімеде айтылған өте маңызды мәселені атап өткім келеді. Қожайынның зұлым қызметшіден қайтарып алған күміспен не істегеніне назар аударыңыз.

Ендеше одан күмісін алып, он ат басындай күмісі барға беріңдер! Себебі кімде бар болса, соған тағы беріліп, молая түседі. Ал кімде жоқ болса, оның өзімде бар дегені де одан алынып қойылады. Енді мына түкке тұрғысыз қызметшіні сыртқа, қара түнекке лақтырып тастаңдар! Сонда ол зар

еңіреп жылап, қинала тістенетін болады.

Мұны дұрыс оқыдық па? Қожайын ақшаны түкке тұрғысыз қызметшіден алып, төрт қабы емес, он қап күмісі барға берді ме? Әдетте солай болатын ба еді? **МҰҚИЯТ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!!**

Құдай тамаша идеялар мен тапсырмаларды Құдайдың пайдасын ойлайтын және алдымен кішігірім істе адал болған ұл-қыздарына береді.

**ҚҰДАЙ ТАМАША
ИДЕЯЛАР МЕН
ТАПСЫРМАЛАРДЫ
ҚҰДАЙДЫҢ ПАЙДАСЫН
ОЙЛАЙТЫН ҰЛ-
ҚЫЗДАРЫНА БЕРЕДІ.**

Құдай ақымақ емес. Ол өзінің ақшасын ең көп пайда түсе алатын жерге салады.

Менің қазір айтқаным туралы жақсылап ойланыңыз — Құдай өз ақшасын ең үлкен пайда түсетін жерге салады!

Енді, әрине, Құдай ақшаға қатысты кәсіпте емес, Ол адамдарға қатысты кәсіпте. Біз Онымен бірге ынталы жұмыс істеп адал болсақ, Ол бізді ілгері жылжытады және Өзінің игі істерімен рақымын төгеді.

Иә, Жаратқан Иенің тапсырмаларын кімге сеніп беретіні жағынан сүйіктілері бар. Адалдығын дәлелдегендерге Құдай үлкен әрі сауапты тапсырмаларды орындауға сенім артатын болады.

Пайда түсірген екі қызметшінің көзқарасына назар аударыңыз — олар бірден барып, қожайынының ақшасын жұмысқа салды! Неге асықты? Өйткені олар бұның құлдық емес, қайта мүмкіндік екенін білді.

Құдай халқының көпшілігі Құдайға қызмет етуді мүмкіндік емес, қиыншылық, орындалатын міндет деп санайды.

Дренда екеуіміз Now Center кампусын салып жатқанда, бір маңызды шешім қабылдауға тура келді. Өсіп келе жатқан сенушілер жиналысы үшін тұрақты және үлкенірек ғимарат салу керек деп шешкен кезде небәрі 300-ге жуық мүшесі бар қауым едік.

6 миллион долларлық жобаға мүмкіндігінше көп ақша жинауды көздедік. Ол кезде біз үшін бұл қомақты қаржы болатын. Жоспар бойынша шамамен 4,2 миллион долларға негізгі инфрақұрылымды салып, содан кейін 2 миллионға ғимаратты жабдықтаймыз дедік. Көбірек ақша түскенде ғимаратты кеңейтеміз.

Бұл Құдайдың жобаларына жомарттық танытудағы алғашқы тәжірибеміз емес-ті, бірақ осы уақытқа дейін біз қатысқан ең үлкен жоба болды.

Дегенмен, Құдайдың ізгілігін білетін әңгімедегі екі қызметші сияқты, бірден ақша жинауға кіріскіміз келді. Құдайдың бізге айтқанына сенетін және мойынсұнуды талап ететін деңгейде бергіміз келді.

Бүкіл қауым жобаға тұқым егуге келіскен күні Дренда екеуіміз 200 000 доллар беретінімізді айттық. Ол кезде 200 000 доллар жоқ еді, бірақ себетін 20 000 долларға жуық тұқымымыз бар еді.

Бұрынғыдай Құдайдың ақшаны қайдан және қалай жинау керектігін көрсететінін білдік. Өзімізге де молынан жететін қаржы қалатынын да білдік.

Қолда барды еккен соң, Киелі Рухтан ақшалай егінді қайдан және қалай жинауымызға қатысты нұсқау мен кеңес сұрап дұға ете бастадық. Құдайдың бұл ақшаны қалай әкелгенін көрсету үшін жағдайды толығырақ түсіндіруім керек. Соңғы 39 жыл бойы өзіміз құрған қаржылық компанияға ие болып, басқарып келеміз. Алдында айтқанымдай, компаниямыз әртүрлі сатушылармен және кәсіпқойлармен жұмыс істейді. Біз жұмыс істейтін ірі жеткізушілердің жыл сайынғы үлкен жиналыстары мен кездесулері бар.

Бір жылы серіктес компанияларымыздың бірі Дренда екеуімізді Лондонға конгреске келуге шақырды. Лондонның орталығындағы өте жақсы қонақүйге орналастық. Лондонда қыдырып, ескі тарихын тамашаладық.

Компанияның қаланың арғы жағында бір іс-шарасы болды. Вице-президент Дренда екеуімізді онда бірге баруға шақырды. Біз

қуана келістік те, үшеуіміз таксиге міндік. Жолда вице-президент жұмысымыз үшін алғысын білдіріп, осы жылы іске қосылатын жаңа бонустық бағдарлама туралы айта бастады.

Ол бағдарламаның егжей-тегжейін түсіндіріп, компанияның өнімдерін өз клиенттеріне ұсынған серіктестерге бонус қалай естептеліп төленетінін айтты. Вице-президентті тыңдап отырып, іштей қуанып отырдым, себебі біздің компания айтылған шартқа сәйкес жеткілікті сауда жасап жатыр.

Содан кейін, қосымша мәліметтерді сұрағанымда, вице-президент аяқ астынан арамыздағы кәсіби қарым-қатынастың ерекшеліктеріне байланысты біздің компания бонустық бағдарламаға қатыса алмайтынын айтты.

Мұны күтпеп едім. Онда шарттарды бірінен соң бірін түсіндіріп неге әуре болды? Қызықтырып барып соңғы сәтте неге менен мүмкіндікті тартып алды? Сондай-ақ бонусқа ие бола алмайтындай компанияларымыздың қарым-қатынасында не ерекшелік бар?

Вице-президенттен түсінбегенімді сұрасам да, нақты жауап ала алмадым. Ол тек бонустық бағдарламаға қатыса алмайтынымызды анық айтты.

Бір жыл өтті. Жақсы сауда жасап, көп пайда түсірдік, сондықтан вице-президентке қоңырау шалып, бонус туралы қайта сұрағым келді. Бірақ ол телефонын көтермеген соң, көмекшісіне сұрағымды айтып хабарлама қалдырдым.

**ЖАРАТҚАН ИЕ СЫЙ
БЕРУДІ ҰНАТАДЫ!
ҚҰДАЙДЫҢ ЖЕРДЕ
ОРЫНДАЛЫП
ЖАТҚАН ЖОСПАРЫНА
ЖОМАРТТЫҚ
ТАНЫТУДЫҢ ПАЙДАСЫ
БАР.**

Келесі күні көмекшісі маған қоңырау шалып, қатал дауыспен вице-президент маған бір жыл бұрын талаптарға сай емес екенімді айтқанын және бұл туралы ештеңе істей алмайтынын айтты.

Жарайды, тым болмаса тырыстым деп ойладым.

Енді мен 180 000 долларды

қайдан табуға болатынын сұрап дұға етіп жүргенімде, Киелі Рухтың вице-президентке қоңырау шалып, сол бонусты қайта сұрауымды айтқанын естідім. Мұны естігенде аса қуанбағаным рас. Соңғы екі жылғы тәжірибемнен ол кісінің ойын білдім. Оның жауабын бір емес, екі рет анық естідім. Дегенмен, тағы бір рет сұраудың зардабы болмас деп жай ғана электрондық хат жібердім.

Шамамен бір аптадан кейін хатыма жауап алдым. Қуанышыма орай вице-президент мәселені қарастырғанын және менің компанияма бонус беруге шешім қабылдағанын айтты. Бір қызығы, бонус 200 000 доллар болды! Енді, ең жақсы жағын айтайын. Сол кезде келісімшартқа енгізілген өзгерістің арқасында біз соңғы 14 ЖЫЛ бойы жыл сайын 200 000 доллар бонус алып келеміз.

Көрдіңіз бе, Жаратқан Ие сый беруді ұнатады! Құдайдың жерде орындалып жатқан жоспарына жомарттық танытудың пайдасы бар.

Бұл 200 000 долларды себу үшін Дренда екеуіміз қанша ақша шығардық?

Бес жылдай уақыт өтті. Қауым ретінде біз ғимаратымызда бірнеше нәрсені аяқтап, керек жабдықты сатып алу үшін ақша жинау керек деп шештік. Тағы да, Дренда екеуіміз осы жобаларға қанша сепкіміз келетінін ойланып, 500 000 доллар егуге бел будық.

Қалай қарасаң та, аз ақша емес. Бірақ Құдайдың 200 000 долларды қалай бергенін көрдік. Күмәнға орын жоқ. Тағы да, қолымызда бар тұқымды септік. Қателеспесем, ол 50 000 доллар болды. Қалған 450 000 долларды қайда және қалай алу керектігін Киелі Рух бізге көрсететініне сендік.

Арада алты апта өтті. Компанияның ресми құжаттарына бірнеше өзгеріс енгізілетіні жайлы хабар алдым. Ол біздің табысымызға да байланысты екен. Жаңа ережелерді есепке алып, бәрін санап болғаннан кейін, мынаны түсіндік: келесі үш жылда біз өткенмен салыстырғанда 630 000 долларға көп пайда табады екенбіз. Өте тамаша, солай ма? Енді ең жақсысы. Бұл келісімшарт соңғы 11 жыл ішінде өзгеріссіз қалды. Біз әлі күнге дейін жыл сайын жоғарылатылған

СЕНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯҢ. Жомарттықтың құдіреті

мөлшерге сай пайда тауып келе жатырмыз.

Тағы да, Дренда екеуімізге егін егіп, Құдайдың жобалары үшін жомарт болу қаншаға соқты?

Құдай — пайданың Құдайы екенін есте сақтаңыз. Ол ізгі әрі сый беруші.

ҮШІНШІ ТАРАУ

ТАЛАПҚА САЙМЫЗ БА?

Исаның туған күні туралы әңгіме бәрімізге таныс, солай ма? Иса туғанда, шығыс өлкесінен жұлдыз санаушы ғұламалар келіп, болашақ патшаға ізет ретінде алтын және жұпар шайыр мен мүр атты бағалы хош иісті заттарды сыйға тартты. Бұл заттардың құны қандай екенін ойлап көрдіңіз бе? Одан да маңыздысы «Неге ғұламалар сыйлық әкелді?»

Біраз зерттей келе сол кездегі әдет-ғұрыпқа сай таққа отыратын ханзадаға осылай құрмет көрсету керек екенін аңғардым.

Әр түрлі бағалау бойынша, бұл сыйлықтардың құны 100 000 доллардан жүздеген мың долларға жетуі мүмкін.

Ғұламалар Мәсіх туралы айтатын жазбаларды және пайғамбарлық кітаптарды зерттесе керек. Жұлдызды көргенде Құтқарушының келгенін түсініп, Оған сыйлықтарын әкелу үшін ұзақ жол жүрді.

Қауымдағы қойылымдарда ғұламалар сәби Исаны ақырда жатқанда көргендері бейнеленеді. Дегенмен, шынында басқаша болған еді. Матай жазған Ізгі хабарды ашсақ, келесі аятты көреміз:

Үйге кіргенде анасы Мәриямның қасындағы баланы көрген ғұламалар жерге жүгіне кетіп, Оған иіліп ізет білдірді. Содан олар алып келген сандықшаларын ашып, Сәбиге сый-тартуларын: алтын әрі жұпар шайыр мен мүр атты хош иісті заттарды ұсынды.

— Матай 2:11 (ағылшыншадан аударма)

Олар Исаны ақырда емес, үйінде көрді. Үзінді оның сәби емес, жас бала екенін көрсетеді. Ғұламалардың бұл жерге жетуіне біраз уақыт кеткен болуы керек.

Екіншіден, нақты қанша ғұлама болғанын ешкім білмейді. Киелі кітапта қанша адам келгені айтылмайды, бірақ олардың не әкелгені жазылған. Ол кезде жұпар шайыр мен мүр шын мәнінде алтыннан да қымбат болғандықтан, олардың сыйлықтары өте құнды болды.

Ендеше мен неге бұл туралы сөз қозғап отырмын? Ал, сізден сұрағым келеді: «Ғұламалар бұл сыйлықтарды не үшін әкелді?»

Менің жауабым, себебі Жүсіпке Құдайдың тапсырғанын орындау үшін отбасының керегін қамтамасыз ету қажет болды. Есіңізде болсын...

Өз тапсырмасын орындауға Құдай әрқашан қаржы береді — әрқашан!

Faith Life қауымы лық толы болды. Демалыс күндері де, апта бойы да толы болды. Біз 200-ден астам баланы оқыттық, шағын топтар өткіздік, қызметкерлерге кеңсе бердік. Орын жетпей жатқаны анық. Екінші кампус ашу керек пе, әлде қазіргі ғимаратымызды кеңейту керек пе деп көп ойландық. Біріншісін де, екіншісін де жасайтын болдық.

Осылайша, кампус салуға жарайтын жер іздеу үшін бір топ құрдық. Ең ыңғайлы аймақты бірінші қарастыруға бағыттадық.

Содан кейін қазіргі ғимаратымызды кеңейту үшін құрылысты жобалау, инженерлік зерттеулер және т.б. алаңдарда алғашқы қадамдарды бастадық. Жобамызға сәулетші мен құрылысшыларды тартып, келісім-шарт жасау тәжірибесі бар консультативтік кеңес құрдық.

Кеңейтуге байланысты кейбір күрделі мәселелер бар екен. Ең бастысы, қазіргі ғимаратымызда кәріз және су жоқ. Құдық суын және кәріз ретінде дербес қалдықтар жүйесін пайдаландық.

Облыстық басқарма ғимарат қалалық су мен кәріз құбырына

қосылмайынша кампусымызға ешбір жанама сала алмайтынымызды айтты. Онсыз да рұқсат етілген қуаттылықты шегіне жеткізіп пайдаланып отырмыз. Жобаны бастағанда бұл мәселеден хабарымыз бар-тын, бірақ айналамызда көптеген жаңа құрылыстар жүріп жатқан соң, су мен кәріз желілері енді бізге жақындағанына сенімді болдым.

Алайда су мен кәріз желілері тіпті біздің көшеге жетпеген екен. Сондықтан ол қызметтерге қосылу мүмкін болмады. Құбырлар бізден тым алыс еді.

Ғимаратымызға су мен кәріз желілерін тартуға өтініш жасадық, оның ақысын өзіміз төлейміз дедік. Жаңа құрылыс басталғанда, шығындардың көп бөлігін қалалық басқармадан қайтарып алатын едік. Бірақ бұл тым қымбат болып шықты. Ол шығынды көтере алмайды екенбіз.

Сонымен, қала басқармасына қайтып оралдық. Су мен кәріз құбырлары қашан тартылатынын сұрастырдық. Аймақ қарқынды дамып келе жатқандықтан, ол жоспар тезірек іске асады деп үміттеніп едік. Бірақ олар айтқанынан қайтпады. Сонымен су мен кәріз қызметі қашан қосылады? «Жақында болады деп күпей-ақ қойыңыздар» деген жауап алдық.

Біздің ауданда су және кәріз желілерінің пайда болуын жылдар бойы күте алмайтынымызды білдік. Сондықтан ғимаратқа жанама салуды тоқтата тұрып, жаңа құрылысқа көбірек назар бөлдік (қала әкімшілігімен кездесуден төрт жыл өтті, бірақ кәріз құбырының қашан болатыны туралы әлі хабар жоқ).

**ӨЗ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАУҒА ҚҰДАЙ
ӘРҚАШАН ҚАРЖЫ
БЕРЕДІ. ӘРҚАШАН!**

Біздің топ алты ай бойы тамаша кампус салатын ыңғайлы жер іздеді, бірақ сәттілік болмады. Жалға алуға немесе сатып алуға болатын біздің сипаттамаға сәйкес ғимараттар жоқ сияқты. Сонымен, осы аймақтағы іс-шара орталығын жалға алуды қарастырдық. Тек демалыс күндері жалға алу айына 30 000 доллар

тұратын болып шықты. Шығынның үстіне апта сайын сахна, керек құрал-жабықтарымызды орнатып, жиналыстың соңында қайтадан бұзуымыз керек болды. Мен қауымды ондай жағдайға салғым келмеді. Өзіміз басқара алатын жер болғанын қаладым. Іс-шара орталығына қатысты жүрегімде тыныштық болмады.

Сосын ескі сауда-саттық орталығында бір зал жалдауды қарастырдық. Бірақ, әкімшіліктің талаптарын орындау үшін орталықты жөндеуге көп ақша шығатынын түсіндік. Бұдан да бас тарттық.

Ғимарат іздеудегі басты құндылықтарымыздың бірі — апта ішінде балалардың білім алуына мүмкіндік беру. Қауымда балаларын мектепте емес, үйде оқытатын жүздеген отбасылар бар. Апта сайын олар қауымда бірге жиналып, бірге сабақ оқиды. Болашақта өзіміздің мектебімізді және балабақшамызды ашқымыз келеді. Мектептен кейін де балалардың қауымға келіп, бірге қызықты уақыт өткізетіндей бір бағдарлама болғанын да қалаймыз. Жергілікті тұрғындарға қызмет ету үшін осы сияқты басқа да көптеген мүмкіндіктер туралы көп рет сөйлестік. Осыларды істеуге мүмкіндік беретін жер тапқымыз келді. Қажетімізге сай ғимарат табамыз деп, ақшалай тұқым септік, бірақ нәтижесі көрінбеді.

Дрендә екеуіміз Техас штатындағы Форт-Уэрт қаласына жаңа ашылған Victory Television Network-ты қолдау үшін сапарлап келдік. Түсірілім алаңында отырғанымда, Жаратқан Ие маған тіл қатты. «Осы желіге 100 000 доллар сепкеніңді қалаймын. Қауымға қайтып барып, чек жаз. Ол чекті әр жиналыста қолыңа ұстап, осы тұқым арқылы қалағаныңдай ғимарат табатыныңды жарияла. Сондай-ақ шайтанға қарсы тұрып, Менің ісіме араласуына тыйым сал. Сепкенде, мәселе шешілді деп қабыл ал».

Сонымен, біз тура солай істедік. Үйге қайтқанда, қазынашыға қоңырау шалып, Victory Television Network-қа 100 000 доллар чек жазып беруін сұрадым. Содан кейін Жаратқан Ие айтқандай, бұл чекті әр қызметке алып бардым. Тамаша ғимарат үшін тұқым сепкенімді жариялағанда,

бүкіл қауым мені қолдады. Біз шайтанға қарсы тұрып, оған ісімізге араласуға және керегімізді алуда кедергі болуға тыйым салдық.

Ертеңіне, дүйсенбі күні таңертең қызымыз қоңырау шалды. Біз Техаста болғанда, мүлік агенті бір қызық ғимаратты ұсынғанын айтты. Ол жалға емес, тек сатылымға шығарылған екен. Бағасы 7,9 миллион доллар. Біздің бюджеттен әлдеқайда асып тұр. Соның өзінде, ғимараттың шынайы құны банктың қойған бағасынан едәуір жоғары еді. Қызым мұның тамаша кампус болатынын айтты. Бірақ, әрине, ақшамыз оған жетпейтінін де білді. Сонда да «ғимаратты бәрібір барып көргілерің келеді ме?» деп сұрады. Біз барайық дедік.

Сонымен, сейсенбі күні таңертең ғимаратты көруге бардық. Меншік жеті акр жерде орналасқан және бұрын қымбат жеке мектептің кампусы болды. Оның үш қабатты мектеп ғимараты және тағы екі үлкен жанамасы, сондай-ақ үйі болды. Жүгіруге арналған алаң, төрт теннис корты, бірнеше тренажерлық залы, фотозертханасы бар өнер бөлімі, керамика жасауға арналған екі пеш, тігін жабдықтары мен көркем бұйымдарға толы бөлме, ондаған музыкалық аспаптарға толған музыка бөлмесі және т.б. болды. Бүкіл мүлік толықтай жиһаздалған және керек-жарақтармен жабдықталған.

Осының бәрін аралағанымызда, жер көңілімізден шықты. Бірақ сонымен бірге ол үшін қарызға кіре алмайтынымызды білдік. Біздің құрылыс қорымызда шамамен 3 миллион доллар жиналған болатын. Бұл ғимаратты алайық десек, оның үстіне 5 миллион доллар қарыз алуымыз керек.

Сол күні қызмет серіктестеріміздің бірімен кешкі ас іштік. Бұл кездесуді жоспарлап, төрт рет басқа күнге жылжитқан шығармыз. Біресе біздің қолымыз босамай, біресе достарымыздың шаруасы болып қалатын. Осы күні ақыры кездестік.

Әңгіме үстінде серіктесім құрылыс жобасы қалай жүріп жатқанын білгісі келді. Барлығын жасырмай айтып бердім. Қандай кедергілерге тап болғанымызды, бастапқы жоспарымыздан ауытқуға тура келгенін түсіндірдім. Мені тыңдап болып, ол кісі: «Бұл жоба әзірше тұрып

қалғандай көрінеді. Меніңше, оның орнына жаңа кампус ашуды қарастыруыңыз керек» деді. Онымен келісетінімді және шынында алты ай бойы ғимарат іздеп жүргенімізді айттым. Бүгін ғана тамаша кампус алаңын көргенімізді, бірақ оның жалға берілмейтінін, ал сатылым бағасы біз үшін тым қымбат екенін де айттым.

Ол осы мектеп ғимараты туралы бірнеше сұрақ қойды да, Дрендаға қарап: «Ол қолыңызға тегін түссе ше?» – деп жымыды. Дренда оны әзілдеп жатыр деп ойлаған соң жауап бермеді. Бірақ ол тағы да: «Дренда, егер бұл тегін болса ше деймін?» деп сұрағын қайталады.

Әйелім мүдіріп: «Не дегіңіз келеді?» деді.

«Мен ол ғимаратқа чек жазып беремін!» деді досымыз.

Дренда екеуіміз аңтарылып қалдық.

Ұзын сөздің қысқасы, серігіміз шынымен де ғимаратты сатып алып берді. Біз тек жөндеуге және өз мақсатымызға сай өзгертулер жасауға біраз ақша жұмсадық. Нәтиже – тамаша, дәл біз қалаған кампус. Және де ақшасы түгел төленген!

Мен қауым қажеттіліктері үшін бұдан да керемет кампусты жоспарлай алмас едім. Ғимарат шынымен де тамаша болып шықты. Біз сақтандыру компаниясы үшін жылжымайтын мүлікке баға беретін маманды шақырдық, ол ғимараттың құны жиһаз-жабдығымен қосқанда 11 миллион доллар болады деді.

Бір сәт ойлап көріңізші: қазір бізде 89 000 шаршы фут ауданы бар 11 миллион доллар тұратын кампус бар! Не деген керемет!

Жоғарыда айтқанымдай, Құдай әрқашан Өзі тапсырғанды орындау үшін қаржы береді. Бұл біздің емес, Оның қызметі. Біз жай ғана Құдаймен бірге отбасылық кәсіпке ортақ болып жұмыс істеп жатырмыз.

Енді ғимаратты сатып алуға қаржы берген ерлі-зайыптылардың жағдайы не болғанын айтайын.

ПАТШАЛЫҚ ӘРДАЙЫМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ!

Біріншіден, олардың салығы ғимаратымыз үшін төлегендерінен де көп

мөлшерге азайтылды. Қалай десеңіз, ғимарат екі жыл бойы олардың атына тіркелген болуы керек еді. Содан кейін олар ғимаратты жаңаша бағаланған құнына сәйкес қызметке қайырымдылық ретінде берді.

Бағушы болсаңыз және қауымға ғимарат қажет болса, осы стратегияны біліңіз. Осылайша, салықты жақсылап жоспарлау арқылы ғимарат екеуімізге де тегін болып шықты. Бірақ оқиғаның шынымен таңғалдыратын жағы бұл емес, басқа еді.

Біз қауым үшін жер іздеп жүргенде, досымыз қаладағы басқа бизнесті сатып алмақ болды. Бұл кәсіп – үлкен франшизаның бір бөлігі. Ол қолма-қол ақша төлеуге дайын болса да, ұсынысты франшизаның иелері мақұлдауы керек. Өкінішке орай, иелері басқа біреудің ұсынысын қабылдап қойғандарын айтты. Досымыздың көңілі қалды. Бұл мүмкіндікті жіберіп алса, қатты өкінетінін айтқан еді. Істің әлі бітпегенін ол рухында білді.

Сондықтан ол ақшасын біздің ғимаратқа тұқым қылып сепкенде, франшиза иелері шешімін өзгертеді деп сенді. Себебі басқа ұсыныстармен салыстырғанда оның қаржылық жағдайы ең жақсы болған еді. Әрі ол қолма-қол ақша төлеуге дайын-ды.

Әрі қарай не болғанын білесіз бе? Біздің мүліктің мәмілесі біткеннен кейін, франшиза иелері досыма қоңырау шалып, сатылым іске аспағанын хабарлады. Кәсіпті сатып алғысы келсе, келісімшарт жасауға дайын екендерін айтты. Ол, әрине, ұсынысты қабылдады.

Содан кейін, кәсіпті сатып алу мәмілесінің бітуіне бір-екі апта қалғанда, досымның қолына күтпеген жерден тағы бір іс мүмкіндігі түсті. Бұның арқасында франшизаға төленетін барлық ақша келді. Досым франшизаға жинап дайындап қойған қаржысына тимеді де. Маған осы әңгімені кейін айтып отырып, ол «Гэри, бизнесті тегінге алған сияқтымын!» деді.

Айтпақшы, бизнесті сатып алған соң, кәсіп ол төлегеннен екі есе жоғары бағаланды. Мәміле сәтті аяқталған күні досымнан хабар алдым. Сол кездегі қуаныштан қобалжыған даусы әлі есімде.

Патшалық әрқашан жұмыс істейді!

Бұл серіктесіміз Құдайдың жерде орындалып жатқан тапсырмасына жомарттықпен атсалысты. Ол мойынсұнғанның нәтижесінде Құдайдың екеуіміз үшін не істегенін қараңыз. Біз жаңа теледидар станциясына тұқым ектік — ол да Құдайдың еркімен жасалып жатқан еңбек еді. Нәтижесінде не алғанымызға қараңыз.

Құдайға және Құдай халқына жомарт болу алдыңыздан сіз көрмеген есіктерді ашады.

Үнемі еститін сұрақтарымның бірі «Гэри, Патшалық қаржысына қатысты ең маңызды ереже қандай?».

Шыны керек, айтқым келетін көп нәрсе бар. Бірақ келесі кеңестер меніңше баға жетпес. Сондықтан келесі Патшалық қағидасын міндетті түрде жазып алыңыз.

Бұл кітаптан басқа ештеңе есіңізде қалмаса да, мынаны ұмытпаңыз!

Сізбен бірге Патшалықтың құдіретті заңын ашу үшін, Лұқа 4-тараудан бастағым келеді. Келесі мәтін әдетте келтіретін үзінділерімнен сәл ұзағырақ екенін білемін, бірақ оны ден қойып толықтай оқып шығыңыз. Сонда оқиғада не болып жатқанын және Исаның неге олай жауап бергенін түсінесіз.

Өзі өскен Назарет қаласына келген соң, Иса әдетіне сай демалыс күні мәжілісханаға барды. Ол Киелі жазбалардан оқып беру үшін орнынан тұрғанда, Оған Ишая пайғамбардың жазбасы берілді. Иса сол шиыршық кітапты ашып, мына жерін тауып, оқып берді:

«Маған Жаратқан Ие Өзінің Рухын қондырды. Ол мені жарлыларға ізгі хабар жеткізуге тағайындады, сондай-ақ тұтқындарға босатылып, соқырларға көре алатындарын жар салуға жіберді. Жаратқан Ие мені езілгендерді қанаудан азат етуге және Өзінің кешірім беретін мейірімділік жылын жариялауға да жұмсады».

Иса жазбаны жауып, қызметшіге қайтарып берді де, орнына отырды. Мәжілісханадағы бүкіл жамағат Оған көз тікті. Иса: «Сіздер естіген осы сөздер бүгін орындалды», — деп оларға уағыз айта бастады. Бәрі Оған ризалық білдіріп, аузынан шыққан ұнамды сөздеріне таңғалды.

Бұдан кейін олар:

— Мынау Жүсіптің Баласы емес пе? — деп өзара сұрасты. Иса оларға былай деп жауап берді:

— Әрине Маған «Дәрігер болсаң, өзіңді емде» деген мәтелді келтіріп, «Қапарнаумда жасаған керемет істерің туралы естідік. Мына өскен жеріңде де сондайларды істе!» дерсіздер. Сіздерге шындығын айтамын: өз елінде пайғамбардың қадірі болмас. Естеріңізде болсын: Илияс пайғамбардың тұсында үш жыл алты ай бойы ешқандай жауын жаумай, барлық жерде қатты ашаршылық болған кезде Израил елінде жесір әйелдер көп еді. Бірақ Құдай Илияс пайғамбарды солардың ешқайсысына емес, тек шетелдік Сидон елінің Сарепта қаласындағы бір жесір әйелге жіберді.

— Лұқа 4:16-26

Бұл оқиға Иса шөл даладағы оразасын бітіріп, туған қаласына оралғанда орын алды.

Иса Назаретте туылғандықтан, жұрт Исаны және Оның отбасын жақсы білетін. Иса жергілікті мәжілісханада бұдан бұрын Киелі Жазбаны бірнеше рет оқыса керек. Енді Исаның таңдаған үзіндісі жайлы бір нәрсе білуіңіз керек. Ол Ишая 61:1-2 аяттарын оқып, **«Мені Құдай Иеміз Өзінің кешірім беретін мейірімділік жылын жариялауға жіберді»** деген тұсына келіп тоқтады.

Исаның тоқтаған жері сөйлемнің ортасында болғандықтан, бұның белгілі бір себебі болғанын білеміз.

Жаратқан Иенің кешірім беретін мейірімділік жылы мерейтой жылы болатын. Бұл мерекелік жыл Құдай Патшалығының жер

әлемінде қалпына келуін білдірді. Бұл Мәсіхтің әкелетін рақымының көлеңкесі болды. Демек, Иса осы сөзге тоқталып: **«Бүгін бұл Жазба орындалды»** дегенде, өзінің Мәсіх екенін жариялады!

Содан кейін Ол жұрттың болашақта Мәсіхке қалай күмәнданатындарын, сенбейтіндерін, дәлел талап ететіндерін алдын-ала айтты:

Әрине Маған «Дәрігер болсаң, өзіңді емде» деген мәтелді келтіріп, «Қапарнаумда жасаған керемет істерің туралы естідік. Мына өскен жеріңде де сондайларды істе!» дерсіздер.

Қапарнаум — Исаның қызмет орталығы болған әрі кереметтердің көпшілігі орын алған жер. Мәсіх Қапарнаумда болатын кереметтер туралы көпшілік еститінін меңзеп отыр. Құдіретті кереметтер жұрттың құлағына жеткенде олар: «Назаретке келіп сол кереметтерді жаса, сонда сенеміз» дейтін болады. Иса мұны бұрыннан біліп, адамдарды тас жүректері мен иманның жоқтығы үшін айыптап отыр. Мәсіх олардың қазір де, болашақта да сенбейтіндерін білді. Ол неден белгілі десеңіз, Иса айқышқа керілгенде, олардың «Дәрігер болсаң, өзіңді емде» дейтінін білдіріп жатыр.

Қасынан өтіп бара жатқандар Исаға тіл тигізді. Олар бастарын шайқап: «Әй, киелі үйді бұзып, үш күнде қайта тұрғызушы! Өзіңді құтқарып ал! Егер де Құдайдың рухани Ұлы болсаң, айқыштан түс!» — деп Оны келеке етті. Сол секілді басты діни қызметкерлер де дін мұғалімдерімен және рубасыларымен бірге Оны мазақтап: «Мынау басқаларды құтқарыпты, бірақ Өзін құтқара алмайды екен! Егер Ол Израилдің Патшасы болса, Өзінің құдіретімен қазір-ақ айқыштан түссін! Сонда Оған сенеміз.

— Матай 27:39-42

Қызметінің басынан аяғына дейін Иса адамдар естісе де, Мәсіхтің

келгеніне сенбейтінін, Оның хабарын қабылдамайтынын айтты. Содан кейін Ол Илияс пайғамбар мен жесір әйелдің әңгімесін айтып, Ізгі хабарды нақтырақ көрсетті. Онда Израил халқының жүректері қатты болғандықтан, Жаратқанның хабаршыларына сенбегендіктен Құдай Илиясты Израилден тыс жерге жіберуге мәжбүр болды. Бұл сөз заң мұғалімдерінің ашуын келтіргені сонша, олар Исаны өлтіру үшін оны сыртқа шығарды. Алайда Ол араларынан өтіп, білдірмей кетіп қалды.

Енді келесі айтатын сөзімді жазып алып, оны көзге түсетін жерде сақтап қоюыңызды сұраймын, өйткені бұл сіздің қаржылық болашағыңыздың кілті. «ЖІБЕРІЛГЕН» сөзін жазыңыз. Дұрыс, «ЖІБЕРІЛГЕН» сөзі. Бұл өте маңызды!

ЖІБЕРІЛГЕН

Патшалықтар 3-жазба 17:7-16-ны ашайық. Онда өміріңізді түбегейлі өзгертетін өте қуатты құпияны бар.

Бірақ елде ешқандай жаңбыр жаумағандықтан, біраз уақыттан кейін сайдағы су тартылып, құрғап қалды. Сонда Жаратқан Ие Илиясқа сөзін арнап былай деді: «Енді Сидонның маңындағы Сарептаға барып, сонда тұр. Сол жердегі бір жесір әйелге сені тамақтандыруды тапсырып отырмын».

Илияс Сарепта қаласына жол жүріп, қаланың қақпасына жете бергенде, сол жерде отын жинап жүрген бір жесір әйел көзіне түсті. Ол сол әйелге тіл қатып:

— Маған ішуге құмырамен біразырақ су алып келіңізші, — деп сұрады. Әйел су алуға кетіп бара жатқанда, Илияс одан дауыстап:

— Маған жейтін нан да ала келсеңіз екен, — деп өтінді. Сонда әйел:

— Мәңгі тірі Құдайыңыз Жаратқан Ие алдында шын айтамын: менде бір күлше нан да жоқ. Үйде кеспегімнің түбінде тек бір уыс ұн мен құмырамның түбінде біразырақ май ғана қалды. Содан ұлым екеуімізге нан пісіру үшін отын

жинауға осы жерге келген едім. Соны жеп болған соң бізге өлу ғана қалды, — деп жауап берді. Ілияс оған былай деді:

— Уайымдамаңыз! Барып, айтқаныңыздай істеңіз! Бірақ ең алдымен өзіңіздегі бардан маған кішкентай күлше нан пісіріп алып келіңіз, содан кейін ұлыңыз екеуіңізге нан пісірерсіз. Себебі Израилдің Құдайы Жаратқан Ие мынаны айтады: *Жаратқан Ие жерге қайтадан жаңбыр жаудырып, өнім шығарған күнге дейін кеспектегі ұның мен құмырадағы майың еш таусылмайды! Жесір әйел үйіне кетіп, Ілиястың айтқанындай істеді. Осылайша ол да, әйел де, оның ұлы да тамақтанып жүрді. Жаратқан Ие Ілияс арқылы уәде еткендей, кеспектегі ұн мен құмырадағы май таусылмады.*

— Патшалықтар 3-жазба 17:7-16

Әңгімені бірге елестетейік. Бұрын соңды болмаған қуаңшылық. Ілиястың тоқтаған жеріндегі бұлақ құрғап қалған. Азық, су табу үшін пайғамбар жаңа орынға көшуі керек. Құдай оған тіл қатып, былай бұйырды: **«Енді Сидонның маңындағы Сарептаға барып, сонда тұр. Сол жердегі бір жесір әйелге сені тамақтандыруды тапсырып отырмын»**. Айта кетейін, Сарепта қанахандықтардың қаласы еді және ол кезде Израилге қарасты емес.

Ілияс қалаға жақындағанда, отын жинап жатқан жесір әйелді көріп, одан су сұрайды. **«Әйел су алуға кетіп бара жатқанда, Ілияс одан дауыстап:**

— Маған жейтін нан да ала келсеңіз екен, — деп өтінді». Әйел тамақ таусылғанын, баласына және өзіне тағы бір рет тамақтануға ғана жететін азық қалғанын айтты.

Бірақ содан кейін пайғамбар өте оғаш көрінетін нәрсені істейді. Әйел баласына нан пісіруден бұрын, өзіне нан пісіруін сұрайды. Жағдайды біле тұра, азығы қалмаған бейшара жаннан неге ондай нәрсені талап етеді? Мұның қалай естілетінін біліп, пайғамбар сөзін «Уайымдамаңыз!» деп бастайды. Содан кейін келесі қуатты сөзді айтады:

Себебі Исраилдің Құдайы Жаратқан Ие мынаны айтады: Жаратқан Ие жерге қайтадан жаңбыр жаудырып, өнім шығарған күнге дейін кеспектегі ұны мен құмырадағы майың еш таусылмайды!

Апыр-ай, әйел не істейді екен? Пайғамбарға сеніп, ұлының соңғы асын бере салады ма?

Жесір әйел үйіне кетіп, Илиястың айтқанындай істеді. Осылайша ол да, әйел де, оның ұлы да тамақтанып жүрді. Жаратқан Ие Илияс арқылы уәде еткендей, кеспектегі ұн мен құмырадағы май таусылмады.

Әйел Илиясқа сенді. Нәтижесіне мұқият назар аударыңыз — пайғамбар мен әйел және оның ұлына күн сайын жететін азық болды. Бір сөзді өзгертіп, тағы да айтқым келеді: «Құдайдың тапсырғаны үшін және әйел мен оның отбасы үшін күн сайын тамақ болды».

Соңғы тарауда берудегі қорқыныш туралы, яғни егер Құдайдың тапсырмаларына жомарт болсаңыз, өз қажетіңізге ақша жетпей қалатын қорқыныш жайлы айттық. Көріп отырғаныңыздай ол мүмкін емес! Оған әлі талай рет көзіңіз жетеді!

Ендеше, бір сұрақ қойғым келеді: «Жесір әйел соңғы асын бергені үшін құн төледі ме?». Жоқ. Бұл оның өмірін сақтап қалды.

Енді ЖІБЕРІЛГЕН сөзін талқыламас бұрын тағы бір сұрақ қойғым келеді. Неліктен пайғамбар алдымен оған нан пісіруін талап етті? Әйел өзінің нанымен бірге пайғамбардыкін де пісірсе, болмайтын ба еді? Илияс тіпті әйел өз нанын пісірмес бұрын, оныкін әкеп беруін сұрады (есіңізде болсын, рухани ғалым ретінде көп сұрақ қойғаныңыз дұрыс).

Бұл оқиғалардың барлығы Патшалық заңы мен оның жұмысы туралы маңызды тұстарды көрсетеді. Илиястың аш болғаны сонша, әйел отбасына тамақ әзірлегенше күткісі келмеді ме?

Жоқ, бұлай етуінің өте маңызды себебі бар. Әйел пайғамбардың нанын бірінші дайындап берсе, қалған ұн мен нанның барлығы Құдай патшалығының құзырына енеді. Илияс бұны білді. Тағы да қайталайын.

Жесір әйел пайғамбарға (ол Құдайдың жердегі тапсырмасын білдіреді) бірінші нанды бергенде, қалған май мен ұн жер патшалығынан Құдай патшалығына өтті. Азықтың барлығы енді Құдай Патшалығының билігіне кірді. Сонда ғана Құдай ұн мен майды заңды түрде көбейте алды.

Дәл осы қағиданы Иса кейінірек 5 000 адамды бес күлше нан және екі балықпен тойдырған кезде көресіз.

Оқиға есіңізде болса, Иса шәкірттеріне қандай азық бар екенін қарап келуді бұйырды. Олар қайтып келіп, тек бес күлше нан мен екі балық бар екенін айтты. Иса ол азғантай тамақты алып келіңдер деп бұйырды. Киелі кітапта Исаның нан мен балықты алып, батасын бергені, содан кейін бірден шәкірттеріне қайтарғаны жазылған. Исаның тек діни әдет-ғұрыпқа бола ешқашан ешнәрсе істемегенін білемін. Олай болса, Исаның әрекетінің мағынасы не?

Иса олай істемесе, нан мен балық көбейе алмайтын еді. Шәкірттер азықты жаңа алып келгенде, бес күлше нан мен екі балық заңды түрде адамдардың билігінде болды. Құдай заңды түрде ештеңе істей алмады. Бірақ тамақ Исаға ұсынылып, Ол батасын бергенде, нан мен балық Құдай Патшалығының заңды құзырына кірді. Сонда ғана керемет орын алып, бес мың адам тойды.

Дәл осындай принципті Лұқа жазған Ізгі хабардың 5-тарауынан көруге болады. Онда Петір, Жақып және Жохан түні бойы балық аулап, ештеңе ұстай алмаған еді. Иса Петірдің қайығын алып, жағадан сәл алыстап, көпшілікке уағыз айтты. Содан кейін Мәсіх Петірге ауын терең суға лақтыруды бұйырды.

Естеріңізде болса, шәкірттер балыққа толы екі қайықпен суға бата жаздады. Иса қайықты қолданғанда, тек қайықты емес, балық аулау

кәсібін Құдайдың тапсырмасын орындау үшін қолданған болатын. Иса оны алған сәтте, бүкіл кәсіп Құдай Патшалығының заңды билігіне өтті. Сонда көк Исаға балықтың қай жерде екенін білдіре алды. Осылайша балық мол ауланды (егер Иса балықтың қайда екенін және оны қалай ұстау керектігін айтса, кез-келген адам балық аулай алады. Осыны қайталаудан шаршамаймын. Сіз Құдайдың тапсырмаларына жомарт болған кезде де осы қағиданы қолданатын боласыз).

Енді, Илиястың әңгімесіне оралсақ, жесір әйел Илияс және оның қызметіне серіктес болды және осылайша пайғамбардың сауабына ортақ болды. Илиясты аш қалдырмағаны үшін өзі де, ұлы да аш қалмады. Қуаңшылық біткенше пайғамбарға да, жесір әйел мен оның отбасына да азық жетті. Көріп отырсыз ба?

Мен бұл туралы сәл кейінірек айтатын боламын, бірақ бұл әңгімедегі үлкен кілтке, ЖІБЕРІЛГЕН сөзіне тоқталғым келеді.

Бірге шолу жасайық. Құдай Илиясқа тапсырма берді. Тапсырманы орындау үшін Илиясқа ризық қажет болды. Илиястың пайғамбар болғанын білеміз, сондықтан Құдай оны қайда жіберсе, ол Жаратқан Иенің сөзін сонда алып баратын. Бірақ Құдай Өзінің тапсырмасына қаржы керек етті. Оны қамтамасыз ету әрдайым адамдардың қатысуымен болады.

Бұл жағдайда Құдай Израилден Өзіне мойынсұнатын, сенімі бар біреуді таба алмады. Тапқысы келді, бірақ Илиясқа қажетті азықты беру үшін көкпен келісімге келген біреу қажет еді.

Есіңізде болса, еш жерде қорек болмады. Барлық жерде аштықтан халық қырылып жатты. Мәселе тамақ табу немесе базарға баруда емес, өйткені азық атымен жоқ. Илиястың керегін қамтамасыз ету тек Құдайдың Рухы арқылы келуі керек.

Израилде Құдайға сенетін ешкім қалмағандықтан, Жаратқан Ие Израилден басқа халыққа баруға мәжбүр болды. Сарептадан сенімі бар жесір әйел табылды. Жоғарыда айтқанымыздай, Илияс осы жесір әйелге жіберілді, өйткені Құдай әйелдің сенетінін білді.

Әйел Құдайды бірінші орынға қойып, Оның сөзіне мойынсұнды. Осының арқасында, Құдайдың тапсырмасын орындап жатқан Илияс ашаршылық біткенше оның отбасына да қамқорлық жасады.

Олай болса әңгіменің түйіні мынада...

Құдайдың атқаратын ісі болған кезде, Ол Өзіне сенетін, Оған мойынсұнатын және жоспарын жүзеге асыратын адамды іздейді. Құдайдың тапсырмаларына қаржы беретін адамдар да керек.

Ендеше, мынаны анық айтайын: ойыңызға елеулі идеялар келсін десеңіз, Құдай сізге керемет кәсіптік түсінік берсін десеңіз, оған сай болуыңыз керек! Құдай жүрегіңізді біледі. Өзінің тапсырмаларын қаржы жағынан қамтамасыз ететін сенімді адамдарды іздейді. Жаратқан Иенің жердегі жұмысын қаржыландыру үшін кімге арқа сүйеуге болатынын көргісі келеді. Ондай кісі табылғанда, Құдай оған қажетті ақшаны жинауға арналған жоспарын жібереді. Көріп отырсыз ба?

Ұмытпаңыз, Жаратқан Иенің сөзі жесір әйелге ЖІБЕРІЛІП, оның өмірін сақтап қалды!

Бұрын білмеген жерге адым басып, жаңа мақсат пен жаңа уәкілділікпен өз компаниямды құру үшін Құдайдың сөзі маған жіберілігені есімде. Құдайдың айтқанын істедім, бұл менің өмірімді сақтап қалды.

Құдай Өз тапсырмаларын қаржыландыру үшін мойынсұнғыш жүректері бар адамдарды іздейді!

Осы әңгімеде көрінетін кейбір қағидаларды қарастырайық:

1. Құдайдың жерде орындағысы келетін тапсырмалары бар.
2. Әрбір тапсырмаға адам керек.
3. Әрбір тапсырмаға қаражат керек.
4. Құдай Өз тапсырмаларын орындайтын адамдарды іздеп жерге мұқият көз тігеді.
5. Сонымен бірге Құдай Оның тапсырмаларына керек ақшаны

қамтамасыз ететін адамдарды іздеуде.

6. Құдайдың тапсырмаларын қаржыландырған кезде, көк патшалығына өзімізді пайдалану үшін заңды билік берумен қатар, молшылықтың асып төгіліп, өз қажетімізді де қамтамасыз етуіне жол ашамыз.

Жомарт болу сізге ешқашан қымбатқа тұрмайды! Өз қауымыма әрдайым: «Қашан да иә деңіз» деймін.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

БҰЛ КІМНІҢ АҚШАСЫ?

Қазір қолыңызда бар ақшаның бір бөлігі сіздікі емес екені мүмкін бе?

Мұны түсіну қиын болуы мүмкін, бірақ Құдай ақшаны сізге басқа біреуге арнап бергенін ойлап па едіңіз?

Иә, білемін, өмір туралы бұл тұрғыдан ойламаған шығарсыз, бірақ молшылыққа апаратын бір кілт осы.

Ойланып көріңіз. Құдайдың тапсырмаларын қаржыландыру туралы айттық, солай ма? Құдай Патшалыққа ұмтылған және Өзінің тапсырмаларына керек ақшаны қамтамасыз ететін адамдарды іздеп жерге көз тігеді. Ақша адамдардың қолында. Сондықтан, Құдай Өзінің тапсырмаларына керек қаржыны кімге береді? Ақшаны ұстап қалмай, оны беруге дайын адамдарға береді. Құдайға және Оның халқына жомарт болуға дайын адамдарға береді.

Сонымен, қолыңызда не бар? Барыңызға қарасаңыз, Құдай оны басқа біреуге арнап беруі мүмкін екенін түсінесіз бе? Немесе қаражатты Өзі орындағысы келетін жобаға арнап берген болуы мүмкін бе?

Әрине, заңды түрде сізде бар нәрсе сіздікі және онымен не істегіңіз келетінін өзіңіз шешесіз. Бірақ егер Құдай белгілі бір адамдарға ақша беретін болса, мен Оның арнайы тізімінде болғым келеді. Сіз ше?

Егіншіге себуге тұқым, ашыққанға жеуге нан беретін Құдай сендерге «игіліктің тұқымын» ағыл-тегіл мол сыйлап, әділ істеріңнің өнімін молайта түспек. Ондағы көздегені

— сендердің әр жағдайда жомарттық жасай алатындай дәулетті болуларың, әрі біз арқылы жіберген көмектерің үшін көп адамдардың Құдайға шүкірлік етуі.

— Қорынттықтарға 2-хат 9:10-11

Бұл үзіндіні қарап шықтық, мұнда тағы бір маңызды нәрсе бар. 10-аятта Құдай егіншіге тұқым мен жейтін нан *беретіні* айтылған.

Бірге ойланайық: Құдай егіншіге тұқым мен ашыққанға жеуге нан береді. Жеуге нан дегеніміз — өзіңізге қажет нәрсенің бәрі. Бұл Құдайдың сізге беретін дәулетті өмірдің бір бөлігі. Сонымен бірге Ол *егіншіге тұқым береді*.

Аулаңызға бау-бақша немесе шөп тұқымын еккеніңіз бар ма? Жерге тұқым екенде, қолыңызда барды сеуіп жатып, тағы бір уыс тұқымға қол созасыз. Жұмыстың белгілі бір ағыны, ырғағы бар. Қолыңыздағы тұқымды шашқаннан кейін, уысыңыз жаңа тұқымға толады, оны да себесіз. Құдай егіншіге тұқым береді деген осы тіркестің мағынасы тура осындай, яғни Құдай егіп жатқан, егу барысындағы адамға тұқым береді.

ҚҰДАЙ ЕГІП ЖАТҚАН АДАМҒА ТҰҚЫМ БЕРЕДІ!

Пауыл әрі қарай жалғастырып, әрине Құдай бізге қажет нанды да береді дейді. Бірақ бұл үзіндідегі екпін егуге және оның өміріміздегі әсеріне, сондай-ақ кімге жомарт болсақ, оларға тиетін ықпалымызға қатысты. Алдыңғы тарауда айтқанымдай, жомарттық адамдардың жүрегін Құдайға қарай тартады.

Осыны ескере отырып, Құдай мүмкіндігінше көп егін егіп, мол өнім алғысы келеді десек, қателеспейміз. Егер сіз Құдайдың орнында болсаңыз, кімге тұқым берер едіңіз? Түк істемейтін жалқауға ма, әлде белсенді егіп жатқан біреуге ме? Менің ойымша, жауап анық.

Қолымызда бар істі адал істесек, Құдай тұқым қамбарларымызды ұлғайтпақ. Неге? Себебі көбірек еккенімізді және жерде Патшалықтың атынан көбірек ықпал еткенімізді қалайды.

Сіз егіп, өнім жинап жатқанда, тұқымның да көбейетінін байқадыңыз ба? Бұл кез келген жағдайда жомарт болуға мүмкіндік береді. Ол рас болса (және бұл ақиқат, әрине), сіздің тұқым қамбарыңыз — жомарт болу мүмкіндігін күтіп тұрған ақшаңыз. Жомарт болудан бұрын, тұқым қоры керек.

Тағы да айтамын, қолыңыздағы ақшаның бәрі сіздікі емес. Оның бір бөлігін Құдай сізге тұқым ретінде берді. Егіс пен орудың өз кезегі бар. Егеміз, сосын орамыз. Осылай жалғастыра берсек және тұқымымызды жеп қоймасақ, егініміз көбейе береді, сонымен бірге жомарт болу қабілетіміз да арта береді.

Әрине, қарныңыз ашып, нанға зар болған кезде тұқымдық кәсіптен өзіңізге қажетті аласыз. Сіздің тұқымдық айналымыңыз ұлғайған сайын одан нан алу мүмкіндігіңіз де артады.

Бірақ мен бұл ұстанымға тереңірек барғым келеді.

Анық айтайын, Құдай тұқымды қашан екені белгісіз, әйтеуір бір күні егетіндерге емес, егумен айналысып жүрген адамға береді. Тұқым егіншіге тиесілі.

Енді сұрағым бар: тек өз ақшаңызға ие болғыңыз келеді ме, әлде өзіңіздің және Құдайдың ақшасын басқарғыңыз келеді ме? Қалай өмір сүргіңіз келеді?

**ТЕК ӨЗ АҚШАҢЫЗҒА ИЕ
БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛЕДІ МЕ,
ӘЛДЕ ӨЗІҢІЗДІҢ ЖӘНЕ
ҚҰДАЙДЫҢ АҚШАСЫН
БАСҚАРҒЫҢЫЗ КЕЛЕДІ
МЕ?**

Джеймс пен Элла Амиш мәдениетінде өскендіктен, ақшаға қатысты тәлімді естімеген болатын. Осы себептен олар біздің қауымға келіп қосылды. Патшалық туралы ілім олар үшін жаңа болды. Жұп Патшалықтың ұқыпты оқушыларына айналды. Олар Faith Life қауымында Патшалықта өмір сүру туралы үйреткенімізді қайта-қайта тыңдайтын.

Бір күні Джеймс мінәжат үстінде Патшалықтың адамдардың өмірінде қандай керемет істер жасағаны туралы көп естігенін және өзі де ол тамаша оқиғаларды өз көзімен көргісі келетінін айтты.

Джеймс естіген Патшалық заңдарын сынаймын деп шешті. Олар демалысқа шығып, уақытының көп бөлігін мен сол кезде үйретіп жүрген екі еселік сыбаға туралы тәлімді тыңдаумен өткізді. «Сенің қаржылық революцияң: тыныштықтың құдіреті» атты кітабым жаңа шыққан кез, мен одан сабақ беріп жүрдім. Сондықтан олар тұқым себуден бұрын Құдайдың Сөзіне терең үңілейік деп шешті.

Киелі кітапты оқып, дұға еткеннен соң ерлі-зайыптылар 10 000 АҚШ доллары көлемінде егін ору үшін тұқым егеміз деп шешті. Ол қаражат үйді жөндеуге және жас балаларының керектеріне қажет еді. Джеймс пен Элла ақшаның қайдан келетінін білмеді, бірақ олар Патшалықты ұзақ уақыт бойы зерттеп, жеткілікті сенімнің бар екенін сезді.

Ол кезде Джеймстың көлік жөндеу кәсібі бар еді. Тұқым сепкеннен кейін көп ұзамай бір күні ол жұмысқа кетіп бара жатып, әйеліне екі еселік сыбаға үшін сенейік деді. Алдында менің кітабымнан сол тақырыпты зерттеген еді. Сөйтіп Джеймс пен Элла келісіп, 10 000 доллардың орнына 20 000 доллар қайтатынына бірге сенді. Кейіннен Элла бұл ой жай түскендей болғанын айтты. Дегенмен, ол күйеуімен бірге соңына дейін барды. Джеймс есіктен шығып бара жатқанда, Элла: «Жарайды, 20 000 доллар болсын» деді.

Сол күн көлік жөндеу шеберханасында кезекті бір күн еді. Джеймстің жұмысына тұрақты келіп тұратын тұтынушылардың бірі көлігін жөндеуге әкелді. Ол көліктің ақауын түсіндіріп болған кезде, Джеймстің кеңсесіне жайғасып, соңғы уақытта сиырларына көңілі толмай жүргенін айтты. Сиырлар фермадағы барлық қоршауды бұзып, сыртқа шығып қашып кеткен екен. Ол кісінің фермасы ұлттық орманмен шектесетін, сондықтан мал алысқа қаңғырып кетіпті. Шаруа жасы үлкен кісі болатын. «Кәрі жасқа келіп, сиырларымды қуып әлекпін. Қартайдық. Шамам қалмады бұл іспен айналысатын» деп налыды. Фермердің осыдан кейін айтқаны Джеймсті аңтарылтты. «Дұрыс естідім ба, өзі?» деп ол досының айтқанын қайталауын сұрады.

Қарт фермер: «Сиырлардың қамын ойлауға жағдайым жоқ. Сондықтан шаруашылықты бәрін саған беріп отырмын. Осы күннен бастап мал сенікі» деді. Джеймс сенер-сенбесін білмеді. Оның өз жері жоқ еді. Ол отбасымен бірге қалада жалпы ауданы 0.25 акр үйде тұрды және автомеханик болып жұмыс істеді. Иә, Джеймс Амиш болып өсті және бала кезінде сиыр бақты, бірақ бұл қанша жыл бұрын болған әңгіме. Ол рахметін айтып жомарт сыйлықтан бас тартпақшы болған кезде, сепкен тұқымы есіне түсті. Мүмкін бұл соның нәтижесі шығар?

Фермерге бірнеше сұрақ қойып, Джеймс мәміледе 23 қара ангус сиыры мен үш жылқы бар екенін білді. Танысы бір табын мал сатып алғысы келетінін, әр түрлі ұсыныстарды қарастырып жатқанын айтып еді. Бір-бірлеп іздеп жүрудің орнына, бірден бір отарды тұтастай алғысы келді. Джеймс танысына қоңырау шалды. Ол «Иә, ұсыныс жақсы екен, малды өзім барып көрейін, бәрі ойдағыдай болса, сатып аламын» деді. Джеймс қанша төлеуге дайын екенін сұрағанда, адам біраз ойланып: «Ә, 20 000 доллар шығар», — деді.

Джеймстің сезімін елестете аласыз ба? Мұның бәрі ол Эллаға Киелі Рухтың қос үлес туралы түрткісін айтқан күні болды. Малды бытырап кеткен жерінен жинап алып, жаңа иесіне жеткізу қиын болса да, ол мұны істеді. Кейіннен Джеймс маған Құдай Патшалығының бәрін жасай алатынына толық сенімді екенін және енді өз адами мүмкіндіктерімен шектелмейтінін айтты.

Ол фермермен сөйлескен күні үйге келіп, Эллаға сиырлар туралы айтқанда, әйелі қатты тағалғанын айтты. Егер Джеймс пен Элладан Құдайдың рақымы туралы сұрасаңыз, бірнеше сағат уақытыңыз болғаны дұрыс, өйткені олардың көп айтатындары бар.

Бұл Құдайға деген жомарттығының арқасында Киелі Рухтан егінді қайдан жинау керектігін білген адамның тамаша үлгісі. Егін сепкенде, Киелі Рухтың бізге көрсеткені ақылға сыймауы мүмкін! Айтайын дегенім, Джеймс көлікті жөндеп жатып, ақша табудың бұл әдісін ойлап табуы мүмкін емес. Немесе, қолына қарындаш пен қағаз

алып, мәселені жақсылап қарастырса да, барлығын есептеп, күні-түні ойланып-толғанып шықса да, бұл нәтижеге келе алмас еді.

Енді Петрді мысалға алайық. Салық төлеу үшін балықтың аузынан тиын табу үш ұйықтаса да түсіне кірмейтін еді. Теңіз жағасында серуендеп келе жатқан Иса балық түсу үшін ауды қайда тастау керектігін айтатынын да еш күтпеген еді.

Дрендә екеуіміз тоғыз өте қиын жыл бойы қандай күйзеліске түскенімзге, қанша қарызға батқанымызға қараңыз. Бір күні адамдарға қарыздан құтылуға көмектесетін компанияның иесі болуды немесе одан да таңғалдыратыны, әлемнің барлық уақыт белдеуінде көрсетілетін «Ақша мәселесін шешу» атты теледидар бағдарламасын жүргізуды армандай алмайтын да едік.

Құдайды ешқашан шектемеңіз.

Ендеше, Құдай тұқымды егіншіге — егіп жатқанға және еккісі келетінге беретінін есте сақтайық!

Әрі қарай жылжиық. Қазір Исаның айтқан астарлы әңгімелерінің біріне тоқталғым келеді. Онда Құдайдың адамдармен жұмыс істеуі және Құдай бізді қолдануы үшін қалай жарамды бола алатынымыз туралы айтылған. Бұл сөзсіз кідіртеп, ойлануға мәжбүр етеді.

Иса шәкірттеріне мына астарлы әңгімені де айтып берді: «Бір байдың үй шаруашылығын басқаратын кісісі болған екен. Сол адам мал-мүлкіңізді шашып жатыр деген сыбыс байдың құлағына жетеді. Бай оны шақырып алып:

— Сен туралы естіп жүргенім не әңгіме? Жұмысың жайлы есеп бер! Бұдан былай үйімді басқара алмайсың, — деп шешеді.

Басқарушы сонда өзіне-өзі: Енді не істесем екен, қожайыным мені жұмыстан босатып тастамақ. Жер қазу қолымнан келмейді, қайыр сұрауға ұяламын. Бірақ дәл қазір не істеу керек екенін білемін, сонда үй басқарудан босаған кезімде жұрттың есігі мен үшін айқара ашық болады, —

дейді. Содан ол қожайынына қарыздар адамдардың бәрін жеке-жеке шақырып алып, біріншісінен:

— Қожайыныма қанша борышың бар? — деп сұрайды.

— Жүз күбі май, — дейді ол.

— Борыш қағазыңды ал да, отыра қалып, елу күбі деп жаз! — дейді басқарушы. Содан кейін басқасынан:

— Ал сенің қанша борышың бар? — деп сұрайды.

— Жүз қап бидай.

— Борыш қағазыңды алып, сексен деп жаз! — дейді соған.

Қожайыны өтірікші басқарушысының ақыл тауып кеткендігін мақтады. Себебі осы күнәкар дүниенің адамдары өзі сияқтылармен араласқанда Құдайдың нұрлы жолымен жүргендерден гөрі әлдеқайда ақылды әрекет жасайды.

Сендерге шын айтамын: осы күнәкар дүниелік байлықтарыңмен жақсылық жасап, өздеріңе достар табыңдар! Сонда бұ дүниеден қайтқан кездеріңде көктегі мәңгілік мекендердің есігі сендер үшін айқара ашық болады.

Кішкене істе сенімді болған үлкен істе де сенімді, ал кішкене істе сенімсіз болған үлкен істе де сенімсіз. Сондықтан, егер бұ дүниелік байлықтарың барда сенімді болмасаңдар, сендерге көктегі шынайы байлықты кім сеніп тапсырады? Және егер түпкілікті меншік болмайтын мал-мүліктеріңді дұрыс қолданбасаңдар, мәңгі өздеріңдікі болатын байлықты сендерге кім табыс етпек?

Ешбір қызметші екі қожайынға бірдей қызмет ете алмайды. Өйткені ол біреуін екіншісінен артық көріп, соған бағышталады, ал екіншісіне немкетті қарайтын болады. Сол сияқты, сендер де Құдайға және байлыққа бірдей бағышталып қызмет ете алмайсыңдар!»

Бұлардың бәрін дүниеқор парызшылдар да естіп, Исаны мазақ қылды. Иса оларға былай деп жауап қатты:

«Сендер адамдар алдында әділ болғансып жүрсіңдер, бірақ Құдай жүректеріңде не бар екенін жақсы біледі. Адамдар бұларыңды жоғары бағалағанмен, Құдай алдында ол — жексұрындық».

— Лұқа 16:1-15

Бұл астарлы әңгімеде көп нәрсе бар. Біріншіден, бір бай кісі басқарушыны өз мал-мүлкіне жауапты етіп қойғанын көріп отырмыз. Алайда басқарушы иесінің мүлкін ысырап етіп, әрі қарай басқару құқығынан айырылғалы тұр. Жұмысынан жақында айырылып қалатынын біліп, ол бастығына қарыз болғандардың барлығына тез қоңырау шалып, шотты азайтатынын, тез келсе, тіпті жартысына дейін жеңілдік жасайтынын айтты.

Әрине, иесі басқарушының не істеп жатқанынан мүлдем бейхабар болды. Бірақ опасыз басқарушы «Басқаларға пайда тигізсем, қожайыным мені қуып жіберсе де, олар мені жұмысқа алар» деп үміттенді. Айлакер басқарушының не істегенін білгенде, иесінің оны ішке шақырып, алып не дегеніне қараңыз:

Қожайыны өтірікші басқарушысының ақыл тауып кеткендігін мақтады.

Ақыл табудың анықтамасы: практикалық мәселелерде икемді, хабардар немесе тапқыр болу. Ойлап тапқыш және айлакер әрекеттерге бейім, қу.¹¹

Басқарушыда пайда әкелетін жоспарды құру және оны жүзеге асыру мүмкіндігі бар екенін иесі көрді. Иә, бұл жағдайда ұтатын иесі емес, тек қу басқарушы. Қызметшісі иесінің емес, өз қамын ойлады. Қожайынының ісін жөнге келтірмесе де, өзінің жағдайын жасауға ақылы да, шеберлігі де жетті. Ол өз істері мен өз әл-ауқатына қатысты бастамашылық танытты, бірақ қожайыны үшін мұның ешқайсысын істемеді. Бұл жерде ашық айтайын, ол жалданған адам еді!

11 «The American Heritage® Dictionary of the English Language», бесінші басылым

Енді өте қиын сұрақ қоямын: сіз жалшы мәсіхшісіз бе?

Сіз Құдайдың ісін ойлағаннан гөрі өзіңіздің әл-ауқатыңызды көбірек ойлайсыз ба? Сізді Құдайдың шаруасы мен тапсырмаларынан гөрі, өз шаруаңыз мен ұйымдарыңыз көбірек мазалайды ма? Құдайдың мал-мүлкін шашып жатқан жоқсыз ба?

Иә, бұл қиын сұрақтар екенін білемін. Сондықтан астарлы әңгіменің терең мағынасы бар дедім, өйткені ол тікелей жүрегімізге жетіп, ондағы жасырын қате көзқарастарды әшкерелейді.

Иса Жохан 10:11-13-те жалшының кім екенін анықтайды.

Мен «ізгі Бағушымын»: ізгі Бағушы қойлары үшін жанын қияды. Ал бағушы емес жалданған адам қойлар өзінікі болмағандықтан, қасқырды көрсе, отарын тастай қашады. Қасқыр қойға шауып, оларды жан-жаққа бытыратып жібереді. Жалшы отарын тастай қашады, өйткені ол — жай жалданушы, қойлардың қамын ойламайды.

— Жохан 10:11-13

Ағылшынша NKJV нұсқасы (13-аят) былай дейді:

Жалдамшы жалдамалы болғандықтан, қойдың қамын ойламастан қашады.

Опасыз басқарушыға келсек, ол иесінің ақшасын басқару құқығынан айырылды, өйткені шын мәнінде иесінің әл-ауқатын емес, тек өз қамын ойламаған. Әрине, оның өз ақшасын табуға мүмкіндігі болды, бірақ онда ол өзінің және иесінің ақшасын басқаруға мүмкіндігі болмайды.

Менің ойымша, әлемде жалдамалы менталитет өршіп тұрған заманда өмір сүріп жатырмыз.

Мейрамханаға барғаныңызда үстелдер мен еден лас болса да, бір бұрышта әзілдеп, күліп тұрған даяшыларды көрген шығарсыз. Немесе жабылуға 30 минут қалғанда фаст-фуд асханасына кіріп,

орындықтардың бәрі үстелдердің үстіне қойылып, жиналып тұрғанын және жұмыс уақытының біткенін күтіп тізіліп тұрған жұмысшыларды көрген шығарсыз. Сұрамай-ақ, араларында иесінің жоқ екенін білесіз. Бұлардың бәрі жалшылар. Олар кәсіптің пайдасын ойламайды. Олар тек жалақы алу үшін келді.

Көптеген кәсіп иелері маған еңбек нарығындағы жағдайдың нашарлағаны сонша, қызметкер жұмысқа уақытында келсе, ол ерекше көрінетінін айтады. Өз кәсібінде жұмыс істеуге дайын адамдар өте аз. Кәсіптің қамын иесі сияқты олайтын жұмыскер табылса, ол алтыннан да қымбат. Ондайлар әдетте тез арада жоғары мансапқа жетеді, әрі бәсекелестер олар үшін таласуға дайын.

Құдай да тура сондай. Ол Өзі не нәрсеге уайымдаса, соған уайымдайтын және нені жек көрсе, соны жек көретін адамдарды іздеуде.

Патшалықтар 1-жазбасының 15-аятында Құдай Саул патшаға Мысырдан шығып бара жатқанда Исраилге істегендері үшін амалек тайпасын қырып жоюды бұйырды. Ешкім тірі қалмауы керек. Тіпті малдың барлығын да өлтіру қажет. Дегенмен, Саулдың не істегеніне қарайық:

Алайда Саул мен оның сарбаздары Агагты және ұсақ малдар мен мүйізді ірі қаралардың ең жақсыларын: бордақы тайынша, тоқтыларды, жалпы, малдың қоңдыларын аяп, жойғылары келмеді. Олар тек пайдасыз, арық-тұрақтарын ғана (Жаратқан Иеге бағыштап) құртты.

— Патшалықтар 1-жазба 15:9

Бұдан кейін Құдайдың 10-11 аяттардағы сөзі келесідей:

Сонда Жаратқан Ие Самуилге сөзін арнап: «Саулды патша етіп тағайындағанымнан қайтамын. Себебі ол Менен теріс айналып, бұйрықтарымды орындамады», — деді.

Келесі тарауда Патшалықтар 1-жазба 16:1-де Құдайдың Саулға қатысты қандай шешім қабылдағанын көріп отырмыз:

Мұнан кейін Жаратқан Ие Самуилге:

— Сен Саул үшін қашанғы қайғыра бермексің? Мен оның Исраил патшасы болуынан бас тарттым. Бір құтыны хош иісті майға толтырып алып, бетлехемдік Есейге бар. Оның ұлдарының ішінен біреуін патша етуге таңдап алдым, — деп бұйырды.

Опасыз басқарушы қожайынының ісін басқару құқығынан айырылғаны сияқты, Саул да таққа жарамсыз болып табылды. Сіз де, мен де Құдайдың ісіне жарамсыз болып шығуымыз мүмкін. Мұны біліп па едіңіз?

Ендеше, Құдай нені іздейді? Ол кімге сенеді?

Кейін оны тақтан түсіріп, халыққа Дәуіт пайғамбарды патшалыққа тағайындады. Құдай ол туралы мына тәрізді сөздер айтты: Мен көңілімнен шыққан адамды тауып алдым, ол — Есей ұлы Дәуіт. Сол Менің қалағанымның бәрін орындайтын болады.

— Елшілердің істері 13:22

Егер біз жарамсыз бола алсақ, керісінше, іске жарайтын халге де жете аламыз. «Ал жақсы, Гари мен мұны қалай істей аламын?» десеңіз, астарлы әңгімеде Исаның айтқаны осы сұраққа жауап береді.

Кішкене істе сенімді болған үлкен істе де сенімді, ал кішкене істе сенімсіз болған үлкен істе де сенімсіз. Сондықтан, егер бұ дүниелік байлықтарың барда сенімді болмасаңдар, сендерге көктегі шынайы байлықты кім сеніп тапсырады? Және егер түпкілікті меншік болмайтын мал-мүліктеріңді дұрыс қолданбасаңдар, мәңгі өздеріңдікі болатын байлықты

сендерге кім табыс етпек? Ешбір қызметші екі қожайынға бірдей қызмет ете алмайды. Өйткені ол біреуін екіншісінен артық көріп, соған бағышталады, ал екіншісіне немкетті қарайтын болады. Сол сияқты, сендер де Құдайға және байлыққа бірдей бағышталып қызмет ете алмайсыңдар!»

— Лұқа 16:10-13

Ашық айтайын: адалдық сынағынан өтуіңіз керек. Өте аз нәрсе тапсырылғанда оған ие бола алсаңыз, сізге көп нәрсені де беруге болады. Сынақ әрқашан табиғи нәрседен басталып, рухани заттарға ауысады. Құдай сізге Өз байлығын аманат етпес бұрын, дүниенің өткінші байлығын басқаруда сенімді болуыңыз керек. Біреудің мүлкіне иелік ете алмасаңыз, өз мүлкіңізді сізге кім береді? Құдай бермес.

Енді, міне, астарлы әңгіменің өмірдегі қолданысына келдік.

Мәсіхшілердің көпшілігі Құдайға қалдықтарды береді.

Мәсіхшілердің көпшілігі қаражатына қарап: «Осынша бере аламын» дейді. Алайда, сол күні барып жаңа қайық сатып ала салады.

Ешкімді айыптап отырған жоқпын. Қымбат қайығыңыздың болған-болмағаны Құдайға әсер етпейді. Жай ғана сұрағым келеді: тек өз ақшаңызды ма немесе өзіңіздің және Құдайдың ақшасын басқарғыңыз келе ме?

Google-дан мәсіхшілер орта есеппен қанша құрбандық беретінін сұрасаңыз, таң қалуыңыз мүмкін. Бір статистикалық мәліметті көрдім, орташа мәсіхші аптасына шамамен 13 доллар береді екен.¹²

Беру туралы көптеген зерттеулерді қарадым, олардың барлығы көңілімді қалдырды. Айтқанымдай, мәсіхшілердің көпшілігі Құдайға өздерінен қалғанды береді. Түсінсеңіз деймін, бауырларымды айыптағым не кінәлағым келмейді. Айтайын дегенім, Құдай

¹² https://www.pastorricky-powell.com/life_matters_with_pastor_/2009/10/startling-statistics

жалшыларды емес, иелік ете алатындарды іздейді. Менің ойымша, Киелі кітап осы көзқарасымды растайды.

Екіншіден, Құдай кінә сезіміне бола ақша беретін адамдарды іздемейді. Қорынттықтарға 2-хат 9:7-ге сәйкес, Құдай зорлықсыз, ренішсіз, жүрегіне сай беретіндерді ұнатады.

Саул Құдайдың бұйырғанын орындамағаны үшін ел басқару құқығынан айырылды. Дәуіт болса, мойынсұнып, Құдайға қажет нәрсені істегені үшін, таңдалды.

Сонымен, жаңа көзқарас ұсынғым келеді. Егер дүниемізді төңкеріп, ең алдымен Құдай үшін өмір сүрсек, ал одан қалғанын өз қажетімізге қолдансақ ше? Ол қалдықтар тез арада бұрын тапқан ақшаңыздан асып, бақытты, жарылқанған өмірге апаратынына күмәнім жоқ.

Оған Р. Дж. ЛеТурно есімді кісі өзі көз жеткізді. Кедей отбасында туып, жеті сынып қана білім алған. Керектің барлығын өзі оқып шықты және ақырында өзінің өндіріс империясын құрды. Оның өндірген жер қазатын машиналары екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіске үлесін қосты және қазіргі Американың көлік жолдарының инфрақұрылымын салуға көмектесті. Өмірінің соңына қарай ол 300 патентке ие болды.¹³

Оның құпиясы не? Тапқан ақшасының 90%-ын ол Құдайға берді.¹⁴

Енді сізге солай істе демеймін. Бұл ЛеТурно мырзаның 30 жасында қарызға белшесінен батқанда Құдаймен жасаған келісімі еді. Ол Құдайды кәсіптегі серіктесі етті (өзі солай деген еді) және бұл нәтижесін берді.

Құдай нөлден қауым құруға шақырғанда, мен Forward Financial Group деген компаниямды басқарып жүрдім. Ісіміз оңға басып, өте сәтті болдық. Негізгі жеткізушімізбен бүкіл ел бойынша 5000 кеңсенің арасында бірінші орынға шықтық. Құдай мені бағушылық қызметке

13 <http://centerforfaithandwork.com/article/who-was-rg-letourneau>

14 <https://centerforfaithandwork.com/article/why-rg-letourneau-gave-90-percent>

шақырғанда: «Forward Financial Group-ты не істеймін? Компанияны жауып, қызмет етуім керек пе?» деп сұраған едім.

Жаратқан Ие: «Жоқ, ісіңді жалғастыра бер, өйткені ол әлі көптеген адамдарға көмектеседі», – деді. Солай істедім де.

Мойындаймын, екі жаққа да бірдей көңіл бөлу оңай емес, бірақ қызметім мен кәсібім мыңдаған адамға көмектесті. Қауымда бағушылық қызмет атқарған кезде, компанияның табысы айтарлықтай азаяды деп ойлап едім, өйткені кәсіби іске қатысуымды едәуір қысқартуға тура келді. Бірақ Дренда екеуіміз өмірімізді Құдайдың бұйрығын орындауға арнағанда, керісінше нәтиже көрдік. Компанияда бос уақытымда ғана жұмыс істесем де, ол әлі де тамаша қарқынмен жұмыс істеді.

Жүздеген кеңселердің ішінде біз бүкіл ел бойынша үздік бес-он кеңсенің қатарынан шықпадық. Ол үшін жыл сайын арнайы марапаттар да алатын едік. Дегенмен, барлық уақытым дерлік қауымда қызмет етумен өтсе, қалған өте аз уақытта компанияның қамын ойлайтынмын. Құдай маған рақымы мен даналығын мол жаудырды, осылайша бар күшімен ақша құғандар мен мұны қалай жасадым деп таң қалды.

Бірде конференцияда отырғаным есімде. Қасымда отырған жігіт компанияның маркетингіне қанша ақша кететінін сұрады. Мен күлімсіреп, «Маркетингпен айналыспаймыз» деп шынымды айттым. Жігіт: «Олай болса, қалай сонша табыс түсірдіңіз?» — деді. «Бізбен жұмыс істегендер қызметімізге риза болып, дос-таныстарына,

туысқандарына біз туралы айтады.

Құдай бізді молынан жарылқады» — дедім. Ол «Сенбеймін, мұның басқа бір құпиясы бар» дегендей басын шайқады.

Бірде серіктес компанияның президенті телефон соғып, мені конференцияға шақырды.

**ҚҰДАЙ БӘРІН КӨРІП
ОТЫР. ЖАРАТҚАННЫҢ
ӘР ТАПСЫРМАСЫ
СІЗДІ КЕЛЕСІ ҚАДАМҒА
ДАЙЫНДАЙДЫ.
СОНДЫҚТАН, КІШІГІРІМ
ІСТЕРДІ ЕШҚАШАН
КЕМСІНБЕҢІЗ.**

Онда қатысушыларға қалай көп өнім өндіре алатыным туралы сөз сөйлеуімді сұрады. Қуана келістім. Содан кейін ол менен компанияның ішкі істері туралы, сауданы қалай жүргізетініміз туралы, жұмыскерлерді қалай табатынымыз турады және тағы басқасын сұрай бастады. Әрине, оған Құдайға қалай сенетінімізді және Оның бізге рақымын қалай бергенін айтпасам, өте маңызды тұсын жасырған болар едім. Ашығын, компанияда аптасына бірнеше сағат қана жұмыс істейтінімді және негізгі жұмысым қауымда бағушылық екенін айттым. Мұны естіген ол: «Мен болсам, егжей-тегжейлі маркетингтік стратегия болса керек деп ойлады. Конференцияда ол туралы айтып, қалай тиімді жұмыс істейтініңізді түсіндіресіз деп күткен едім. Айтып отырғаныңыз, шыны керек, мен ойлаған нәрсе емес. Конференцияның тақырыбы басқа. Сонда да, көмекке келуге дайын болғаныңыз үшін рахмет» деп трубкасын қойды. Әттең, олар жақсы мүмкіндікті жіберіп алды. Мен конференциядағы көптеген жігіттерге көмектесе алар едім.

Құдайдың ісін ойласаң, Ол сенің ісіңмен айналысады деп айттым.

Ендеше, басындағы «Бұл кімнің ақшасы?» деген сұраққа оралайық.

Қызметтен босатылған опасыз басқарушы сияқты, тек өз ақшаңызды басқарғыңыз келеді ме, әлде өзіңіздің және Құдайдың ақшасын бірге басқарғыңыз келе ме? Құдайдың ақшасын басқарған кезде, сіздің «тұқымдық кәсібіңіз» Құдайдың даналығы мен рақымынан қуаттанады. Бұл жеке наныңызды осы өніммен бірге алуға мүмкіндік береді.

Жүрегіңіз Құдайдың меншігінде болса, Жаратқан сізде миллиондарың бар-жоғына мән бермейтініне сенімдімін!

Есіңізде болсын, барлығы атыңызды ешкім білмейтін кезде, шағын істерден басталады. Бұл жарты күндік жұмысты қалай атқарып жатқаныңыз ешкімді қызықтырмайды десеңіз, Құдай оны көріп отыр. Жаратқанның әр тапсырмасы сізді келесі қадамға дайындайды. Сондықтан, кішігірім істерді ешқашан кемсінбеңіз. Істің иесі ретінде

СЕНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯҢ. Жомарттықтың құдіреті

еңбек етіп, қолыңыздан келгенше жақсы қылып істеңіз. Біраздан кейін түнде жарқ еткен жұлдыздай биіктен көрінесіз. Жылдам ілгерілейсіз. Оған кепілдік беремін.

БЕСІНШІ ТАРАУ

СІЗГЕ СЕРІКТЕС КЕРЕК!

Өздеріңіз білесіз, қаржы саласында 40 жылдай жұмыс істеп келемін. Осы жылдар бойы көптеген адамдар менен бизнесті қалай бастау керек және бизнестің өсуіне не себеп болатынын сұрады.

Әрине, үйренетін нәрселер көп, бірақ мен айта алатын ең маңызды нәрсе — *серіктес* керек.

Көп жылдар бойы бағушы болған соң, келесі жағдайды талай рет көрдім. Біреу қауымдағы досымен бірлесіп бір кәсіп бастайды да, біраздан кейін бастағандары үлкен дағдарыспен аяқталады. Салынған ақша ғайып болады. Достар бір-біріне ренжіп, сөйлеспей қояды, қарым-қатынас бұзылады. Мұны көп рет өз көзіммен көргендіктен, кеңесі бермекпін: кәсіби қарым-қатынас орнатылып, шекаралар нақты белгіленбесе, келісімшарт жазылмаса, досыңызбен кәсіп ашпай-ақ қойыңыз.

Дегенмен, қашан да мінсіз серіктес бар, ол Құдай.

Өткен тарауда біз Илияс пайғамбарды күтіп, соңғы асын берген әйел туралы айттық. Бұл сенімнің арқасында пайғамбарға (ол Құдайдың жердегі қызметі) және әйелдің отбасына күнделікті қорек қалай берілгенін көрдік. Әйел пайғамбардың қызметіне серіктес болды. Осылайша, қызметтегі майлау мен қамтамасыз ету әйелге де тиесілі болды. Олар серіктес болды.

Алдыңғы бірнеше тарауда біз Құдайға жомарт болу және Оның жерде орындалып жатқан тапсырмаларына тұқым егу туралы

айттық. Жомарт болу адамдардың жүректерін сізге және Құдайға қалай ашатынын да айттым.

Бұл тарауда Құдай Патшалығының сіздің қаржыңызды жаңа деңгейге көтеретін тағы бір қуатты қағидасымен — серіктестік принципімен бөліскім келеді.

Бір күні Иса Генесәрет көлінің жағасында тұрғанда, халық Құдай сөзін тыңдау үшін Оның қасына жиналып, иін тіресіп тұрды. Иса көл жиегінде тұрған екі қайықты көрді. Олардан түскен балықшылар ауларын жуып жатты. Екі қайықтың бірі Шимондікі еді. Иса қайыққа отырып, Шимоннан жағадан арырақ жүзіп барып тұруын сұрады. Осылай ол қайық үстінен халыққа тәлім берді.

Иса сөзін бітіргеннен кейін Шимонға:

— Көлдің терең жеріне жүзіп барып, балыққа ау сал, — деді. Шимон:

— Ұстаз, біз түні бойы еңбектеніп, түк ұстай алған жоқпыз! Бірақ Сіз айтқан соң ауларды тағы да салып көрейін, — деп жауап берді.

Ауларын салғанда олар өте көп балық ұстады. Балықтың көптігінен аулары жыртыла бастады. Содан олар екінші қайықтағы жолдастарын қол бұлғап көмекке шақырды. Олар келгеннен кейін бәрі бірігіп екі қайықты да балыққа толтырды. Тіпті қайықтары суға бата бастады!

— Лұқа 5:1-7

Бұл әңгімені қарастырып едік, есіңізде ме? Петір (Шимон) қайығын Исаға уағыз айту үшін бергенде, қайық пен тұтастай балық аулау кәсібі жер патшалығынан Құдай Патшалығына өткенін айттық. Сондай-ақ мұның нәтижесі екі қайықты суға батыра жаздаған керемет балық аулау екенін білеміз. Есіңізде болсын, Петр түні бойы балық аулап, ештеңе ұстамап еді. Бірнеше сағаттан кейін оның балықтың көп

ұстағаны сонша, басқалардан көмек сұрауға тура келді. Не өзгерді? Патшалық, сонымен бірге серіктестік.

Иса көл жиегінде тұрған екі қайықты көрді. Олардан түскен балықшылар ауларын жуып жатты. Екі қайықтың бірі Шимондікі еді. Иса қайыққа отырып, Шимоннан жағадан арырақ жүзіп барып тұруын сұрады.

Жағдайды елестеттіңіз бе? Оқиға қай жерде орын алуда? Иса келгенде балықшылар не істеп жатты? Түні бойы балық аулағаннан кейін ештеңе ұстай алмай, жағада ауларын тазалап жатты.

Қайықтардың бос тұрғанын байқаған Иса қайыққа мініп, көпшілікке уағыздау үшін Петірден жағадан сәл алыстауын сұрайды. Бұл кезде Петірдің серіктестері Жохан мен Жақып қайда еді? Олар басқа қайықпен және ауларымен әлі жағада болды.

Уағыздап болған соң, Иса Петірге ауын терең суға салуын бұйырды. Әрі қарай не болғанын білесіз. Балықтың көптігі сонша, ау жыртыла жаздады. Сондықтан қайықты сүйреп жағаға апару үшін Петір серіктестерін шақырды. Инжілде балыққа толған екі қайықтың да суға батып кете жаздағаны айтылған.

Ауларын салғанда олар өте көп балық ұстады. Балықтың көптігінен аулары жыртыла бастады. Содан олар екінші қайықтағы жолдастарын қол бұлғап көмекке шақырды. Олар келгеннен кейін бәрі бірігіп екі қайықты да балыққа толтырды. Тіпті қайықтары суға бата бастады!

Енді өте маңызды сұрақ: Жақып пен Жохан қайықтары суға батып кете жаздайтындай етіп толтыру үшін қаншалықты сенім көрсетті?

Ойлап көріңіз, олар әлі де ауларын ұстап жағада отырған еді. Исаны көлдің ортасына қарай алып шығуға келіскен Петір болды. «Сіз айтқан соң ауларды тағы да салып көрейін» деген де сол. Сондықтан дұрыс жауап — Жақып пен Жоханға сенім керек болмады! Ол екеуі

қайықтарын күшті сенімдерінің арқасында балыққа толтырған жоқ. Ол тек Петірдің сенімінің арқасында болды. Петір жағада тұрған серіктестерін балықты шығаруға көмектесуге шақырды. Бір ғажабы, олардың қайығы да тура Петірдікіндей лық толды.

Шимон:

— *Ұстаз, біз түні бойы еңбектеніп, түк ұстай алған жоқпыз! Бірақ Сіз айтқан соң ауларды тағы да салып көрейін, — деп жауап берді.*

Ендеше, балықты ұстатқан Петірдің сенімі болса, Жақып пен Жоханның қайығы неге Петірдікімен бірдей дәрежеде толды?

Үзіндіміз бұл сұраққа жауап береді — олар *серіктес* болған еді. Коллинз ағылшын сөздігінде серіктестің анықтамасы келесідей:

Қандай да бір істе басқамен бірлесіп, істің қауіптері мен пайдасын бөлісетін адам.

Серіктестік — заңды ұғым болып табылады. Серіктестер кәсіптің тәуекелдерін, шығындарын бірге көтеріп, пайдасын бірге көреді. Солайша, Петір Исаға қайықты пайдалануға бергенде, ол қайықты ғана емес, заңды мағынада тұтас балық аулау кәсібін Исаға қарызға берді. Техникалық тұрғыдан қарасақ, Жақып пен Жохан Исаға берілген қайықтың бір бөлігіне ие болды. Осы серіктестіктің арқасында екі қайық бірдей толды.

Жақып пен Жохан бұл жағдайға мүлдем сенім қолданбаса да, Петірмен бірдей өнім жинады. Сол күні екеуі «Петірмен серіктес болғанымыз үшін Құдайға шүкір» деген шығар. Сіздің ойыңыз қандай? Мен солай деймін. Серіктестіктің жеке өмірімде қалай көрінгенін айтып берейін.

Дрендә екеуіміздің орманы, батпағы және шалғыны бар 24 гектар әдемі жер теліміміз бар. Бұл бұғы аулау үшін тамаша орын. Жеріміздің айналасында астық алқаптары бар, ал орман мен батпақты жерлер бұғыларға тартымды.

Үйдегі кеңсемді дәл гараждың үстіне салдым. Оған ағаш кітап сөрелері мен кіріктірілген газ каминін салдым. Бұл тыныш, жайлы кеңсе. Мен онда жұмыс істегенді ұнатамын. Бір ғана жетпегені — үстелдің жанындағы қабырғаға бұғының басын ілгім келді. Шынымды айтсам, мен бұғыны еті үшін аулайтындықтан, басын іліп қоюға болатындай үлкен бұғыны атуға қызыққан емеспін.

Осы үйімізде тұрып жатқанымызға бес жыл болғанда, Дренда «Сенің кеңсеңе үлкен, әдемі бұғының басын неге іліп қоймасқа?» — деп ұсынды. Бұл кезге дейін аң аулап жүргенде бірде-бір үлкен бұғыны көрген емеспін. Әр маусымда аңға шығып, сегіз бұтақты бір-екі жақсы еркек бұғыны атып келіп жүрдім, бірақ бірде-біреуі іліп қоюға жарамайтын.

Дегенмен, сол жылы ойланып барып, Дрендамен келістім. Қабырғаға ілетіндей үлкен еркек бұғыны атып келемін дедім. Тағы да қайталаймын, орманда ешқашан үлкен еркек бұғыны көрген емеспін. Біздің ас үйдегі терезе орман мен егістік алқабына шығып тұр, сонда да көрген емеспін.

Сөйтіп, Дренда екеуіміз үлкен бұғыға арнап тұқым ектік. Чекке «Мүйізінде он бұтақ не одан да көп бір еркек бұғы үшін» деп жаздым. Келісіп, дұға еттік те, чекті жіберемін деп үстелде қалдырдым. Конверт үш күн жатты, оны жібере алмадым. Мүйізінде он бұтағы бар бұғы кездесетініне сенбедім. Сегіз, алты, төрт бұтақты бұғыға сенімім жетеді. Бірақ көзімді жұмғанда, он бұтақты бұғыны атқанымды елестету қиын. «Аңға шыққанда мүйізінде он немесе одан да көп бұтағы бар бұғыны ататынымды білемін» дей алмаймын.

Сенімнің жоқтығы деген осы. Сенімнің жоқтығын білуге менің Патшалық туралы тәжірибем жеткілікті болды. Сондықтан ол чекті жырттым да, оның орнына «мүйізінде төрт немесе одан да көп бұтағы бар бұғы үшін» деп жаздым. Сөйтіп чекті поштамен жібердім.

Аңға шығарға бір күн қалғанда Дрендаға не істегенімді айттым. «Үлкен олжа түсіретіндей қазір сенімім жоқ» деп жасырмай айттым. Ол маған қарап былай деді: «Сен бұғыға сен, мен олжаға сенейін.

Құдай біз сұрағаннан немесе ойлағаннан да өлшеусіз көп нәрсеге қабілетті!»

Таң ормандағы тиіндер мен құстардың әдеттегі сыбдырынан басталды, ал күзгі жапырақтардың иісі қанша рет бұғы аулауға шыққанымды еске түсірді. Мен аз ғана уақыт, бәлкім, жиырма минуттай мінбеде отырғанымда, орманнан өтіп бара жатқан бұғының дыбысын естідім. Ол сағат механизміндей тура менің ағашыма қарай бет алды, атуға дайындалдым.

Бұғы жақындай бергенде, оның мүйізінде төрт тармағы бар еркек екенін көрдім. Бұлар союға өте жақсы, еті де өте дәмді. Жиырма бес метрдей қалғанда, садағымды аттым. Өкінішке орай, жебем тым жоғары ұшып кетті. Бұғыға тиді де, жерге түсті. «Әттең, мына жануардың соңынан қуып баруға тура келеді» деп ойлағанымда, бұғы үркіп, орманға қарай шаба жөнелді. Ол орманды аралап, орманмен шектесетін жүгері алқабына шығып, көзден ғайып болды. Оның жүгері алқабымен өте жылдам шауып келе жатқанын естідім. Бұғымды ұзақ уақыт бойы іздейтін болдым.

Мінбеде жиырма минуттай күттім, содан кейін жебені тексеру үшін ағаштан төмен түсуді шештім. Жебем бұғыны жаралапты, жерде қан бар. Жердегі қан ізімен жүріп, бұғымның артынан бардым. Әзірше із өте анық болды. Онда бұл қиынға соқпайтын шығар деп қуанып қалдым. Бірақ жүз метрдей жүргеннен кейін қан ізі кеуіп қалды. Жалғасын іздедім-іздедім, бірақ таба алмадым. Екі сағат іздегеннен кейін бұғының тым алысқа қашып кеткенін, оны ұстай алмайтынымды түсіндім. Көңілім қалды. Біріншіден, бұғыны жаралап, одан айрылып қалғаным обал. Екіншіден, осы жолы жебе атқаным өте нашар болды.

Жүгері алқабында біраз тұрған соң үйге қайтайын дедім. Кенеттен бір ой келді. Бұғыны ұстауға менің әлі мүмкіндігім бар. Жүгері алқабымен, сосын батпақты жермен келе жатқанда бұғыға тап болуым мүмкін.

Садағыма жебе салып дайындап қойдым. Жүгері алқабындағы

арамшөп өскен сайдан ақырын өтіп бара жатқанымда, кенет бір бұғы орнынан атып тұрып, қаша жөнелді. Кімнен, неден үркенін білмеген бұғы бір сәт тоқтап, жан-жағына қарады. Мен камуфляж кигендіктен, бұғы мені көре алмады. Барлығы бір секундта болды. Мүйізін көрдім, бірақ олардың қаншалықты үлкен екенін немесе қанша тармағы бар екенін білмедім.

Шешім қабылдау үшін секундтың бір бөлігі ғана бар. Бұғы маған ыңғайлы жебе ату қашықтығынан тыс, елу метрдей жерде көлденең тұрды. Садағымды тез тартып, арқасын көздеп алдым да, аттым. Бұғы бірден құлай кетті. Мен таң қалдым. Бұл шынымен болды ма?

Бұғыға жақындағанда, бірінші айтқаным: «Бұл Дренданың сенімі!». Бұғы дәу болды! Мүйізінен жиырма алты бұтақ санадым. Одан бөлек, төмен қарап тұрған бұтақтары да болды. Мұндай үлкен бұғыны өмірімде көрген емеспін. Қуанышым қойныма сыймады. Өздеріңіз біліп отырған шығарсыз, бұл бұғы қазір кеңседегі қабырғада ілулі тұр. Бірақ бұл бұғы оқиғаға аздап қосқым келеді. Бұғы неге және қалай пайда болды?

Жебемді дұрыстап атпасам да, төрт тармағы бар бұғы дер кезінде келді. Дренда олжаға сенетінін айтып еді ғой. Дренда өзі аңшылыққа шықпаған соң, үлкен бұғы атып алу төрт бұтақты бұғыны атып алудай оңай деп ойлайды. Мұнда оның менен артықшылығы бар. Дренда үшін бұғының аты бұғы. Ол аңшы болмағандықтан, оның қиялы дәу бұғыны ұстау неге мүмкін емес екенін суреттеп бермейді. Он тармақты бұғы былай тұрсын, мен біздің аймақта үлкен сегіз тармақты бұғыны ешқашан көрген емеспін. Бірақ Дренданың сенімі бұғының бар-жоғына қарамайды. Ол Құдайдың бұғыны әкелетініне сенді.

Бұл аңшылық бұғылардың көбею кезеңінде болды. Осы кезде еркек бұғылар ұрғашыларды іздеп көп шақырым жол жүре алады. Сондықтан, күйлеу кезінде, бұл жағдайда болғандай, аймақта әдетте кездеспейтін бұғыларды көруге әрқашан мүмкіндік бар.

Менің сенімім жеткіліксіз болса да, Дренданың сенімі бұл бұғыны әкелді. Мұны тағы да оқысаңыз деймін. Басын қабырғаға іліп

қоюға болатындай еркек бұғы болатынына мен сенбедім! Не ойлап отырғаныңызды білемін. «Күте тұрыңыз, Гэри. Мен шатасып кеттім. Сенімсіз оны қалай алдыңыз?».

Жақып пен Жоханның қайығы Петірдің сенімінің арқасында қалай толса, менің қолыма тұра солай ерекше бұғы түсті. Бұл серіктестіктің күші.

Мағы бір мысал келтірейін, содан кейін тереңірек талдаймыз.

Сендерді еске алған сайын Құдайға ризашылық білдіріп, бәрің үшін әрдайым қуана-қуана тілек тілеп сиынудамын. Себебі сендерге Ізгі хабар жеткен алғашқы күннен бастап оны таратуға бізбен ортақтасып келе жатырсыңдар. Өмірлеріңде игіісін бастаған Құдайдың оны жалғастыра беріп, Мәсіх қайта оралар күнге дейін толықтай аяқтайтынына кәміл сенемін. Барлығың туралы осындай жақсы пікірде болуым дұрыс, себебі менің жүрегімнен берік орын алдыңдар. Қазір мен тұтқында отырғанда да, Ізгі хабардың шындығын қорғап, нығайтқанда да Құдайдың маған мейірімділікпен тапсырған қызметіне ортақтасып келесіңдер.

— Філіпіліктерге 1:3-7

Пауыл Філіпідегі қауымды қызметте үздіксіз серіктес болғаны үшін қуанышпен еске алатынын жазды. Әрі қарай ол серіктестіктің арқасында Філіпілік қауым Петірдің қызметіндегі Құдайдың рақымына бөленетінін айтады.

Рақым — Құдайдың құдіреті деп айтқанымыз есіңізде ме? Яғни, рақым арқылы Пауыл Құдайдың тапсырмасын орындауға қабілетті болды. Філіпідегі қауым тапсырманың шығындарын бөлісті және Жақып пен Жохан сияқты олар да қызметтегі майлану мен рақымға ортақ болды.

Енді төртінші тарауға көшейік, сонда серіктестіктің керемет нәтижесін көреміз.

Дегенмен, қиын-қыстау жағдайыма ортақтасқандарың бір ғанибет болды.

Қымбатты філіпіліктер, өздерің де білесіңдер: мен алғаш рет Ізгі хабарды сендерге жеткізіп, содан кейін Македония өлкесінен кеткенімде, маған басқа бір қауым емес, сендер ғана игіліктер жіберіп, Құдайдың жарылқауын қабылдауда ортақтастыңдар. Әлі Салониқада жүргенімде де сендер маған бірнеше рет қажетімді жеткізіп тұрдыңдар. Сендерден сәлем-сауқат дәметпеймін, менің үміттенетінім — осылар үшін өздеріңе қайтатын жарылқау мен сауап. Сендер жібергендердің бәрін де алдым, енді артығымен жетіп жатыр. Епафродит сәлемдемелеріңді әкеліп бергелі қажетті нәрселерім ағыл-тегіл. Олар — Құдай ұнатып қабылдайтын хош иісті тартулар мен құрбандық іспетті. Ал Иса Мәсіхпен жүрген сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады.

— Філіпіліктерге 4:14-19

Пауыл жаңа ғана Філіпі қауымынан қаржылай көмек алды. Елшінің айтқанын тыңдаңыз. «*Менің Құдайым сендердің барлық қажеттеріңді де қамтамасыз ететін болады*».

«Маған жомарт болғандарың үшін *сендердің Құдайларың қажеттеріңді қамтамасыз ететін болады*» деп айтпаған. ЖОҚ! Ол: «Енді, менің Құдайым керектеріңді береді!» – деді.

Қарап отырсаңыз, філіпіліктер Пауылмен серіктес болды әрі серіктес ретінде Пауылдың Құдай берген тапсырмасын орындауға көмектесті. Енді Жақып пен Жохан Петірдің сеніміне бола мол балық аулағандай, Пауыл елші де өз сенімінің арқасында філіпіліктердің қажеттері қамтамасыз етілетінін айтып отыр!

Сіз бұл қағиданың артықшылығын анық көріп отырсыз деп үміттенемін.

Сізге көлік керек және сіз қызмет ретінде бізбен серіктессіз делік. Көліктің құны 30 000 доллар болсын. Енді GaryKeeesee.com сайты арқылы біздің қызметке тұқым еккен кезде, серіктестіктің не екенін түсінесіз — сіз біздің қызметіміздегі майлану мен рақымға ортақ боласыз.

30 000 доллардың келуіне қызмет ретінде біз оңай сене аламыз, өйткені өзімізге 30 000 доллар қажет болған кезеңнен әлдеқашан өтіп кеттік. Біз 30 000 доллар алатыныңызбен оңай келісе аламыз, өйткені қазір жыл сайын миллиондап ақша жұмсаймыз. 30 000 доллар керек кезде Құдайға ғана сенім артқаным есімде. Ол кезде бұл өте көп ақшадай көрінетін.

«30 000 доллар үшін мені қолдап сене аласыз ба?» десеңіз, мен «Иә, сөзсіз» деп жауап беремін. Сондықтан, келісіп, серіктес болсақ, мен де Пауыл сияқты сіздің қажетіңіз *менің* сенімімнің арқасында беріледі дей аламын.

Әлбетте, 30 000 долларды алу үшін тұқым сепкенде сіздің де сеніміңіз болу керек. Құдай Сөзіне ғана емес, маған да сенуіңіз қажет. Құдайдың Өзі мені қызмет етуге тағайындап, мені майлағанына сенуіңіз керек. Менің адалдықпен жұмыс жасайтыныма сеніп, менің жеке өмірім мен қызметімде Киелі Рухтың *жемістерін көруіңіз керек*. Егер сіз біздің не істеп жатқанымызды және қандай жолмен жүріп өткенімізді білсеңіз, менде 30 000 долларға жететін сенім бар екенін білесіз!

Сізде ондай сенім болмауы мүмкін, бірақ серіктестігіміз арқылы бірге жұмыс істесек, таңғажайып нәрселерді көре аламыз. Кеңсеге ілінген ірі бұғымен де солай болды. Мен кетер алдында Дренда: «Сен бұғыға сенесің, ал мен ірі олжаға сенемін» деді. Серіктестік осылай жұмыс істейді.

Енді негізгі ережелерді түсіндіргім келеді. Сізге сұрақ қояйын. Егер компьютерлік компания құрғыңыз келсе, университеттің бірінші семестрінде ғана информатиканы оқыған, ақшасы жоқ жігітпен серіктес болушы ма едіңіз? Әлде бірнеше миллион долларлық

компьютерлік бизнес құрған және кәсібіңізді ашуға көмектесетін қаржысы бар адаммен серіктес болғыңыз келе ме?

Әрине, мұнда көптеген нәрселерді ескеру керек, бұл жай мысал ғана. Бірақ менің ойымша, бір қарағанда, айқын тәжірибесі бар кісіні таңдау дұрыс. Болашақ серіктестің дәлелденген жетістіктері болуы керек. Банкрот болайын деп жатқан адамды таңдамаңыз. Қызметке серіктес ретінде еккіңіз келсе де солай.

Кейде Құдай белгілі бір адаммен серіктес болуға нақты нұсқау береді. Менің айтып отырғаным бұдан басқа. Әрине, Құдайдан бұйрық келгенде, ол менің кеңесіме қарағанда әлдеқайда маңызды. Көптеген жағдайларда Құдай сізді Өзінің аманатын орындап жатқан қызметке серіктес болуға жетелейді, бірақ кейде өзіңіз де таңдай аласыз. Мен осы, өзіңіз таңдау жасайтын кезді айтып отырмын. Келесі деңгейге шыққыңыз келіп, соған арнап тұқым сепкенде, менің кеңесім пайдалы болады.

Өз өміріме қажетті қаражатты тездетіп ору үшін мен өзім сенетін қызметтерге аямай егемін. Өзім бұзбайтын бір ереже: кедейлер мен мұқтаждарға көмекті есепке алмаса, әрқашан сенім мен келісімді түсінетін қызметке себемін. Әрине, кедейлер мен мұқтаждардың сенім мәселелерін егжей-тегжейлі түсінуді күтпейміз. Біз оларға сүйіспеншілікпен береміз, ал Құдай бізге есесін қайтарады. Тағы айтамын, кедейлерге көмек – мен айтып отырған тұқым егуден басқаша. Сенімі болғанына айқын дәлел бар, менімен бірге келісе алатын серіктестерді іздеймін.

Былай ойлап көріңіз: ақшасы жоқ, ұзақ уақыт бойы тапшылықтан шыға алмаған, сағатына 10 доллар тауып жүрген кісі менімен 10 миллион доллар үшін бірге сеніп, келісе алады ма?

Мен кез-келген адамға қызмет ете аламын, Құдай мені осыған шақырды да. Бірақ, келісімге келгенде, ретті, жөнді келісім болуы тиіс. Екінші тұқымын жай жатқан бір батпаққа себе салмайды. Ол алғысы келетін өнімге сай құнарлы топырағы бар егістік жерді іздейді. Яғни, жерде біреумен серіктестік құрған кезде біз оның сенімінен, оның

майлауынан аламыз.

Өзім тұқым сепкенде назар аударатын тағы бір нәрсе бар. Мен тұқым себетін қызмет өзіме керек нәтижеге қол жеткізген болуы қажет.

Мысалы, менің компаниямның меншігінде екі ұшақ бар. Біреуін сатып алмас бұрын Құдайдың бір қызметіне тұқым ектім. Бұл қызмет бұрын бірнеше миллион доллар тұратын бірсыпыра ұшақ үшін төлегенін білдім. Шынымен де өте көп ұшақты айтып тұрмын. Олардың барлығына әлгі қызмет қолма-қол ақшамен, қарыз алмай төледі. Ұшақтарға қатысты олар көрнекті нәтижеге жетті. Ол қызмет менің ұшақ алуға деген ниетімді қолдап, менімен бірге сене алатындарын білдім. Ұшақтар тым қымбат немесе иеленуге тұрарлық емес деген қызметпен серіктес болғым келмеді. Бұл келісімге мүлдем ұқсамайды. Жоқ, менің қандай жағдайда екенімді түсінетін, ұшаққа сенімдері жететін және нақты нәтижелері бар қызметке тұқым еккім келді.

Мен он тоғыз жасымда пилот болдым. Ұшақты басқаруды қала сыртындағы мың метрлік қиыршық тасты ұшу-қону жолағында үйрендім. Өмір бойы ұшақтарды жалға алатынмын. Сосын бір күні «Тоқтай тұр. Сеніммен тұқым егіп, жеке ұшағым болатынына Құдайға сенсем қайтеді?» деп ойладым.

Тұра солай істедім. Қандай ұшаққа тұқым себетінімді дәл білдім. Чекке дәл осы ұшақтың атын жаздым. Дренда екеуіміз бұл мәселе бойынша келісімге келдік. Сосын чекті жаңа айтқан қызметке жібердік.

Бір айға жуық уақыт өтті. Жыл сайынғы дәрігерлік тексеріске бардым. Дәрігермен сөйлескенімде ол кенет менен: «Сіз ұшақ сатып алғысы келетін біреуді білесіз бе?» деп сұрады.

Бұл сұрақ мені таңғалдырды, өйткені өмірімде ешкім ұшақ сатып алуды сұраған емес. Бұл қандай ұшақ деп сұрадым. Мен қайсысына тұқым ексем, тура сол екен.

Жарайды, мұны елемей қалдыра алмаймын. Ұшақты көру үшін иесімен хабарласып, кездесуге келдім. Ұшақты сынап, онымен бірге

біраз жерге ұшып қайттық. Ұшақ тамаша. Бір ғана мәселе бар. Оған төлейтін ақшам жоқ.

Бірақ Құдайдың жоспары болды. Өткен жылдың күзінде (қазір наурыз айы) әкемнің үйін меншігіме алған едім. Ондағы ойым – оны көктемде кеңсе ғимаратына айналдыру. Әкем қыс мезгілі болмай тұрып суды өшіріп тастағанын айтқан соң, мен үйді тексерген жоқпын.

Ұшақты көргеннен кейін бірнеше күн өткенде ағам хабарласып, үйдің мүшкіл халде екенін айтты. Оның айтуынша, үйдегі гипсокартонның бәрі бүлініп, көп бөлігі қабырғадан ажырап кеткен.

Сөйтсек, суды ешкім ағытпаған екен. Ол қыста қатып, үйді бүлдіріп жіберді. Наурыз келіп күн жылыған соң, қатқан су еріп, үйді басып кеткен. Кем дегенде бірнеше апта бойы үйді су басып тұрған. Одан да ұзақ болуы мүмкін, кім білсін.

Ағамның білмегені, мен құрылыс компаниясымен бүкіл үйдің гипсокартонын және сыртқы жабындарын алып тастауға келісімшартқа қол қойғанмын. Үйді жаңа кеңсе кешеніне айналдырамыз деген ниетпен.

Енді қызығы мынау. Сақтандыру компаниясы судың зияны үшін өтемақы төледі. Ал мен ол ақшаға ұшақ сатып алдым.

Ұшақты қолма-қол ақшаға сатып алдым!

Серіктестік – өте қуатты рухани қағида екенін есте сақтаңыз. Оны біліп, өз пайдаңызға қолданғаныңыз жөн.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

ОНДЫҚТЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Ондық беру — Көне Өсиеттен қалған, қазіргі таңда керек емес, уақыты өтіп кеткен нәрсе екенін поштама түскен хаттардан жиі оқимын.

Алайда Патшалықтың бұл принципін маңызды деп тапқаным сонша, оған кітабымның тұтас бір тарауын арнадым.

Қауымға бір рет те болсабарып уағыз тыңдасаңыз, ондық туралы естігеніңізді білемін. Сонымен қатар, сіз естіген нәрселердің толығымен дұрыс болмауы мүмкін екенін білемін. Сондықтан әуелі ондық туралы ескі діни көзқарастарды түзетіп алғанымыз маңызды.

Біріншіден, егер білмесеңіз, ондық сөзі шын мәнінде оннан бірді білдіреді. Құдай халқына табыстарының оннан бір бөлігін, немесе ондығын беру керектігін түсіндіру үшін қолданылған сөз.

Ондықтың осы түсіндірмесі өте қарапайым, тарауда ондық тақырыбын тереңірек зерттегім келеді. Егер ондық сіз үшін жаңа ұғым болса, ең негізгісі, ондық дегеніміз табысымыздың Құдайға берілетін оннан бір бөлігі.

Екіншіден, ондық дегенде көпшілігі Исраил елінде барлық азаматтардан ондық талап ететін Көне Өсиет заңы туралы ойлайды.

Бүгінгі күні қауымда ондықтың аясында көптеген шатасулар бар. Ол не? Әлі де ондық беру керек пе? Әлде Иса келгенде ол талаптың күші жойылды ма?

Есіңізде болса, Құдай маған Патшалықтың қалай жұмыс істейтіні туралы қолымнан келгенше бәрін үйрену керектігін айтқанда, шынымен рухани ғалымға айналдым. Ең майда зат қалай жұмыс істейтінін білгім келді, ал ондық маған жауап беруім керек болатын үлкен сұрақ болды.

Олай болса, ондықты, оның қайдан келгенін, не үшін керектігін және неліктен бүгін де қажет екенін қарастырайық.

Ондықты Тауратта жазбаша талап ретінде көреміз. Алайда, ондық Таураттан бастау алмайды. Оның қайдан келгенін білу үшін Адам ата мен Хауа ананың әңгімесіне оралуымыз керек.

Алдында айтылғандай, *Адам Құдай Патшалығының атынан жердің билеушісі ретінде жаратылып, жерде өмір сүре бастады.*

*Оны періштелерден сәл төмен қойдың,
Құрмет, салтанатты оған тәждей сыйладың,
Бәрін де оған бағындырып бердің*

— Еврейлерге 2:7-8

Адам ата даңқ пен құрметке ие болды және жер бетінде оған бағынбайтын ештеңе қалмады. Тәж сөзі бұл биліктің қалай жұмыс істейтінін түсінуге көмектеседі.

Патша дегенде ойыңызға не келеді? Тәж киіп, тақта отырған адам. Патшаның ешқандай табиғаттан тыс қабілеттері жоқ болса да, ол бәріміздей пенде болса да, оның тәжі бүкіл үкімет патшаның сөзін қолдайтынын көрсетеді. Адам атаның да жағдайы сондай болды. Ол жерді толық билікпен басқарды және оның барлық істерін көк қолдады. Есімізде сақтайық, ол жай ғана адам еді және тек Құдайдың берген билігі арқылы жерді басқара алды. Ол Құдай Патшалығының құрметі (құдіреті) мен салтанатына (лауазымы мен беделіне) ие болды.

Бір қызығы, Адам жаратылғанда, шайтан жерде еді, өйткені ол адамзат пайда болғаннан бұрын жерге қуылған болатын. Шайтан Құдай Патшалығының атынан билік жүргізген осы әлсіз жаратылысты

жек көрді. Ол Адамның билігін жоқ қылу үшін бұл билікті тартып алудың жолын іздеді.

Әрине, шайтанның Адамның лауазымын құртуға, не билікті күшпен тартып алуға хақы жоқ-ты, сондықтан ол өтірікке жүгінді. Хауа ананы Құдайға сенуге болмайтынына иландыру арқылы, дұшпан Адам ата екеуін Құдайға қарсы тұрғызды.

Өкінішке орай, шайтанның айласы мақсатына жетті. Адам мен Хауа Құдайға қарсы шығып, биліктерінен айырылды. Сол кезде, бүкіл жер патшалығы Адамның билігінде болғандықтан, Адам Құдайды жерден қуып жіберді және солайша адамзат Құдайдан бөлініп кетті.

Сол сәтте рухани жағынан көп өзгеріс орын алды, бірақ тақырыбымыз ондық болғандықтан, оның бәрін жазуға уақыт жетпейді. Ендеше, Адам мен Хауаның Құдайдан теріс бұрылған сәтіне оралып, не болғанын білейік.

Адамға Құдай Ие былай деді: «Әйеліңнің тілін алып, Мен тыйым салған ағаштың жемісінен жеген сенің кесіріңнен жердің топырағын қарғыс атты! Бұдан былай тамағыңды өмір бақи бейнет шегіп топырақтан өсіріп жейтін боласың. Жердің топырағы саған тікенектер мен ошағандарды қаулатып, сен далада өсетін дәнді дақылдармен қоректенетін боласың. Өзің жаратылған жердің қойнына қайтып кіргенше, жейтін наныңды маңдай теріңді төгіп жүріп табатын боласың. Сен топырақтан жаратылдың, қайтадан топыраққа айналасың!»

— Жаратылыс 3:17-19

Бір қарағаннан-ақ, адамзаттың ризық-несібесінен айырылғанын (Эдем бағынан қуылғанын), мақсаты тек күнелтетін азық табу болғанын, азапты еңбек пен маңдай терімен нанын жеп табуға мәжбүр болғанын көріп отырмыз. Жаратқан Ие жерге қайтатынын, бір күні өлетінін де айтты. Өлім мен азапты өмір сүру деген ұғымдар Адамға мүлдем жат болды, ал қорқыныш пен үмітсіздік осылай дүниеге келді.

Өздеріңіз көріп отырғандай және Адам ата сол сәтте байқағандай, әлем түбегейлі өзгерді.

Енді Лұқа төртінші тарауды ашайық, онда бір маңызды өзгерісті көреміз.

Бұдан кейін азәзіл шайтан Оны ертіп алып биік бір жерге шығарып, әп-сәтте әлемнің барлық мемлекеттерін көрсетіп:

— Осы мемлекеттердің бүкіл билігін, олардың сән-салтанатын Саған беремін. Бұл билік маған тапсырылған, оны көңілім қалағанға сыйлаймын. Сонымен маған ғибадат етсең бәрі де Сенікі болады, — деді.

— Лұқа 4:5-7

Бұл мәтінде шайтан жер бетіндегі патшалықтарға (халықтарға) тиесілі ақшаның барлығы оның меншігі екенін айтып, биліктің өзіне берілгенін меңзейді. Бұл өтірік емес. Адам Құдайға қарсы шыққанда, бүкіл билік шайтанның қолына түсті.

Аяттан байқасаңыз, дүниедегі «мемлекеттердің сән-салтанаты» мен билігі шайтанға тапсырылған делінген. Ұлттың сән-салтанаты неде? Оның байлығында.

Жердегі ақшаның барлығына жердегі бір елдің мөрі басылған, сондықтан барлық ақша жердегі патшалықтың бір бөлігі немесе оның құзырына жатады. Шайтан енді халықтардың ақшасы немесе байлығы өзінде және оны кімге қаласа бере алатынын айтады. Қарапайым тілмен айтқанда, Шайтан халықтардың байлығы мен гүлденуіне билік жүргіземін деп мәлімдейді. Бұл өте маңызды, өйткені ондықтың осы фактімен байланысты өте нақты мақсаты бар.

Адам әйелі Хауамен жақындасқан соң, әйелі жүкті болып, Қабылды туды. Сонда Хауа: «Жаратқан Иенің жарылқауымен бір ұл балаға ие болдым», — деді. Хауа қайтадан жүкті болып, Қабылдың інісі Әбілді туды.

Әбіл мал бағушы, ал Қабыл жерді өңдейтін егінші болды.

Біраз уақыт өткеннен кейін Қабыл Жаратқан Иеге арнап жерден жинап алған кейбір өнімінен тарту ұсынды. Ал Әбіл малының алғашқы төлдерінен әкеліп, құрбандыққа шалып, олардың майлы бөліктерін де тарту етті. Жаратқан Ие Әбілге және оның құрбандығына ризашылықпен қарады, бірақ Қабылға және оның ұсынған тартуына риза болмады. Бұған Қабыл қатты ашуланып, қабағын түйіп безеріп алды. Сонда Жаратқан Ие Қабылға:

— Сен неге ашуланасың? Неліктен қабағыңды түйіп безересің? Егер істегенің дұрыс болса, онда сені қабылдар едім. Ал істегенің дұрыс болмаса, онда босағаңды күнәнің жағалағаны: күнә сені иемденуге құштар, бірақ сен оған жол бермеуің керек, — деп сөзін арнады.

— Жаратылыс 4:1-7 (ағылшыншадан аударма)

Жақсы, мұнда не болып жатыр? Бұл балалардың бірінші буыны еді. Тарту әкелудің себебі неде? Ол кезде олай ету керек деген жазбаша заң жоқ еді, неге құрбандық керек болды?

Адам мен Хауа оларға құрбандық шалуды *үйретті* деп болжауға болады. Сондай-ақ Құдай еш нәрсені тек діни салт-дәстүр болғандықтан жасамайтынын білеміз. Адам мен Хауаға құрбандық шалуды үйретудің *заңға байланысты* бір себебі болуы керек.

Мәтінге қарасаңыз, екі баланың ұсынғанында үлкен айырмашылық болғанын көресіз. Енді бірі құрбандық ретінде мал сойғаны, екіншісі жер өнімдерін ұсынғанына ілініп, сөз таластырмай-ақ қояйық, себебі мәселе мұнда емес. Мәселе олардың қолында бар нәрсені қалай ұсынғаны және оны не үшін жасағандары болды.

Қабылдың жер өнімдерінің «кейбірін» бергеніне назар аударыңыз. Ал Әбіл малдың «алғашқы төлдерінен» майлы бөліктерін алып келді. Айырмашылықты көріп тұрсыз ба? Бірі «ең жақсысын», яғни отардың тұңғыш төлінен алып, майлысын әкелсе, екіншісі «кейбір» өнімдерін

құрбандыққа тартты.

Әбіл неліктен бірінші төлдің майлысын әкелді?

Құдай Адамға құрбандыққа қойылатын талаптарды айтқан болуы керек.

Ондық бірінші рет осылай берілді.

Таурат заңындағы ондықты зерттесек, әрқашан **ең жақсысының бірінші 10%** берілетін еді. Бұл әңгімеден Әбілдің бірінші және ең жақсысын беріп жатқаны анық. Алайда Қабыл еңбегінің өнімінен айырылғысы келмей, бірінші ең жақсысын емес, «бір бөлігін» әкелуді шешті.

Қабыл ондықты қалай дұрыс беру керектігін білсе керек, себебі Құдай оған былай деді: *«Егер істегенің дұрыс болса, онда сені қабылдар едім. Ал істегенің дұрыс болмаса, онда босағаңды күнәнің жағалағаны: күнә сені иемденуге құштар, бірақ сен оған жол бермеуің керек».*

Бірақ Қабыл Құдайдың үйреткенінен бас тартып, орнына ағасы Әбілді өлтірді. Бәлкім, Әбілді жолдан тайдырып, егістікке де, малға да иелік ете аламын деген шығар. Немесе ашкөздігі оны егіннің бір бөлігін ғана әкелуге азғырып, жүрегін Құдайдан алыстатқан болар. Нәтижесінде Қабыл Құдайды тек құрметтегенсіп, шын мәнінде тәкаппарлыққа жол бергені ықтимал. Тек болжап отырмын. Қалай болса да, Қабыл тиісінше ондық бергісі келмегені анық.

Осы тұста: «Ондықтың не маңызы бар? Құдай олардан неге ондық талап етті?» деп сұрауыңыз мүмкін. Оған жауап беремін, бірақ сұрақтарға кіріспес бұрын ондық туралы Киелі кітапта тағы не барын көрейік.

Келесі жолы ондық туралы сөз қозғалғанда, Киелі кітапта ондық сөзі бірінші рет қолданылған.

Ыбырам Кедор-Лаумер мен оған ерген патшаларды жеңіп, қайтып келе жатқанда, Содомның патшасы оны қарсы алу үшін «Патша аңғары» деп аталатын Шаве аңғарына жолға шықты.

Салим қаласының патшасы Мәліксадық та Ыбырамның алдынан шығып, оған нан мен шарап ұсынды. Ол Құдай Тағаланың діни қызметкері болатын. Мәліксадық Ыбырамға ақ батасын беріп былай деді:

«Лайым көк пен жерді жаратқан

Алла Тағала Ыбырамды жарылқай көрсін!

Жауларыңды қолыңа тапсырған

Құдай Тағала мадақтала берсін!»

Ыбырам қолында барының оннан бір бөлігін Мәліксадыққа құдайы сый-тарту ретінде қалдырып кетті.

— Жаратылыс 14:17—20

Бұл жерде келесідей сұрақ қойғанымыз жөн: Ыбырайым ондық туралы қайдан білді?

Әлбетте, ондық туралы ереже Адам атадан бастап ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Ал ондықты Адам атаға күнә жасалғаннан кейін Құдайдың өзі үйреткенін білеміз. Мұнда біз оннан бір бөлігі деген сөзді нақты көріп отырмыз.

Көптеген адамдар ондықтың Жаңа Өсиетке қатысы жоқ деп ол Таураттың ескі талабы екенін айтады. Мен айтқан екі оқиға: Қабыл мен Әбіл, содан кейін Ыбырайым ондықтың *Таурат жазылмай тұрып* берілгенін дәлелдейді. Әрине, ондық Тауратта, Құдайдың Мұса арқылы берген заңына жазылған, және Исраил халқы оннан бір бөлігін үнемі Құдайға беру керек еді. Алайда ондық — Мұса туғанға дейін қалыптасқан нәрсе.

Неліктен ондық Тауратқа жазылды? Заң жазылғанда, оның мақсаты — Мысырдан жаңа ғана шыққан Исраилдің бүкіл өмірін басқару еді. Барлық заңдық және басқарушылық талаптар жазбаша мінез-құлық кодексінде белгіленді, адамдар оған сәйкес өмір сүрді. Осылайша, ондық Тауратқа халықтың өмірінің бір бөлігі ретінде орындалуын қамтамасыз ету үшін жазылды. Ондықтың маңыздылығы сонша, Құдай оны елдің заңына қосты. Құдайдың неліктен мұның

орындалғанына неге көз жеткізгісі келгенін біраздан соң түсіндіремін, ал қазір ондықтың тағы бірнеше мысалын қарастырайық.

Әлемнің Иесі енді мынаны айтады: «Істеген іс-әрекеттеріңе ден қойып, ойланып алыңдар! Сендер көп еккенмен аз жинайсыңдар, тамақ жегенмен қарындарың тоймайды, сусын ішкенмен шөлдерің қанбайды, киім кигенмен жылынбайсыңдар, жалақы алғанмен оларың тесік қалтаға кетіп жатқандай болады».

Сол себепті Әлемнің Иесі тағы мынаны айтады: «Істейтін іс-әрекеттеріңе ден қойып, ойланып алыңдар! Тауға шығып, бөренелер тасып әкеліп, киелі үйді қайтадан салыңдар! Осылайша Мен риза болып, атақ-даңқым жайылады, — деп бұйырады Жаратқан Ие. — Сендер мол өнім күткенмен, онысы аз болды. Ал үйлеріңе алып келгендеріңді Мен ұшырып жібердім. Неліктен? — деп сұрайды Әлемнің Иесі. — Менің киелі үйім қирап жатқанда сендер әрқайсың өз үйлеріңді сәндеп салуға асыққандарың себепті! Істеріңнің кесірінен аспанның шығы әрі жердің өнімі сендерге берілмей келеді. Мен жерлеріңдегі дала мен қыратқа қуаңшылық жібердім. Соның кесірі астық, жүзім шырыны мен зәйтүн майына, жалпы, жер беретін өнімнің барлығына әрі адамдар мен малға да тиді. Содан сендердің істеген барша еңбектерің құр бекер болуда».

— Хаққай 1:5-11 (ағылшыншадан аударма)

Бұл үзіндіде Хаққай пайғамбар Исраил халқын Бабыл тұтқынынан оралғаннан кейін ғибадатхананы қайта салмағаны үшін әшкереледі. Халық өркендемей, тапшылық көріп отыр. Егіні жақсы болмай, бүкіл ел зардап шегуде. Құдай халыққа **іс-әрекеттерің** мұқият ойластыруды бұйырады, яғни жоқшылық – истраилдіктердің қате заттарды істеген, не дұрыс заттарды істемегендерінің нәтижесі.

Жаратқан Ие: **«Істеріңнің кесірінен аспанның шығы әрі жердің өнімі сендерге берілмей келеді»**, – дейді. Халықтың жасағанынан

Құдай қуаңшылық жіберуге мәжбүр болды. Барлығы өз үйлерін салып, Құдайдың ғибадатханасын қираған күйде қалдырды. Бұл елдің еш ондық бермегенін көрсетеді.

Есіңізде болса, ондық леуіліктерге (діни қызметкерлерге) әкелініп, ғибадатханадағы қызметке жұмсалуды керек еді. Леуіліктерге оннан бір бөлігі әкелінбегендіктен және ғибадатхана салынбағандықтан, Құдай жарылқуды алып тастауға мәжбүр болды.

Исраил халқынан батасын алу Құдайдың қалауына қарама-қарсы еді. Мұны түсінудіміз керек. Бұл ондыққа байланысты заңды мәселе болғандықтан, халық Құдайға таңдау қалдырмады.

Екінші тарауды оқысақ, елдің пайғамбардың сөзіне құлақ аса бастағанын көреміз.

Бірақ осы күннен бастап басқаша болады! Маған бағышталған осы киелі үйдің алғашқы тасы қаланбай тұрып, қалай өмір сүргендеріңе ден қойып, ойланып алыңдар! Өнім жинайтын кезінде біреу бастыруға үйілген масақ бауларынан жиырма қап астық шығады деп дәмемсе, расында одан тек он қап қана шығады. Шырын сыққыштан елу шелек жүзім шырынын аламын деп дәмемсе, онда небәрі жиырма шелек қана шырын бар болып шығады. Себебі Мен сендерді және істеген істеріңнің бәрін өсімдік татымен, қуаңшылықпен және бұршақпен зақымдадым. Әйтсе де сендер өкініп, Маған қайтып келмедіңдер, — деп ескертеді Жаратқан Ие.

Бүгін, тоғызыншы айдың жиырма төртінші күні, сендер Менің киелі үйімнің іргетасын қайтадан қалап болдыңдар. Бүгінгі күннен бастап не болатынына ден қойып ойланып алыңдар! Тұқым әлі де қамбаларыңда сақталып келеді, солай емес пе? (Демек, сендер әлі де егін егіп, жинаған жоқсыңдар.) Жүзім, анар, інжір және зәйтүн ағаштары да жемістерін әлі берген жоқ. Алайда бүгіннен бастап Мен сендерді жарылқайтын боламын!»

— Хаққай 2:15-19

Исраил ғибадатхананы қайтадан бірінші орынға қойғандықтан, Құдай осы күнді ұмытпаңдар дейді, себебі бұдан былай халық дәулетті болмақ. Жаратқан Ие халық ендігәрі ондық беруді тоқтатпау үшін осы күнді есте сақтап, жігерлі болыңдар дейді. Бұл Өзі үшін емес, халықтың игілігі үшін керек.

Мұнда бір сәттен соң мағынасы ашылатын кейбір сырлар бар, бірақ біріншіден, ондық заңды мәселе екенін түсінсеңіз деймін. Ондық болмаған кезде Құдай халықты жарылқауды тоқтатуға мәжбүр болды. Өзі олай қаламады, бұл амалсыздан болған жайт.

— Мен, Жаратқан Ие, еш өзгермеймін, (Келісіміме адал болып қаламын). Сондықтан да сендер, уа, Жақыптың ұрпақтары, құрып кеткен жоқсыңдар. Сонау ата-бабаларыңның заманынан-ақ сендер Менің ережелерімнен жалтарып, оларды ұстанбай келесіңдер. Енді кері бұрылып, Маған қайтып келіңдер. Сонда Мен де сендерге қайтып келемін, — деп уәде етеді Әлемнің Иесі.

Бірақ сендер: «Біз қалайша қайта аламыз?» деп сұрайсыңдар. Әлде адамның Құдайдан ұрлауына бола ма? Алайда сендер Менен ұрлайсыңдар! «Сенен қалайша ұрлайды екенбіз?» деп сұрасаңдар, жауабым мынау: Өнімнің он бөлігінің бірін және өзге де тиесілі сый-тартуларды бермеулерің арқылы! Сендердің барлығың, бүкіл халқың да қарғысқа ұшырадыңдар! Себебі сендер Менен ұрлап жатырсыңдар!

Киелі үйімде әрдайым тамақ болуы үшін қоймама өнімнің он бөлігінің бірін толықтай алып келіңдер! Менің не істейтінімді осы арқылы сынап көріңдер! — деп ұсынады Әлемнің Иесі. — Сонда Менің аспаннан мол жауын-шашын жаудырып, сендерді жарылқауымның ағыл-тегіл болатыны соншама, оның бәрін жайғастыратын орындарыңның да болмай қалғанын көресіңдер! Егістіктеріңдегі егінді ешбір пәлекет құртпайды, жүзімдіктеріңнің жемістері де

жерге түсіп қалмайды, — деп уәде етеді Әлемнің Иесі. — Сонда барлық ұлттар сендерді «Жарылқанған халық!» деп атайтын болады, себебі сендер тамаша ел боласыздар. — Әлемнің Иесі осыны нық айтады.

— Малахи 3:6-12

Тағы бір пайғамбардың халықты сөгіп, Құдайдың батасын алып тастайтынын айтқанын көріп отырмыз. Оның айтуынша, бүкіл халық тиісті нәрсені жасамағандары үшін қарғысқа ұшырайды. Құдайдың үйінде ас болуы үшін оларға барлық ондықты қоймаға әкелу тапсырылды.

Оннан бір бөлігі тағы да леуіліктерге, яғни діни қызметкерлерге берілу керек еді. Халық оннан бір бөлігін емес, одан азын әкелді (Қабылдың күнәсін есте сақтаңыз). Жаратқан Ие олар оннан бірін алып келсе, көктегі жарылқау оралатынын айтады. Ондықты әкелсе Патшалық олардың арасында әрекет ету үшін заңды хаққа ие болады. Олар ондықтарын әкелсе, жарылқаудың мол болатыны сонша, оны сыйғызатын орын жетпейді. Құдайдың уәдесі осы.

Ендеше, ары қарай жылжымас бұрын осы жерде тоқтап, бір минут сөйлесейік.

Осы уақытқа дейін ондықтың әуел бастан бері беріліп келгенін көрдік, енді неге екенін түсінеміз. Ондық Құдайға шайтан мен Құдай халқының арасына кіріп, дұшпанның күшін жоюға заңды құқық беретінін көреміз.

Басқа сөзбен айтсақ, Құдай: «Қолыңды тарт, шайтан! Сен олардың мүлкіне қол тигізе алмайсың!» дегендей болады.

Қарап отырсаңыз, Адам күнә жасаған кезде шайтан оны аштыққа ұшыратып, адамзатты тамырымен жоюға дайын еді. Бірақ Құдай Адам мен Хауаны қорғау үшін бірден ондықты қойды. Адам мен Хауа ондық бергенде, Құдайды бірінші орынға қойды. Олар Құдайды таңдады.

**ОНДЫҚ АДАМ АТА
МЕН ХАУА АНАНЫ
ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢДЫ
ҚОРШАУ РЕТІНДЕ
БЕРІЛДІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА
ОЛ БІЗ ҮШІН ДЕ ЗАҢДЫ
ҚАЛҚАН РЕТІНДЕ
ӘРЕКЕТ ЕТЕДІ.**

Шайтанның да жер патшалығына дәл осылай кіргені есіңізде ме? Адам мен Хауаны Құдайға емес, өзінің өтірігіне сендіру арқылы дұшпан заңды түрде жер Патшалығына кірді. Сондықтан ондық беру — Құдайға бар нәрсенің 10%-ын беру — Құдайға Адам мен Хауаның ризығын қорғауға заңды құқық берді.

Ондық — шайтанның қоластына енген, қарғыс атқан жерде адамның керегін қамтамасыз ететін заң екенін ұмытпайық. Ондық адамның рухани қалпын өзгертпейді, күнәкар халінен құтқармайды. Жоқ, Көне Өсиетте күнә үшін құрбандық шалу керек еді. Ондықтың арқасында адамның ризығы шайтанның ұрлауынан қорғалды. Ондық арқылы Құдай адамның қажетін заңды түрде қорғап, оны аштықтан өлуден сақтап қалды.

Көптеген адамдар ондықтың Көне Өсиет заңы екенін және қазір Исаның құрбандығы арқылы керек емес екенін айтады. Бірақ ондық заңы Таурат жазылмай тұрып, әу баста адам күнә жасаған кезде берілгенін көрдік.

**Ондық Адам ата мен Хауа ананы қорғайтын заңды
қоршау ретінде берілді. Қазіргі таңда ол біз үшін де
заңды қалқан ретінде әрекет етеді.**

Ондық жер патшалығының заңы болып табылады. Шайтан әлі де жер бетінде еркін әрекет ете алатындықтан, ондық күшінде қала береді. Шайтан тозаққа тасталмайынша, ондық заңы қолданыстан шықпайды.

Қауымда ондықты берсе де, өмірлеріне бақ қонбаған адамдарды көрдіңіз бе? Бұл ондыққа қатысты қате ілімге байланысты. Адамдардың ойлауынша, олар жай ғана ондықты берсе, бірден жер-көкке сыймайтын жарылқау үстерінен түсе қалады. Ондық берген сәтте жарылқауды көрмеген соң, олар ондық керек емес деген

қорытынды шығарады. Бірақ бұл болжамдары дұрыс емес. Неге? Мәтінді мұқият қарастырайық.

Халық оңдығын берсе, Құдай *«Егістіктеріңдегі егінді ешбір пәлекет құртпайды, **жүзімдіктеріңнің жемістері** де (піскенше) жерге түсіп қалмайды»*, — деп уәде берді.

Түсініп отырсыз ба? Көк ашылып, Құдай олардың егінін жарылқайтын болады. Айтайын дегенім, ондық қоршауының ішінде әлденелерді отырғызып, өсіру – біздің жауапкершілігіміз.

Ондық өз-өзінен табысқа жеткізбейді. Ол тек қоршаудың (ондықтың) ішінде не істесең, соны қорғайды.

Үш бұтақ қызанағыңыз болса, олар гүлденеді. Алайда, бар байлығыңыз – үш бұтақ қызанақ болса, үш тамаша өсімдігіңіз бар екен, бірақ ол мол дәулет емес, солай ма?

Молшылық әкелетін нәрсе — *сіз* қоршаудың ішінде жасайтын немесе өсіретін заттар. Сол маңызды.

Өкінішке орай, көптеген сенушілер қате ілімге бола ондықтарын беріп, аяқтарын аспанға көтеріп жатады да, молшылықтың келуін күтеді. Дәулет қашан келетінін білесіз бе? Дамып-өркендеуде өз үлесімізді түсінген кезде келеді.

Ендеше, бір шолып өтейік.

1. Ондық жер бетіне әу бастан, адам баласы күнә жасағанда келді.
2. Ондық Тауратқа жазылған, өйткені Таурат Исраил халқының қалай өмір сүретінін басқарды. Құдай оларға батасын бере алатынына сенімді болғысы келіп, ондықтың жалғасуын қамтамасыз ету үшін ондық ережесін заңға қосты. Ондық заңы жойылған жоқ, бірақ оны заңды түрде талап ететін шарт қазір жоқ (өйткені біз енді Тауратқа бағынып өмір сүрмейміз). Қазір бізде таңдау бар — ондықты беру және оның пайдасын көру немесе ондықты елемей, қорғаусыз қалу.
3. Ондық жер патшалығының заңы болып табылады және шайтан

еркін әрекет етуге мүмкіндігі барда, ондық күшін жоғалтпайды.

4. Ондық сізді автоматты түрде дамып-өркендеуге әкелмейді, бірақ ол шайтанның сіз ондық қоршауының ішінде өсіріп жатқан нәрселеріңізді ұрлауынан қорғайды.
5. Жұмаққа барып-бармауымызға ондықтың еш қатысы жоқ. Исаның құрбандығына сеніп, Оны Ием деп қабылдасаң, көкке барасың. Ондық тек сіздің жердегі гүлденуіңізге әсер етеді.
6. Ондық Құдайдың қоймасына тиесілі. Көне өсиетте ол діни қызметкерлердің ақысы болды және тамағы мен күнделікті керектерін қамтамасыз етті. Бүгін де тура солай. Ондықты баратын қауымыңызға беріңіз. Құдай қызметтің қажетін қамтамасыз ету үшін ондық ұғымын берді.

Адамдар өздерінің қауымдарын ұнатпайтынын айтып, сонда да ондық беру керек пе деп сұрайды. Менің жауабым — сенім мен Патшалыққа қатысты сау ілім беретін жаңа қауымды табыңыз.

Егер сіз нақты бір қауымның мүшесі болмасаңыз, қай жерден рухани нәр алсаңыз, сол қызметке ондық беріңіз. Дегенмен, ең жақсысы — жергілікті қауымға барып қосылу. Тұратын жеріңізде қауым болмаса, тағы да ондығыңызды сізге рухани нәр беретін қызметке арнаңыз.

7. Ондықты атауға болмайды. Мысалы, ондық еккен кезде: «Мен ондықты _____ үшін тұқым ретінде егіп жатырмын» дей алмайсыз. Ондықтың өз міндеті бар. Ондықтан тыс тарту ететін қаржыңызды атай аласыз.
8. Ондық табысыңыздың 10 пайызын құрайды. Бұл салықтан бұрын. Есіңізде болсын, Құдай Малахи арқылы: «Қоймама өнімнің он бөлігінің бірін толықтай алып келіңдер» деген. Тоғыз пайыз ондық емес. Алты пайыз ондық емес. Ондық 10 пайызды құрайды. Егер «10% төлеуге мүмкіндігім жоқ» десеңіз, Құдайдың Исраилдіктер ондықты әкелмей жатып: «Менің не істейтінімді осы арқылы сынап көріңдер!» дегенін еске алыңыз.

Ондықты сеніммен беріңіз, Құдай оны елеусіз қалдырмайды.

9. Ondықты қай табыстан беру керектігін қалай білеміз? Менің негізгі ережем мынау: бұл салық салынатын табыс па?
10. Егер салық салынатын табыс болса, онда оның ондығын төлеймін. Менің бизнесімнен ондық шығады ма? Тағы да, бұл салық салынатын табыс па? Мен бизнесімнің жалпы табысының ондығын төлемеймін. Бизнесімнен алып, қалағанымша мол тұқым себемін, бірақ бұл ондық емес. Егер бизнесімнен ақша шығарсам, шығарған сомадан ондық төлеймін.
11. Қазір қауымға бармасам ше? Қауым тапқанша сізге рухани азық беретін адамға ондық бере аласыз. Иә, көптеген адамдар қазіргі заманғы тікелей эфир және Facebook эфирлері арқылы алыстағы қауымды өздерінің негізгі қауымы деп санайды. Егер қалаңызда Киелі кітапқа сенетін жақсы қауым болмаса, алыстағы қауымға ондық бере аласыз. Ауылдық жерлердегі көптеген адамдар осының арқасында Faithlifechurch.org сайтын өздерінің негізгі қауымына айналдырды.

Жақсы, ары қарай ілерілейік.

Құдай маған сенушілердің көпшілігі ондықты салық немесе басқа да бір шот ретінде төлейтінін көрсетті (оның өзі ондықты берсе, себебі көбі ондық әкелмейді де). Бұл олардың ондықты сенімсіз әкелетіндерін көрсетеді. Ондықты олар міндет көріп, шот төлегендей төлейді.

Ондық әкелу жақсы, иә, бірақ оны әрқашан сеніммен істеңіз. Әйтпесе, бергеніңіз сенімге емес, тек діни, заңды талапқа негізделген болады.

Құдайдың әрбір сөзі Оның сізге деген ниетін ашатын болсын. Ондық — көтеретін салмақ емес, оны беру ауыртпалық әкелмеу керек. Құдай сізден әлденені алып қойғысы келмейді, керісінше сізге әлденені беруге тырысады. Ондықтың пайдасын түсініп, сенуіміз және қуануымыз керек. Ондық – Құдай біздің қайнар көзіміз деп жариялайтын ғибадат. Ондықтың нақты белгіленген

артықшылықтары бар. Ондықты бергенде, пайдасын көретінімізге сеніп берейік.

Ондығыңызды қауымға келгеннен бұрын дайындап қойғаныңыз дұрыс. Үйде ондыққа қолыңызды қойып мінәжат етіп, одан келетін жарылқауды қабылдап, көктің ашық екеніне сеніп, шайтанға тиым салыңыз. Сондай-ақ шайтанның сізден ұрлай алмайтынын және қолыңызды қойған нәрсе Исаның атынан гүлденетінін жариялау керек. Отбасы мұны бірге жасаса тіпті жақсы.

Енді, ең соңында, ондық туралы әңгімемізді аяқтамас бұрын Жаңа Өсиетте ол туралы не жазылғанын қарастырайық. Біліп па едіңіз, Жаңа Өсиет те ондық туралы айтады! Келесі үзіндіміз біз бұрын оқыған мәтін.

Ыбырам Кедор-Лаумер мен оған ерген патшаларды жеңіп, қайтып келе жатқанда, Содомның патшасы оны қарсы алу үшін «Патша аңғары» деп аталатын Шаве аңғарына жолға шықты.

Салим қаласының патшасы Мәліксадық та Ыбырамның алдынан шығып, оған нан мен шарап ұсынды. Ол Құдай Тағаланың діни қызметкері болатын. Мәліксадық Ыбырамға ақ батасын беріп былай деді:

«Лайым көк пен жерді жаратқан

Алла Тағала Ыбырамды жарылқай көрсін!

Жауларыңды қолыңа тапсырған

Құдай Тағала мадақтала берсін!»

Ыбырам қолында барының оннан бір бөлігін Мәліксадыққа құдайы сый-тарту ретінде қалдырып кетті.

— Жаратылыс 14:17-20

Енді еврейлерге арналған хаттың авторы ондық туралы не дегенін көрейік.

Сол Мәліксадық Салим қаласының патшасы және Алла Тағаланың діни қызметкері болатын. Ыбырайым бірнеше патшаны жеңіп, шайқастан қайтып келе жатқанда, Мәліксадық оған жолығып, батасын берді. Сонда Ыбырайым қолындағы бар мал-мүліктің оннан бір бөлігін (құдайы сый-тарту етіп) оған қалдырып кетті. Мәліксадық есімінің мәнісі «Әділдік патшасы» болса, «Салимнің патшасы» — «Амандық пен тыныштық патшасы» дегенді білдіреді. Мәліксадықтың әке-шешесі, шыққан тегі және өмір сүрген уақытының бас-аяғы туралы ешбір мәлімет берілмеген. Сол жағынан ол мәңгі бақи діни қызметкер болып қалатын Құдайдың рухани Ұлына ұқсайды.

Мәліксадықтың мәртебесінің қандай жоғары екенін ойлап көріңдер: тіптен түп атамыз Ыбырайым түскен олжасының оннан бір бөлігін оған берді. (Ыбырайымның шөбересі) Леуінің тұқымынан шыққан діни қызметкерлер Құдайдың өсиетіне сай өз ағайындары — Исраил халқының жалпы түсімінің оннан бір бөлігін алып отырады. Бұлардың да Ыбырайымнан тарағандықтарына қарамастан, леуіліктер олардан әлгі бөлікті жинайды. Ал Мәліксадық Леуі руынан шықпаса да, Құдайдың уәдесін алған Ыбырайымның түсімінің оннан бір бөлігін иемденіп, оған батасын берді.

Бата алғаннан бата бергеннің дәрежесі, сөзсіз, жоғары. Оннан бір бөлігін жинайтын леуілік діни қызметкерлер күндердің күнінде өлетін пенделер ғана, ал Мәліксадықтың тірі екендігі туралы мәлімет берілген.

— Еврейлерге 7:1-8

Соңғы аятына назар аударыңыз: «Оннан бір бөлігін жинайтын леуілік діни қызметкерлер күндердің күнінде өлетін пенделер ғана, ал Мәліксадықтың тірі екендігі туралы **мәлімет берілген**».

Мәліксадық әділдік патшасы, амандық пен тыныштық патшасы болды. Әке-шешесі, шыққан тегі және туып, қайтыс болған уақыты

белгісіз. Мәліксадық сол күні Ыбырайымның алдында тұрған Иса Мәсіх еді. Алайда ол кезде Иса ретінде танылмады.

Естеріңізде болса, періште Жүсіпке дүниеге келген сәбидің есімін Иса деп қоюды бұйырды. Иса есімі Құтқарушы дегенді білдіреді, осылайша Оның аты біз үшін кім болатынын көрсетеді. Мәсіх Исаның тегі емес. Біз Иса Мәсіх деп айтқанда, сөзбе-сөз майланған Құтқарушы дейміз. Иса Ыбырайымның алдында тұрғанда Иса есімімен танылмады, өйткені бұл жоспар ол кезде шайтаннан әлі жасырылған болатын.

Сонымен, Мәліксадық есімі Оның кім екенін, әділдік және амандық пен тыныштық патшасы екенін көрсететін есім болды. Алайда Мәліксадық пайғамбарлық түрде Ыбырайымның ұрпақтарымен жасалатын жаңа келісімді білдіретін нан мен шарап ұсынды (нан – біз үшін құрбан болған денесін, шарап – төгілген қанын бейнелейді). Бұл Ыбырайымның болашағының белгісі. Жаратылыстың басталуы 12-де Құдайдың Ыбырайымға ұрпақтары туралы берген уәдесі осы келісім арқылы кейінірек орындалды.

**ОНДЫҚ — ӨМІРІҢІЗДІ
ҚОРҒАП ТҰРҒАН
ЗАҢДЫ ҚОРШАУ. ОЛ
ШАЙТАННЫҢ СІЗДІҢ
РИЗЫҚ-НЕСІБЕҢІЗДІ
ҰРЛАП АЛУЫНА ЖОЛ
БЕРМЕЙДІ.**

Ондыққа қатысты еврейлерге арналған хатта ондықтың қазір тірі деп жарияланған Мәліксадыққа берілетіні айтылған. Қазір ондықты жинайтын — тірі Иса! Ол патшалардың Патшасы және иелердің Иесі.

Есіңізде болсын, ондық заңы күні бүгінге дейін күшінде. Өзгерген жалғыз нәрсе — діни қызмет. Көне өсиетте Леуі руы Құдайдың ісі үшін

өнімнің оннан бір бөлігін жинады. Қазіргі таңда Иса (Леуі емес, Яһуда руынан шыққан кісі, бұл діни қызметтің жаңа тәртібі орнағанын білдіреді) қызмет үшін Өзінің қауымынан ондық жинайды. Әрине, бұл жерде Исаның қайтадан жерге келіп, ондықты өз қолымен жинап жатқанын айтпаймын. Бірақ ұмытпаңыз, Киелі кітап қауымды Мәсіхтің

денесі деп айтады, яғни қауым — Оның жердегі заңды көрінісі. Дәл осылай біздің денеміз де рухани болмысымызға жерде заңды көрініс береді. Біз Исаның қауымына, Оның денесіне бергенімізде, шын мәнінде Исаның Өзіне береміз. Ескі келісім бойынша леуіліктер көне заманда Құдайдың қызметі үшін ондық жинады, ал қазір Құдайдың қызметі үшін қауым ондық жинайды.

Қарап отырсақ, ондық сіздің өміріңіздің айналасындағы заңды қоршау болып табылады, ол шайтанның сіздің ризығыңызды ұрлауына жол бермейді. Есіңізде болсын, ондықтың өзі сізді өркендеуге әкелмейді! Өміріңіздің дамып-гүлденуі сол қоршаудың *ішінде* сіздің не істегеніңізге байланысты!

Ондық – қаржылық өміріңіз үшін маңызды заң. Сондықтан Патшалықтың осы маңызды қағидасын қамтуға көп уақыт жұмсадым.

Сонымен, келесі жолы қауымда бағушы ондық жинау уақыты келді дегенде, орныңыздан атып тұрып қуаныштан билей беріңіз, өйткені енді ондықтың пайдасын білесіз.

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

ҚАЛТА КЕРЕК: БІРІНШІ БӨЛІМ

Менің ең жақсы достарымның бірі, Питер Мортлок бағушы, Жаңа Зеландиядағы Окленд қаласында City Impact қауымында қызмет етеді. Ол тамаша қызмет құрды және Жаңа Зеландиядағы ең үлкен қауымдардың біріне басшылық етіп келеді.

Көп жыл дос болып келеміз және Солтүстік Америка мен Жаңа Зеландия бойынша мотоциклмен 20-ға жуық саяхат жасадық. Мені Харли мотоциклін сатып алуға мәжбүр еткен адам осы. Жылдар бойы Хонданы бәрінен артық көріп, Хонда мотоциклін мінген едім. Бірақ біз саяхатқа шыққан сайын Питер Харлиді ең болмаса жалға алып, жүргізіп көруімді айта берді. Басында маған Харлиді аса ұната қоймадым, бірақ Харли компаниясы туралы білсеңіз, олар бірнеше жыл бұрын дизайнға айтарлықтай өзгерістер жасаған болатын. Мотоциклдерінің жаңа нұсқасы көңілімнен шықты. Осылайша, өткен жылы Дренда маған жаңа Харли сатып алып берді. Оған мініп саяхаттау рахат.

Сапарымызда Питер бағушының үнемі иығына іліп өзімен алып жүретін былғары сөмкесін байқадым. Мұндайларды еркек әмиян деймін. Мен болсам, кәдімгі бүктелетін кішігірім әмиянды қолданатынымын, оны әдетте артқы қалтама салып жүремін. Бір күні әмиянымда күні бойы отырып, арқам шаршаған соң, досымнан «Бұл не сөмке?»

деп сұрадым. Сол сөйлескенімізден кейін Питер туған күніме сол сөмкелердің бірін сыйлады. Олар Еуропа мен Жаңа Зеландиядағыдай АҚШ-та кең таралмаған, бірақ оны қуана қолданып жүрмін.

Әдетте күн көзілдірігімді бір жерге қойып, қайда қалдырғанымды ұмытып кете беретін едім. Әлгі сөмкемді қолдана бастағаннан бері, көзілдірік жоғалтқанды қойдым. Қазір ханымдар неліктен барлық жерде сөмкелерін алып жүретіндерін түсіндім. Оған бәрі сыяды. Керек нәрсеңнің бәрі бір жерде. Енді сізді міндетті түрде сөмке сатып алсын демеймін, бірақ оған бір ой жүгіртіп көріңіз.

Исаның бізге бір сөмке алып жүруді айтқанын білесіз бе?

Сондықтан не ішіп-жейміз деп ойлап уайымға салынбаңдар! Осы күнәкар дүниенің адамдары сондай нәрселердің бәріне ие болуға тынымсыз ұмтылуда. Ал бұлардың сендерге қажет екенін көктегі Әкелерің біледі ғой. Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлаңдар! Сонда Құдай сендерге бұлардың бәрін қосып береді. Шағын қауым, қорықпа! Көктегі Әкең Патшалықты сендерге тапсыруға ризалық еткен. Мал-мүліктеріңді сатып, мұқтаждарға үлестіріңдер! Осылай өздеріңе «тозбайтын қалта» жасап, таусылмайтын байлықты көкте жинаңдар. Сол жерде оған ұры да жақындамайды, күйе де жемейді. Байлықтарың қайда болса, жүректерің де сонда.

— Лұқа 12:29-34

Әрине, Исаның айтқанының сәнді әшекей алып жүруге қатысы жоқ. Мұның негізінде бір үрдіс бар, соны түсінейік.

Исаның айтқысы келгені — сізге қазынаны қолжетімді ететін бір нәрсе керек.

Мысалы, менің банкте миллион долларым болуы мүмкін, бірақ мен оны ала алмасам, оны пайдалана алмасам, оның маған еш жақсылығы жоқ, солай емес пе? Сондықтан өзімізбен бірге алып

жүретін қалташамыз — біздің активтерімізді қолжетімді ететін құрал.

Әмиянды жоғалту — ең стресстік жағдайлардың бірі. Әдетте ақшамыз, құжаттарымыз, банк карталарысыз әмиянда. Әмиянымды жоғалтпау үшін өте сақпын. Сөмкем әрқашан жанымда.

Исаның айтқан осы бірнеше сөзінен Патшалықтағы ақшаңызға қатысты даналықты және Патшалықтың негізгі принциптерін табамыз. Біріншіден, «Уайымдама, қорқпа» деп екі рет айтылған. Құдай бізге не қажет екенін біледі. Иса керегімізді Құдайдан алу үшін нақты не істеу керегін де айтты.

Сондықтан не ішіп-жейміз деп ойлап уайымға салынбаңдар! Осы күнәкар дүниенің адамдары сондай нәрселердің бәріне ие болуға тынымсыз ұмтылуда. Ал бұлардың сендерге қажет екенін көктегі Әкелерің біледі ғой. Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлаңдар! Сонда Құдай сендерге бұлардың бәрін қосып береді.

Иса «Құдай керектің барлығын автоматты түрде береді, сен уайымдама» демейді. «Уайымдама, өйткені Құдай саған не қажет екенін біледі» дейді. Осыдан кейін Мәсіх нақты нұсқау берді.

Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлаңдар! Сонда Құдай сендерге бұлардың бәрін қосып береді.

Иса Құдайда қиындықтардың шешімі бар екенін айтты, бірақ оны алу үшін заңды бір үрдіс бар екен. Құдайда шешім бар, БІРАҚ Патшалықтың жарылқауын алмас бұрын оның қалай жұмыс істейтінін білу керек.

Исаның ең бастысы Құдайды емес, Патшалықты іздеуді айтқанына назар аударыңыз. Менің ойымша, көпшілігіміз бұл Жазбаны алдымен Құдайды іздеңіз деп түсіндік, бірақ олай емес. Исаның сөзі өте анық. Егер мәселе тек Құдайды іздеуде болса, Иса солай дер еді. Құдай сізге не қажет екенін біледі, бірақ ризық қамтамасыз етілмес бұрын,

көкке жер патшалығында әрекет ету хақын беретін белгілі бір заңды процес керек.

Естеріңізге сала кетейін, Құдай Патшалығы дегеніміз — Патшасы бар үкімет. Патшаның билігі мен еркі заң арқылы Патшалықтың әрбір азаматына таралады.

Патшалық туралы алдыңғы төрт кітабымда мен Патшалыққа негізделген өмір, сенім мен билік туралы сөз қозғадым. Неліктен? Өйткені бұл принциптер сіздің табысқа жетуіңіз бен Патшалықтағы өміріңізді түсінудің үшін өте маңызды. Барлық кітаптарымда Патшалықтың осы негізгі құрамдас бөліктерін егжей-тегжейлі қарастырып шықтым, өйткені көпшілігі серияның басынан бастамай, кез келген кітапты алып оқи беруі ықтимал. Оқырмандардың менің өмірімді шын мәнінде не өзгерткенін білу керек.

Патшалықтың қалай жұмыс істейтінін білуіңіз керек!

Бұл тараудағы ақпарат «Сенің қаржылық революцияң» сериясындағы басқа кітаптарымнан алынды. Оларды оқыған болсаңыз, сегізінші тарауға өте беріңіз. Оқымасаңыз немесе Патшалықтың осы негізгі және маңызды принциптерін қайталағыңыз келсе, осы жерде менімен бірге қалыңыз.

Құзырет мәселесі

Жоғарыда айтқанымдай, мен Огайо штатында, қаланың сыртында, аумағы 24 гектар өте әдемі жерде тұрамын. Бастапқыда менің 22 гектар жерім бар еді, бірақ көршім шекаралас жер телімін маған сатты, сөйтіп жалпы аудан 24 гектарға жетті. Бұл жерді соңғы жиырма екі жылдың ішінде жақсылап пайдаға асырып келе жатырмыз. Бұғы аулайтын орманның, үйрек аулайтын батпақтың, қоян мен қырғауыл аулайтын егістіктің, сонымен қатар квадроцикл мінетін жерің болған бақыт екен.

Менің меншігіме мұқият қараса, жерімнің қоршауында «ӨТУГЕ БОЛМАЙДЫ» деген белгілер бар. Бұл белгілер басқалардың менің меншігім қай жерде басталатынын білуі үшін керек. Огайо штатының

заңы бойынша, менің жерімде жүргісі келетін адам жазбаша келісім алып жүруі қажет. Егер рұқсат қағазы болмаса, бұл шекара бұзу болып саналады және заң бойынша рұқсатсыз кірген адамды қуып жіберуге, сондай-ақ оған айыппұл салуға болады. Бір сөзбен айтқанда,

Сіздің әлденеге заңды құзыретіңіз болмаса, оны пайдалана алмайсыз.

Айтқанымдай, менің қол қойған жазбаша келісімім сізге менің жерімде жүруге құқық береді. Сізді біреу тоқтатып, неге менің жерімде жүргеніңізді сұраса, ал сіз «Гэри маған мұнда аң аулауға рұқсат берді» десеңіз, ол жеткіліксіз. Заңға сай, жеке меншікке кіру үшін жазбаша келісім керек.

Банкке барып, ақшаңызды шығарғыңыз келгенде осыған ұқсас нәрсе керек. Банк қызметкерлері сізден жеке куәлік сұрайды. Дүкенде кредит картасымен әлденені сатып алғыңыз келгенде де, сатушы сізден куәлік құжатын сұрауға құқылы. Куәлікті көрсету сізге қызмет көрсетуде кедергі емес. Ол алаяқтардың ақшаңызды ұрлап алудан сақтайды.

Иса «Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлаңдар» дегенде, негізі *«Патшалықтың азаматы ретінде құқықтарыңды заңды әрі тиімді қолдана білу үшін Патшалықтың заңдарын үйреніңдер»* деді. Сіздің меншігіңзде не барын біліңіз. Сізге тиесілі заттарды қалай алуға болатынын біліңіз. Сонда керектеріңіз сізге берілетін болады.

Тағы да бір мысал келтірсем, ұлыма арнап траст фонд аштым делік. Ол кәмелетке толғанда, жиналған қаражатты оған тапсыру заңды болады. Мен ұлыма фондтың қай банкте екенін, шоттан қалай ақша шығаруға болатынын және шотқа қалай ақша салуға болатынын айтуым керек. Қаражат оныкі болса

**СІЗДІҢ МЕНШІГІҢЗДЕ
НЕ БАРЫН БІЛІҢІЗ.
СІЗГЕ ТИЕСІЛІ
ЗАТТАРДЫ ҚАЛАЙ
АЛУҒА БОЛАТЫНЫН
БІЛІҢІЗ. СОНДА
КЕРЕКТЕРІҢІЗ СІЗГЕ
БЕРІЛЕТІН БОЛАДЫ.**

да, оны қолдану үшін ұлым бәрін заң ережесіне сай істеу керек.

Мұнда не дегім келетінін қысқаша қорытындылайын. Иса Патшалықтың қамын ойлаңдар дегенде, үйренуіңіз керек ережелер мен заңдарды біліп шығыңыз деді. Сонда Патшалықтағы өзіңізге тиесілі жарылқауды қолдана аласыз. Келтірген мысалымда көргеніміздей, банкте көп ақшаңыз болса да, заң талаптарын орындамасыңыз, оны ала алмайсыз. Жеке куәлігіңізді үйде ұмытып кетсеңіз, ақша сіздікі болса да, банк оны алуға рұқсат бермейді.

Осыған ұқсас оқиғаларды естіген шығарсыз. Бір атақты адам ауырып қалады. Оның жақындары бұл кісі үшін мінәжат етуге өтініш жасайды. Миллиондаған адамдар осы адамның сауығып кетуі үшін дұға етеді, бірақ ол қайтыс болады. Неліктен?

Немесе біреу сізге әжесі қайтыс болғанын айтады. Әжесі үшін бүкіл отбасы бірге дұға етсе де, Құдай оны өлімнен құтқармады ма? Ол отбасы мұның себебін білгісі келеді. Немесе біреу сізге қаржылық мұқтажы үшін ақшалай тұқым еккенін, бірақ әлі де қаражаттан тарылып жүргенін айтады. Бұл сұрақтарға жауап бар ма?

Жауап бермес бұрын, біз рухани әлемінде болып жатқанның бәрін білмейміз деп келісейік. Мен де бәрін білемін демеймін. Алайда, Құдай Сөзіне сүйенсек, біреу ауырып қалса, Иса олардың емделуі үшін құн төлегенін білеміз. Біз жомарттық танытып, басқаларға көмектессек, Киелі кітапта жазылғандай, өзіміз де жарылқау алатынымызды білеміз. Дегенмен, көптеген адамдардың өмірінде Құдай Сөзі Киелі кітапта жазылғандай іске аспайтынын көріп отырмыз. Бұған Құдай кінәлі ме?

Алдыңғы тарауда білгендерімізді ескеріп, осы сұрақты жақсылап талқыласақ, жоқ, Құдай кінәлі емес екенін білеміз. Олай болса, мәселе неде? Бұл күрделі сұрақ. Адамдардың көпшілігі қайғылы оқиғада Құдайды кінәлайды. Олар Құдайдың зұлымдықты тоқтатуға құдіреті бар болса, бірақ зұлымдық бәрібір жалғаса берсе, Ол

ештеңе істемеуді өз еркімен таңдады деп ойлайды. Бірақ Құдайдың шынымен ізгі екенін және өтірік айта алмайтынын білсеңіз, мәселенің тұптамыры басқа екенін біліп, жауапты басқа жерден іздейсіз.

Қараңғы бөлмеге кіріп келгенде, сіз бірден электр қуатын беретін компанияны айыптай бастамайсыз ғой. Жоқ, алдымен қосқышты басасыз. Ол жарықты қоспаса, лампочкасын тексересіз. Мәселе өз жағыңызда болғуы мүмкін екенін түсінесіз.

Не болса да, оған *ешқашан* Құдай кінәлі емес. Оны Киелі кітаптан және Құдайдың бізге деген ниетін білдіретін уәделерінен білеміз. Осыны білсеңіз, Құдайдың шешіміне кедергі келтіріп тұрған тұйықталуды іздейсіз.

Матай 17:14-23 Исаның шәкірттері жын соққан баладан жынды қуып шығара алмаған кезде осындай дұрыс түсініктерін білдірді. «Неге Құдай сол жынды балада қалдыруды таңдады?» деп сұраудың орнына, олар Исадан: «Неге біз оны қуып шығара алмадық?» деп сұрады. Біздің жағдайымыз Құдай Сөзіне қайшы болып көрінгенде, бұл сұрақ бірден ойымызға түсуі керек.

Ендеше, қайталап айтамын, біріншіден, Құдайдың ізгі екенін, екіншіден, Оның өтірік айтпайтынын білу өте маңызды. Құдай Патшалығының қалай жұмыс істейтінін білгіңіз келсе, Киелі кітапты сұрақ қойып отырып оқуыңыз керек. Есіңізде болсын, Киелі кітаптағы керемет әңгімелер белгілі бір себептен жазылған. Иса сізге бірдеңе көрсетуге тырысады.

Құдайдың Патшалығы – ешқашан өзгермейтін заңдар мен қағидалардың негізінде құрылған патшалық. Фермер жердегі егін егу мен өнім жинау уақытының заңдылықтарын түсініп, пайдаланатындай, бұл қағидаларды да үйренуге және қолдануға болады. Патшалықтың заңдары әрбір азаматқа түсіну және пайдалану үшін берілген. Оларды *кез-келген адам* түсініп ала алады. Кейде бұл заңдардың қалай жұмыс істейтінін білу өмір мен өлімнің арасын шешуі мүмкін.

Марк пен Ханна біздің қауымға келгенде, балалы болғысы келді.

Дәрігерлер Ханнаға әртүрлі физиологиялық мәселелерге байланысты оның құрсақ көтеріп, бала туа алмайтынын айтты. Бірақ ол Құдайдың ізгілігі туралы естігенде және Faith Life қауымында Патшалық заңын зерттей келе, жүкті екенін білді. Ханнаның қуанышында шек болмады. Бірақ көп ұзамай, іші қатты ауыратын болды. Ауырғаны сонша, Ханна бірде есінен танып, талып қалды.

Осындай жағдайдың бірінен кейін, Ханна денсаулығын тексеруге дәрігеріне асықты. Дәрігер ауруханада болған жоқ, бірақ кезекші дәрігер не болып жатқанын түсіну үшін ультрадыбыстық зерттеу жасауды ұсынды.

Дәрігер зерттеуден жатырдың ішінде ұйыған қанның жиналғанын көрді. Құрсақтағы нәрестенің жүрек қағысы естілмеді.

Дәрігер әйелге баланың өлі екенін, түсік түсіру керек екенін айтты. «Ертең ауруханаға қайтып келіңіз. Жатырыңызды тазарту керек» деді. Бірақ Ханна одан бас тартты. Күйеуі Марк Ханнаның шешімін қолдап, Құдай Сөзін және Құдайдың уәделерін Ханнаның есіне салды. Бала тууға деген сенімін бұл ерлі-зайыптылар жоғалтпады.

Сол аптада қауымға келгенде, жиналғандар бірге Ханнаның денсаулығы үшін мінәжат етті. Ханна дәрігердің айтқанына қарамастан, дені сау бала туатынына сенімді болды.

Дүйсенбі күні ол өзінің жеке дәрігеріне барды. Дәрігер тағы да ультрадыбыстық зерттеу жасады. Ханна кейіннен айтқандай, дәрігер аң-таң болып, көргеніне сене алмай тұрып қалды. Ол экранға және бірнеше күн бұрын түсірілген суреттерге қайта-қайта қарай берді. Содан кейін Ханнаға бұрылып былай деді: «Мен дәрігер болып отыз жыл жұмыс істеп келемін, бірақ бұрын-соңды мұндайды көрген емеспін. Өткен аптадағы суреттерден қанның ұйығанын және нәрестенің жүрек қағысы жоқ екенін көріп тұрмын. Бүгінгі зерттеуге қарасам, ұйыған қан ғайып болған. Құрсағыңыздағы бала мүлдем сау. Жүрек соғысы тамаша». Бірнеше айдан кейін Ханна толығымен сау қыз бала туып, оның есімін Эвелин деп қойды. Бір күні ол Эвелин есімінің мағынасын іздеп, оның «өмір» дегенді білдіретінін оқығанда

қатты таң қалды! Осыны жазып отырғанымда, Ханна екінші рет жүкті болып, жақын арада бала туғалы жүр.

Бұл таңғажайып оқиға, сөзсіз, Құдайдың ісі болды. Рухани ғалым ретінде бірнеше сұраққа ой жүгіртуіңіз керек. Бұл неліктен болды? Ханнаны басқаларға қарағанда Құдай ерекше сүйеді ме? Құдай оның баласын емдегені кездейсоқтық па? Бұл жауап беруді қажет ететін сұрақтар.

Қайталап айтамын, қарапайым сенуші үшін бұл керемет ғажайып болды. Бірақ «ғажайып» сөзінің мағынасын қайта қарастыруға шақырамын, өйткені ол әдеттегіден тыс, ерекше нәрсені білдіреді. Құдай Патшалығында бұл жай ғана Патшалық заңының әрекеті болды.

Егер мен бір тас тауып алып, сосын оны жерге тастасам, ол жерге құлайды. Сонда «Мәссаған, көрдің бе? Тас жаңа ғана жерге құлады. Бұл керемет қой!» деп қуансам, мені есінен адасыпты дейсіз ғой. Тастың жерге құлағаны ғажап емес дейсіз, өйткені тартылыс заңы бар екенін және ол *әрқашан және барлығы үшін* бірдей жұмыс істейтінін білесіз. Тас әрқашан жерге түседі.

Сондықтан, рухани ғалым ретінде не болғанын дәл түсінуіңіз керек. Осы оқиғада іске қосылған Патшалықтың заңдарын немесе ол заңдарды ашатын рухани сырларды іздеуіңіз керек.

Осы мәселелерге қатысты Құдай Патшалығының әрекетін тереңірек түсінуге көмектесетін басқа әңгімеге көшейік. Киелі кітаптағы ең керемет оқиғалардың бірі Лұқа Інжілінің сегізінші тарауында жазылған.

Иса Жайырдың үйіне бара жатқанда, халық Оны жан-жақтан қаумалап қыспақтады.

Халықтың арасында он екі жыл бойы қан кетіп ауырып келген бір әйел де бар еді. Ол бар мал-мүлкін дәрігерлерге жұмсағанмен, біреуі де оны емдеп жаза алмады. Әйел Исаның арт жағынан жақындап келіп, Оның шапанының шетіне

қолын тигізді. Сол сәтте-ақ қаны тоқтады. Иса:

— Маған қолын тигізген кім? — деп сұрады. Ешкім де мойындамаған соң, Петір мен оның қасындағылар:

— Ұстаз! Халық Сізді қаумалап қыспақтап тұр ғой. Ал Сіз: «Маған қолын тигізген кім?» дейсіз бе?! — деді. Бірақ Иса:

— Біреу Маған қолын тигізді! Өйткені Менен біраз сауықтыру құдіретінің шыққанын сездім, — деп кесіп айтты.

Әлгі әйел істеген ісін жасыра алмайтынын білген соң қорыққанынан қалтырап, Исаның қасына келіп, аяғына жығылды. Сосын өзінің қандай себеппен қолын тигізгенін және сол сәтте-ақ қалай сауығып кеткенін бүкіл халықтың алдында айтып берді. Иса оған:

— Қызым, сенімің арқылы сауықтың. Аман-есен қайта бер, — деді.

— Лұқа 8:42–48 (ағылшыншадан аударма)

Бұл хикаяда ұзақ жылдар бойы қатты сырқаттанып, жазыла алмай жүрген әйелді көріп отырмыз. Әйел Исаға жақындап барып, оның киіміне қолын тигізді де, дереу сауығып кетті. Бұл оқиға қазынаға толған сандық сияқты. Құдай Патшалығының жұмысы туралы үйренуге болатын кейбір өте терең заттар осында жатыр. Хикая бізге қажетті жауаптардың кейбірін табуға көмектеседі.

Біріншіден, Исаны қоршап алған халықтың бәрі Оған қолын тигізді. Әңгімеде айтылғандай, Оған жақындаған қалың жұрт оны басып кете жаздады. Иса: «Маған кім қолын тигізді?» деп сұрағанда, Петір бұл сұраққа таң қалды, өйткені тағы да қайталаймын, Оған қолын тигізбеген адам болмады. Бірақ Иса бұл адам Оған басқаша қол тигізгенін айтты, өйткені Иса Киелі Рух күшінің Өзінен шыққанын сезді.

Осы әңгімені оқығаннан кейін, рухыңыз сізді кідіртп, не болғанын ойлануға шақыруы керек. Ойыңыз дереу зерттеу режимін қосып, көп сұрақ қоюы керек. Рухани ғалымдар ретінде неліктен басқа біреу емес, дәл осы әйелдің емделгенін түсінейік. Менің ойымша, Исаның

жанында ем іздеп таппаған көп адам болды. Олардың барлығы Исаға қолдарын тигізген, сонда да сауықпаған. «Неліктен рухани құдірет Исаға қолдарын тигізген барлық адамға емес, тек осы әйелге ғана келді?» деген сұрақ қоюымыз керек.

Дәстүрлі діншіл жауап: науқас әйел Иса оны емдегендіктен сауығып кетті. Расында да солай ма? Ол сауыққан кезде Иса оған әдейі қызмет етті ме? Ол әйелге қолын қойып мінәжат етті ме? Ол дертке әйелдің денесінен шығып кетуді бұйырды ма? Жоқ. Шындығында, Иса әйелді халықтың арасынан көрген де жоқ. Исаға кімнің қол тигізгенін сұрауға тура келді.

Сонда Иса оны әдейі сауықтырамын деп таңдау жасады ма? Тағы да қайталаймын, Иса әйелдің қасында жүргенін білмеді. Сонда ол қалай емделді? Неліктен емделді? Рухани ғалымдар ретінде, біз науқас әйел — Құдайдың ерекше балаларының бірі болған немесе Исамен ерекше қарым-қатынаста болған деген пікірді жоққа шығара аламыз, өйткені Елшілердің істері 10:34-те Құдай адамның бет-жүзіне қарамайды делінген.

Сондай-ақ, Иса әйелдің сол жерде жүргенін білмегендіктен, әйел емделуге шешім қабылдағанда, Исаның ол шешімге еш қатысы болған жоқ деуге болады. Исаға Киелі Рух қонғанын, яғни Иса құдіреттің қайнар көзі болғанын білеміз, бірақ Ол *әйелдің* сауықтыру туралы қабылдаған шешіміне қатысқан жоқ.

Иса науқас әйелдің Патшалықтың билігі мен күшімен қалай байланыс жасағанын нақты айтты. Ол: «Қызым, сенімің арқылы сауықтың. Аман-есен қайта бер» деді. Бұл сөз білу керек нәрсенің бәрін айтып, әйел сол күні неге және қалай емделді деген сұрағымызға жауап берді. Рухани ғалымдар ретінде бұл оқиғаны одан да тереңірек қарастырып, сауығудың егжей-тегжейін іздеп көрейік.

Ең алдымен, Иса оған «қызым» дейді, бұл оның Исраил халқының бөлігі, Ыбырайымның ұрпағы болғанын білдіреді. Ыбырайымның қызы ретінде ол Ыбырайымға берілген батаға және Құдайдың Ыбырайыммен жасасқан келісімінің артықшылықтарына ие.

Мен сендердің Құдайларың Жаратқан Иемін. Егер Менің айтқандарыма құлақ асып, Маған ұнамды әділ іс істесеңдер, әрі өсиеттеріме ден қойып, барлық ережелерімді орындасаңдар, онда Мен мысырлықтарға жіберген індет-аурулардың бірде-біреуін сендерге жұқтырмаймын. Себебі Мен сендерді сауықтырушы Жаратқан Иемін.

— Мысырдан көшіп шығу 15:26

Иса оған «қызым» дегенде, Ыбырайымның Құдаймен жасасқан келісінде қандай игілік табылса, соның бәріне оның заңды құқығы бар екенін білдірді. Алайда әйелдің сауығып кетуіне бұл жалғыз себеп бола алмайды, өйткені Исаны жан-жақтан қаумалағандардың бәрінде де бірдей заңды құқық болды. Құдай Патшалығының күш-қуатының ағымына тағы бір нәрсе себеп болуы керек. Иса бізге тағы бір себепті айтты. Шындығында, әйел *нақты* осы себеппен ем ала алды.

Иса әйелдің сенімінің арқасында сауыққанын айтады.

Енді біз оның неліктен Құдайдан шипа ала алғанын білеміз. Заңды түрде ол Ыбырайымның қызы болғандықтан сауығуға құқылы болды, екіншіден, сенімі бұл күштің сол сәтте денесіне енуіне мүмкіндік берді.

Әйелдің Ыбырайымның ұрпағы екенін сіздің үйіңізге электр тоғын жүргізген компаниямен салыстыруға болады. Электр тоғы бар, бірақ жарық өз-өзімен жанбайды. Шам жану үшін қосқыштың тетігін басу керек.

Демек, Ыбырайымның заңды ұрпағы ретінде бұл әйелдің емделуге заңды құқығы болды. Дегенмен, жер бетінде және әйелдің өміріне өзгеріс әкелуге заңды құзырет әйелдің өзінде болғандықтан, бұл билікті босату үшін ол «қосқышты» өзі барып қосуы керек болды. Ол қосқыш қай жерде орналасқан? Оны қалай қосуға болады? Мұны түсіну үшін маңызды ұғымдарға анықтама берейік.

Сенім дегеніміз не?

Сенім — сенушілер тым еркін, мән берместен қолдана беретін ұғым. Басым көпшілігі болмаса да, көбісі сенімнің не екенін, оның

не үшін қажет екенін, сенімде жүргеніңді қалай білуге болатынын және сенімге қалай жетуге болатынын білмейді. Сенім әйелдің денесіне емдейтін құдіреттің ағып, оны сауығуына мүмкіндік беретін қосқыш болса, онда біз сенімге өте мұқият болуымыз керек! Сенім анықтамасын Римдіктерге жазылған хаттан табамыз.

Үміттенетін еш шара қалмаған кездің өзінде Ыбырайым үмітін үзбей, сенімінде берік тұра берді. Сондықтан да ол «Сенің үрім-бұтағың да осындай сансыз көп болады!» деген уәде бойынша көптеген халықтардың рухани түп атасы болды. Жасы жүзге келіп қалған Ыбырайым өз денесінде ешқандай күш қалмағанын, әйелі Сараның да құрсағына бала бітпейтінін жақсы білгенімен, уайымдап сенімін әлсіретпеді. Қайта, Ыбырайым Құдайдың уәдесіне күмәнданбай, Оған деген сенімінен қуат алды. Осылай ол Тәңірдің өз уәдесін орындай алатынына қалтқысыз сеніп, Оған құрмет көрсетті.

— Римдіктерге 4:18–21

Осы оқиғаның мән-жайын қарастырайық. Ыбырайым мен Сара балалы бола алмады. Олардың бала көтеруі қиын екен және олар үміт үзбей, жүкті болуға тырысуды жалғастыру керек деген мағынада емес. Олардың жасы жүзге таяп қалды. Денелері бала көтеретіндей емес. Жүз жаста жүкті болу мүмкін емес! Құдай Ыбырайымға ұл уәде етті. Бірақ табиғи тұрғыдан бұл орындала алмайды.

Киелі кітапта Ыбырайымның табиғи жағдайларға қарамастан, Құдайдың айтқанын орындауға құдіреті бар екеніне *толық сенгені* айтылған. Міне, сенімнің анықтамасы: «Құдайдың уәде еткенін орындауға құдіреті бар екеніне толық сенімді болу».

Мен былай деп қосар едім: **«Жүрегіңіздің Құдайдың сөзімен толығымен келіскені»**. Бұл Құдайдың айтқанына тек ақыл-оймен ғана емес, бар жан-дүниенің сену.

Сонымен, сенімнің анықтамасы.

Менімен бірге дауыстап айтыңыз: Сенім — бұл Құдайдың айтқанына толық, қалтқысыз сенімділік! Біздің жүрегіміз бен санамыздағы көкпен бірге *тұтастай келісім*.

Сенім не үшін қажет?

Құдай ауруханада жатқандардың бәрін сауықтыра алады ғой, неге оны істемейді? Соғыстарды неге тоқтатпайды? Неліктен Ол Ізгі хабарды уағыздау үшін періштелерді жібермейді? Сіз бұл сұрақтардың барлығын бұрын естіген шығарсыз. Жауабы, Құдай оның бәрін істей алмайды. Құдайдың мұны істеуге *құдіреті* жоқ емес, бар. Бірақ оны жасауға *құзыреті* жоқ. Менің не айтып тұрғанымды түсіну үшін Еврейлерге 2:6-8-ді оқиық.

Қайта, Киелі жазбалардың бір жерінде осы туралы біреу мынаны байыппен айтқан ғой:

«Өзің ескеретіндей адам сонша кім?

Сен қамқорлайтындай адам баласы кім?

Оны періштелерден сәл төмен қойдың,

Құрмет, салтанатты оған тәждей сыйладың,

Бәрін де оған бағындырып бердің».

Құдай адам баласына бәрін де бағындырып берген кезде оған бағындырмаған еш нәрсені қалдырған жоқ. Алайда біз бәрінің де адам баласына бағынғандығын қазір көре алмаймыз.

— Еврейлерге 2:6—8

Адам жаратылғанда, Құдай оған бүкіл жер жүзін билеуге толықтай заңды үстемдік берді. Адамның құзырына жатпайтын, билігінен тыс ештеңе қалған жоқ. Ол жердегі патшалықты абсолютті билікпен басқарды. Оның үстемдігі мен билігін адамды жерге

орналастырған үкімет қолдады. Яғни, Құдай Патшалығы оны жерге өкіл етіп қойды. Адам Патшалықтың тәжін киді. Ол тәж Құдай даңқының, құдіретінің және адамға берілген құрмет пен биліктің белгісі болды.

Әрине, тәж дегенімде, мұнда ол астарлы мағынада. Адам атаның қолмен ұстап көруге болатын тәжі болған жоқ, бірақ тәж бейнелейтін билігі мен қадір-құрметі болды. Мұны жақсырақ түсіну үшін нағыз патшаны елестетіңіз. Ол қарапайым адам болса да, табиғаттан тыс бір күшке ие болмаса да, оның тәжі бар. Тәж патшаның бүкіл патшалық пен үкіметке тарайтын билігін білдіреді. Патшаның сөзінде салмақ бар, себебі ол сөзге күш беретін — бүкіл патшалықтың қуаты мен ресурстары.

Жол полициясын еске алсаңыз, оның қызметкері заңның атымен дәу жүк көлігін тоқтата алады. Иә, жүк көлігі адамнан әлдеқайда үлкен, адам өз алдына жүк көлігіне тең келмейді. Бірақ жүк көлігі полиция қызметкері үшін емес, үкіметтің билігін бейнелейтін төсбелгісі үшін тоқтайды. Бұл жағдайда төсбелгіні таққан адамнан үкімет әлдеқайда үлкен. Жүк көлігінің жүргізушісі жалғыз адамнан қорқаннан емес, бұл адам өкілдік ететін үкіметтен қорқаннан тоқтайды. Мұнда да тура солай. Адам жердегі патшалықта жаратылыстың бәріне билік етті. Даңқ пен құрмет тәжі Құдайдың билігі мен үстемдігінің белгісі. Ол тәждің арқасында, адамның әрбір сөзі Құдай Патшалығының атынан айтылғандай маңызды болды.

*Заңғар көк — Жаратқанның иелігі,
Ал жер бетін Ол адамзатқа берді.*

— Забур 113:24

Адамның жердегі құзыретін түсінбесеңіз, Патшалық заңын

түсінбейсіз. Бұл Құдайдың қандай да бір жағдайда әрекет етуге заңды құзыретке ие болуы үшін неге сенім қажет екенін түсіндіреді.

*Сонда Иса оларға: «Өз ел-жұрты мен үй ішінен өзге жерде пайғамбар қадірсіз болмас», — деді. Содан да Иса сол жерде бірқатар науқас адамдарға қолын тигізіп сауықтырғаны болмаса, **басқа кереметтер жасай алмады**, әрі жұрттың сенбеушілігіне таңғалды.*

— Марқа 6:4-6

Көшедегі адамдардан Исаның қолынан ғажайып жасау келе ме деп сұрасам, олар иә деп жауап беретін шығар. Киелі кітапта Иса керемет жасағысы келген, бірақ жасай алмаған кез бар ма деп сұрасам, не дер еді? Киелі кітапта мұндай оқиға жоқ деп айтатындарына күмәнім жоқ.

Дегенмен, ондай жағдай болған екен. Жаңа ғана оқыдық — Иса оларды емдей алмады. Мен рухани ғалым ретінде мұның себебін білгім келеді.

Жауабы қарапайым. Исаның адамдарды емдеуге қабілеті болмады. Өйткені, адамдардың сенімі болмады. Яғни көкпен келісім жоқ, сондықтан көк Патшалығы бұл жағдайда заңды құзыретке ие бола алмады.

Осы тұсты жақсы меңгеріп алыңыз.

Ер немесе әйел адамның СЕНІМІ болмайынша, яғни көктің айтқанымен толық келісіп, қалтқысыз сенбейінше, Құдай Патшалығының жер бетінде құзыреті болмайды.

Миллиондаған адам біреу үшін мінәжат етсе де, ол кісі бәрібір қайтыс бола алады деп айтқаным есіңізде ме? Неге олай? Басты себеп, тағы да, сенімнің жоқтығы. Көптеген адамдар сенімді көп шу шығарумен шатастырады.

Құдайға сиынғанда жалған тәңірлерге құлшылық етушілер іспетті құр сөз сөйлей бермеңдер! Олар көп сөз айтсақ еститін болады деп есептейді. Сендер сондайларға ұқсамаңдар! Себебі көктегі Әкелерің өздерің сұрамай тұрып-ақ, сендерге не керек екенін біледі.

— Матай 6:7-8

Неғұрлым көп адам дұға етсе, соғұрлым Құдай тез естіп, көмектесуге асығады деп ойлайды көпшілігі. Осы сәтке дейін сенім, құзырет, билік ұғымдарын талдадық. Сондықтан ол пікірдің мүлдем қате екенін түсінесіз деген үміттемін. Сенім жоқ дегенде мен Құдай мұқтажын беретініне жеткілікті сенбейтін адам жайлы айтамын. Марқа 6-тарауда Исаның сенімі мол болса да, науқастарды сауықтыра алмады.

Сіз бен біз үлкен ықпалы бар науқас досымыздың жағдайын айтып жатырмыз делік. Оның сауығуы үшін миллиондаған адам дұға етіп жатыр. Мұнда ең біріншіден: «Науқастың өзі не дейді?» деп сұрар едім. Бірде-бір адам басқа адамға рухани тұрғыдан үстемдік ете алмайды. 20 миллиард адам біреу үшін бірігіп мінәжат етсе де, ол кісінің өзінде сенім болмаса, ол өзі өлемін деп отырса, бәрібір қайтыс болады.

Тағы да, Марқа 6-тарауда оқығанымызды қарастырайық. Біз Исаның сауықтыруға сенімі болғанын білеміз. Бірақ адамдар өз сенімдерін іске қоспаса, онсыз Исаның Өзі де ештеңе істей алмады.

Қауымдағылар маған ата-әжесі немесе туыстары ауырып жатыр деп үнемі келіп жатады. Науқас үшін дұға еттік, бірақ түк те өзгерген жоқ дейді. Менің ондайда әдеттегі сұрағым: «Әжеңіз не дейді? Атаңыз не дейді? Сенімдері бар ма?».

Көрдіңіз бе, сізде өзгеге тарайтындай рухани күш жоқ. Сіз оған қызмет ете аласыз, бірақ ол адам өзі де белсенді болуы керек. Сондықтан менің айтарым, қызметтің жемісін көргіңіз келсе, алдымен науқастың санасындағы бейнені өзгерту керек. Науқас адам өз жағдайын қалай елестетінін айтып отырмын. Оған діни сөзді

жаудырмай-ақ қойыңыз, қайта бейне салып беріңіз.

Бұл туралы Жақия пайғамбар шәкірттерінен хабар алып тұрды. Жақия олардың екеуін шақырып алды да, Иеміз Исаға жіберіп, Одан: «Келетіні ежелден-ақ уәде етілген Құтқарушымыз шынымен Сізсіз бе? Әлде басқа біреуді күтуіміз керек пе?» — деп сұратты. Олар Исаға келіп:

— Шомылдыру рәсімін жасаған Жақия бізді: «Келетіні ежелден-ақ уәде етілген Құтқарушымыз шынымен Сізсіз бе? Әлде басқа біреуді күтуіміз керек пе?» деп сұрауға жіберді, — деді. Сол сәтте Иса көптеген адамдарды ауру-сырқауларынан сауықтырып, қинаған жындыларынан арылтып, көп соқырларға рақым көрсетіп көздерін ашып жатты.

Сонда Иса жіберілген кісілерге:

— Сендер көріп-естігендеріңді Жақияға барып, айтып беріңдер: соқырлар көріп, сал болғандар жүріп, алапестер құлантаза сауығып, саңыраулар естіп, өлгендер қайта тіріліп, жарлыларға Ізгі хабар жарияланып жатыр.

— Лұқа 7:18-22

Исаның Жазбаға сілтеме жасамағанына назар аударыңыз. Ол: «Жоханға қайтып барып, Жазбаның мына немесе ана үзіндісін айтыңдар» деуіне болар еді. Жоқ, Ол Құдай Патшалығының арқасында болып жатқан барлық жақсылықтар туралы айтты.

Сіз де солай істеңіз. Науқас досыңызға Исаның басқа біреуді қалай сауықтырғаны туралы айтып беріңіз. Мүмкін болса, олардың денесіне әсер еткен дәл сол аурудан айыққан адамның әңгімесін айтыңыз. Бұл бейне досыңызды жігерлендіріп, оған үміт береді. Үмітпен бірге әрқашан бейне жүреді. Досыңыз сол бейнені көріп, дертінің емі бар екеніне көз жеткізсе, тамаша емес пе?

Досыңыз сауығуға болатынын көргенде, ол қалай деп сұрайды. Бұл сіз күткен сәт. Досыңыз енді Құдай Сөзіне және Құдай

Патшалығының қағидаларына қатысты нұсқау алуға дайын. Осы кезде уағыз айтудың қажеті жоқ. Ең біріншіден, досыңыз әлі Исаны Құтқарушым деп жүрегіне қабылдамаса, ол рухани қайта туылу керек. Екіншіден, емделу туралы айтатын Жазба үзінділерін түсіндіруге біраз уақыт бөліңіз. Мүмкін болса, сөзіңізді бекіту үшін кітапшалар мен видеосабақтар қалдырып кетіңіз. Осылайша біз жүздеген адамдардың сауығып, аурудан бостандық алғандарын көрдік. Мінәжат етпес бұрын мен адамнан оның неге сауығып кететініне сенетінін сұраймын. Олардың сенімі тек мінәжатқа емес, Киелі жазбаға негізделгенін қалаймын.

Енді сенімнің көкпен келісім екенін, жүрегіңіздің Құдайдың айтқанымен толықтай келісімде болғаны екенін білеміз. Сонымен қатар, сенім Құдайға жерде әрекет ету үшін қажет заңды құқық беретінін білеміз.

Сенімге қалай ие боламыз?

Сонымен, сенім хабарды естуден келеді, ал естудің өзі Мәсіхтің сөзін жариялаудан болады.

— Римдіктерге 10:17

Құдай Сөзін есту арқылы сенім қалай пайда болады? Оны мүмкін ететін не? Адамның рухында сенім қалыптасу үшін Сөзді тыңдау жеткілікті ме?

Сенім қалай келетінін және Римдіктерге 10:17-нің мағынасын түсіну үшін Марқа 4-ті қарастырайық. Менің әрқашан айтатыным, Киелі кітапты жоғары лақтырып қалсаңыз, ол жерге түскенде Марқа 4-те ашылуы керек — ол тұстың маңызы сонша! Марқа 4:13-те Исаның үйреткенін түсінбесеңіз, Киелі кітаптағы басқа астарлы әңгімелердің ешқайсысын түсінбейсіз. Бұл менің сөзім емес, Исаның Өзі солай айтты. Сондықтан, ден қойып оқиық.

Марқа 4 тарау неліктен сонша маңызды? Өйткені ол бізге аспанның жер әлемімен қалай әрекеттесетінін, ол үшін заңды құзыретке қалай

ие болатынын және мұның бәрі қайда орын алатынын айтады. Осы тараудың не дейтінін білу – сіздің өміріңіз үшін ең маңызды зат.

Тарауда Иса сенімнің адам рухында қалай тұатыны туралы үш астарлы әңгіме айтты, бұл, өздеріңіз білетіндей, көктің жерде заңды жұмыс істеуіне қажет шарт. Бұл тараудағы үш әңгіме – егінші, тұқым шашатын адам және қыша дәні туралы әңгімелер. Исаның Марқа 4-те айтатын екінші әңгімесі, тұқым себуші туралы хикаядан бастайық.

Иса тағы да былай деді: «Құдайдың Патшалығы мынаған ұқсас: біреу егіндікке тұқым сеуіпті. Ол ұйықтап жатсын, не жүріп-тұрсын, бәрібір, тұқым күні-түні көктеп, өсе береді. Әлгі адам оның қалай өсіп жатқанын түсінбейді. Жер өздігінен алдымен көк өскінді, содан кейін масағын шығарып, соңынан масақтағы дәндерді өсіріп толыстырады. Егін піскенде оратын мезгілі жетіп, диқан оған дереу орақ салады»

— Марқа 4:26-29

Ең алдымен біз мұндағы ұғымдарға анықтама беруіміз керек. Иса айтқан тұқым дегеніміз не және жер дегеніміз не? Иса осы екі сөзді астарлы әңгімеде анықтайды.

Тұқым – Құдай Сөзі, ал жер – адамның жүрегі немесе рухы. Сонымен, астарлы әңгімеде Иса адам жүрегіне Құдай Сөзін егетінін айтады. Содан кейін топырақ, яғни *адамның жүрегі өздігінен* сенім тұдырады, яғни аспанмен келісімге түседі. Бұл адам рухының табиғи қабілеті және қызметі. Рухқа не салынса, ол соны еселеп қайтарып береді.

Жалғастырмас бұрын, сенім туралы анықтамамызды есте ұстайық: *ер немесе әйел адамның көктің айтқанына толықтай сенген жүрегі.*

Көкпен келісу Құдай Сөзімен ойша келісумен бірдей емес. Онда айырмашылық бар. Киелі кітапта Ыбырайымның *қалтқысыз сенгені* айтылған. Қалтқысыз, еш күмәнсіз сенімділіктің не екенін, қалай сезілетінін түсіну үшін, келесі мысалды қарастырайық. Мен сізге Нью-Йорктегі Эмпайр Стейт Билдингтің төбесінен секіріңіз деп айттым

дейік. Сіз секірсін деп, былай деймін: «Құс қанатын қаққандай, қолыңызды тез-тез жоғары-төмен бұлғасаңыз, жерге аман-есен жетесіз». Бетіме күліп жібересіз ғой, себебі олай істесеңіз, НАҚТЫ не болатынын білесіз. Нәтижесіне қалтқысыз сенімді болар едіңіз. Толықтай, күмәнсіз сенім дегеніміз осы. Өзіңіз де сенімді екеніңізді білесіз, басқа нұсқалар жоқ. Секірсең, өлесің.

Олай болса, басқа жағдайды алып, оны қалай шешуге болатынын көрейік. Сіздің денеңізде өте байқалатын, үлкен түйін бар делік. Дәрігер шамамен бір ай өмір сүретініңізді айтты: ол қатерлі ісік. Оның үстіне, дәрігер бұл ісіктің түрі өте сирек кездесетінін, мұндай диагнозбен аман қалған бірде-бір адам жоқ екенін айтады. Бірақ сіз Петірдің 1-хатында не жазылғанын білесіз делік.

Біз күнәнің құлдығынан босатылып, әділ өмір сүре алуымыз үшін Мәсіх айқыш ағашта күнәларымыздың айыбын өз денесінде көтеріп тұрды. Осылай Оның жаралары арқылы (рухани дертімізден) сауықтық

— Петірдің 1-хаты 2:24

Жазба мәселенің жауабын беріп тұр, бірақ сіз бен біздің проблемамыз өте күрделі. Біз қараңғылық патшалығында өстік, айналамыз өтірік пен өлімге толы. Біз қорқыныш әлемінде өстік, қорқыныш не десе, толықтай сенеміз. Жоғарыдағы мысалға осы адами көзқараспен қарасақ, қатерлі ісіктің өлтіре алатынын білеміз. Әрбір бұқаралық ақпарат құралдарында біз мұның рас екеніне дәлел таба аламыз. Ендеше, немен келісетініңізді қалай өзгертеміз? Құдайдың айтқанына қалай толығымен сене аламыз? Шындығында, ол жалғыз өзіміздің қолымыздан келмейді. Бірақ Құдай Сөзі тірі және құдіретке толы. Оны рухыңызға ексеңіз, онда ол өз-өзімен көктің айтқанымен келісе бастайды.

Иса тағы да былай деді: «Құдайдың Патшалығы мынаған ұқсас: біреу егіндікке тұқым сеуіпті. Ол ұйықтап

*жатсын, не жүріп-тұрсын, бәрібір, тұқым күні-түні көктеп, өсе береді. Әлгі адам оның қалай өсіп жатқанын түсінбейді. **Жер өздігінен** алдымен көк өскінді, содан кейін масағын шығарып, соңынан масақтағы дәндерді **өсіріп толыстырады**. Егін піскенде оратын мезгілі жетіп, диқан оған дереу орақ салады».*

— Марқа 4:26-29

Топырақ (яғни жүрек) өздігінен келісімге келеді. Назар аударыңыз, сенім үшін дұға ете алмайсыз, бұл жүрегіңіз бен Сөздің еңбегі. Осы үзіндіге қарап, жүрегіміз бен көктің үйлесуі уақыт талап ететін үрдіс екенін, бір сәтте-ақ бола қалмайтынын білеміз. Жүрегіміз Сөзді қабылдағанда, шөптің талы немесе жаңадан егілген көшет өсетіндей, сенім өсе бастайды. Өсуін жалғастырып, сабаққа айналады. Содан кейін тұқым немесе жеміс пісе бастайды. Өсудің осы кезеңінде әлі жейтін ештеңе жоқ. Өсімдігіміз әлі жетілген, піскен жеміс бермеді, бірақ ол өсіп келеді.

Құдай Сөзі де солай. Сенім күшейген кезде, физикалық әлемде көрінетін өзгерістер әлі болмайды. Әзірге келісім жоқ, бірақ егін өніп, сенім арта беріп, келісім туатынына күмәнданбаңыз. Иса масақтағы дән толық піскен кезде, егіннің оралатынын айтады, яғни, енді сенім бар.

Жерге тұқым еккен кезде ол көктеп, өсе бастайды, бірақ әлі жеміс жоқ. Орта сай болса, егін өсе береді. Ал піскен кезде жеміс береді.

Сіз жүгері өсірдіңіз делік. Жүгері кішігірім ғана көк өскін шығарады, бірақ ол жемісі жоқ кішкентай ғана гүл. Маусым ілгерілеген сайын жүгері пісіп-жетіледі. Мұны түсіну керек! Жүгері дәні жерге себілген жүгері дәнімен бірдей болғанда олардың арасында келісім болады.

Өсімдіктің масағындағы дән пісіп жетілгенде, ол ТУРА егілген дән сияқты болады.

Жүгері отырғызсаңыз, піскен тұқым сіз отырғызған тұқымға сәйкес келеді. Олар бірдей. Олардың сыртқы түрі мен дәмі бірдей, оларды ажырата алмайсыз.

Сонымен, Исаның сөзін тағы да қарап шығайық. Біз Құдай Сөзін естігенде (Рим. 10:17-ні қараңыз), шын мәнінде оны рухани тұлғамызға, жүрегімізге себеміз. Сөзді жүрегімізде сақтасақ, ол өсіп, жетіледі. Ол піскен кезде, біздің жүрегіміз көктің айтқанына толықтай сенімді болады. Аспан мен жер бір-біріне үйлесіп, қалтқысыз сенімі бар адам арқылы аспан жерде әрекет ету үшін заңды құзырет алады. Біздің ойларымыз бен пікірлеріміз аспанның айтқанына толық сенімділікпен сәйкес келеді. Бұл тек ойша нәрсе ғана емес. Тасты лақтырса, оның жерге түсетінін қалай білсек, тұра сол сенімділікпен Құдайдың Сөзін білеміз. Аспан Сөзді жердегі Патшалыққа егеді, сонда ол келісім тауып, Құдайдың еркін болдырады. Егер аспан емделдің десе, сол Сөз жүрегіңізде пісіп жетілгенде, аспанның айтқанын көреміз. Енді қорқыныш жоқ. Көзіңізді жұмсаңыз, сауыққаныңызды көресіз. Сондықтан Еврейлерге арналған хатта былай делінген:

Ал сенім дегеніміз — үміттенгеннің жүзеге асатынына күмәнданбау, әлі де көрінбей тұрған уәденің орындалуына шүбәсіз илану.

— Еврейлерге 11:1

Уәденің орындалғанын әлі көзіңізбен көрмеуіңіз мүмкін, бірақ рухыңызда оны көре аласыз. Ол қолмен ұстауға болатындай шынайы. Бұл келісім сенім деп аталады және сенім Құдай Сөзіндегі бейненің жердегі патшалықта, сіздің өміріңізде жүзеге асуына себеп болады!

Тоқтай тұрыңыз, Марқа 4 мұнымен бітпейді. Жүрегіміз көкпен қалай келісетінін және сенімді дамытуды білдік. Бұдан кейін сенім өнімін жинау туралы нұсқау бар.

Егін піскенде оратын мезгілі жетіп, диқан оған дереу орақ салады.

— Марқа 4:29

Байқасаңыз, жүрек көкпен үйлессе де, сенім болса да, әлі ештеңе өзгерген жоқ. Неліктен? Басынан айтып келе жатқанымыздай,

жердегі заңды құзырет сіздің қолыңызда.

Науқас әйел жайлы Лұқа 8-дегі әңгіме есіңізде ме? Исаның: «Қызым, сенімің сені құтқарды» дегені есіңізде ме? «Қызым» деген сөздің аспан алдындағы лайықты орынды білдіретінін сонда айттым. Ол Ыбырайымның қызы болғандықтан, оның заңды құқықтары болды.

Мен мұны сіздің үйіңізге электр станциясының сымдары қосылғанымен салыстырдым. Электр қуаты бар және қол жетімді, бірақ сіз шамды өзіңіз қосуыңыз керек. Бұл бірдей. Сенім болған кезде, қуат та бар, бірақ әлі ештеңе болып жатқан жоқ, өйткені қосқышты басу керек.

Құдай Патшалығының күшін жердегі патшалықта босатып шығару — СІЗДІҢ міндетіңіз, өйткені мұны заңды түрде тек сіз, жер бетіндегі ер немесе әйел адам, істей аласыз. Римдіктерде арнадған хатта айтылғандай, дәл осылай құтқарылып едіңіз.

Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады.

— Римдіктерге 10:10

Жүрекпен адам Сөзге сенеді және ақталады. Ақталу дегеніміз – заңның орындалуын білдіретін құқықтық термин. Демек, еркек немесе әйелдің жүрегі көкпен үйлессе, көктің айтқанына сенсе, олар көк пен жердің алдында ақталып шығады. Енді көк Құдай Патшалығының атынан құтқарылған адамның өміріне ағылып, өмірі *арқылы* жерге әсер ете алады. Бірақ, бір қызығы, сенім және заңды құзырет бар болса да, еш әрекет болып жатқан жоқ. «Гәри, мен сенімде болсам, бұл Құдай Патшалығына жерге келу үшін заңды құзырет береді демеп пе едіңіз?». Бұл дұрыс, бірақ сенім пайда болған кезде көктің құдіретін біреу босатып шығаруы керек. Жазбамызға тағы бір көз жүгіртейік.

Себебі Мәсіхке жүрегімен сенуі арқылы адам күнәсінен ақталады, Оны аузымен мойындауы арқылы құтқарылады.

— Римдіктерге 10:10

Сеніміңіз бар болғанда, яғни ақталғаныңызда, аспан жерге басып кіруге құқылы, бірақ құтқарылу үшін *ауызбен мойындау* керек деп айтылған. Екі бөлікті көріп тұрсыз ба? Көктің рөлі – сіздің жүрегіңізге Сөзді әкелу, сонда жүректе келісім туады.

**СЕНІМІҢІЗ БАР
БОЛҒАНДА, ЯҒНИ
АҚТАЛҒАНЫҢЫЗДА,
АСПАН ЖЕРГЕ БАСЫП
КІРУГЕ ҚҰҚЫЛЫ**

Содан кейін, келісім немесе сенім пайда болғанда, сіз осы келісімге сәйкес әрекет етуіңіз керек. Көктің айтқанын шынымен алу үшін Құдай Патшалығының құдіретін пайдалануға рұқсат беруіңіз керек. Жазбада Марқа 4:29-да егін жинауға уақыт келгенде, адам (жердегі) орақты салады делінген. Сенім пайда болған кезде Құдай Сөзіне сәйкес әрекет етіп, осы өнімді жинап алатын – адамның өзі.

Бір сәт кері оралып, Марқа 4-тегі орақ туралы сөз қозғауға рұқсат етіңіз. Қауымдағы адамдардың көпшілігіне орақты қалай пайдалану керектігін ешкім үйретпеген, яғни олар өздеріне қажетті өнімді қалай жинау керектігін білмейді. Жаратқан Ие маған Құдай Патшалығы қалай жұмыс істейтінін үйреткенше мен де мұны білмедім. Патшалықтың осы маңызды қадамы туралы алғашқы аянымды қалай алғанымды айтып бермекпін.

Бірде қонақ ретінде Атлантадағы қауымда уағыз айтуға шақыру алдым. Бұл сәрсенбі күні кешкі жиналыста болуы керек. Бұл кішігірім ғана қауым еді, бірақ ол маған кедергі емес. Көп адам, аз адам болсын, мен Құдай Патшалығы туралы тәлім беруді ұнатамын. Қауымға келсем, есік құлыптаулы, ешкім жоқ. Біртүрлі. Жиналыстың басталуына он минут қалғанда, жүк көлігінің қатты гуілдегенін естідім де, бұрылып қарасам, қауым ауласына кіріп келе жатқан ескі жүк көлігін көрдім. Бұған аса мән берген жоқпын – Атлантаның орталығы ғой.

Сөйтіп күтіп тұрғанымда, ғимараттың ар жағынан бір адам көрінді.

Ол маған жақындап, өзін бағушымын деп таныстырды. Кешігіп келгеніне кешірім сұрап, ескі жүк көлігінің оталмай қойғанын айтты. Ілінісу механизмі істен шыққандықтан, бағушы көлікті жақын жердегі төмпешіктен итеріп барып оталдыруға мәжбүр болыпты. Кейде жүк көлігі мүлде іске қосылмайтынына шағымданып, қауымға жету үшін бес миль жаяу жүретінін де айтты. Мойындауым керек, аздап таң қалдым.

Содан кейін қауым ең алдымен әлеуметтік қызмет екенін және ай сайын мыңдаған адамдарды тамақтандыратынын, әдетте айына 10 000-нан астам тамақ беретінін түсіндірді. Бағушыны тыңдап жатып, көңілімнің түсіп кеткенін байқадым. Міне, Құдайдың нағыз қызметшісі, айына 10 000 адамды тамақтандырады. Оның жақсы көлігі неге жоқ? Мен көмектесе аламын. Менің 20 000 миль жүрген, әлі тозбаған көлігім бар. Бағушыға соны бергім келді. Мен оған ниетімді айтып, көлікке өз адамымды мінгізіп, Атлантаға жіберетінімді айттым. Ол, әрине, қуанып қалды.

Мен сол кешті оған және оның кішігірім қауымына Құдай Патшалығы мен оның ақшаға қатысты қалай жұмыс істейтінін үйретумен өткіздім. Құдай Патшалығына өте мұқтаж адамдар көп. Осы сенушілер бүгіннен бастап оларға Құдай Патшалығының не екенін, әрі қандай құдіретті екенін көрсетулері керек.

Үйге келген соң, уәде еткен көлігімді Атлантаға жөнелтуді ұйымдастырдым. Жұмыскерім көлікті алуға келгенде, мен көкпен рухани мәміле жасап жатқанымды білдім. Бұл көлікті Құдай Патшалығына беру арқылы, маған қажет болса, Құдай өзіме көлік береді. Көлікке аса әуесқой емеспін, оған ерекше қызығушылығым жоқ. Кейбір адамдар кәдімгідей көліктің түр-түрін зерттеп, ерекше көлік мінгілері келеді. Менде ондай ынта жоқ. Жұмыскерім көлікті алып кетуге келгенде, көлікке қолымды қойып: «Әке, мен бұны Атлантадағы қызметке беремін. Оны бере отырып, тұқым сияқты егемін және _____ алатыныма сенемін». Қандай көлік алғым келетінін ойлап таба алмадым. Сондықтан Құдайға: «Бұл туралы кейінірек айтамын!» дегендей болдым.

Келесі бірнеше айда көлік туралы ойлауға уақытым болған жоқ. Бір күні таңертең Дрендадан қандай көлік қалайтынын сұрадым. Біраз ойланып алып, әйелім кабриолет мінгісі келетінін айтты. Кабриолеттің қай түрі десем, екеуіміз де нақты жауап бере алмадық. Дрендаға көлік сатып алмақшымын, сондықтан дәл әйелімнің ұнатқанын алғым келді. «Интернеттен немесе дүкендерден қарап жүр, ұнағаны табылса, маған айт» дедім. Жаңа көлік алғымыз келетінін ешкімге айтқан жоқпыз. Қала аралағанда, назар аударатын көлік табыла ма деп, жан-жағымызға қарай жүрдік.

Бір күні біз жақын жердегі мейрамханаға түскі ас ішуге бардық. Кенет Дренда: «Міне, мынау! Маған ұнайтын көлік!» деп дауыстады. Әйелім тұрақтың арғы жағына нұсқады. Мен көлік тұрағын айналып өтіп, 6 сериялы BMW кабриолетінің артына тоқтадым. Бұл сөзсіз әдемі көлік. Оның үстіне, қымбат көлік деп қосамын. Дренданың талғамын мақтап, тамаша көлік таңдағанын айттым.

Дренда екеуіміздің көлікке көп ақша төлемейтінімізді білуіңіз керек. Жоғарыда айтқанымдай, мен ешқашан көлікке әуесқой болған емеспін. Қаржы саласында жұмыс істегеннен, көліктің қаншалықты тез құнсызданатынын білдім. Ең тиімдісі – бір немесе екі жыл мінілген көлік сатып алу. Сондықтан жоспарым сондай болды: жақсы пайдаланылған көлік іздеп табу.

Бір аптадан кейін қауымдағы бір жігіт маған қоңырау шалып: «Дренданың көлігін таптым!» деді. Мен таң қалдым, өйткені біз сол күні түскі ас кезінде көрген BMW туралы ешкімге айтпаған едік. Қандай көлік тапқанын сұрасам, 6 сериялы BMW кабриолеті екен. Досым оны өз шаруасымен қала аралап жүргенде көргенін айтты. Құдай оған бұл Дренданың көлігі деген екен. «Ал, назарым сенде» деп мен досымның сөзін тыңдадым. Көлік бір жыл мініліпті, өте жақсы күйде. Оған қолма-қол ақша төледік те, Дренда армандаған көлігін алды. Мәссаған, бұл қалай болды?

Сенімде жүру және орақ салу туралы айтқанымызды осы оқиғамен салыстырайық. Атлантадағы бағушыға көлігімді бергенде,

мен сенімде болдым. Дренда дауыстап «Міне!» дегенде, ол орақты салды. Сөйтіп бірнеше күннен кейін көлік пайда болды. Әйелімнің «Міне!» дегенін естісем де, оның сөзін Марқа 4-тегі орақпен байланыстырған емеспін. Бірақ келесі оқиға оны анық көрсетті.

Айтып өткенімдей, менің 24 гектар жерім бар, оның екі жарым гектардайы батпақ жер. Күзде аң аулағанды жақсы көремін, орта мектепте оқып жүрген кезімнен үйрек атқан едім. Бірақ Огайо штатында үйрек атқан емеспін. Сол жылы жер өте батпақты болды, үйректер көптеп ағылып келді. Күн сайын жүздеген құс түнейтін болды. Бір күні кешке мылтық алып, кешкі асқа үйрек атып келдім.

Сол күзде мен де, ұлдарым да жақсы үйрек аттық. Сонда бір нәрсені байқадым: көбінесе үйректер ең алыс ату қашықтығында жүреді екен. Үйрек ату кезінде дәстүрлі қорғасын оқтарын қолдануға болмайды. Тек болат оқ атуға заңды рұқсат бар. Қорғасын оқтар болат оқтарға қарағанда әлдеқайда ауыр, сондықтан қорғасын оқ энергиясын ұзағырақ сақтайды да, алысырақ ұшады. Үйрек аулау кезінде болат оқпен алысқа ату қиын.

Сол күзде бірнеше аңшылармен сөйлескенде, олар маған үйрек ату үшін арнайы жасалған жаңа қарулар жайлы айтып берді. Ол мылтықтар ауыр оқ ата алады екен. Сырты да камуфляж. Сондай мылтықтың бірін сатып алғым-ақ келді. Бірақ желтоқсан келіп, үйрек аулау маусымы аяқталған соң, мылтық жайлы көп ойланбадым.

Қаңтар айының басында мен Кабелас дүкенін (спорт тауарларын сататын жер) аралап жүргенде, үйрек ататын мылтықтар есіме түсті. Кәне, қарап көрейін деп, қару-жарақ бөліміне беттедім. Кассаның жанынан өтіп бара жатып, суда жүзетін құстарды атуға арналған мылтықтардың жаңа жинағын көрдім. Ойланбастан біреуіне саусағыммен нұсқап, «Құдайым, осы мылтықты аламын» дедім. Әдейі ештеңе істеген жоқпын, әншейін ойыма келген сөзді айта салдым. Келесі үйрек ату маусымы тек күзде ашылмақ, маусымға жақынырақ мылтық сатып аламын дедім.

Екі аптадан кейін іскерлік конференцияда сөз сөйлеуге шақыру

алдым. Сөзімді аяқтағанда, сахнаға бас директор шығып, алғысын айтып, «Сізге сыйлығымыз бар» деді. Мен екі апта бұрын Кабелас дүкенінде саусағыммен көрсеткен тапаншаны, дәл сол үлгісін берді. Әрине, мұндай жомарт сыйлық мені қатты таң қалдырды, бірақ бұл кездейсоқтық емес екенін білдім. Кабелас дүкенінде айтқаным есіме түсті де, бәрі анық болды. Мен орақ салдым!

Құдайдың керегіңізді қамтамасыз ететінін көргіңіз келсе, бұл тарауда айтқандарым *өте* маңызды. Құдай беретіннің барлығы бірдей әдіспен келеді, сондықтан, оқығаныңызды түсініп-түсінбегеніңізді мұқият тексеріңіз. Керек болса, қайта оқып шығыңыз! Мұның маңызы зор!

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

ҚАЛТА КЕРЕК: ЕКІНШІ БӨЛІМ

Алдыңығы тарау біраз ұзын болып шықты, өйткені Патшалықтың не екенін түсіндірудің маңызын асыра айту мүмкін емес. Мәсіхшілердің көпшілігі Патшалықтың жердегі заңды әрекетін жете түсінбей, Патшалықтағы өздерінің заңды мәртебесін де білмейді. Сенім мен құзырет тақырыптарына неге біраз ауытқығанымды енді білесіз. Осы негізгі түсінік қалыптаспаса, Лұқадағы Патшалықтың қамын ойласақ, бәрі қосылып берілетіні туралы өсиетті түсун қиын.

Оны ұғып алдық, енді негізгі мәтінімізге оралайық.

Сондықтан не ішіп-жейміз деп ойлап уайымға салынбаңдар! Осы күнәкар дүниенің адамдары сондай нәрселердің бәріне ие болуға тынымсыз ұмтылуда. Ал бұлардың сендерге қажет екенін көктегі Әкелерің біледі ғой. Ең бастысы, Құдайдың Патшалығының қамын ойлаңдар! Сонда Құдай сендерге бұлардың бәрін қосып береді.

Шағын қауым, қорықпа! Көктегі Әкең Патшалықты сендерге тапсыруға ризалық еткен. Мал-мүліктеріңді сапып, мұқтаждарға үлестіріңдер! Осылай өздеріңе «тозбайтын қалта» жасап, таусылмайтын байлықты көкте жинаңдар. Сол жерде оған ұры да жақындамайды, күйе де жемейді. Байлықтарың қайда болса, жүректерің де сонда.

Тағы да, Көктегі Әкеңіз сізге не қажет екенін біледі және ол қажеттің барлығын бұрыннан қамтамасыз етіп қойған. Қазір оның бәрі сізде бар, тек ол мүмкіндіктерді пайдалану үшін көктен қабылдаудың заңды процесін білу керек.

32-аятта Патшаның ұл-қыздары ретінде біздің алған керемет мұрамыз айтылған. Иса: **«Көктегі Әкең Патшалықты сендерге тапсыруға ризалық еткен»**, — дейді.

Киелі Рух Құдайдың рухани баласы екенімізді өз рухымызға растайды. Рухани баласы болғандықтан, Оның бізге дайындап қойған мәңгілік игіліктеріне де ие боламыз: Құдай Мәсіхке сыйлағандары іспетті игіліктерді бізге де сыйламақ. Егер Мәсіхтің жолында жүріп, азабына ортақ болсақ, Оның салтанатты ұлылығына да ортақ болып, сол игіліктерді қабылдаймыз.

— Римдіктерге 8:16-17

Пауылдың айтуынша, біз Мәсіхпен бірге Жаратқан Иенің мұрагерлеріміз. Ұл немесе қыз ретінде сіздің мұраңыз — Патшалық.

Бір сәт кідіріп, ойланыңыз. Сіздің Патшалық пен ондағы барлық игіліктерге заңды құқығыңыз бар. Жалынудың қажеті жоқ. Ол сіздікі.

О, сіз мұны шынымен жүрегіңізге сақтап қоясыз деп үміттенемін. Осы себептен Қорынттықтарға 2-хатта былай делінген:

Оның барлық уәделері Мәсіх арқылы жүзеге асып, «иаға» айналады; сондықтан «аумин» деп, Мәсіхтің атымен Тәңір Иенің ұлылығын мадақтаймыз.

— Қорынттықтарға 2-хат 1:20

Міне, сондықтан «Сенің қаржылық революцияң: қамсыздандырудың құдіреті» атты кітабымда «Көктегі Әкеміз» дұғасы заңды талап немесе петицияға өте ұқсас екенін айттым. «Күнделікті нанымызды бүгін де бере гөр» дегенде, жалбарыну жоқ. Бұл өтініш емес, талап.

Балаларым таңғы асқа тамақ сұрап, жалбарынбайды («Әке, жұмыртқаға қол жалғап жіберші» деп үйдегі бар нәрсенің иелері құсап әрекет етеді). Патшалықта да солай — сізде кез келген затқа заңды құқығыңыз бар. Мұның бәрі Иса Мәсіх арқылы мүмкін.

Патшалықта бар нәрселерге заңды түрде қол жеткізуден басқа, сіз Патшалықтың азаматысыз. АҚШ азаматтығымен бірге белгілі бір артықшылықтар келетіні тәрізді, Құдай патшалығында да көптеген артықшылықтар бар.

Сонымен сендер енді не бөтен, не келімсек сияқты емес, Құдайдың халқы болып келген яһуди сенушілерімен бірдей, сол халықтың азаматысыңдар, тіпті «Құдайдың отбасысының мүшелерісіңдер»!

— Ефестіктерге 2:19

Ақыры, қалта да туралы сөйлесейік! Иса сізге қалта керек деді, есіңізде ме?

Мал-мүліктеріңді сатып, мұқтаждарға үлестіріңдер! Осылай өздеріңе «тозбайтын қалта» жасап, таусылмайтын байлықты көкте жинаңдар. Сол жерде оған ұры да жақындамайды, күйе де жемейді. Байлықтарың қайда болса, жүректерің де сонда.

— Лұқа 12:33—34

Көкте ешкім тартып ала алмайтын қазына жинап, өзіңізге қалта жасап алыңыз. Бір нәрсені дәл қазір анықтап алайық: Иса қолда бардың бәрін сатып, көкке барғанша кедей қалуың керек демейді. Есіңізде болсын, Пауыл Қорынттықтарға 2-хат 9-тарауды да жазған, ол жерде біз кез келген жағдайда жомарт болуымыз үшін барлық жағынан байытылатынымыз айтылған. Сондықтан, Пауыл ақшаға ие болу немесе заттарға ие болу күнә және дұрыс емес демейді. Сіз байлыққа емес, ол сізге иелік етсе, Исаның айтуынша, одан да

мүлкіңізді сатып, жоғалта алмайтын мәңгілік қазынаға ие болыңыз.

Біз ақшаны пұтқа айналдырып өстік. Ақша бізге өмірде қажет нәрсені қамтамасыз етуге көмектеседі; дегенмен, көптеген адамдар көз жеткізгендей, ақшаны қарапайым құрал емес, өз алдына бір үлкен мақсат көрсе, ол түкке тұрмайтын жалған тәңірге айналады екен. Сондықтан Пауыл Тімотеге бай адамдарға рухани сау болу үшін беру және жомарт болуды ескертуді айтты. Жүрегіміз ақшаға оп-оңай байланып қалады. Жомарт болу – ашкөздікке қарсы тамаша ем. Жиі жомарт болыңыз.

Осы дүниелік мал-мүлікке бай сенушілерге мынаны ескерт: олар менмен болмасын және сенімдерін өткінші байлыққа емес, Құдайға артсын! Ол адамдар рақатын көрсін деп игіліктердің бәрін сыйлайды. Байлар жақсылық жасай беріп, игі істерге дарқан әрі жомарт болып, басқалармен бөліссін. Осылай олар өздеріне келешек заман үшін игілікті негіз болатын рухани қазына жинап, мәңгілік, шынайы өмірді берік ұстанбақ.

— Тімотеге 1-хат 6:17-19

Пауылдың Тімотеге байларға жомарт болуды және бөлісуге дайын болуды ұсын емес, ескерт деп отыр. Бұл бұйырғанға өте жақын. Есіңізде болсын, ақша керек, бірақ өмірдің бәрі тек ақша емес.

Сенің қазынаң қайда?

Беру жүрегіңізді Құдайға және адамдарға жұмсартып қана қоймайды, сонымен қатар ақшаның жүрегіңізде үстемдік ету ықтималын төмендетеді. Жүрек алдына қойған нәрсеге қызғанып, оған табынуға бейім, сондықтан жүрегіміздің адасып жүруіне жол бере алмаймыз. Жүрегіміз Құдайды өмір мен өмірге қажеттің бәрінің қайнар көзі ретінде көріп әдеттенуі керек. Мұны тәрбиелеу — біздің міндетіміз. Беру жүрегімізге оңай кіріп алатын қоймағайлыққа қарсы тұрады.

Ендеше, неге беруіміз керек? Ақша бермесек, Құдай бізге көмектесе алмайды ма? Бұл жақсы сұрақ және жауабын Лұқа Інжілінің 4-тарауынан табамыз.

Біріншіден, алдында айтқанымдай, Құдайдың ақшасы жоқ. Екіншіден, Еврейлерге 2:7-8-де айтылғандай, Ол Адамға бәрін бағындырып, билігінен тыс ештеңені қалдырған жоқ.

Бұдан кейін азәзіл шайтан Оны ертіп алып биік бір жерге шығарып, әп-сәтте әлемнің барлық мемлекеттерін көрсетіп:

— Осы мемлекеттердің бүкіл билігін, олардың сән-салтанатын Саған беремін. Бұл билік маған тапсырылған, оны көңілім қалағанға сыйлаймын. Сонымен маған ғибадат етсең бәрі де Сенікі болады, — деді. Иса оған былай деп жауап қатты:

— (Кет қасымнан, шайтан!) «Құдай Иеңді терең қастерлеп, жалғыз Оған ғана қызмет ет!» деп (Тауратта) жазылған ғой!

— Лұқа 4:5-8

Жазбаның бұл бөлігі шайтанның Исаны шөл далада азғыруға тырысқанда орын алады. Шайтан Исаға дүниедегі халықтардың барлық билігі мен салтанатын беретінін айтады. Иә, бұл шындық. Бұл мәртебе Адамдыкі еді, бірақ ол Құдайға қарсы шыққанда билікті өз қолымен шайтанға берді.

Елдің салтанаты – оның байлығы, ал халықтардың байлығын енді шайтан биледі. Шатаспаңыз, мәтінде шайтанның жердің сән-салтанатын тікелей басқарғаны айтылмайды. Жер мен ондағы барлық нәрсе толығымен Құдайдың иелігінде. Бірақ мәтінде шайтанның халықтардың байлығынан заңды дәмете алатыны айтылған.

Ақшаны алып қарасаңыз, онда әрқашан бір елдің мөрі болады. Әр мемлекет ұлттық валютасын басып шығарды және оны толықтай өзі басқарады. Адам атаның күнәсінен Құдай заңды түрде бір

елдің ақшасын алып қоя алмайды немесе жалған ақша басып шығара алмайды. Алайда, Құдай жер әлемінде Өзіне сенетін және Оның құзыреті мен билігіне ақша себуге дайын біреуді таба алса, Жаратқан Ие заңды рұқсат алады және сепкен адамның жағдайына араласа алады.

**БІЗ ҚҰДАЙҒА БЕРГЕНДЕ,
ӨЗАРА, ЕКІ ЖАҚТЫҚ
ЖОМАРТТЫҚА ЖОЛ
АШЫЛАДЫ. БҰЛ
ПАТШАЛЫҚТАҒЫ
МАҢЫЗДЫ ЗАҢ. НЕ
ЕКСЕҢ, СОНЫ ОРАСЫҢ.**

Алайда, Құдайдың ақшасы жоқ болса, бірақ мен Ол біздің қаржымызға араласа алады десем, ол қалай? Құдай ақшаны жоқтан сиқырлы түрде жарата алмаса да (билік шайтаның қолына түскені үшін ол заңсыз болар еді), Тәңір Ие сізге байлық жинауға көмектесе алады.

Осы кітапта айтылған көптеген әңгімелердегідей жомарттық көкке адамға нұсқау мен бағыт беру үшін жол ашады. Лұқа 5-тараудағы балық туралы әңгіме есіңізде ме? Петірдің Исаға уағыздау үшін кәсіпкерлік қайығын бергені Киелі Рухқа терең суда балық бар екенін көрсетуге заңды мүмкіндік берді.

Біз Құдайға бергенде, өзара, екі жақтық жомарттыққа жол ашылады. Бұл Патшалықтағы маңызды заң. Не ексең, соны орасың.

Ұзын сөздің қысқасы, Құдай Патшалығына және Құдайдың жұмысына беру арқылы өзімізге тозбайтын қалта жасаған боламыз. Беруіміз көктегі байлыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондықтан Пауыл әмиянымызды «беру» деп атады. Бұл өміріміздегі барлық затты өзгертеді. Енді біз өз түсінігімізбен шектелмейміз. Құдайдың Өзі біздің өркендеуімізге көмектесуде.

Ондағы көздегені — сендердің әр жағдайда жомарттық жасай алатындай дәулетті болуларың, әрі біз арқылы жіберген көмектерің үшін көп адамдардың Құдайға шүкірлік етуі.

— Қорынттықтарға 2-хат 9:11

Байқаңыз, дәулетті болуымызды Құдайдың Өзі көздейді. Киелі кітап өз күштерің мен ақылдарыңмен бай болуға тырысқандарың демейді. Жоқ, сізде жаңа серіктес — Киелі Рух бар. Ол сізден әлдеқайда көп нәрсені біледі.

Стресске толы тоғыз жыл бойы тапшылық көргеніміз есімде. Ақша жетпей қалады ма деген қорқыныш санамды басып алды. Мәсіхші болсам да, жүрегім жердің қарғыс атқан жүйесіне емес, Құдайға қызмет ететіндей жеткілікті сенім дамытпаппын. Қате қазынаны құдым! Ол кезде *өз күшіме* сендім. Ешкімнің көмегінсіз өзім байлық табамын дедім. Бұл қате таңдау болғаны рас.

Құдай маған Оның рақымына және қабілетіне қол жеткізу үшін «әмиянды» немесе «қалтаны» қалай жасап алу керектігін үйретуіне тура келді. Мені танитындардың бәрі Құдайдың мұны қалай істегенін біледі, бірақ сіз оны білмесеңіз, оқиғаны осында қайталағым келеді. Білесіз бе, Құдайдың стратегиясы өте мықты. Ол әрқайсымызға қалай жетуге болатынын жақсы біледі.

Мен аң аулағанды, әсіресе бұғы атуды жақсы көремін. Аңшылықтан бірдеңе әкеліп, бұғының етін жеуді ұнатамын. Соңғы бірнеше жылда аң аулаған кезде, қанша тырысқанымға қарамастан, ештеңе ұстай алмадым. Аңға шығып, бірнеше күн суықта отырсам да, бірде-бір бұғыны көрмедім. Бұл, әрине, аздап абыржытатын. Асырайтын балашағам бар. Молынан бұғы етін жеп тойып алсақ, жаман емес. Бұрын аң аулағанымда, үйге біраз ет әкелетінмін. Соңғы сәтті аңшылықтан бері көп уақыт өтіп кеткен.

Бір күні алдағы аңшылық маусымын ойлап жүргенімде, Жаратқан Иенің даусын естідім. Ол «Саған осы жылы бұғы аулаудың жолын көрсетейін бе?» деді.

Бұндайды күтпеп едім. Аздап жасқанып та қалдым. «Маған бұғы аулауды үйреткің келеді ме?». Бұл қалай?

Осы жайлы мінәжат етіп отырғанымда, Киелі Рухтың нақты ұстағым келетін бұғыны мақсат етіп, қаржылық тұқым себуге шақырғанын сездім. Бұғы үшін тұқым еккенімде, Марқа 11:24-ке

сәйкес оны атып алғаннан бұрын, қолыма түскеніне сенуім керек. Жаратқан Ие осындай нұсқаулар берді.

*Ендеше сендерге айтамын: қиямет соты күні тіпті
Содом халқының тартатын жазасы сендердікінен жеңілірек
болмақ!*

— Марқа 11:24

Сенуші ретінде мен әрқашан ондығымды қауымға беріп отырдым, және шама келгенше басқаларға қолдау көрсеттім. Бірақ осылай нақты бір мақсатпен қаражат егіп, мінәжат еткенде сұрағанымның берілгеніне сенуім бірінші рет болды.

Мен чекті алып, астыңғы жағына «1987 жылғы бұғым үшін» деп жаздым. Сөйтіп, сенімді бір қызметке жібердім. Чекті пошта арқылы жіберген кезде, бұғымды алдым деп тағы да есіме түсірдім.

Ол кезде мен Оклахома штатының Талса қаласында тұрдым. Қала болған соң, аң аулайтын жерім жоқ еді. Бірақ қауымдағы досым мені ауылдағы әжесінің үйіне жаңа жыл тойлауға шақырды. Ол аумақта ферманың жанында бұғы бар екен.

Осылайша мен отбасыммен бірге мереке қарсаңында таңертең жолға шықтым. Дәмді тамақ ішіп, достарымызбен көңілді кеш өткізуді, және енді бұғы аулауды да асыға күттік.

Досым өзі аңшы болмаған соң, нақты қай жерге бару керегін білмеді. Орманмен шектесетін жақын жерде жайылым бар екен. Ол маған жайылымға барып, сол жерде өсіп тұрған үлкен ағаштың түбіне отырып, бұғы аңдуды ұсынды.

Енді мына суретті елестетіп көріңіз. Таң ата бастаған кез. Күннің нұры айналаға жарық түсіре бастады. Ортасында жалғыз үлкен ағашы бар шабындықтың ортасында мен отырмын. Осы отырысым жақсы емес-ау деп күдіктеніп отырмын. Шалғында ашықтан-ашық мен отырғанда, қайбір бұғы жаныма келеді дейсіз?

Орнымнан тұрып, жүз жиырма метрдей жердегі орманға қарай

жылжиын деп едім, сол жақтан, шарбақ бойындағы орман ішінен қозғалыс естілді. Жапырақтардың сыбдырын естіп, бұғы екенін түсіндім.

Мен түскен ағашымның арғы жағында едім, бұғы өрісті кесіп өтіп, мені байқамай, алдымдағы орманға қарай беталды. Ол ағашқа жақындап келгенде, менің иісімді сезіп, кілт тоқтады. Кенеттен шыққан дыбысты естіп артыма қарасам, небәрі төрт жарым метрдей жерден мүйізінде алты бұтағы бар еркек бұғының маған қарап тұрғанын көріп шошып кеттім. Не болып жатқанын әп-сәтте түсінген ол секіріп, орманға қарай шаба жөнелді.

Айту керек, қолыма винтовка ұстап, бар жылдамдықпен жүгіріп келе жатқан бұғыны атып салу оңай емес. Бұғы шауып бара жатқандықтан мен абайлап көздей алмадым. Орманға дейін небәрі жиырма метр қалғанда мылтықтың құлағын бастым. Бұғы құлап, қозғалмай қалды. Мен таң қалдым! Бұл рас па? Мылтық атылғанын естіген досым келді. Ол жерде жатқан бұғыны көріп, мені құттықтады. Досыма Құдайдан не естігенімді, аңшылыққа арнап ақша еккенімді айтқан жоқпын. «Бұл бұғыны керемет бір аңшылық қабілетіме бола ұстадым деп айта алмаймын» дедім.

Осы бұғы үшін тұқым егіп, чек жіберген күні бір қағазға уақытын жазып түртіп алған едім. Аңшылық тонымның қалтасынан қағазды шығарып, досыма көрсеттім. Қағазға былай деп жазған едім: «1987 жылғы бұғымды дұға еткенде алдым деп сенемін, Исаның атымен». Досыма мұның не екенін, Құдайдың не істеу керектігін нақты көрсеткенін түсіндіре бастадым.

Бұл оқиға маған қатты әсер етті. Бұл – Құдайдың ісі екеніне күмәнім жоқ. Әрине, мұндай керметті көргенде, санаңыз бұл жай ғана кездейсоқтық дейді. Бірақ соңғы 34 жыл бойы бұғымды 1987 жылғы әдіспен атып, отбасыма әкеліп отырмын. Әдетте орманда бір сағаттан көп уақыт қажет болмайды.

Құдай дәл осы әдіспен Генесәрет көлінде Петір, Жақып және Жоханға бір маңызды нәрсені көрсету үшін пайдаланды. Киелі

кітапта олардың аң таң қалғандары айтылған.

Себебі өзі де, қасындағылардың бәрі де осынша көп балық ұстағандарынан үрейлері ұша аңтарылды. Шимонның серіктері — Зебедей ұлдары Жақып пен Жохан да сондай күйде еді. Сонда Иса Шимонға:

— Қорықпа! Сен балық аулағаның сияқты бұдан былай адамдарды жинап әкелетін боласың, — деді.

Екі қайықты жағаға шығарғаннан кейін олар бәрін тастап, Исаға шәкірт болып ерді.

— Лұқа 5:9-11

Таңғалғандары сонша, олар барлығын тастап, Исаның соңынан ерді. Бұл үшеуі іс жүргізудің әлдеқайда тиімді жолын көрді.

Құдай маған Патшалықты және өзіме қажет қалтаны (көктегі қазынама қол жеткізу нүктесі) қалай жасауға болатынын көрсеткенде, қолымда барға сенуден гөрі, көктегі ресурстарға көбірек сенім артатын болдым.

Құдай маған не қажет болса да, оны алу үшін тұқым себе алатынымды көрсетті. Тұқым сепкенімде Құдайдың Өзі ақша табу үшін жоспар беретінін айтты.

Патшалықтың әрекетінің нәтижесінде болған таңғажайып нәрселердің бәрін жазып көрсетуге орын жетпес, бірақ Дренда екеуіміз қаржылық жағынан ақылға сыймайтын кереметтерді көрдік дей аламын. Қарызға белшемізге дейін батып, жейтін тамаққа ақшамыз жетпеген жағдайдан толық қаржылық бостандыққа жетіп, Құдайдың қызметіне миллиондап қолдау көрсету — таңғажайып нәрсе.

Белгілі бір өнім алу мақсатымен себу — Патшалық туралы біле бастағанда Құдай маған үйреткен алғашқы нәрселердің бірі болды. Бұл кітапта барлығын қамтуға уақытым болмаса да, басқа кітаптарымда Патшалықтың қаншалықты нақты жұмыс істейтіні

және сепкеніңіз қаншалықты нақты болуы керектігі туралы көбірек оқи аласыз. «Сенің қаржылық революцияң: қамсыздандырудың құдіреті» атты кітабымда сеніміңізді босатып шығарудың қадамдары қарастырылады. Сонымен қатар, осы кітапқа қарағанда, көбірек тұқым себу жолдары турады сөз қозғалған. Ол кітапты қолыңызға алып, осы тақырыптарға қатысты көбірек білуге шақырамын.

Бұл кітапта Құдай маған жомарт болу және беру туралы үйреткен кейбір негізгі Патшалық принциптері қамтылған. Олар сізге жігер беріп, көбірек мәлімет алуға және Құдайдың сізге дайындап қойғанын алуға талпындырады деп үміттенемін.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

ӨЛШЕМ ЗАҢЫ

Бірнеше ай бұрын Дренда екеуіміз басқа миссияға 15 000 доллар бөлдік. Мінәжат етпек болғанымызда, Киелі Рух Қорынттықтарға арналған 2-хаттың 9-тарауы, 10-11-аяттарын есіме түсірді, содан кейін бірнеше күн бойы бұл Жазбаны ойымнан шығара алмадым.

*Егіншіге себуге тұқым, ашыққанға жеуге нан беретін
Құдай сендерге «игіліктің тұқымын» ағыл-тегіл мол сыйлап,
әділ істеріңнің өнімін молайта түспек. Ондағы көздегені
— сендердің әр жағдайда жомарттық жасай алатындай
дәулетті болуларың, әрі біз арқылы жіберген көмектерің
үшін көп адамдардың Құдайға шүкірлік етуі.*

— Қорынттықтарға 2-хат 9:10-11

Осы аяттарды қайталап оқып, ой толғадым, сонда Құдай «ашыққанға жеуге нан береді» деген сөздер көзіме оттай басылды. Осы сөздің шынайы мағынасын түсінбегендіктен, көптеген сенушілер қаржылай тұқым себерде қорқынышпен бетпе-бет келетінін түсіндім. Көбінесе біз, әлденеден бас тартып, тұқым сепсек, міндетті түрде қиналамыз деп ойлаймыз. Бірақ Құдайдың маған ескерткені, Ол себетін тұқымды ғана емес, сонымен қатар жеуге арналған нанды немесе адамның жеке қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Әрине, мен мұны бұрыннан білетінмін, бірақ Құдай адамдарға бұл туралы айт деп баса ескерткенін сезіндім - Ол бізге екеуін де береді және

қаржылай тұқым себуден қорықпауымыз керек.

Сонымен, 15 000 долларды сепкенімізден кейін бірнеше апта өтті, кештердің бірінде шамдарды өшіріп, жатпақшы болғанымда, кенеттен бірнеше акцияларды тексеріп, олардың жағдайын көру ойыма келгені. Есепшотымды қарадым, акцияларым шынымен де біршама жоғарылапты.

Телефонымды қояйын деп едім, көзім өзімде жоқ бір акцияға түсті. Мен бұл акцияны бұрын қарап жүргем, оны сатып алуды ойластырған да едім. Бірақ көрсеткіштерін зерттеп едім, соңғы 12 айдағы өзгерістеріне көңілім толмады, сондықтан алмай-ақ қояйын деп шешкен болатынымын.

Бірақ неге екені белгісіз, сол кеште әлгі акциялар көзіме ерекше көрінді. Бір қызығы, осы акцияларды сатып алуым керектігін сезіндім, бұл мен үшін мүлде оғаш сезім еді. Сонымен, бір жарым мың долларға осы акциялардың біразын сатып алдым да, телефонымды қойдым.

Дрендә екеуіміз біраз сөйлестік, мен оған акция сатып алғанымды айттым. Әйеліме есепшотымды көрсетпек болып, телефонымды қолыма алдым. Экранға қарадым да, қайран қалдым. Жаңа акцияларым бір сағаттың ішінде 100 пайыздан астам қымбаттапты! Ұйқымыз шайдай ашылды, есепшотымның ақырындап өсіп келе жатқанына қарап отырдық.

Келесі үш сағат ішінде акцияларымның құны он жеті мың доллардан асып барып, тоқтады. Мен Дрендәға: «Бұл біздің он бес мың долларымыз!» дедім.

Мен акцияларымды сата қойдым да, ақшамды шығарып алдым. Сол акциялар келесі күні таңертең қайта арзандай бастады да, осы оқиғадан бірнеше ай өткенде, сол деңгейіне қайта шықпады. Акциялар нарығында көрген ең ғажайып нәрсем осы болды. Сол акцияларды көзіме ерекше етіп көрсеткен Киелі Рух екенін анық білемін. Дрендәға сепкен тұқымымызды Құдайдың Өзі қайтарғанын айтқаным да есімде. Құдай егіншіге тұқым береді, ашыққанға нан

береді! Мұны жүзеге қалай асыратынын Құдай Өзі біледі, қайткенде де, Ол уәдесіне берік!

Тағы да айта кететін жайт. Акцияларды сатып, ақшаны шотыма қайтарған соң, *“Құдайым-ау, бұл акциялардың соншалық қымбаттайтынын білсем, бір жарым мың доллардан әлдеқайда көп ақша салар едім”* деп ойладым. Өткенге бұрылып қарасақ, бәрі де айдан анық сияқты. Иә, он мың доллар салар едім... *«Жүз мың доллар салғанымда ше? Сол бір инвестициядан-ақ қанша пайда табар едім».* Алайда, мен жүз мың доллар салған жоқпын. Он мың доллар да салған жоқпын. Мен тіпті бес мың доллар салмадым; Менің салғаным – бір жарым мың доллар. Табысым салымыма сай шектелді. Мен бір жарым мың доллар салдым, табысты көбірек тапқым келгенімен, олай болмады, өйткені мен бар болғаны бір мың бес жүз доллар инвестиция жасадым.

Сол түні не себепті көбірек табыс таппағанымды Лұқа жазған Ізгі Хабар түсіндіреді.

Беріңдер, сонда сендерге де беріледі: шайқап, нығыздап толтырып, тасып-төгілген мөлшерде салып беріледі. Сендер өзгелерге қолданған өлшем өздерің үшін де қолданылмақ.

— Лұқа 6:38

Яғни, өлшемді өзім таңдадым, менің табысым дәл сол өлшеммен өлшенді — сол түні менде болған әлеует салған салымыма тура пропорционал болды. Исаның айтуынша, дәл осы принцип сіздің де алатын жемісіңізге қатысты.

Киелі кітап дәл осындай жағдайды суреттейді, соны сізге көрсетпекпін. Сол әңгімеден өлшем заңы туралы көбірек біле аламыз.

Бірде пайғамбарлардың біреуінің әйелі Елішеге бас ұрып:

— Мырза, менің күйеуім қайтыс болды, оның Жаратқан Иені терең қастерлеп өткенін өзіңіз білесіз. Ал енді, бізге

қарыз берген адам екі ұлымды өзіне құл етіп әкетуге келіп отыр, — деді. Еліше одан:

— Сізге қандай көмек көрсетейін? Айтыңызшы, үйіңізде не бар? — деп сұрады. Әйел:

— Үйімде бір құты майымнан басқа түк те жоқ! — деп жауап берді.

Еліше:

— Онда көршілеріңізге барып, бос ыдыстарын сұрап алыңыз, тек аз емес, барынша көп сұраңыз. Содан соң ұлдарыңызбен бірге үйіңізге қайтып, есігіңізді ішінен бекітіп алып, майыңызды сол бос ыдыстарға толтырып құйыңыз. Толғандарын бөлек алып қоя беріңіз, — деп тапсырды.

Әйел одан шығып, дәл пайғамбардың айтқанындай істеді. Ұлдарының әкеліп беріп отырған ыдыстарына өзінің құтысынан май құя берді. Ыдыстардың барлығы толғанда, әйел бір ұлына: «Тағы бір ыдысты алып келші», — деп тапсырды. Бірақ ол: «Басқа бірде-бір ыдыс жоқ!» — деді. Сонда құтыдан май ақпай тоқтап қалды. Әйел Құдайдың пайғамбарына барып, болған жайтты айтып берді. Пайғамбар оған:

— Майыңызды сатып, қарызыңыздан құтылыңыз. Ал қалғанын күнкөрісіңізге жұмсайсыз.

— Патшалықтар туралы 4-жазба 4:1-7

Осы аяттардан Құдай Патшалығы туралы талай сырды ұғуға болады. Әйел пайғамбардан көмек сұрайды. Қарызға батып, ұлдарынан айырылуға шақ қалды. Бірақ бір қызығы, пайғамбар өз әмиянынан ақша алып шыққан жоқ. Оның орнына, мына жағдайда мүлде оғаш естілген бір сұрақ қойды: «Үйіңізде не бар?».

Бұл сұрақ әйелді қайран қалдырса керек, мұны әйелдің сасқалақтаған жауабынан байқаймыз. «Түк те жоқ!» деді ол. Жауабы екпінді естілуі үшін ол «түк те» деген сөзді қолданды. Бірақ несі бар

екенін де айтады. Онысы – көп емес, азғантай ғана зәйтүн майы. Пайғамбарға бар керегі осы еді. Жауап табылды. Пайғамдар берген нұсқауларды мұқият қарастырайық.

Еліше:

— Онда көршілеріңізге барып, бос ыдыстарын сұрап алыңыз, тек аз емес, барынша көп сұраңыз..., — деп тапсырды.

Барынша көп сұраңыз. Бұл қанша? “Барынша көптің” нақты қанша екенін тек әйелдің өзі ғана айта алар еді. Сондықтан құмыралардың саны жайлы пікір таластырмай-ақ қояйық. Сәлден кейін ол жинаған құмыраларының саны жеткіліксіз екенін білді!

Әйел одан шығып, дәл пайғамбардың айтқанындай істеді. Ұлдарының әкеліп беріп отырған ыдыстарына өзінің құтысынан май құя берді. Ыдыстардың барлығы толғанда, әйел бір ұлына: «Тағы бір ыдысты алып келші», — деп тапсырды. Бірақ ол: «Басқа бірде-бір ыдыс жоқ!» — деді. Сонда құтыдан май ақпай тоқтап қалды.

Майдың ағуы қай мезетте тоқтағанына назар аударыңыз — құмыралардың белгілі бір саны толғанда емес, құмыралар таусылғанда. Құмыралар түгел толып болған соң, баласына тағы біреуін әкелуін бұйырды, ол бос құмыра қалмағанын айтты. Құтыдан майдың аға бергені, оны құмыраларына құйып ала бергені әйелге ұнар еді, әлбетте. Дегенмен, қанша құмыра жиналса, сонша май алынды. Майдың мөлшерін Құдай емес, өз ойы шектеді.

Меніңше, әйел құмыраларының аз болғанына өкініп қалды. Қандай кереметтің боларын алдын ала білгенінде, қаладағы барлық есіктерді қағып, құмыра іздер еді. Бәлкім, тіпті басқа қалаларға құмыраларды жинауға өтініш жіберер ме еді.

Істің соңы оң болды: қарыздар түгел төленді, ал отбасы қалған

майды сатып, содан түскен қаражатпен күн көрді.

Ал нәтиже қандай болуы мүмкін еді? Әлгі әйел өзі сияқты бейбақтардың *барлығының* қарызын өтеп, өзі тұратын қаланы көркейтіп, қаншама адамға көмектесе алар еді.

Неліктен ол құмыралардың сол санын ғана жинады? Меніңше, бұл сұрақтың жауабы – оның менталитетінде. Яғни, бұл әйелдің ойы тек өлместің күнін көрумен шектелді. Ол басына түскен қиындықтан құтылуды ғана ойлады. Яғни, қайтсем, қарыздан құтылып, балаларымды алып қаламын деген ойдың шеңберінен шыға алмады. Мәселеден кең ойлаудың орнына, сол мәселені шешумен ғана шектелді. Меніңше, ол мың құмыра жинап алса да, бәрін майға толтырар еді. Бірақ оның ойындағы өлшем шектеулі еді!

Сол әйелге берілген мүмкіндікті Құдай бәрімізге береді. Сонда қандай өлшем қолданатынымызды өзіміз таңдаймыз.

Осы тарауға негіз етіп, төмендегі аятты алдым. Соған сүйеніп, ойымды егжей-тегжейлі түсіндірмекпін.

Беріңдер, сонда сендерге де беріледі: шайқап, нығыздап толтырып, тасып-төгілген мөлшерде салып беріледі. Сендер өзгелерге қолданған өлшем өздерің үшін де қолданылмақ.

– Лұқа 6:38

Бәріміз де осы аяттың бірінші бөлігін келтіргенді ұнатамыз – тұқым сепсек, мол егін орамыз. Ал екінші жартысын көбіне назардан тыс қалдырамыз. Ал онда *тұқым сепкенде, қандай өлшем қолдансақ, жеміс алғанда да, сол өлшеммен аламыз* деп айтылған.

Бұл принцип сіз бен біз үшін не себепті соншалық маңызды? Мысал арқылы қарастырайық.

Сіз істі жаңадан бастаған фермерсіз делік, мен сізден бес мың пұт бидай сатып алмақпын. Сіз екеуіміз бір пұттың бағасына келістік делік. Сонымен, сіз он гектар алқапқа бидай егуге дайындалып жатырсыз.

Әрі қарай не болатынын біліп отырған шығарсыз. Келісім-

шартты орындау үшін қажет бидай тұқымының жетіспеушілігіне тап боласыз. Неліктен? Өйткені бес мың пұт бидай жинау үшін қанша гектар жер қажет екенін білмейсіз.

Фермер жайлы мысалдағы өлшем – ол егін егілген гектарлар саны. Әйелдің жағдайында ол жинаған құмыралардың саны болды. Исаның мысалында бұл – біз сепкен тұқымның мөлшері.

Демек, егіннен алатын өнімнің өлшемін өзіміз орнатамыз. Ал өнім біз күткеннен аз болса, көңіліміз қалады және осы ақиқатты түсінбейтін адамдар Құдайға уәдеңде тұрмадың деп айып тағады.

Ал енді мен сізге миллион долларлық сұрақ қояйын: егер фермерге бес мың пұт бидай қажет болса және ол қанша гектар жерге егін салуы керек екенін білмесе, ол не істеуі керек?

Білетін шаруадан сұрауы керек!

Енді осы қағиданы өмірде жиі кездесетін нақты жағдайға қолданып көрейік.

Әлдебір отбасы үш жүз мың долларлық ипотекасын жаппақ делік. Олар егін егіп, ерлі-зайыптылар ретінде келісімге келіп, сенімдерін жариялау керек екенін біледі. Бірақ олар қанша себу керек? Маған осы сұрақ жиі қойылады. Үш жүз мың доллар егін жинау үшін олар қанша тұқым себуі керек? Оны білмейді. Сондықтан, білетін біреуден сұраулары керек, бұл Киелі Рух болар еді.

Оның бұл сұрақтың жауабын сыбырлап айтқанын бәріміз де естідік. Киелі Рухты естуге машықтанбаған адам, көбіне, осынау нәзік дауысты ескерусіз қалдырады, не болмаса Оның кеңесін ақылға қонымсыз деп ысырып тастайды. Мысалы, XYZ-ке арнап тұқым сепкеніңізде, сіз мың доллар себуіңіз керек екенін іштей сезесіз. Сол сәт адами ақылыңыз араласып: «Жоқ, мен мұны істей алмаймын»

немесе одан да жаманы: «Жоғал, шайтан!» дейді.

Бір нәрсеге сенімді бола аласыз: *Шайтан ешқашан да Құдай Патшалығына көбірек қаражат себүді бұйырмайды.* Ол Патшалықтың бұл заңынан толығымен хабардар. Сонымен, осындай жағдайда адами ақыл-ойыңыздың жетелеуінде кетесіз де, әдеттегі 100 долларыңызды бересіз. Оның себебі – сізде өлшемді белгілеу принципіне деген сенім толық қалыптаспаған. Олай болса, бидай жайындағы мысалдағыдай, өзіңіз көздеген өнімге қол жеткізе алмайсыз, әлбетте.

Енді, ойымды әрі қарай жалғастырмас бұрын, бір нәрсені нақтылауым керек:

Сіз беретін сома алмақ өніміңіздің мөлшеріне ғана байланысты деп ойламаңыз!

Лұқа жазған Ізгі Хабар 21:1-4 қараңыз:

Иса айналасына қарап, байлардың құдайы сыйлықтарын арнайы сандықтарға салып жатқандарына назар аударды. Сонымен қатар бір бейшара жесір әйелдің жалпы құны төрт теңгелік екі бақырды салғанын да көріп, былай деді: «Сендерге шындығын айтайын: мына бейшара жесір бәрінен де көп салды! Себебі басқалардың бәрі өздерінен артылғанын ғана садақа етсе, бұл әйел өзі бейшара бола тұра, күнелтетін нәрсесінің бәрін аямастан берді».

Кедей жесір әйелдің сол күні барлық байлардан көбірек берді. Иә, байлар әлдеқайда көп сый әкелді, бірақ олар өздерінен артылғанын берді. Кедей жесір әйел болса, барын беріп, үлкен тәуекелге барды. Бұл үлкен сенімді қажет етеді.

Артылған нәрсеңді беру үшін сенімнің қажеті жоқ. Әрине, өзіңде асып-тасып жатса, сол байлығыңнан молынан бөліп берсең, өте жақсы, алайда сол заманда кімнің қанша садақа бергенін жұрттың бәрі көріп тұратын, ал ауқаттылар діни беделге ие болмақ ниетпен, жұртқа көрсетіп, мол садақа беретін.

Сонымен, өлшем дегеніміз – тек берілген ақша сомасы ғана емес, өлшем онымен ғана анықталмайды. Берілген ақшаңыздың сомасы өте маңызды, бірақ онымен шектелмеуіміз керек.

Бір адам үшін «үлкен» нәрсе екіншісі үшін міндетті түрде үлкен емес екенін есте ұстауымыз керек.

Бұрын мың доллар мен үшін қомақты ақша болатын. Шын мәнінде, қаржылай тұқым себуді жаңа бастаған кезімізде, мұндай құрбандық жасауымыз үшін, бірнеше ай бойы ақша жинауымызға тұра келер еді. Алайда, мүмкіндігіміз күн санап арта берді, сөйтіп, сеніміміз өскен сайын құрбандығымыздың сомасы да өсе берді.

Мен адамдарға мынаны айтамын: тұқым сепкенде, бір сәт уақытыңызды бөліп, Киелі Рухтан не себу керектігін және оны қайда себу керектігін сұраңыз.

Әдетте, күнделікті қажеттіліктер үшін себу үлкен серпіліс үшін, мысалы, сіздің үйіңіздің өтелуі үшін себу қажет болатындай сенімді қажет етпейді. Маңызды нәрселерге тұқым сепкенімде, оны әрқашан сезінгім келеді. Айтайын дегенім, жай ғана артық ақшамды берумен шектелгім келмейді. Сенімімді сезіну үшін жеткілікті мөлшерде тұқым сепкім келеді. Құрбандығымның сомасы соған жететіндей болуы керек, бұл менің денемді реакцияға итермелеуі мүмкін және «Сенімің осыған жетеді ме?» деген сұрақ санама орала береді.

Себетін тұқым мөлшерін Киелі Рухтан сұрасаңыз, міндетті түрде жауап алатынымызды білемін; тек сіздің сол жауапты естіп, сенніммен орындауыңызға дайын болуыңыз шарт.

Мұндай көмекке өзім де талай рет жүгіндім. Отбасымыз бен компаниямыздың шоттарын мен төлеймін, сондықтан, қай соманы себуіміз керектігін естіп, оны күмәнсыз қабылдау менен гөрі Дрендаға оңайырақ. Біздің Faith Life атты кампусымызға екі жүз мың долларды алғаш рет сепкенім туралы айтқаным есіңізде ме?

Сол оқиғаның егжей-тегжейін айтып қазір айтып бермекпін. Бұл біздің үш жылдық міндеттемеміз болатын, қарыз емес, біз осы уақыт аралығында беруге қойған мақсат болуы керек еді. Ниетімізді

білдіретін және алғашқы тұқым себетін күн келгенде, бар бергім келетіні жүз елу мың доллар деп ойладым. Бірақ Дренда Киелі Рухтан екі жүз мың доллар беруіміз керектігін естігенін айтты. Әйелімнің айтқанына мән бермей, жүз елу мың доллар беремін деген пікірде қала бердім. Жиналыс басталғаннан кейін Дренда екі жүз мың доллар туралы тағы айтты, бірақ мен тағы да бас тарттым.

Қаржылық тұқым себер алдында, қауым мүшелерінің бірі орнынан тұрып, сөз сұрады. Ол кісі барлығымызды егін жинау үшін Құдайға сенім артуға шақырды. Өзінің диқан екенін, кәсібінде егін егу мен өнім жинау заңына тәуелді екенін және сол заңның қашанда жүзеге асатынына көзі әбден жеткенін айтты. Жыл сайын тек тұқым себу үшін екі жүз мың доллар жұмсайтынын айтты. Содан кейін ол алдымен екі жүз мың долларды топыраққа тастау ақымақтық болып көрінуі мүмкін екенін айтты, өйткені бір рет егілгеннен кейін оны қайтарып алуға мүмкіндік болмайды. Бірақ ол егістікке жұмсаған екі жүз мың доллардан әлдеқайда көп өніммен егін егу және жинау заңы әрқашан басым болатынын атап өтті.

Дренда мені бүйірімнен түртіп қалды. Мен кеңесті қабылдадым — бұл екі жүз мың доллар болды, және біз осылай септік. Құдай сол жылы бізге жыл сайынғы сыйлықақы беру үшін вице-президентке қалай әрекет еткені есіңізде болса, дәл сома екі жүз мың доллар. Ол тұқымды егу бізге бір тиын да шығындалған жоқ. Алдыңғы тарауда айтқанымдай, бұл бонус бірнеше жылдар бойы қолданылып келеді және бізге екі миллион доллардан астам табыс төледі.

Мәселе мынада, Дренданың санасы, менің санамдай емес, қаражат мәселерінің егжей-тегжейінен бос еді, сондықтан, жүрегінде қорқыныш та жоқ. Ол тек Құдайды естіді. Шын мәнінде, менің де солай істеуім керек еді. Мұндай ірі соманы алғаш рет себуіміз еді, сондықтан мен қорқынышқа бой алдырып, жүз елу доллармен шектеліп қалмақ едім. Одан жоғары сома үшін Иемізге сенім артуға талпындырған әйелім үшін Құдайға алғыс айтамын.

Тұқым сепке сайын, сенім қажет болады, *әрқашан* солай.

Сондықтан қорқыныштың Құдай бізге бергісі келетінін жинауға кедергі болуына жол бермейік.

Мынаны есіңізде сақтаңыз:

Бұл жайында: «Сараң сепкен сараң жинар, жомарт сепкен жомарт жинар» делінген ғой.

— Қорынттықтарға 2-хат 9:6.

Пауыл елші бұл сөздерді басқа қауым үшін құрбандық жинау барысында жазған болатын және ол адамдарға бұрын үйреткен принципті еске салады, олар не ексе соны орады, қандай өлшеммен ексе, сол өлшемге сай орады. Яғни, бұл аятта Пауыл өлшемді белгілеу принципін көрсетті.

Петір қайығын Исаның пайдалануына берген күні Жақып пен Жоханның қайығы балыққа толды. Ол екеуі Петірдің кәсіптегі серіктесі еді, сондықтан олардың жиған өнімі Петірдің сеніміне сай болды. Осы тұста сізге қояр бір сұрағым бар: егер сол күні Петірдің балық аулап жүрген мың қайығы болса, қаншасы балыққа толар еді?

Мың қайық та толар еді десеңіз, қателеспейсіз.

Бұл мысалдан да көргеніміз – өлшем. Берілген өлшем – Құдай толтыра алатын ыдыс. Сондықтан мен сізді үлкен, көлемді өлшем орнатуға шақырамын. «Алған акциям үш сағатта мың пайыз қымбаттады. Қап! Көбірек қаражат салғанымда, көбірек пайда табар едім» деп өкініп қалғыңыз келмейді ғой.

Сонымен, Киелі Рух сатып алуға шақырғаннан кейін сол түні небәрі мың бес жүз доллар салуыма не түрткі болды? Құдайдан қандай сома салғаным дұрыс болатынын сұрамадым, білуімше, мүлт кеткен жерім – сол. Өз ойыммен әрекет еттім де, мен Оның дауысын естуге тырыспадым.

Енді осы оқиғаға байланысты толтырып акция сатып алып жүрмеңіз. Жоғарыда айтқанымдай, мен қор нарығына көп ақша салмаймын. Бірақ Құдай сол түні Өз ойын айтты: Ол егуге тұқым және

жеуге нан береді және бұл жағдай өлшемді белгілейтін *өзіміз* екенін еске салды.

Құдай келесі жолы тапсырманы қаржыландыру үшін иығыңнан түрткенде, осы оқиға есіңізге түседі деп үміттенемін.

Барлығымыз Құдайдың бізді осыған үйретуіне мүмкіндік беруіміз керек.

2009 жылғы қаржылық құлдырау кезінде Флоридадағы жылжымайтын мүліктің арзандап кеткені есімде. Жағалауда тұратын достарымыз бар еді, біз оларға жиі баратынбыз. Сол уақытта Флоридада сатылатын үйлер көп болды. Бір күні досымызбен жағажайда серуендеп келе жатқанымызда, ол: «Жүр, мен саған бірдеңе көрсетейін» деді.

Сатылатыны жайлы хабарландыру ілінген үйдің жанына келдік. Қатар салынған екі үйдің бағасы небәрі алты жүз тоқсан бес мың доллар екен. (Иә, сіз дұрыс оқыдыңыз, жағажайдағы екі үй алты жүз тоқсан бес мың доллар. Және екеуінің де ішіндегі жиһазы түп-түгел. Өте тиімді ұсыныс екеніне сіз де келісетін шығарсыз). Біреуін жалға беріп, едәуір табыс табуға болады, өйткені үйлер жағалауда, өте тиімді жерде орналасқан. Дегенмен, мен дәл сол сәтте мұндай ақшаны

жұмсауды жөн көрмедім. (Ағаттық жасағанымды өзім де білемін). Әлгі досымның бірнеше үйі бар, тағы екі үй алып, басын қатырғысы жоқты. Дренда екеуімізге сол үйлерді көрсетуінің себебі де сол еді. Әлдебір мультимиллионердің сізді жанына ертіп алып, «Міне, мына іске қаражат салар едім» деп кеңес беруі күнде

**ЕГІН ЕГІП,
ӨЛШЕМІҢІЗДІ
БЕЛГІЛЕГЕН СӘТТЕ,
ҚОРҚЫНЫШТЫҢ ҮНІН
ӨШІРІП ТАСТАҢЫЗ.
БАТЫЛ БОЛЫҢЫЗ.**

бола бермейді. Әрине, Дренда үйлерді сатып алуымыз керек деді, бірақ мен көне қоймадым.

Әңгіменің соңы қандай болғанын болжап отырған шығарсыз. Әлгі екі үй сатылып кетті, бірнеше жылдан кейін 3 миллион долларға

қайта сатылды.

Ең қайғылы және ең көңілсіз нәрсе не болғанын білесіз бе? Сол күні мен бұл туралы мінәжат етпедім. Киелі Рухтың жетелеуін керек қылмадым. Досымның да, әйелімнің де ақылын елемедім. «Жоқ» деген жауппен шектелдім. Өйткені, үйді алатын болсақ, бар ақшамыз жұмсалар еді, экономиканың кризис тұсында қаражатсыз қалу мен үшін қолайсыз еді. Бірақ айтқанымдай, мен бұл туралы Құдайдан ақыл-кеңес сұрамадым, бұл өте қымбат қателік болды.

Өкінішке орай, дер кезінде тұқым сеппей, егіннен құр алақан қалған кездерім көп болды (үнемі дей алмаймын, бірақ көп), мені тәрбиелеуге Құдай біраз уақытын салды.

Бұдан көп жыл бұрын Дренда курортқа дем алуға барып, сонда Кеннет Коупленд деген әйгілі уағызшымен және оның жұбайы Глориямен кездейсоқ танысып қалды. Олар Дренданы дастарқан басына шақырды.

Ас үстінде Кеннет Дренда екеуімізге айтатын сөзі бар екенін айтты. Дренда сол жолдауды телефонына жазып алып, үйге келген соң маған көрсетті. Мынадай сөз екен:

«Мен сендерді үйлермен, жермен қамтамасыз етпек болдым, бірақ сендер Маған рұқсат бермедіңдер».

Мәссаған, бұл нағыз сөгіс қой. Өзім бас тартқан көптеген нәрселерді қайта саралай отырып, қателігімді көрдім. Сол күннен бастап егіннен енді ешқашан құр алақан қалмаймын деп шештім. Осы шешімді қабылдағанымнан кейін, тұқым сепкенімнен кейін Құдайдың өнімді маған қаншалықты жылдам беретіні таң қалдырды.

Егін егіп, өлшеміңізді белгілеген сәтте, қорқыныштың үнін өшіріп тастаңыз. Батыл болыңыз. Патшалықтар туралы төртінші жазба, 4-тараудағы жесір әйелдің құтыдағы май тоқтаусыз аға береді деген ой үш ұйықтаса, түсіне кірмеген болар. Құдайдың мұндай кереметтерді қалай жасайтынын білмейміз. Әлгі әйел қандай Құдайдың қандай керемет жасайтынын алдын-ала білгенде, оның

өмірі мүлде басқаша болар еді. Бәлкім, май бизнесінде миллиардер атанған жесір әйел туралы әңгіме оқитын ба едік.

Тағы да айтарым, әрдайым бұрынғыдан көбірек егін егуіңіз керек, соны есте сақтаңыз. Бүгін кешегі еккеніңіздің жемісін көріп отырсыз, егін егу кезінде осыны есте ұстағаныңыз жөн.

Сондай-ақ, егін егілгеннен кейінгі уақыттың ең қиын уақыт екенін де әрқашан есте сақтаңыз. Егін жинайтын себеттеріңіз бос, ал еккен тұқымыңыз әлі көктей бастаған жоқ. Осы уақытта Құдай Сөзін берік ұстаныңыз, Құдайдың беретін жемісі қайдан және қалай келетінін егжей-тегжейлі білу үшін Рухта дұға етіңіз.

Тараудың соңында бірнеше рет айтылған, алайда, тағы қайталауға тұрарлық бір әңгімені сіздерге айтып бермекпін. Әңгіме бірнеше жыл бұрын менің қарамағымда жұмыс істеген бір менеджер жайында. Ол кезде мен өлшемді орнату принципін жаңадан үйреніп жүргем. Әлгі кісі үй салды. Құрылыс бағасы белгіленген мөлшерден асып кетті. Мұндай жағдай үй саларда жиі кездеседі. Әдетте, жұмыс барысында әуелгі жоспарға өзгеріс енгізіледі де, шығын көбейеді.

Жолдасым банктен алған қаражатын түгел тауысып, ас үйге қоятын жиһазға ақшасы жетпей қалды. Ұмытпасам, жиырма бес мың доллар шамасында жетіспеушілік болды.

Бірнеше күннен кейін бір бауырымыз үй салып жатқан жігітті қауымда көргенін, оның қатты абыржулы екенін айтты. Жиналыстың соңына таман уағызшы белгілі бір мақсатқа құрбандық жинады, әлгі жігіт құрбандық жасап, орнына қайта отырды. Көңіл-күйі мазасыз екен. Орнында бір сәт отырды да, қайта тұрып, тағы да құрбандық жасады. Қайтып келгенінде, бұрынғыдан бетер қобалжып кетіпті. Бірнеше минуттан соң, орнынан ыңырсып тұрды да, тағы құрбандық берді. Бұл жолы орнына қайтып келгенде, жүзінде қобалжу белгісі жоқ, көңілі жай тапқандай көрінді.

Болған жағдайды кейінірек сол жігіттің өз аузынан естідік. Әлгі жиналыста ол жаңа үйіне жиһаз алуға қажет қаражатты ормақ болып, тұқым сепкен екен. Қателеспесем, жиһаз өндіруші компания оған елу

пайыз жеңілдік жасаған, сөйтіп ол жиһазының құнын төлеп шыққан.

Сонымен, сол күні не болғанын айтайын. Бауырымыз құрбандығын беріп, кейін қайтып келіп, орнына отырған. Бірақ, көңілінде бір қобалжу бар. Сосын орнынан тұрып, көбірек ақша берген. Орнына қайта отырғанда, бұрынғыдан бетер қобалжығандай болды. Ол бірнеше минут орнында отырды, тыныштық таппаған соң, ыңырсып, қайтадан алға шығып, тағы да ақша берді. Осыдан кейін ғана көңіліндегі толқу сейілген екен.

Сонымен, ол үшінші рет барып, қолындағы барын бергенге дейін тыныштық таппады. Ол жиырма бес мың долларды қалай төлей алатыны жайлы дұға етті, сөйтіп, Киелі Рухтың жетелеуімен, өзіне керек егінді жинау үшін қажетті мөлшерді белгілеген болатын.

Сондықтан келесі жолы егін еккеніңізде, Құдай Патшалығының осы бір өте маңызды заңын, өлшем заңын есте сақтаңыз.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

ЖОМАРТ ПАТША

Бәрімізге таныс бір жайт туралы айтайын. Бір танысымыз, киген киімімізді немесе қолымыздағы бір затымызды мақтайды. Сонда біз: «Ой, мен мұны гараждағы сатылымнан 5-ақ долларға алдым» дейміз.

Неге бұлай? Неліктен біз жақсы нәрсеге ие болғанымыз үшін ұяламыз? Бір қызығы, осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын қаланың сыртындағы жаңа үйімізді салғанымызда, іші кең болғанымен, сырты кішкентай болса екен деп дұға ететінбіз. Жаңадан бағушы болған кезіміз, зәулім үй салып жатқанымызды білсе, қауымдағы адамдар ренжіп қалатындай көрінетін. Ол кезде біз қауымнан айлық алмайтынбыз – құрылысқа бизнестен түскен табысымызды жұмсаған едік. Дегенмен, үйді қауымның ақшасына салып жатыр деген сөз соңымыздан ере ме деген ойда болдық. Осылайша, біз ауданы жеті жүз шаршы метр үй салдық, бірақ сыртынан қарағанда, үйіміз қарапайым екі қабатты үйге ұқсайды.

Мұнымыздың нағыз ақымақтық екенін кейін түсіндік. Жаратқан Иенің жарылқауын ұяла жасырудың не қажеті бар еді?

Конференцияларымда мына бір мысалды жиі қолданамын.

Мен жыртық әрі лас киім киіп, сахнаға шықтым да, бүгінгі күнді мереке деп жарияладым делік. Бүгін Дренда екеуіміз ипотекамызды төлеп шықтық. Содан кейін мен қарызды өтеу үшін қаншалықты көп жұмыс істегенімізді (кейде аптасына сексен сағат), ақыры ипотеканы жапқанымызды айттым.

Тыңдармандарым қуана қол соғар еді. Неліктен? Өйткені, жүйені жеңіп шыққан бір адам табылды. Демек, қарыздан шығу жолы бар.

Бірақ мен сахнаға шығып: «Бүгін бейтаныс біреу келіп, бізге бір миллион доллар берді, біз несиемізді жаптық» десем, тыңдап отырғандар бұл әділдікке жатпайды дер еді. Неліктен? Өйткені, біз бейнет пен маңдай терге негізделген, қарғыс атқан жүйеде өстік. Нанымызды тауып жеу үшін бейнеттену керек деген ойды бойымызға әбден сіңірдік. Әрине, бұл құлдық жүйе, өйткені, көбіміз қаржылық еркіндікті сезініп көрген емеспіз. Соның салдарынан адамдардың көбісі шынайы өмірлік мақсатын, рухани ДНҚ-сын ешқашан ашпайды. Біз өмір сүріп жатқан күнкөріс жүйесінде адам шынайы мақсатынан көз жазып қалады да, пайда табуды ғана көздейді. Қаржыға байланысты шешімдердің көбісі сондай. Адамдар өз армандары мен құмарлықтарын жүзеге асыру үшін еркін болуды армандайды, бірақ көпшілігі бұл арманына ешқашан жете алмайды.

Бірнеше жыл бұрын Құдай маған екі еселік сыбаға жайында және оған қалай қол жеткізе алатынымыз туралы айта бастады. Екі еселік сыбаға бізді өмір сүрудің жердегі қарғыс жүйесінен босатады және күнкөріске бола бейнеттеніп, тер төгуден азат етеді.

Қысқаша айтқанда, екі еселік сыбаға жеткіліктен артық дегенді білдіреді. Жеткіліктен артық болуы қарыз алмай өмір сүруге және уақытымызды ақшаға сатудың орнына Құдайдың тапсырмасын орындауға мүмкіндік береді.

Екі есе сыбаға туралы көп жылдан бері уағыздап жүрсем де, бұл салада білмейтінім әлі де көп екен. Ием маған соны ашып бермек екенін сезіндім. Білетінімнен әлдеқайда көп нәрсе бар екенін сезіп, Киелі Рухтан оның не екенін көрсетуін сұрадым.

Мен екі есе сыбағаға қатысты Киелі Жазбаны зерттей бастадым да, Иемнің білмейтінімді ашып беруін күттім. Құдай маған оны қиялым жеткен ең әсерлі бейне арқылы көрсетті.

Маған қызметтегі серіктестеріміздің бірі, мен бұрын-соңды көрмеген бір мырза қоңырау шалды. Кітаптарымды оқып, менің аң

аулағанды жақсы көретінімді байқапты. Ол кісі менен: «Сізге мылтық сыйлағым келеді. Сізде мылтықтың қай түрі жоқ?» деп сұрады.

Ол кезде бұғыдан бастап үйрек, қырғауыл, қоянға дейін ататын кәдімгі қарапайым шолақ мылтығым бар еді. Сондай-ақ, әкем он алты жасымда сатып алған жиырмасыншы калибрлі қосатарым бар. Бірақ аңшылық туралы журналдардан әдемі қосатар мылтықтарды көріп, үнемі қызығып жүретінмін. Дүмбісіне әдемі өрнек ойылған, тамаша ағаш қорабы бар, қашан да жылтырап, көздің жауын алады. Сонымен, мен ол кісіге өзім қызығып жүрген мылтық жайлы айттым. Ол маған сол мылтықты жіберетінін айтқанда, не дерімді білмей қалдым. Бұл бір ғажап сыйлық болар еді, қатты қуандым.

Сыйлық бір аптадан кейін қауым кеңсесіне жеткізілді, ашсам, ішінде мен көрген ең әдемі мылтықтардың біреуі емес, екеуі бар екен.

Тез арада серіктесіме қоңырау шалып, оған осындай керемет сыйлық үшін алғыс айттым.

Келесі аптада ол маған тағы екі мылтық жіберді! Енді мен бұрын ұстап көрмеген төрт тамаша қарудың иесі болдым. Әлгі кісіге тағы да телефон соқтым, оның айтуынша, арнайы қоңырау шалып, алған сыйлықтары үшін алғыс білдіретіндер көп емес; ал мен шын жүректен алғыс айтқандықтан, ол маған тағы екі мылтық жібермек болды. Әлбетте, бұл – Құдайдың ісі, оған күмәнім жоқ. Мен Құдайдан екі еселік сыбаға жайлы білімімді тереңдетуін сұрап жүрген едім, дәл сол уақытта мына сыйлықтар қос-қостан келе бастады.

Қысқасы, мылтықтар пошта арқылы жұптасып келе берді. Көп ұзамай менде ОН ТӨРТ жаңа мылтық болды, бәрі де ең жоғары сапалы мылтықтар. Бұл арзан қарулар емес еді. Олардың құны мыңдаған доллар болатын.

Көп ұзамай екі інжу ақ түсті Cadillac Escalade жол талғамайтын көлігін сыйға алдым. Ол кезде біз өзімізге ұнайтын он жасар Honda Pilot көлігін жүргіздік (Хондалар әрқашан тамаша көліктер), бірақ олар Escalade емес.

Дрендa бірнеше жыл бойы Louis Vuitton әмиянын армандап

жүрді, мен оған екі жыл бұрын ерекше мерекелік сыйлық ретінде сол әмиянды алып бердім. Бірақ биылғы туған күніне Дрендаға екі бөлек адам ЕКІ Louis Vuitton әмиянын сыйлады.

Биыл біз екінші ұшаққа, сонымен қатар мұхит жағалауындағы екі үйге ие болдық, ал Исаның туған күні қарсаңында қара күзен терісінен тігілген, әрқайсысы он мың доллар тұратын екі тонды сыйға алдық.

Осы тұста тоқтап, бір нәрсені ескертуім керек. Осылардың бәрін мақтану үшін айтып отырған жоқпын, өйткені, ол менің еңбегім емес! Мылтықтар өзі келді. Маржан түстес екі Escalade өзінен-өзі пайда болды. Әмияндар да өзі келді. Күзен тондар да солай.

Екі үйдің пайда болуына, әрине, көбірек атсалыстық, бірақ бірнеше жыл бұрын жағажайдағы үйге деп тұқым сепкен болатынбыз. Бірнеше жыл бұрын Дренда жылжымайтын мүлік журналын қарап отырып, сондағы бір үйді қатты ұнатып қалыпты. Маған онысын айтқан жоқ. Ол суретті нұсқап: «Ием, осындай үйім болғанын қалаймын» деп айтқаны ғана есінде. Ол кезде қаржылық міндеттеріміз бен жобаларымыз тым көп еді, Флоридадағы жағажайдан қолма-қол ақша төлеп, үй алуға шамамыз жетпес еді, бірақ біз уақыты келгенде, армандаған үйімізге қол жеткізетінімізді білдік.

Бір күні, таңғы жаттығуларымды жасап, жүгіріп келе жатқанымда, Ием маған: «*Ертең Дренданы Флоридаға жібер, сол жақтан үй сатып алсын*», – деді. «Ертең» деген сөзден істің жедел орындалуы керек екенін түсіндім де, «Жарайды, мырзам», – дедім.

Сонымен, Дренда Флоридаға барып, жиырма бес үйді қарады. Бір үй Дрендаға қатты ұнады, өзіне арнап салынғандай әсер қалдырыпты.

Бірнеше күннен кейін Флоридаға мен де бардым. Әйелім ұнатқан үйді енді екеуіміз барып көрдік. Үй расында да тамаша екен. (Осы уақыт бойы Дренда әлгі жылжымайтын мүлік журналындағы үйдің суретін нұсқағанын, Құдайдан сол үйді сұрағанын есіне алған емес. Сол күннен бері шамамен үш жыл өтті, біз ол көрсеткен үйді ешқашан көрмедік).

Дренда таңдаған үйді алмақ болып, келісім-шарт жасастық. Бірнеше күннен кейін біз Огайодағы үйімізде келісім-шарт бойынша талап етілетін құжаттар мен фотосуреттерді қарап отырғанымызда, Дренда кенеттен: «Бұл менің үйім!» – деп дауыстады.

Келісім-шартқа қол қойылған, іс тәмамдалуға жақын, Дренданың сөзіне таңырқап, «Әрине, сенің үйің», – дедім.

«Сен түсінбедің», – деді ол. «Бірнеше жыл бұрын жылжымайтын мүлік журналында дәл осы үйді көрсеткенмін!»

Сол журналда Флоридадағы үйлердің суреттері басылған еді. Біз алған үй дәл сол, Дренда нұсқаған суреттегі үй болуы мүмкін бе? Әйелім біз алған үйдің сол үй екенін тағы қайталады да, бірнеше жыл көзіне оттай басылған үйдің ерекшеліктерін атай бастады. Біз алған үйге дәл сәйкес келді. Біраз зерттеу жасап едім, үйіміз шынымен де үш жыл бұрын сатылымға шыққанына көзім жетті. Дренда осы үйдің суретін журналдан көріп, оған иелік ететінін жариялапты. Дренданың осы сөзінен кейін маған белгісіз себептермен, үйдің сатылатыны жайлы хабарлама нарықтан алынып тасталған.

Бірнеше күн бұрын үй нарыққа қайта шыққан. Киелі Рух Дренданы ертеңіне Флоридаға жібереді, мұндай асығыстықтың себебі енді түсінікті болды!

Осылайша, біз жағажайдағы үйді сатып алдық, Дренда өмір бойы армандаған үйіне ие болды. Сол жылы Канадада жағажайда орналасқан үйді мұра еттік. Апыр-ай!

Байқасаңыз, Құдайдың бізге бергенінің барлығы – ең жоғары сапалы нәрселер. Нағыз жоғары сапаны айтамын. Болған оқиғаның бәріне біраз есеңгіреп қалдық. Бірақ Иеміз маған: «*Мен саған он төрт мылтық керек емес екенін білемін. Саған екі Эскаладтың да керегі жоғын білемін...*» деп, тізімнің бәрін ақтарып шықты.

Сосын Ол: «*Мен балаларымның жоқшылық көргенін қаламаймын. Олар бүкіл мүлікке ие, Мен балаларыма жақсы нәрселерді беруді ұнатамын*», – деді.

**ИЕМ ӨЗІНІҢ
МОЛШЫЛЫҚТЫҢ
ҚҰДАЙЫ ӘРІ ЕКІ ЕСЕЛІК
СЫБАҒА БЕРУШІ ҚҰДАЙ
ЕКЕНІН ЕСІМЕ САЛДЫ.**

Ием Өзінің молшылықтың Құдайы әрі екі еселік сыбаға беруші Құдай екенін есіме салды. Құдайдың халқында асқақ арман, кең ой-өрістің болмауы Иемізді шектеп отырғанын да айтты. Біз Құдайды шектеп, қолын байлап отырмыз.

Жаратқан Иенің бізге көрсеткендеріне Дренда екеуіміз қайран қалдық. Біз адамдарға екі еселік сыбаға туралы айтуымыз керек екенін түсіндік. Екі еселік сыбаға барлық нәрсенің қос-қостан келетінін білдірмейді — Иеміз бұл атауды менің назарымды аудару үшін пайдаланды. Екі еселік сыбаға жеткіліктен артық дегенді білдіреді.

Содан кейін Құдай маған мұны өз қауымыма үйретуім керектігін айтты және Иеміздің біздің өмірімізде жасаған кереметтері туралы еш бүкпесіз айтуды тапсырды.

Қазіргі кезде Дренда екеуіміз өзімізде бар нәрселер туралы көп сыр шашпаймыз, өйткені, зат – өмірдің мақсаты емес. Әлдебір заттарға ие болуды мақсат қылмақ емеспіз, сіздің назарыңызды да соған байлап қойғымыз келмейді. Алайда, жоғарыда айтылған заттардың ешқайсысын қуған жоқпыз, оларды бізге Құдай берді. Сонымен, он бір апта бойы екі еселенген сыбаға жайында қауымда тәлім бердік. Менің пікірімше, бұл тәлім мен үйреткен кез келген басқа тақырыптарға қарағанда, қауым мүшелерінің қаржысына ең мықты ықпал етті.

Сонымен қатар, қандай жағдай болғанын сіз білесіз бе? Сол тәлімді естігенде, қауымнан кетіп қалған адамдар да болды. Менің айтқандарым олардың ашуына тиді. Олар маған әлгі мылтықтардың, екі Эскаладтың, жағажайдағы үйдің, екі ұшақтың немесе екі әдемі тонның қажеті жоқ деп ойлады. Олар мені болған жайтты әсірелеп айтып, жай ғана мақтанып тұр деп ойлады.

Бірақ сол кісілер тәлімдегі негізгі ақиқаттан құр алақан қалды — Құдай бізге бір Өзінің жеткілікті екенін көрсетті. Оның Патшалығы

жер бетін билеп тұрған жүйе секілді күнкөрісті ғана көздемейді. Құдайдың Патшалығы – бұл молшылық патшалығы, Құдай Әке Өз перзенттеріне қамқорлық жасауды ұнатады.

Жоғарыда айтылған кереметтерді мен емес, Құдайдың Өзі жасағанын адамдардың есіне салуыма тура келді. Құдайдың ондағы мақсаты – әр адам қымбат көлік мінуі керек деген ой емес, Құдайға шектеу қоюды тоқтатқанымыз. Біз азды қанағат тұтып, Құдайдың молшылығынан бас тартып жүрміз. Құдай бізге игіліктерін сыйламақ болғанда, біз қалыптасқан әдетімізге салып, «жоқ» дейміз, Құдайды шектеп, қолын өзіміз байлаймыз, соны доғаруымыз керек. Жаратқан Ие – молшылық беруші Құдай. Осыны білгенімізді қалайды.

Бұл түсінік жомарттық тақырыбын дұрыс түсінуіміз үшін өте маңызды. Жомарттық танытпақ болған адамның қолында бірдеңе болуы шарт. Әсіресе, үнемі жомарт болам дейтін адамда. Құдайдың маған жасаған жақсылығын айтудан ұялмауды үйрендім.

Келесі күзде жергілікті бағушы менің жерімде аң аулауға рұқсат сұрады. Мен жыл сайын ұлдарыммен бірге бұғы атамын. Керегімізше бұғы атып алғанға дейін мен ешкімге өз жерімде аң атуға рұқсат бермеймін. Ал содан кейін маусым жабылғанға дейін бірнеше адамға рұқсат етемін. Сол күзде мұздатқышым бұғы етіне толғаннан кейін бағушыны менің жерімде аң атуға шақырдым.

Сол күні мен ол кісіні аңшылыққа қолайлы жерлерді көрсетпек болып, сыртта күтіп алдым. Бағушының құс ататын ескі мылтықтан басқа қаруы жоқ екен, онысының көздеуіші — ұңғының үстіне орнатылған жез моншақ. Мұндай мылтық бұғы атуға жарамайды. Бұғыға өте жақын баруыңыз керек, сонда ғана аңды атып түсіре аласыз.

Бағушымен сөйлесіп отырғанымда, Құдайдың маған берген мылтықтарының бірі бұғы атуға өте қолайлы екені есіме түсті. Мен Киелі Рухтың: *«Сыйға алған мылтықтарыңның бірін осы кісіге неге бермеске? Сенің бұғы ататын жақсы мылтықтарың біреу емес, бірнешеу. Ал мына бағушының жақсы мылтығы жоқ»*, — дегенін естідім.

Сонымен, мылтықтарымның бірін сыйға тарттым, ол қатты

қуанды. Ол кісі үшін бұл сыйлық Құдайдың ізгілігінің айғағы болып, Құдай жолындағы ынтасын арттыра түсті.

Бірнеше тарау бұрын айтқаным есіңізде ме, ақшаның бір бөлігі мен қолыңыздағы заттардың кейбірі сізге арналмағаны туралы? Құдай оны сізге басқа біреудің қажеттілігін қанағаттандыру үшін жіберді.

Мұның бәрін мына ақиқатқа назарыңызды аудару үшін айттым: Сіз молшылық Патшалығында, жомарт Патшаның қол астындасыз, бірақ дүниеқоңыздыққа итермелейтін кедейлік рухын жеңбесеңіз, Құдай Патшалығындағы молшылыққа рахаттана алмайсыз.

Теледидардан үйіне неше түрлі заттарды жинап, сақтай берген адамдар туралы шоу көрген боларсыз. Олардың үйі қоқысқа толып кеткені сонша, аяқ алып жүру мүмкін емес. Көптеген жағдайларда үйді бұзуға немесе қайта салуға тура келеді, өйткені іші қоқысқа толып, үйдің өзі күтімсіз қалған. Ашкөздік пен дүниеқоңыздыққа салынсақ, жүрегіміз сол үйлерге ұқсас болып кетеді. Ақша мен дүние-мүлікке жеңіл қарауымыз керек.

Күнкөрісін ғана ойлап, күйбең тірішіліктен шыға алмай жүрген жанның жомарт болуы өте қиын. Құдай Патшалығында молшылық бар, Иеміз соны білгенімізді қалайды, сондықтан жомарттық танытайық. Сіздің жомарттығыңыз адамдарды Құдай Патшалығына шақырады және Оның ізгілігі мен жомарттығын қабылдауға жүректерін ашады. Есіңізде болсын, адамдарды тәубеге келтіретін — Құдайдың ізгілігі.

Иса сөзін жалғастырып былай деді: «Құдай Патшалығындағы жайт мынау сияқты: бір қожайын таң сәріде жүзім бағына жұмысшы жалдау үшін үйінен шығыпты. Жұмысшылармен күніне бір күміс теңгеден төлейтін болып келісіп, оларды жүзімдігіне жібереді. Сағат тоғызда қожайын қайтадан үйінен шығып, базардан әлі де жұмыссыз тұрған басқаларды көргенде, оларға:

— Сендер де жүзімдігіме барыңдар! Туісті ақыларыңды төлеймін, — дейді.

Олар да сонда кетеді. Қожайын түскі сағат он екі және үш шамасында да солай істейді. Соңғы рет сағат бесте барса, жұмыссыз тұрған тағы бірнеше адамды көріп, оларға былай деп тіл қатады:

— Неліктен сендер күні бойы бос тұрсыңдар?

— Бізді ешкім жалдаған жоқ.

— Онда сендер де жүзімдігіме барыңдар! — дейді қожайын.

Кешке ол шаруашылығын басқарушысына:

— Жұмысшыларды шақырып, жалақыларын төле. Ең соңғыларынан бастап, алғашқы барғандарымен аяқта, — деп тапсырады.

Сонда сағат бесте жалданғандар келіп, бір күміс теңгеден алады. Алғашқы болып келгендер көбірек алармыз деп үміттенгенмен, оларға да бір-ақ күміс теңгеден тиеді. Соны алған олар қожайынға өкпелеп:

— Соңғылар бір сағат қана жұмыс істесе, біз осындай ыстықта күні бойы жұмыс істедік. Дегенмен сіз бәрімізге бірдей ақы төледіңіз! — деп күңкілдейді. Қожайын біреуіне жауап қайтарып:

— Достым, саған әділетсіздік жасаған жоқпын ғой. Әуел баста бір күміс теңгеге келіспеп пе едік?! Ендеше ақыңды ал да кете бер. Соңынан жалданған мыналарға саған бергендей ақы төлеуді өзім қалап тұрмын. Әлде менің меншігімді өз қалауымша жұмсауға еркім жоқ па?! Яки оларға жомарттық жасағанымды көре алмайсың ба? — дейді.

Осылайша соңғылар алдыңғы қатарға шығады, ал алдыңғы қатарлылар соңғылар болады!»

— Матай 20:1–16

Сонымен, Иса бұл астарлы әңгімеде нені меңзейді? Ең алдымен, қожайынның Көктегі Әкемізді бейнелейтінін және ол іздейтін өнім —

соя бұршақтары немесе жүгері емес екенін мойындауымыз керек. Бұл адамдардың жаны. Жұмысшылар бізді, яғни Ол егін алқабына жіберіп жатқандарды білдіреді. Меніңше, бұл әңгімеден екі нәрсені ұққанымыз дұрыс. Біріншіден, қожайынның көмекшілерді қалай іздейтінін байқаңыз.

Құдай Патшалығындағы жайт мынау сияқты: бір қожайын таң сәріде жүзім бағына жұмысшы жалдау үшін үйінен шығыпты.

Ол жұмысшыларды табу үшін ерте тұрып, күні бойы далаға қайта-қайта шығып, көмекші бола алатындарды тынбай іздейді. Қожайынның әрекетінен асығыстық байқалады. Жүзім әбден піскен, оны жинап алу керек, әйтпесе ысырап болады. Қожайын, тіпті, жұмыс уақытының соңғы бір сағаты қалғанда да, жұмысшы жалдайды.

Қожайын түскі сағат он екі және үш шамасында да солай істейді. Соңғы рет сағат бесте барса, жұмыссыз тұрған тағы бірнеше адамды көріп, оларға былай деп тіл қатады:

— Неліктен сендер күні бойы бос тұрсыңдар?

— Бізді ешкім жалдаған жоқ.

— Онда сендер де жүзімдігіме барыңдар! — дейді қожайын.

Ал енді осы астарлы әңгіменің ең жұмбақ тұсына келдік: Неліктен қожайын жұмысшылардың ақысын бірінші жалдаған соңғысынан бастап төледі? Жауабын он бесінші аяттан табуға болады.

Сонда сағат бесте жалданғандар келіп, бір күміс теңгеден алады. Алғашқы болып келгендер көбірек алармыз деп үміттенгенмен, оларға да бір-ақ күміс теңгеден тиеді. Соны алған олар қожайынға өкпелеп:

— Соңғылар бір сағат қана жұмыс істесе, біз осындай ыстықта күні бойы жұмыс істедік. Дегенмен сіз бәрімізге бірдей ақы төледіңіз! — деп күңкілдейді. Қожайын біреуіне жауап қайтарып:

— Достым, саған әділетсіздік жасаған жоқпын ғой. Әуел баста бір күміс теңгеге келіспеп пе едік?! Ендеше ақыңды ал да кете бер. Соңынан жалданған мыналарға саған бергендей ақы төлеуді өзім қалап тұрмын. Әлде менің меншігімді өз қалауымша жұмсауға еркім жоқ па?! Яки оларға жомарттық жасағанымды көре алмайсың ба? — дейді.

Жомарттық жасағанымды көре алмайсың ба?

Осы астарлы әңгімені оқып отырып: «Бұл әділдікке жатпайды ғой!», – деп ойлауымыз мүмкін. Еңбек ақысы жұмыс уақытына сай есептелетін жүйеде бұл ойымыз дұрыс болар еді. Бірақ бұл жүйе – қарғысқа ұшыраған әлем жүйесі екенін ұмытпаңыз. Жоғарыда айтқанымдай, бұл Құдайдың менталитеті емес. Қожайын жұмысқа кеш кіріскендер басқалармен бірдей жалақы алғанда, жомарттығын көріп, осы қожайынның бағында еңбек етуді жалғастырғысы келер деген үмітте болды. Жұмысшылар барлық таныстарына барып, қожайынның кеңпейіл екенін, жалақыны жомарт төлейтінін айтқанда, тіпті дұрыс болар еді. Сонымен, астарлы әңгіменің қорытындысы қандай? Құдай адамдардың ісімен айналысады, егер сіз Оның ісімен айналыссаңыз, Құдай сізге Өз жомарттығына сай зор сый береді.

Құдайдың бергенін еркін ала аласыз ба?

Иса Құдайдың бергенін қабылдау туралы Киелі кітаптағы ең таңғажайып астарлы әңгімелердің бірін айтқан еді. Оны естігеніңізді білемін, ол – адасқан ұлы туралы астарлы әңгіме.

**ҚҰДАЙ АДАМДАРДЫҢ
ІСІМЕН АЙНАЛЫСАДЫ,
ЕГЕР СІЗ ОНЫҢ ІСІМЕН
АЙНАЛЫССАҢЫЗ,
ҚҰДАЙ СІЗГЕ ӨЗ
ЖОМАРТТЫҒЫНА САЙ
ЗОР СЫЙ БЕРЕДІ.**

Әуелі сол әңгімені оқып шығайық, содан кейін ол туралы сөйлесеміз. Менімен бірге қала беріңіз. Кітаптың соңына таяп қалдық, айтатынымды түгел тыңдап болмай, кетпеңіз. Біз оқитын әңгіме Лұқа жазған Ізгі Хабардың он бесінші тарауында жазылған. Бұл өте ұзақ мәтін, бірақ оны түгел оқып шығуға уақыт бөліңіз.

Иса тағы мына әңгімені де айтып берді: «Біреудің екі ұлы болыпты. Кенжесі:

— Әке, маған тиісті еншімді бөліп беріңізіші! — дейді. Сонда әкесі ұлдарына мал-мүлкін бөліп береді.

Көп уақыт өтпей кіші ұл бәрін жинап алып, алыс бір елге кетеді. Сол жерде ол азғындық жолға түсіп, еншісін шашып, ысырап қылады. Бәрін жұмсап бітірген кезде сол елде қатты ашаршылық болып, жігіт мұқтаждық көре бастайды. Елдің бір тұрғынына барып, жармасып жүріп, жалшысы болады. Сол оны даласына жіберіп, шошқаларын баққызып қояды. Жігіт шошқалар жейтін қабықтарды жеп тойсам деп аңсайтын, бірақ оған соны да бермепті.

Сонда ол ақылға келіп, ішінен былай дейді: Әкемнің соншама көп жалшысы нанға тойып жүргенде, мен бұл жерде аштан өлетін болдым. Қой, жолға шығып, әкеме қайтып барайын: Әке, мен көктегі Құдай алдында да, сіздің алдыңызда да күнә жасап келдім. Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін. Мені жалшыңыздай қабылдасаңыз екен, — дейін.

Сонымен жігіт әкесіне баруға жолға шығады. Ол әлі де алыста келе жатқанда, әкесі баласын көріп, оған жүрегі елжіреп, алдынан жүгіріп шығады. Оны құшақтап бауырына басады да, бетінен сүйеді. Баласы оған:

— Әке, мен Құдай алдында да, сіздің алдыңызда да күнә жасап келдім. Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін, — дейді. Бірақ әкесі қызметшілеріне бұйырып:

— Тезірек ең жақсы шапанды әкеліп, балама жабыңдар!

Қолына мөрлі жүзік, аяғына кебіс кигізіңдер! Сосын бордақыланған өгізшені әкеліп, сойыңдар, ішіп-жеп, көңіл көтерейік! Өйткені менің мына ұлым өлген еді — тірілді, жоғалған еді — табылды! — дейді. Сөйтіп олар көңілді тойды бастап жібереді.

Ал әкенің тұңғыш ұлы далада жүр екен. Қайтып келе жатып, үйіне жақындағанда ол қуана ән салып жатқан дауыстарды естиді. Қызметшілердің бірін шақырып алып:

— Бұл не? — деп сұрайды.

— Ініңіз қайтып келді! Әкеңіз оны аман-есен көргені үшін бордақыланған өгізшені сойып, той жасап жатыр, — деп жауап береді ол. Үлкен ұл ашуланып, үйге кіргісі келмейді. Әкесінің өзі шығып, оны шақырады. Сонда ол әкесіне былай деп жауап қатады:

— Міне, мен сізге қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын, еш уақытта бұйрығыңызға қарсы шыққан емеспін. Бірақ сіз маған достарыммен бірге отырып көңіл көтеруім үшін, тым болмаса, лақ та берген емессіз! Алайда бұзылған әйелдермен бірге болып, мал-мүлкіңізді шашып-төккен мына балаңыз қайтып келгенде, сіз оған арнап бордақыланған өгізшемізді сойып, той жасап жатырсыз!

— Ұлым, сен әрдайым менімен біргесің. Барлық меншігім сенікі ғой. Ал мына інің болса, өлген еді — тірілді, жоғалған еді — табылды. Сондықтан қуанып, көңіл көтеруіміз керек қой! — дейді әкесі».

— Лұқа 15:11–32

Біріншіден, кенже ұлдың әкесінің үйінен не себепті кеткенін түсінуіміз керек. Жауап мынау: үлкен ағасы сияқты, кенже ұлдың да әкесі туралы түсінігі қате болған. Есіңізде болса, үлкен ұл өмір бойы әкесіне құл болғанын, ал әкесінің оған достарымен бірге отырып көңіл көтеруі үшін, тым болмаса, лақ та бермегенін айтты. Үлкен ұлдың түсінігінде әкесі – қатал қожайын. Осы тұста тұңғыш ұл неліктен

інісімен бірге кетпеді деген сұрақ туындайды. Бұл тек менің ойым, бірақ еврей дәстүрі бойынша әкесі қайтыс болғанда, үлкен ұлы екі есе мұраға ие болады. Кенженің мұндай құқығы жоқ. Сондықтан, менің ойымша, үлкен ұл әкесінің бар байлығы бір күні өзіне өтетінін білді және сол үшін әкесінің үйінде қала беруді жөн көрді.

Кенже ұл шөбі шүйгін жайлау табамын да, әкемнің қарамағынан шығып, өз бетімше өмір сүремін деген үмітте болды. Сондықтан ол мұрадан өз үлесін алып, бөлек кетті. Бірақ ол бөтен әлемге, өзі күтпеген тосын жайттарға тап болды. Ақшасы таусылғанда, ол өзі көшіп барған елді ашаршылық жайлағанын көрді. Әбден жоқшылық көріп, үміті үзілген ол өзіне мүлдем жат әрекетке барды. Азық тауып жеу үшін ауыр жұмысқа жалданды. Сөйтіп, өмірінде алғаш рет жалдамалы жұмысшы менталитеті қалыптаса бастады. Бұрын оған істеген ісіне емес, кім болғанына бола қамқорлық жасалатын еді. Енді жұмыс істеуге мәжбүр болды, табылған жалғыз жұмыс шошқа бағу болды, бұл еврей үшін мүлдем арам, жексұрын жұмыс. Киелі кітапта оның ашыққаны сонша, шошқалардың жемінен қалған қалдықты жеуге зар болғаны айтылған. Бірақ оған да қолы жетпеген. Неге дейсіз ғой? Жұрттың бәрі мүшкіл халде еді, бәрі бірдей аш. Бәрі бірдей күнкөрістің амалын жасауда. Сізге де таныс жағдай ма? Әйтеуір, бір күні есін жиып, әкесінің үйіндегі қызметшілердің де алдындағы тамағы жетіп, артылатынын есіне алды.

Сонда ол ақылға келіп, ішінен былай дейді: Әкемнің соншама көп жалшысы нанға тойып жүргенде, мен бұл жерде аштан өлетін болдым. Қой, жолға шығып, әкеме қайтып барайын: Әке, мен көктегі Құдай алдында да, сіздің алдыңызда да күнә жасап келдім. Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін. Мені жалшыңыздай қабылдасаңыз екен, — дейін. Сонымен жігіт әкесіне баруға жолға шығады.

Әкесінің үйіндегі ағыл-тегіл молшылықты есіне алған ол әкесіне ұл емес, құл, жалшы болуға бел буды. Ол әкесінің алдында қателігі

мен күнәсін мойындап, одан кейін қызметші ретінде қайтып келуіне рұқсат беруін өтінуді жоспарлады. Алайда үйіне жақындағанда әкесі сыртта екен. Әкесі ұлын құшақ жая қарсы алды.

Ол әлі де алыста келе жатқанда, әкесі баласын көріп, оған жүрегі елжіреп, алдынан жүгіріп шығады. Оны құшақтап бауырына басады да, бетінен сүйеді.

Осы жағдайды көз алдымызға анық елестетіп көрейік, өйткені, бұл оқиға шын мәнінде Құдай Әкеміз бен біздің арамыздағы қарым-қатынастың дәл бейнесі. Ұл тікелей шошқа қорасынан әкесінің алдына келді. Яһудилердің заңы бойынша шошқа баққан адам арам саналады. Әкесі оны құшақтап алған сәтте өзі де арамдалды, бірақ ол ұлына деген махаббатына бола соған барды. Әкесі ұлына сөгіс айтып, оны ақымақтығы үшін жазалаудың орнына, оған ең жақсы киім кигізді. Содан кейін саусағына мөр сақинасын тақты, бұл оның ұлы ретіндегі мәртебесін қалпына келтірді. Содан кейін аяғына жаңа аяқ киім кигізді, бұл оның бүкіл мүлікке ие екенін білдіреді. Осы дәстүрді Рут кітабынан (4:7) көреміз.

Ежелгі заманда Исраилде мынадай дәстүр бар болатын: егер біреу туысқан қамқоршы ретіндегі борышын басқа біреуге аударса, онда ол бұл істі растау үшін бір аяқкиімін шешіп алып, сол адамға беруге тиісті еді.

Ақырында әке бордақы бұзау сойып, қайтып келген баласына арнап той жасады.

Кенже ұл әкеме жалшы болсам арманым жоқ деп келген еді, әкесі оны сүйікті ұлы ретінде қабылдап, мәртебесін қалпына келтірді.

Баласы «Әке, мен көктегі Құдай алдында да, сіздің алдыңызда да күнә жасап келдім. Енді ұлыңызбын деп аталуға лайық емеспін», – деді. Бірақ әкесі қызметшілеріне бұйырып:

— Тезірек ең жақсы шапанды әкеліп, балама жабыңдар! Қолына мәрлі жүзік, аяғына кебіс кигізіңдер! Сосын бордақыланған өгізшені әкеліп, сойыңдар, ішіп-жеп, көңіл көтерейік! Өйткені менің мына ұлым өлген еді — тірілді, жоғалған еді — табылды! — дейді. Сөйтіп олар көңілді тойды бастап жібереді.

Ал енді назарыңызды әңгіменің келесі бөлігіне аудармақпын.

Ал әкенің тұңғыш ұлы далада жүр екен. Қайтып келе жатып, үйіне жақындағанда ол қуана ән салып жатқан дауыстарды естиді. Қызметшілердің бірін шақырып алып:

— Бұл не? — деп сұрайды.

— Інізіз қайтып келді! Әкеңіз оны аман-есен көргені үшін бордақыланған өгізшені сойып, той жасап жатыр, — деп жауап береді ол. Үлкен ұл ашуланып, үйге кіргісі келмейді. Әкесінің өзі шығып, оны шақырады. Сонда ол әкесіне былай деп жауап қатады:

— Міне, мен сізге қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын, еш уақытта бұйрығыңызға қарсы шыққан емеспін. Бірақ сіз маған достарыммен бірге отырып көңіл көтеруім үшін, тым болмаса, лақ та берген емессіз! Алайда бұзылған әйелдермен бірге болып, мал-мүлкіңізді шашып-төккен мына балаңыз қайтып келгенде, сіз оған арнап бордақыланған өгізшемізді сойып, той жасап жатырсыз!

— Ұлым, сен әрдайым менімен біргесің. Барлық меншігім сенікі ғой. Ал мына інің болса, өлген еді — тірілді, жоғалған еді — табылды. Сондықтан қуанып, көңіл көтеруіміз керек қой! — дейді әкесі».

Үлкен ұлы үйге келгенде, не болып жатқанын білген соң үйге кіруден бас тартты. Үлкен ұлдың сөзіне назар аударыңыз. «Міне, мен

сізге қанша жыл бойы қызмет етіп келе жатырмын, еш уақытта бұйрығыңызға қарсы шыққан емеспін. Бірақ сіз маған достарыммен бірге отырып көңіл көтеруім үшін, тым болмаса, лақ та берген емессіз!» — деді. Ол әкесін қатал қожайынға теңеді, ал өзі туралы қандай ойда? Құл! Бірақ отыз бірінші аятта әкесі оны қалай атады? Ұлым деді! Айтпағым, міне, осы.

Осы екі ұлдың көзқарасында олардың әкесі – қатал қожайын, демек, оған қызмет еткеннен түк таппайсың. Сіздің де Құдайға деген көзқарасыңыз осыған ұқсас болып қалыптасқан. Дін Құдайдың алдында қабыл болуың үшін Оның жұмысын істеуің керек деп үйретеді. Кіші ұлының санасындағы әкенің бейнесі әкесі оны жазасыз күтіп алып, құл емес, ұл ретінде қабылдағанда ғана өзгерді. Үлкен ұлдың әкесімен қарым-қатынасы оның еңбегіне негізделген, сондықтан ол әкесіне құлдық етіп, әрқашан дұрыс істеуге тырысты. Өзіңіздің кім екеніңізді жасап жатқан істеріңізге негіздесеңіз, қате қорытынды шығарасыз. Ол жағдайда айналадағылар сізге ешқашан риза болмайды деген жалған пікір қалыптаспақ. Бірақ, шынын айту керек, тұңғыш ұлдың өзі әкесінің бергенін қабылдай алмауға дейін жеткен қатал бақылаушы болды. Ұлы әкесін әділетсіз деп айыптап, достарымен бөлісуге лақ та бермегенін айтқанда, әкесі былай жауап берді:

«Ұлым, сен әрдайым менімен біргесің. Барлық меншігім сенікі ғой».

Әкесі «Құлым» емес, «Ұлым» деді! Ұл деген – мүліктің ортақ иесі, туған балаң. Құлдың мұрасы жоқ. Тұңғыш ұлдың әкесінің менгішіндегі барлық затқа құқығы болды. Бірақ оның әкесіне деген бұрмаланған көзқарасы және өзіне деген қате көзқарасы демалуға және бұрыннан бар нәрседен ләззат алуға мүмкіндік бермеді, өйткені ол өзін жалшы ретінде көрді.

Осының бәрін жазуға неге уақыт бөлдім? Өйткені жалшыларға Құдайдың бергенін алу өте қиын! Олар әрқашан Құдайдың мейірімін жұмыс істеп алғысы келеді. Ол қолдарынан келмегендіктен,

жүректерінде ұят, қорқыныш, жеткіліксіздік сезімдері пайда болады. Олар өздерін Әкеден әлденені алуға лайық көрмейді. Өзіңіз туралы осы көзқарасты түзетпейінше, ешқашан Әкеден ештеңе еркін ала алмайсыз. Есіңізде болсын, Көктегі Әкеміз сияқты жомарт болғымыз келсе, біз еркін қабылдай білуіміз қажет.

Өз күшіңізбен Құдайдың алдында лайықты дәрежеге жете алмайсыз. Ол тек Құдайдың сізге деген махаббатынан туындайтын мейірім арқылы мүмкін. Матай 3:16-17-де айтылған сөз маған ұнайды.

Иса шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін дереу судан шықты. Сол сәтте көк ашылып, Иса Өзіне көгершін сияқты төмендеп келіп, қонған Құдай Рухын көрді. Сонда көктен: «Бұл — Менің сүйікті рухани Ұлым, Оған толықтай ризамын!» — деген дауыс естілді.

Бұл Иса өзінің қызметін енді бастаған сәтте болды. Мәсіх Құдайды риза ететіндей ештеңе жасап үлгерген жоқ, сонда да Құдайдың не айтқанын байқаңыз. Ол Оны жақсы көрді және Оған разы болды.

Иса айқышқа шегеленген кезде жанында жазаларын тартқан екі ұры есіңізде ме? Біреуі: «Патшалығыңызға кіргенде мені есіңізге ала көріңіз», – деді. Исаның былай жауап берді: «Саған шындығын айтамын: бүгін-ақ Менімен бірге жұмақта боласың!». Ұры сонша марапатқа лайық болу үшін не істеді? Ештеңе!

Киелі кітапқа сәйкес, біз Исаның құрбандығына сеніп, Оны Құтқарушы Иеміз деп қабылдағанда, қайта туылып, қараңғылық патшалығынан Құдай Патшалығына көшеміз. Бұған лайық болу үшін не істедік? ЕШТЕҢЕ.

Сондықтан осы тарауды аяқтай отырып, Құдай маған жіберген нәрселердің ешқайсысына лайық емес екенімді айтқым келеді. Жаратқан Ие маған Исаға сенгенімде, бүкіл Патшалықты алғанымды түсінуге көмектесуге тырысты. Ол үшін еңбек етудің қажеті жоқ. Маған тек Оның ізгілігі мен жомарттығын қабылдау керек. Құдайдың жомарттығын қабылдай алсаң, Оның ізгілігінде өзің жомарт бола аласың.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

ЖОМАРТ ЖАНДАРҒА БЕРІЛГЕН УӘДЕ

Билл әйелі Эйприлмен бірге он төрт жылдан бері кәсіп жасайды. Олардың су құбыры мен кәріз саласында шағын отбасылық компаниясы бар. Faith Life қауымының мүшелері ретінде олар қауымның қалай өсіп-өнгенін, жеткен жетістікерін көзімен көрді. Сондықтан олар Faith Life қауым кеңейтіп, сол арқылы қоғамға көбірек әсер еткіміз келетінін естігенде, бұл мақсатты толығымен қолдады.

Эйприл жобаға он мың доллар беруге дайын екенін айтты. Билл ол кезде азық-түлік дүкенінде еді. Қайтып келді де, Құдайдың он мың доллар емес, жетпіс бес мың доллар беруді бұйырғанын айтты. Әйелі аң-таң.

Мұндай істің жүзеге қалай асатынын білмесе де, Эйприл күйеуімен келісті. Алайда оларда мұндай ақша да, ақшаның қайдан келетіні туралы түсінік те жоқ.

Арада бірнеше апта өтті. Бір күні қалалық су шаруашылығы басқармасының маманы телефон соғып, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқандарын айтып, тендерге қатысуға ниеттері бар-жоғын сұрады. Олар «иә» деп, қала әкімшілігінің тапсырысын орындауға қажет заңды қадамдар мен құжаттарды рәсімдей

бастады. Эйприлдың айтуынша, келісім-шарттың көлемі жүз беттен асқан және олар банктен кепілдік алуы керек болған екен. Теңдерге дайындалу өте күрделі жұмыс болса да, олар қойылған шартты түгел орындап шықты. Олар жобаға сұраным берген жалғыз компания екен, оны кейін білді. Ал қала әкімшілігі оларға неліктен өтініш беру үшін хабарласқанын біле алмады.

Сонымен, келісім-шарт дайын болды. Ертеңіне әкімшілік оларды тағы шақыртты. Небәрі жетпіс бес күнде екі жүз үйдің су құбыры мен кәрізін салып шығу керек екен. Мұндай ауқымды жұмысты атқару үшін Билдың компаниясы тым шағын болып шықты. Бірақ біраз талқылаудан кейін олар әкімшілік мамандарын жұмысты еңсере алатынына сендірді.

Билдың айтуынша, жұмыс өте күрделі болды, жұмысшылар кешкі сағаттар мен сенбі күндері жұмыс істеуге мәжбүр болды. Бірақ білесіз бе? Олар жұмысты уақытында аяқтады және қауымды кеңейту жобасына жетпіс бес мың долларды жомарттықпен бере алды, сонымен қатар барлық несиелерін де жапты. Билл мен Эйприлдың қуанғанын көрсеңіз!

Мәселе мынада, Құдайдың Билл мен Эйприлдің өміріне деген жоспары олардың өз жоспарынан әлдеқайда зор еді. Ерлі-зайыпты екеуінің Жаратқан Иеге шын жүректерімен берілгенін Құдай білді, бірақ олардың мүмкіндіктерін кеңейтпек ниетпен, алға қарай итермеледі.

Енді олар мемлекеттік жұмыстарға рұқсат алып, қала әкімшілігінің тапсырысын ойдағыдай орындап шыққандықтан, болашақта бұдан да қомақты келісімшарттарға жол ашық.

Құдай адамдарды алға итермелеуді жақсы көреді. Ол біздің әлеуетімізді біледі, бірақ біз көбінесе өз әлеуетімізді білмейміз және әдетте аздап қысым түспесе, алға жүрмейміз. Осыны есте сақтаңыз.

Бұл жайт сапарға шықпақ болған бір кісінің әрекетіне ұқсас: ол кетер алдында қол астындағы қызметшілерін шақырып алып, оларға меншікті қаражатын аманаттап тапсырады: әрқайсысына қабілетіне қарай, біреуіне бес, келесісіне екі, тағы біреуіне бір ат басындай күміс береді. Содан кейін сапарына аттаныпты. Бес ат басындай күміс алған қызметші онысын дереу айналымға жіберіп, содан қосымша тағы бесеуін табады. Екі ат басындай күміс алғаны да дәл солай істеп, қосымша тағы екеуін табады. Ал бір ат басындай күміс алғаны қожайынының қаржысын бір жерге апарып, көміп тастайды

— Матай 25:14-18

Біз бұл астарлы әңгімені бұрын оқығанбыз, бірақ мен біз қарастырмаған нәрсені атап өткім келеді.

Байқасаңыз, қожайын қызметшілеріне тапсырма бергенде, бұл тапсырмалар «әрқайсысының қабілетіне қарай» берілді. Бес ат басындай күміс берген адамға дәл сол мөлшерде сенім артылды, яғни ол қазіргі уақытта ат басындай бес күмісті басқаруға қабілетті. Егер қабілеті одан жоғары болса, қожайын оған көбірек мүлкін сеніп тапсырар еді. Қалған екі қызметші де солай.

Әрі қарай не болғанын көрейік. Ат басындай бес күмісі бар қызметші күмістің мөлшерін екі есе арттырды. Сонда не болды дейсіз ғой? Қарапайым тілмен айтқанда, оның қабілеті бесінші деңгейден оныншы деңгейге дейін өсті. Жауапкершілігі мен басқарушылық қабілеті артты. Қожайынының алдында құндылығы артты, енді ол әрі қарай жоғарылауға дайын.

Осы тұста қожайынның даналығын да көруге болады. Ол әр қызметшінің мінезін білген. Ат басындай бес күміс алған қызметшінің жаңа деңгейге көтерілуге мүмкіндігі бар екенін білді. Қожайын қызметшіге бес ат басындай күміс бергенімен, бұл оның сол сәттегі қабілетіне сай еді. Бірақ қожайынның тапсырмасын орындау барысында қызметші бір жағынан, күмістің мөлшерін арттырса,

екінші жағынан, өзі жаңа деңгейге көтеріліп, өзінің ресурстарды басқаруға деген қабілетін жетілдіруге тиіс еді.

Қызметшісінің құндылығын арттырудың жалғыз жолы - оның күш салып, өз қабілетін өзі ашуына мүмкіндік беру. Қожайын бұл ақиқатты біледі. Құдай бізді шыңдап, қабілетімізді жетілдіру үшін дәл осы жолмен әрекет етеді.

Кішкене істе сенімді болған үлкен істе де сенімді, ал кішкене істе сенімсіз болған үлкен істе де сенімсіз.

— Лұқа 16:10

Өткен тарауда айтқанымдай, шағын тапсырмалар жоқ. Әрбір кішкене істі атқару, әрбір шағын тапсырманы орындау барысында өсіп, келесі, үлкенірек істі орындауға деген мүмкіндігімізді арттырамыз.

Бұл процесті талай рет бастан өткердім. Әр жолы: «*Жоқ, мен мұны істей алмаймын. Бұл салада білімім жеткіліксіз*» немесе «*Мұны істеуге уақытым жоқ*» деп ойлаймын. Бірақ әр жолы мен: «*Иә, атқарып жүрген жұмыстарымнан күрделі жұмыстарды да атқара аламын*» деймін, сөйтіп, әлеуетімді іске асыруға қабілетті боламын.

Адамдар менің өміріме қарап, «*Қарыздан құтылу, теледидарға түсу, жекеменшік ұшаққа ие болу — осының бәрі қандай тамаша!*» деп ойлайды. Жарайды, сол адамдармен келісейін — мұндай өмір, шынында да, тамаша, ғажап өмір! Алайда, мұндай өмірге қол жеткізгеннен бұрын қандай күйде болғанымды, қандай қысымға төзгенімді, осы деңгейге шығу үшін қандай табандылық танытқанымды сол адамдар біле бермейді.

Мен әлі де өсудемін және Құдай маған бұрынғыдан да күрделі тапсырмалар беруде. Жобаларым барған сайын қомақтыланып, оларды жүзеге асыру да көбірек қаражатты қажет етуде. Алайда, мен бұл қысымды (кейде, тіпті, бейберекетсіздікті) ештеңеге айырбастамас едім, өйткені бұл — өзіме тапсырылғанды түгел орындап шығуға көмектесетін Құдайдың оқыту жүйесі.

Егер мен сізге жалғыз-ақ кеңес бере алатын болсам, істеп жүрген ісіңізді ТАСТАМАҢЫЗ дер едім! Құдайдың сізді кемелдікке келтіруіне мүмкіндік беріңіз.

Құдай міндетті түрде алдыңыздан шығады. Ол сізді ешқашан да сәтсіз жағдайда қалдырмайды. Алда сізді жарқын болашақ күтіп тұр, алға ұмтылуыңыз керек.

Құдайдың сізді қабілетіңіздің шегіне жеткізе сынауына жол бересіз бе?

Сәрсенбі сайын өтетін түнгі мінәжат жиналысына бардым. Бұл жолы жиналысты менің қызым жүргізді. Кенет тоқтап, маған қарады да, пайғамбарлық сөз айта бастады. Ол былай деді:

Жаратқан Ие мынаны айтады: «Егін сен үшін тым көп. Мен сені қабілетіңнің шегіне жеткізе сынаудамын. Болашақта не күтіп тұрғанын тек Менің Рухым арқылы ғана түсіне аласың. Маған еріп жолға шығасың ба, сені санаңа симайтын, қиын, ғажап нәрселерге жетелеп апаруыма келісесің бе?»

«Жо-жоқ, бұл сөздің мағынасын жақсы білемін» деп ойладым. Бұл менің бірінші тәжірибем емес.

Құдайдың мені санама симайтын, қиын, ғажап нәрселерге жетелеп апаруына менен келісім сұрағаны өте құнды, әлбетте. Іс тәмам болғанда, зор кереметтің күәсі болатынымды, Құдайдың мені орта жолда тастамайтынын білемін.

Сонымен қатар, қысымның ауыртпалығын, бұрын барып көрмеген қиырларға барудың құнын да білемін. Бірақ, (және бұл үлкен БИРАҚ), мен Құдайдың ізгілігі мен Оның оқыту жүйесін де білемін, сондықтан еш кідірместен: «ИӘ!» дедім.

Құдай сіздің бойыңыздағы әлеуетті сыртқа шығармақ. Тек осылай ғана Құдайдың сізге берген тапсырмасын орындай аласыз. Ол сізді

қабілетіңіздің шегіне жеткізе сынауы керек! Құдай мұны қалай істейді? *Қысым* арқылы.

Егер сіз шарды үрлеп, содан кейін ауаны шығарсаңыз, шардың созылғанын байқайсыз; ол енді бұрынғыдан үлкенірек. Мен де солай, сіз де солайсыз. Қысымға төзсек, қиындықтан тайсалмасақ, күрделі істерден қорықпасақ, қабілетіміз артады. Қабілетіңіздің артуы жобалардың ауқымы кеңеюінен және де қаржы сомаларының өсуінен көрінеді. Білесіз бе, Құдай сізге жүз мың доллар құрбандық беруді бұйырмайынша, жомарттық туралы уағыз айту қызық. Немесе сүйікті көлігіңізді басқа біреуге сыйлауды бұйырғанша. Құдайға деген сеніміміз бен қабілеттеріміз үнемі артуы керек.

Әлгі жиналыста Құдайға «иә» деп жауап бергенімнен кейін бірнеше апта өткенде, Құдайдың нені меңзегенін білдім. Теледидарда аптасына бір рет шығатын бағдарламамызды, *күн сайын* шығаруға ұсыныс алдық. Бір қарағанда, тамаша ұсыныс. Бірақ мұндай өзгеріске баруымыз үшін бірнеше мәселені шешуіміз керек-ті.

Біріншіден, эфир уақытының құны бірден бес жүз пайызға көтеріледі, біз болсақ, апталық тарифті әрең төлеп жүргенбіз.

Екіншіден, аптасына бес бағдарлама түсіріп, монтаждауымыз керек еді, ал бізде телевизия бөлімі жоқ еді. Ол кезде біз аптасына бір рет шығатын телебағдарламаны монтаждап, эфирге дайындауды басқа компанияға тапсырып жүрген едік. Олар ай сайын келіп, бір аптаның ішінде төрт бағдарламаны түсіріп кететін. Содан кейін бейнежазбаны қиып, өңдеп, бағдарламаларды желіге жіберіп, барлық жұмыстарды атқаратын. Ал енді осы процестерді өз қарауыма алуым керек. Ал ең үлкен мәселе — ол уақытта Дренда екеуіміз теледидар бөлімін құру мен басқару жөнінен мүлде бейхабармыз. Дегенмен, біз мәселені шешуге тырыстық.

Ал ақша жағына келсек, біз Now орталығы деп аталатын қауым қалашығын салып жатқанбыз. Яғни, теледидар бөліміне салатын қосымша ақшамыз жоқ еді.

Аптасына жеті бағдарлама жасап шығаруымыз үшін қажет жабдықты сатып алып, бірнеше маман жалдауымыз керек. Бұл тіпті мүмкін емес болып көрінетін. Дегенмен, Құдай қашанда уәдесіне адал, Дренда екеуімізді жігерлендіріп отырды, біз алға қарай жүре бердік.

Төрт айға жуық уақыт өткенде, эфир уақыты үшін жарты миллион доллар қарыз болып қалғанымызды білдік. Ең қиын сынақ осы болды. Бағдарламамыздың аты «Қаржы мәселесін шешу» болғандықтан, бұл хабар әсіресе ауыр тиді.

Теледидарда қала аламыз ба, жоқ па деп уайымдадым. Мен эфир уақытын төлей алмасам, жұмысымды әрі қарай жалғастыра алмайтынымды сезіндім. Сол кезде көптеген күмәнмен күресуіме тура келді. Бірақ Құдай сөзіне адал, Дренда да жігер беріп отырды.

Сол бір қиын уақытта түс көрдім. Түсімде Құдай маған барлық шоттар бірден төленетінін көрсетті, бірақ олай болуы мүмкін емес-ті. Алайда, сол демалыс күндері қауымға бес жүз мың доллар келіп түсті, эфир уақыты үшін жиналып қалған қарыз толығымен жабылды. Және содан бері қайтып қарыз жиналған жоқ.

Бұл бір керемет саяхат болды!

Осы сынақтан өту барысында біз өзгердік. Қазіргі таңда күніне екі бағдарлама жасап, Ізгі хабарды таратуға миллиондаған доллар жұмсаймыз. Жоғарыда айтылған жағдайға көз жүгіртеміз, енді ол күндер соншалық ауыр болып көрінбейді. Осы кітаптың бірінші тарауында айтқанымызды есте сақтаңыз: Құдайдың рақымы сізге жәрдем болады, көмектеседі, жетелейді! Осы жылдарды Құдаймен бірге жүріп, мен Пауыл елшінің көптеген хаттарының неліктен мына сөздерден басталатынын түсіндім:

«Сендерге Құдай Әкеміз бен Иеміз Иса Мәсіх рақымын жаудырып, тыныштық сыйлай көрсін!»

Біз жалғыз емеспіз, осыны есте сақтауымыз керек. Табиғаттан тыс құдірет, Құдайдың рақымы біздің өмірімізде іске асады. «Иә»

деп, беймәлім жолға қадам басу үшін батылдық қажет, дегенмен, Құдайдың шақыруын қабылдаған адам өкінбейді; Мен бұған куә бола аламын.

Дренда екеуіміз Ізгі хабарды уағыздап, әлемді түгел шарладық. Жаңа Өсиетте жазылған кереметтердің көз алдымызда жүзеге асқанын көрдік. Мыңдаған адамның өмірі гүлденгенін көрдік. Адамның бұл әлемде көре алар жақсылығының бәрін көрдік. Мақсатыңа жеткеннен артық нәрсе жоқ!

Құдай сізге игі істерді молынан істеуге күш-қайрат берсін, сол істердің әрқайсысында табысты болыңыз. Жомарт болудың қаншалықты маңызды екенін ұмытпаңыз. Сіз үшін мінәжат етіп, Құдайдан осыны сұраймын.

Қорытындылай келе, сүйікті жырларымның бірін келтірмекпін:

Жаратқан Иені мадақтаңдар!

*Иеміздің өсиеттерінен ләззат тапқан,
Оны қастерлейтін жан жарылқанған.*

*Әулеті оның елде күшті болады,
Иә, әділдің ұрпақтары жарылқанады,
Оның үйінде байлық-дәулет жиналады,
Әрі әділдігі мәңгі есте қалады.*

*Турашыл жанға түнекте таң атады,
Ол рақымды, мейірбан, әділ болады,
Мұқтажға қайырыммен қарыз береді,
Әрі істерін әділдікпен жүргізеді,
Содан оның өзі де жақсылық көреді.*

*Шүбә жоқ, ол ешқашан шайқалмайды,
Әділ жан жұрттың есінен шықпайды.
Сондай адам қауесеттен қорықпайды,
Жаратқанға сеніп жүрегі қобалжымайды,
Қайта, жүрегі нық, үрейленбейді,
Соңында жаулардың жеңілісін көреді.*

*Ол мұқтаждарға мол көмек таратады,
Оның әділдігі мәңгіге ұласады,
Абыройы да жоғарылайтын болады.*

*Ал зұлым жан мұны көріп, абыржиды,
Тісін қайрап, қалжырап қажиды,
Зұлымдардың аңсағаны құриды.*

— Забур 111:1-10

Маған зұлымдардың абыржығаны туралы бөлімі ұнайды. Соңғы үкімді шығарушы – Құдай. Әділ адамның жетістігі – зұлымнан алынған кек.

Менің өмірімнен хабардар болсаңыз, орта мектепті әрең бітіріп шыққанымды білетін боларсыз. Орташа бағам 1,3 балл болды. Құдай мені уағызшы болуға шақырды да, колледжге түсіп білім алуым керек екенін айтты, мен үшін бұл қуантар хабар болған жоқ.

Колледждің бірінші курсында ағылшын тілінен курстық жұмыс жазуым керек болды. Профессорым дәптерімді қайтарғанда көргенім – бірінші бетіне бадырайтып жазылған «F» әрпі және «Сен тіпті орта мектепте оқымаған шығарсың?» деген жазу. Репетитор жалдап, мектепте үйренбегенімді қайта оқып, үйренуіме тура келді.

Алғашқы кітабым шыққанда, сол ағылшын тілі профессорынан электронды хат алдым. Ол кісі: «Бұл шынымен де сол Гари Киси ме?» деп жазыпты. Менің кітап жазғанымды көріп, профессорым қайран қалыпты.

Құдаймен бірге әрекет етіп, таныстарыңыздың барлығын қайран қалдырыңыз!

Мектепте бірге оқыған танысым бір күні менің қаржылық компаниямның кеңсесіне келіп: «Түк түсінбедім.

**ҚҰДАЙ
ПАТШАЛЫҒЫНДАҒЫ
ЗАҢДАРДЫ БІЛІП,
ОЛАРДЫҢ ҚАЛАЙ
ЖҮЗЕГЕ АСАТЫНЫН
БІЛІП АЛЫҢЫЗ, СОНДА
СІЗ ҚҰДАЙ УӘДЕ
ЕТКЕН ЖАҚСЫ ӨМІРГЕ
РАХАТТАНАСЫЗ!**

Орта мектепті әрең бітірген Гэри енді теледидарға шығып, аты әлемге әйгілі болғаны ма?» – деді.

Осындай оқиғаларды жақсы көремін, Құдай да мұндай оқиғаларды ұнатады! Сондықтан, өмірбаяныңыздың әлі аяқталмағанын есте сақтаңыз. Қай жерде болсаңыз да, Құдайдың жүрегін танытатындай жомарт болыңыз. Құдай Патшалығындағы заңдарды біліп, олардың қалай жүзеге асатынын біліп алыңыз, сонда сіз Құдай уәде еткен жақсы өмірге рахаттанасыз!

— Гэри Киси

Өйткені атқарып жатқан қызметтерің Құдай халқының мұқтаждықтарын қамтамасыз етеді. Олар сонымен қатар бұл сенушілердің Жаратқан Иеге шексіз ризашылықтарын білдіріп шүкірлік етулеріне себепші болмақ. Сендер осы қызметте игі ниеттеріңді дәлелдеп, өздерің мойындаған Мәсіхтің Ізгі хабарына мойынсұнып, солармен және басқалардың бәрімен жомарттықпен бөлісудесіңдер. Сондықтан олар Құдайды мадақтап, Оның өздеріңе шексіз мол жаудырған рақымына риза болып, шынайы сүйіспеншілікпен сендер үшін дұға ететін болады. Бізге берген баға жетпес сыйы үшін Құдайға лайым шүкірлік етейік!

— Қорынттықтарға 2-хат 9:12-15

Forward Financial Group немесе қауіпсіз ақшаны инвестициялау стратегиялары туралы көбірек білгіңіз келсе, forwardfinancialgroup.com сайтына кіріңіз немесе 1-(888)-397-3328 нөміріне қоңырау шалыңыз.

Егер қаржылық революция конференциялары туралы көбірек білгіңіз келсе немесе конференция өткізгіңіз келсе, бізге (740) 964-7400 нөміріне қоңырау шалыңыз және атқарушы кеңсеге хабарласыңыз.

**«Сенің қаржылық революцияң» топтамасындағы
Гэри Кисидің басқа кітаптары**

Тыныштықтың құдіреті

Келісімнің құдіреті

Қамсыздандырудың құдіреті

Стратегияның құдіреті

FLNFree.com сайтынан
өз тіліңіздегі
көп тегін сабақтарды
жүктеп ала аласыз!



Өз тіліңізде ТЕГІН оқу ресурстарын алғыңыз келеді ме?
FLNFree.com сайтын ашыңыз

Құдайдың көздегені — әр жағдайда жомарттық жасай алатындай дәулетті де берекелі болуыңыз!

Қаржылық бостандықсыз шынымен азат болу мүмкін емес. Дренда екеуіміз соңғы отыз жыл бойы айтып жүргеніміздей, ақша мәселесі шешілмейінше, адам өзінің кім екенін және өмірінің рухани мақсатын біле алмайды.

Мен және мыңдаған басқалары сияқты, сіз де **АЗАТ БОЛА АЛАСЫЗ!**

Құдайдың рақымы сізді жетелейтін болады. Әр адам ерекше қызмет үшін шақырылған. Ол қызметтің қаржысыз іске аса алмайтын жақтары бар. Қаржылық бостандық сізге тек жеке басыңыз бен отбасыңыз үшін емес, сонымен қатар басқалардың өміріңіздегі Құдай Патшалығының әрекетін көргені үшін қажет.

Адамдар жауап іздеуде. Шынымен іске асатын, нақты нәрселерді іздеуде. Оларға ең керегі дін емес, Құдайдың Патшалығын көру.

Жаратқан Ие ізгі, әрі жомарт! Жомарт болған кезде біз Құдайдың ниетіне ортақ болып, адамдарға Құдайды танытамыз. Шілденің күйіп тұрған күнінде суық су жұтқан секілді, жомарттық кедейліктің шөл даласына айналған дүниеге үміт әкеледі.

Гэри Кисидің жазған «Сенің қаржылық революцияң» сериясының осы соңғы кітабында Құдайдың берген мақсатын Онымен бірге серіктес ретінде жүзеге асыру және бұрын-соңды болмаған жетістікке жету туралы сөз қозғалады.

Кітапты оқығаннан кейін Патшалықтағы жомарттықтың құдіреті мен оның қалай жұмыс істейтінін анық түсінетін боласыз. Жаңа аян, Киелі кітаптан қуатты мысалдар және жеке өмірлерінде жомарттықтың құдіретін қолданып, таңғаларлық нәтиже көрсеткен Гэри мен басқалардың үлгілері шабыт береді.

Жомарттық адамдарға сіздің қамқорлығыңызды және Құдайдың оларға деген игі ниетін көрсетеді.



Гэри Киси - бірнеше кітаптың авторы, спикер, кәсіпкер, қаржылық сарапшы, бағушы, сенушілерге өмірдің әр саласында, әсіресе, сенім, отбасылық қарым-қатынас және қаржы салаларында жеңіске жетуге көмектесіп жүрген адам. Гэри жұбайы Дрендамен бірлесіп бірнеше табысты компания құрды. Сонымен қатар, Дренда мен Гэри – «Faith Life Now» қызметінің негізін қалаушылар. Бұл қызмет «Қаржы мәселесінің шешілуі» және «Дренда» атты телебағдарламаларды шығарады, дүние жүзі бойынша конференциялар өткізеді, көптеген ресурстарды қолжетімді етеді. Гэри Киси жұбайы Дрендамен бірге Огайо штатындағы Колумбус қаласының маңындағы «Faith Life» қауымында бағушы болып қызмет етеді.

GKM GARY KEESEE
MINISTRIES

garykeesee.com